



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2023-2024 оқу жылы

Мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесі
ТҮРКІСТАН Қ. НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ

Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2023-2024 оқу жылында жасаған жұмыстарының есебі

I. Кіріспе

1. Мектеп миссиясы, болашаққа көзқарасы, құндылықтары

Түркістан қаласы химия-биология бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалын CIS халықаралық аккредитациясына дайындалу мақсатында Түркістан қаласы химия-биология бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының миссиясы, болашаққа көзқарасы, құндылықтары қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде бекітілді:

Мектебіміздің миссиясы:

- Өмірге қажетті білім дағдылары мен ұлттық және жаһандық құндылықтарды меңгерген бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру;
- Fostering a competitive individual equipped with life-long learning that aligns with both national and global values;
- Формирование конкурентоспособной личности, владеющей образовательными навыками, национальными и глобальными ценностями, необходимыми для жизни.

Мектебіміздің болашаққа көзқарасы:


- Қоғамның зияткерлік әлеуетін арттыратын жауапкершілігі жоғары, жан-жақты дамыған мектеп қауымдастығын құру;
- Creating a responsible, well-rounded school community that enriches the intellectual potential of the society;
- Создание ответственного, всесторонне развитого школьного сообщества, повышающего интеллектуальный потенциал общества.

Мектебіміздің құндылықтары:

| Қазақ тілінде | На русском | In English |
|----------------------------------|------------------------------|-------------------------------|
| Құрмет | Уважение | Respect |
| Отансүйгіштік және жауапкершілік | Патриотизм и ответственность | Patriotism and responsibility |
| Жаһандық азаматтық | Глобальная гражданственность | Global citizenship |
| Денсаулық және саламаттық | Здоровье и благополучие | Health and well-being |
| Отбасы құндылықтар мен дәстүрлер | Семейные ценности и традиции | Family values and traditions |
| Еңбекқорлық және шығармашылық | Трудолюбие и творчество | Hard work and creativity |
| Ашықтық | Открытость | Openness |
| Адалдық | Честность | Integrity |



2. Мектепті басқару құрылымы туралы ақпарат



3. Мектеп қызметін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

• 2023 жылдың желтоқсан айынан бастап, мектеп пен жеке кәсіпкерлер арасында «Назарбаев зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы мен зияткерлік мектептер ұйымдарының тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру ережесіне сәйкес келісім-шарттар жасалды, жауапты қызметкерлермен келісіліп, олардың орындалуы қадағаланды.

• Түркістан қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде» оқуға үміткерлерді конкурстық іріктеуді өткізуді ұйымдастыру туралы бұйрыққа сәйкес, қабылдау комиссиясының мүшелеріне емтихан және конкурстық материалдармен жұмыс істеу кезінде құпиялықты сақтау туралы хабарлап, өткізілетін іс-шараларды заңды сүйемелдеуді қамтамасыз етілді.

• Ақылы білім беру қызметтерін қамтамасыз ету туралы келісім-шарт бойынша, заңды өкілдерге келісім-шарт талаптарын орындау үшін хабарлама жіберілді және оқу ақысын келісім шарттың қосымшасына сәйкес, уақытында төленуін және орындалуы қадағаланды.

• Құқықтық мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғалармен хат алмасу жүзеге асырылды.

• Білім беру қызметін көрсету туралы мектеп пен заңды өкілдердің арасында келісім-шарттар жасалды, екі жақ қол қойып, тіркеуге алынып, тараптарға берілді.

• Прекурсорларға арналған лицензия алуға құқықтық жұмысы бойынша құжаттар жинақтап, орындалуын қадағалап лицензия алынды.

• Шетелдік қызметкерлермен еңбек шарттарының мерзімі аяқталуына байланысты қайта жасалып, шетел қызметкерлерін таныстырып, тараптар қол қойып, еңбек шарттары түзілді.

• Шетел қызметкерлерінің және мектеп қызметкерлерінің қызметтік тұрғын үйдің құқықтық жұмыстары бойынша, негізгі жалға алу келісім шарттарына қосымша келісімдер жасалынды.

• «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген «Туған елге тағзым» өлкетану-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру бойынша бағдарламаға сәйкес тарихи мұражайлармен, өндірістік, мәдени орындармен екі жақты келісім-шарттар түзіліп, орындалуы қадағаланды.

• «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарының жұмыскерлері үшін Брюссель, Бельгия қаласында «Мектептердің академиялық көшбасшылығы және инновациялық менеджменті» тақырыбында тағылымдамадан өту үшін Ережелерге сәйкес жұмыскерлермен тағылымдамадан өту туралы оқу шарты жасалынды.

- Оқушыларды олимпиадалар мен жарыстарға дайындау үшін жоғары оқу орындарында оқитын халықаралық олимпиадалар мен жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін тарту туралы, 7-8 сынып оқушыларын математикадан олимпиадаға дайындау үшін Абу Аділет Қобланұлы, және 7-9 сынып оқушыларын химиядан олимпиадаға дайындық жасау үшін Нұрғалиев Санжар Қуанышқалиұлы арасында ақылы қызмет көрсету туралы келісім шарттар жасалынды және шарт жасасу мерзімі аяқталғаннан кейін тараптар арасындағы келісім-шарт тоқтатылды.

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Түркістан қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының Ережесіне өзгертулер мен толықтырулар 2024 жылдың сәуір және шілде айларында енгізіліп, «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорына тіркеуге алынуын қадағаланды.

- «Назарбаев Зияткерлік мектебіне» тиесілі жер телімінен трансформаторлық қосалқы станциясы орнатылған 0,0098 га жер телімін қайтаруға келісім беру туралы Түркістан облысы құрылыс басқармасынан келген хат негізінде, 0,0098 га жер телімі қайтарылып, мектептің жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспорты жасалынды.

II. Басқару және көшбасшылық

4. Кеңестердің, комитеттердің, мектепті басқару және қолдау механизмдердің сипаттамасы

Әдістемелік кеңес

2023 жылдың 6 қараша күні «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Түркістан қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының Әдістемелік кеңес туралы ережесі мектептің педагогикалық кеңесінде (№3 хаттамасы) қаралып, бекітілді. Мектептің әдістемелік кеңесінің құрамына 19 педагог және 1 хатшы кірді. Әдістемелік кеңес жұмысын үйлестіру үшін оқу жылының басында кеңестің жұмыс жоспары жасалып, бекітілді.

2023-2024 оқу жылында барлығы 8 әдістемелік кеңес өткізілді. Әдістемелік кеңес отырыстарында әдістемелік бірлестіктердің жаңа оқу жылына жоспарын қарастыру, мектепшілік курс жұмысын ұйымдастыру, тәлімгерлердің және элективті курс жоспарларын қарастыру, педагогикалық конкурстарға қатысатын мұғалімдердің жұмыстарын тыңдау және кері байланыс беру, аттесталушы мұғалімдердің кәсіби даму мақсаты бойынша дамуын бақылау және талдау, т.б. өзекті мәселелер қарастырылды. Сонымен қатар мектеп координаторларының міндеттері қарастырылып, бекітілді.

Педагогикалық кеңес

2023 жылдың 12 қыркүйегінде Түркістан қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының педагогикалық кеңес туралы нұсқаулығы мен 2023-2024 оқу жылына арналған Педагогикалық кеңестің тақырыптары мектеп директорының бұйрығымен бекітілді. Педагогикалық кеңестің әрбір отырысы арнайы тақырыптарға сәйкес жыл бойы өткізіліп отырғызылды.

2023 жылдың 31 тамызында өткен **№1 педагогикалық кеңестің отырысы «2022-2023 оқу жылының қорытындысы мен жаңа 2023-2024 оқу жылына басымдықтар»** тақырыбында өткізіліп келесі тақырыпшаларды қамтыды:

1. 2022-2023 оқу жылындағы сыртқы жиынтық бағалау қорытындысы
2. Педагог қызметкерлер мен оған теңестірілген тұлғаларды аттестаттау ережелеріне енгізілген өзгерістер туралы
3. 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру
4. 2023-2024 оқу жылында жатақхана жұмысының ұйымдастырылуы және енгізілген өзгерістер туралы
5. CIS халықаралық аккредитацияны өткізу бойынша жоспар
6. Әртүрлі

2023 жылдың 2 қазанында өткен **№2 педагогикалық кеңестің отырысы кезектен тыс өткізіліп, оқушыны академиялық демалыстан шығару туралы сұрақты қамтыды.**

2023 жылдың 6 қарашасында өткен **№3 педагогикалық кеңестің отырысы «Болашақ мүмкіндіктерін кеңейту: мамандық таңдау, зерттеу жұмыстары және мектепте оқу мүмкіндіктері»** тақырыбында өткізіліп келесі тақырыпшаларды қамтыды:

1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. 2023-2024 оқу жылының 1-тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың оқу нәтижелері
3. 2023-2024 оқу жылындағы кәсіптік бағдарлау жұмысын дамыту мен жетілдіру жолдары
4. ECER-2023 халықаралық конференциясына қатысқан педагогтардың зерттеу жұмыстарын

таныстыру

6. Әртүрлі.

2024 жылдың 5 қаңтарында өткен **№4 педагогикалық кеңестің отырысы «Мұғалімнің өзін-өзі дамытуы: оқыту мен оқудың сапасын арттыру»**

1. №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде (Әшір Қ.Б.)
2. Сабақтардағы оқыту мен бағалаудың жүзеге асырылуы (CIS 4 тарауы), Бақылау нәтижелері
3. 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың оқу нәтижелері
4. АОО «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-programme оқу бағдарламасын жүзеге

асыру

5. 2023-2024 оқу жылының II- жартыжылдығына ЖОБ мен ЖОЖ бекіту

6. Әртүрлі.

2024 жылдың 1 сәуірінде өткен **№5 педагогикалық кеңестің отырысы «Емтихан алдындағы сынып оқушыларының психо-эмоционалдық әл-ауқатын арттыру»**

1. №4 педкеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. 2023-2024 оқу жылының 3-тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың оқу нәтижелері
3. Академиялық адалдық білім сапасын қамтамасыз ету тәсілі ретінде
4. Жатақханада тұратын 10-11 сынып оқушылары арасында СЖБ-ға дайындықты

ұйымдастыру бойынша ағымдағы жұмысымен танысу

5. Емтихан алдындағы сыныптар арасында психо-эмоционалдық тұрақтылыққа қолдау көрсету мақсатында «емтихан алдындағы стресс» бағдарламасы бойынша жұмыс жоспарымен танысу.

6. 10-11 сынып оқушыларының денсаулық жағдайы бойынша өтініштер мен мониторингі

7. Әртүрлі.

2024 жылдың 15 мамырында өткен **№6 педагогикалық кеңестің отырысы «Оқушылардың сыртқы жиынтық бағалауға дайындығы»**

1. №5 педкеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. Оқушылардың сыртқы жиынтық бағалауға дайындық деңгейі туралы
3. 10, 11 сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалауды тапсыруға жіберу туралы
4. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша негізгі мектепті бітіргені туралы

аттестатқа үміткерлердің тізімін бекіту

5. 2024-2025 оқу жылына жүктемені үйлестіру

6. Әртүрлі.

2024 жылдың 31 мамырында өткен **№7 педагогикалық кеңестің отырысы «2023-2024 оқу жылын аяқтау»**

1. №6 педкеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде
2. 11 сынып оқушыларын сыртқы жиынтық бағалауды тапсыруға жіберу туралы
3. 7, 8, 9 сынып оқушыларын сыныптан сыныпқа көшіру туралы
4. 2023-2024 оқу жылын аяқтауды ұйымдастыру туралы
5. Әртүрлі.

Қамқоршылық Кеңес

Түркістан қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі Қамқоршылық Кеңесінің 2024 жылғы алғашқы отырысы өтіп, Кеңес құрамы жаңартылды.

Темірбекова Жанар Амангелдіқызы - Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің ректоры, **Шайдулла Жандос** - "Қазақстан салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Түркістан облыстық ұйымы" қоғамдық бірлестігі төрағасы, **Таскарин Артур Елубаевич** - "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Түркістан облыстық филиалының

директоры, **Бекмұрзаев Байбек Төрбекұлы** - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Қызылжар ауылы Ж.Жабаев атындағы №75 жалпы орта білім беретін мектебінің директоры, **Бекметов Бобиржан Бахадирович** - "Bekmetov group" ЖШС директоры, **Атаев Баходир Сабиржанович** - "Яссы құрылыс" ЖШС директоры және **Тусупжанов Айдын Елеусызович** - Түркістан қаласындағы "химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі" директоры Кеңес құрамына кірді.

Қамқоршылық Кеңес Зияткерлік мектептің Қамқоршылық Кеңес құзыретіне оқушылар мен педагогикалық ұжым үшін қажетті жағдайларда білім беру бағдарламаларын табысты іске асыру, дамудың басым бағыттары бойынша ұсынымдар әзірлеу, әлеуметтік аз қамтылған оқушыларға көмек көрсету, демеушілік көмек, ерікті жарнамалар жасау мен бақылау, ҚР, одан тыс жерлерде де әріптестік байланыстарды орнату мәселелері талқыланып, жоспаларлар бекітілді. Мектеп директоры А.Е.Тусупжанов CIS (Council of International Schools) халықаралық аккредитация хаттамасының талаптарына сәйкес, мектеп қауымдастығы ұсынған миссия мен болашаққа көзқарасы және мектеп құндылықтары туралы баяндап, миссия алдағы уақытта мектептің стратегиялық дамуы үшін негізгі бағыты болатынын көрсетті. Кеңес мүшелері ұсынылған миссиясы мен болашаққа көзқарасын, құндылықтарды бірауыздан қабылдады. Биылғы Кеңес құрамын сайлау жүзеге асып, Кеңес мүшелері Жанар Амангелдіқызының кәсіби тәжірибесі мен білім саласындағы жоғары біліктілігін негізге ала отырып, бірауыздан Жанар Амангелдіқызын Кеңес төрайымы ретінде көпшілік дауыспен сайлады. Кеңес отырысына Кеңес мүшесі, "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Түркістан облыстық филиалының директоры Таскарин Артур Елубаевич MS Teams платформасы арқылы жиынға онлайн қосылып, дауыс беру процесіне, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысып, өз ұсыныстарымен бөлісті.

Кеңес мүшелері, мектеп қауымдастығының табысты қызмет атқаруы үшін қажетті демеушілік көмектерін көрсетуге де ұсыныс білдіріп, алдағы уақытта мектептің материалдық-техникалық базасын кеңейтуге ықпал ету бойынша келісім жасады.



5. Кураторлық қызмет пен ата-аналар комитетінің жұмысы

Оқу жылында тәрбиенің жеті бағытын негізге ала отырып, өмір бойы оқуға, еңбекке баулуға талпынған, бойындағы алғыр білімдері адамгершілік қасиеттерімен ұштасқан зияткер жастарды тәрбиелеуді басты мақсат етіп қойылды. Жыл бойында жылдық жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды.

Негізгі бағыттар:

Патриоттық тәрбие;

- Интеллектуалды дамыту;
- Рухани-адамгершілік тәрбие;
- Отбасы, еңбек және экологиялық тәрбие;
- Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- Көпмәдениеттілікті дамыту және көркем-эстетикалық тәрбие;
- Көшбасшылық қасиеттерді дамыту және ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

1. Кураторлық сағаттар:

1-бағыт. Патриоттық тәрбие бағыты бойынша өткізген кураторлық сағаттары оқушылардың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, өз Отанын қорғауға, мемлекеттік Ата заң мен рәміздерді, ана тілін, ділін, төл тарихы мен ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрі мен әдет ғұрыптарын құрметтеуге тәрбиелеуге бағытталды. «Туған елім, жерім Мекенім», «Білімді ұлт, терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» пікір-талас, «Менің Қазақстаным» дөңгелек үстел, «Мен өз отанымның патриотымын», «Егемен елге – білімді ұрпақ», «Мен еліміздің өркендеуіне не істей аламын?» пікірталас, «Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы» сынып сағаты, «Ұлттық теңге - ұлт мақтанышы», «Тәуелсіздік ақ таңы» суреттер мен фотолар сайысы, «Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары» Назарбаев Зияткерлік мектептері, Назарбаев университеті, (Болашақ бағдарламасы, тағы басқа), «Тәуелсіздік күніне орай іс шара өткізу», «Мәңгілік ел: Бір ел – бір тағдыр», «Тәуелсіздік – бабаларым аңсаған асыл арман» ойын сабақ, «Тәуелсіздік ел тірегі», «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», «Тіл – ұлттың мақтанышы» тақырыптарында түрлі форматтағы кураторлық сағаттары өтілді.



2-бағыт. Интеллектуалды дамыту бағыты оқушылардың бойында көшбасшылық қасиет, креативті ойлау, шығармашыл және зеректік қабілеттерін дамытып, танымын арттыруды жүзеге асыру мақсатында кураторлық сағаттары өтілді. Атап өтсек: «Мақал - мәтелдер» сайыс сабағы, «Кітап – көп ақылдың құйылған көзі», "Relaxing time" викториналық сайыс сабағы, «Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз дамуы», «Салт-дәстүрлер сөйлейді», «Теңгенің айналысқа ену тарихымен оқушыларды таныстыру», «Құқығымды білемін» пікір-талас сабақтары.



3-бағыт. Рухани – адамгершілік тәрбие бағыты бойынша өткізген кураторлық сағаттар оқушыларды мейірімділік, адамгершілік, адами қасиеттер, қамқорлық, адалдық асыл қасиеттерге тәрбиелеу, коммуникативті қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру. Баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік сынды құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеп, адамгершілігі мол қоғамға қызмет етуге дайын тұлғаны қалыптастыру мақсатында келесі кураторлық сағаттары өтілді: Т.Жароковтың туған жерге құрметі «Гүлді жерін жыршылар әнге қосар», «Оралхан Бөкейдің әңгімелері» талқылау сағаты, «Үлкенге құрмет – кішіге ізет», «Ұлы дала елінің-Ұлы ақындары» «Ұлы дала ақындары» жобасы аясында С.Көбеевтің өмірбаяны мен шығармашылығына шолу жасау, «Замандастар жырлары» «Ұлы дала ақындары» жобасы аясында мектепке берілген классик ақын-жазушының өмірбаяны мен шығармашылығына шолу жасау, «Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл: өмірбаяны мен шығармашылығына шолу жасау»,

«Адалдық- адамның асыл қасиеті», С.Торайғыров «Таныстық» шығармасы арқылы қайырымдылықты дәріптеу, «Ғабиден Мұстафиннің» шығармашылығы, «Төкен Әлімқұловтың шығармашылығын зерттеу, өмір жолымен оқушыларды таныстыру», «Зияткер оқушының әдептілік міндеттері» сұрақ-жауап, талдау, «Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев» Елбасының еңбектері, ол туралы шыққан туындылар, «Әлемдік қауіпсіздіктегі Елбасының ерен бастамалары» (Әлемдік саясаттанушылармен сыртқы саясат), Қ.Бекхожиннің «Қол бастаған батыр» өлеңінің негізінде оқушыларға Тәуелсіздіктің құнын ұғындыру, «Өтебай Қанахиннің өмір жолы мен шығармашылығына арнау», «Ғазиза Жұбанованың шығармашылығымен танысу» («Үш баған әдісі» арқылы Ғазиза Жұбанованың шығармаларын талдау. Шығарма ішінен өз күндеріне ұран, девиз болатын сөздер таңдау, «Д.Қонаевтың саясаткерлік және дипломаттық қызметі».



4-бағыт. Отбасы, еңбек және экологиялық тәрбие бағыты оқушылардың бойына отбасылық құндылықтарды сіңіру, еңбекқорлық, еңбекті бағалау, еңбек ету дағдысын қалыптастыру, табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу мақсатымен жұмыс жасайды. Осы мақсаттарда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» тақырыбында сұрақ – жауап, «Отбасым менің байлығым», «Менің отбасымның тарихы», «Мен отбасымның пайдалы мүшесімін» (тәжірибемен бөлісу), «Отбасым менің байлығым», «Ұрпақтар сабақтастығындағы қариялардың орны» тақырыптарында кураторлық сағаттары өтті.



5-бағыт. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыру, психологиялық тұрғыдан тұрақты, дені сау ұрпақ тәрбиелеу мақсатында «Тазалық-денсаулық негізі», «Денсаулық зор байлық», «Салауатты өмір салты шаралары.», «Денсаулық – зор байлық», Халықаралық темекі шегуден бас тарту күніне орай «Қоғамдағы зиянды әдеттерден қалай сақтану керек?», «Мен денсаулықты таңдаймын», «Темекіден бас тарту – денсаулыққа жол тарту» кураторлық сағаттары өтілді.



6-бағыт. Көпмәдениеттілікті дамыту және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: Оқушылардың бойында көптілділікті қалыптастыру, оған құрмет көрсету, толеранттылық, көркем-эстетикалық көзқарасты дамыту.

Эстетикалық тәрбие өмірге деген көзқарас белсенділігінің тууына әсерін тигізетіні қабылдаудың, қиялдаудың, естің қалыптасуына және ынтаның, сезімнің, бейімділік пен қабілеттің дамуына бағытталған. Оқушы оқу мен ізденудің нәтижесінде табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс-әрекетінің әдемілігін бағалай білуді түсінеді. Осы бағытта атқарылған іс-шаралар оқушылардың мәдениетті сөйлеуіне, көркемдік танымын қалыптастыруға, қиялын дамытуға игі әсер етеді. Оқушылардың көркем эстетикалық дамуы бағыты бойынша алуан тақырыптағы кураторлық сағаттары өтілді, олар: «Әлеуметтік жобалар – менің мамандығыма әсері», О.Бөкей «Апамның астауы» әңгімесі, «Ұстаздар күніне» арналған «Менің сүйікті ұстазым» деген тақырыптарда ұстаздар мәртебесін көтеру мақсатында арнайы өлеңдер оқу, видео түсіру, сурет салу секілді өнер сайыстарын ұйымдастырылды, «Әлемнің жетістікке жеткен жасөспірімдері», «Жаһандану үрдісіндегі медиамәдениет», «Жаһандану және Рухани жаңғыру философиясы» (Қазіргі әлемдегі Қазақстан пәнімен байланыстырып өткізу, «Төрлет жаңа жыл».



7-бағыт. Көшбасшылық қасиеттерді дамыту және ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша өзіне сенімді, алға қойған мақсаттары айқын, сөзге шебер, бастамашыл, көшбасшы тұлғаны қалыптастыру мақсатында «Ақпараттық қауіпсіздік», «Қазіргі заман технологиялары» артықшылықтары мен кемшіліктері, «REDx» жобасы аясында тәуелсіздікке арнап жазылған шығармаларды топтастыру сабағы, «Қаржылық сауаттылық заман талабы» тақырыптарында кураторлық сағаттары өткізілді.



Қауіпсіздік және әл-ауқат электив курсы бойынша баланың тәні мен психологиялық саулығы басты назарда. Осы орайда өткізілген шаралардың ауқымы кең. Тренингтер, кураторлық сағаттар, спорттық сайыстар мен дөңгелек үстелдер аталған электив курстың мақсат-міндеттерін жүзеге асырды. Оқушыларға бейімделу барысында психологиялық көмек көрсету, қолдау, сенімділігін арттыру, оқушының өмірге деген құлшынысын арттыру, өмір туралы ой-өрісін дамыту, өмірді сүйе білуге тәрбиелеу мақсатында «Біз өмірді тандаймыз», «Эмоция және сезім», «Күйзеліспен күрес», «Өміріңнің бақытты сәттері», «Жеке және қоғамдық қауіпсіздік», «Жүйелі ойлау». «Өзімді қауіпсіз сезіну жоспары» тақырыптарында мотивациялық тренинг форматында кураторлық сағаттар ұйымдастырылды. Аталмыш іс-шаралар оқушыларға қолайлы әлеуметтік психологиялық жағдай жасау және оқу тәрбие процесінде психологиялық қолдау көрсетуге бағытталды. Мектебімізге

жаңадан келген оқушыларға оқушылардың жаңа ортаға бейімделуі үшін «Адаптациялық» іс-шаралар өткізілді.



2. «Шаңырақ» сағаттары:

Оқу жылында тәрбиенің жеті бағыты мен мектеп құндылықтары, атаулы даталарды негізге ала отырып, өмір бойы оқуға, еңбекке баулуға талпынған, бойындағы алғыр білімдері адамгершілік қасиеттерімен ұштасқан зияткер жастарды тәрбиелеуді басты мақсат етіп қойдық. Жыл бойында жылдық жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды. Оқушы сөйлеу, сұрақ қою, көпшілік ортада дұрыс отыру мәдениетін үйренеді. Сөздік қорларын байытады.

Оқу жылының алғашқы айында өткізілген шаңырақ сағатында жаңа оқу жылына арналған шаңырақтың лидерін анықтау, ішкі ережелерін құру, логотип жасау болды. Осы мақсат негізінде мектебімізде «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының таныстырылымы өткен болатын.



<https://www.instagram.com/p/CyieVcNYou/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

Қазан айында мұғалімдер күніне орай «Менің өмірлік ұстазым» тақырыбында әр сыныпта шаңырақ сағаттары өтті. Ұстаздарды құрметтеуге, қадірлеуге, олардың мәртебесін көтеруге арналған шаңырақ сағаттарында оқушылар ұстаздарға арнап өлең шығарып, видео түсіріп, ән арнады. Ұстаздар күніне арналған «Ұстаз деген – жарық күні ғаламның» атты концерттік іс-шараға өз үлестерін қосты.



<https://www.instagram.com/p/CyDtqJhN-hJ/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

Қараша айында қоғамды тәрбиелеу мен қадағалаудың таптырмас құралы саналатын телевидение күніне арналған шаңырақ сағаттары өтті. «21 қараша – Әлемдік телевидение күні» тақырыбында өткен шаңырақ сағатында оқушылар пайдалы қосымшаларды талқылап, оларды

калай қолдану туралы бір-бірімен тәжірибе алмасты. Алаш шаңырағы мектептің 7-8 сынып оқушыларына арнап «Цифрлық қауіпсіздік және интернет қауіпсіздік» тақырыбында TedX өткізді.



<https://www.instagram.com/p/C0yopAjNFmM/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

Желтоқсан айында 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары» тақырыбында шаңырақ сағаты өтті. Шаңырақ сағатының мақсаты егеменді еліміздің қазіргі өскелең ұрпақтарына тәуелсіздіктің тарихын тереңірек түсіндіру болған. Арнайы концерттік программа жасалынып, шаңырақаралық сахналық қойылымдар қойылды.



<https://www.instagram.com/p/C04LMDjNM25/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

3. “Шаңырақ” оқушылар қауымдастықтарының қатысуымен өтілген іс-шаралар:

Оқу жылында тәрбиенің жеті бағытын негізге ала отырып, оқушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыра отырып, елін, жерін сүйетін, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу басты мақсат болып табылды. 1 – жартыжылдықта жылдық жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды.

Қазан айында "Шаңырақ" оқушылар қауымдастықтарының таныстырылымы өткізілді. Мектептің 11 шаңырағы өздерінің өнерлерін бір – біріне, мектептің мұғалімдеріне, әкімшілігіне паш етті. Таныстырылым ерікті түрде өтті, бір шаңырақ қойылым қойса, келесі шаңырақ ән шырқады. Әр шаңырақ өзінің ерекшелігін көрсете алды.

<https://www.instagram.com/p/CyieVcNYou/?igsh=M3Jnb295YTdvaXY0>



Қазан айының келесі шарасы "Алтын күз" қайырымдылық жәрмеңкесі. Ата – аналармен бірлесіп күзгі қайырымдылық жәрмеңкесі өткізілді. Балалардың кәсіптік дағдыларын ашып,

дамытуға және басты мақсат балаларды қайырымдылық жасауға, кішіпейіл, жүректері жұмсақ болуға ықпал жасау. Жәрмеңкенің табысы жағынан басты фаворит Ордабасы шаңырағы болып табылды. Жеңімпаздарға мектеп әкімшілігінен кинотеатрға жолдама табысталды.

<https://www.instagram.com/p/Cx-JtI2tM8S/?igsh=MW9vem03d3BobXU3ZQ==>



Қазан айында келесі шара «Ұстаз деген жарық күні ғаламның» атты мерекелік іс шарасы мен Ұстаздар күніне орай бейне құттықтау сайысы өтті. Шаңырақ қауымдастығының оқушылары мектеп ұстаздарын жұмыс күнінің басын тірі дәліз бен ду қол шапалақпен күтіп алды. Мерекелік концертте ұстаздарына арнап көрініс, ән мен би нөмірін көрстеу арқылы ағыстарын білдірді.

<https://www.instagram.com/p/CyDtqJhN-hJ/?igsh=MWE4NWJtcnkzMDIaA==>



Қазанның ішінде өткен шаралардың бірі Global citizenship апталық аясында шаңырақтар арасында плакаттар сайысы. Апталық асында шаңырақтар арасында қоршаған ортаға зиянын келтіретін дүниелерді плакатка иллюстрациялау жолымен баяндау арқылы сайыс өтті. Сайыстың жеңімпазы Отырар шаңырағы болып танылды.



Қараша айында өткен шаралардың бірі қазақ тілі апталығы аясында "Парасат" интеллектуалды сайысы. Шаңырақ қауымдастығынан 5 оқушыдан тұратын топ құралып интеллектуалды сұрақтарға жауап беру арқылы ең біліктілікті шаңырақ анықтады. Сайыстың жеңімпазы Тұран шаңырағы болып танылды.

https://www.instagram.com/p/Cz8Px5_NMwF/?igsh=MXQyZHBnYXRkODhoNw==



Қараша айының келесі шарасы өзін - өзі басқару ұйымымен ұйымдастырылған "Үстел теннисі" сайысы. Сайысқа әр шаңырақтан 1 қыз, 2 ұл баладан құралған топ қатысты. Сайыс әділ болуы үшін шаңырақ қауымдастығының үлкен және кіші сыныптарында бөлек өткізілді, 7 – 8 сыныптар және 9 – 11 сыныптар арасында өтті. Кіші сыныптар 7 – 8 сыныптар арасында жеңімпаз 8В сынып және үлкен 9 – 11 сыныптар арасында 11В сынып бірінші орынды иеленді.

https://www.instagram.com/reel/Cz0yyCvom7_/?igsh=MXFIZDZoNHh1bmFseQ==

Қарашаның мектеп қауымдастығы үшін ерекше күні Түркістан қаласының химия – биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің туған күніне шаңырақ қауымдастығының оқушылары бейнеқұттықтау жасады. Ерекше шеберлік танытып үздік құттықтау иесі Тұран шаңырағының бейнеқұттықтауы мектептің әлеуметтік желісінде жарияланды

<https://www.instagram.com/reel/C0RZdAzoq0q/?igsh=MThxdDBuZGZ3bzA5Mw==>

Қараша айында мектептің туған күніне орай "Talent show" түрлі шығарамашылық бағыттағы байқауы өткізілді. Шаңырақ қауымдастығының оқушылары өздерінің өнерін көрсетіп жиналған қауымды таң қалдырды. Талант шоуының жеңімпаздары:

- Қолөнер номинациясы – Тұран шаңырағы
- Хореография – Атамекен шаңырағы
- Көркем сөз – Атамекен шаңырағы
- Сахналық көрініс – Алаш шаңырағы
- Аспапта ойнау – Хантағы шаңырағы
- Бейнелеу өнері – Отырар шаңырағы
- Вокал – Арыстанды



Қараша айында шаңырақ қауымдастығы мен кітапхана бірлесіп ауыл мектептері кітапхана қоры үшін "Bookcrossing" акциясы өткізді. Шаңырақ қауымдастығының оқушылары ауыл мектептеріне сыйлық жасау мақсатымен кітапханаға бірнеше кітап өткізді.

<https://www.instagram.com/reel/CzsePIfNfzX/?igsh=MTZoaHExNXFrazFmdQ==>

Желтоқсан айында Атамекен және Оқжетпес шаңырақ қауымдастығының оқушылары 4 мұқтаж отбасыға азық – түлік корзинасын берді.



Тәрбие жобалар туралы есеп:

«Уикипедия» жобасы

Мақсаты:

- Оқушылардың Уикипедияға қызығушылықтарын ояту.
- Мектеп оқушыларына «Қазақша Уикипедия» ашық энциклопедиясының талаптарына сәйкес мақалалар жазуды, өңдеуді, толықтыруды үйрету және дағды қалыптастыру.
- Қазақ тілді уикипедияшылардың қатарын көбейту арқылы ашық энциклопедияның қазақ бөліміндегі мақалалардың санын арттырып, сапасын жақсартуға үлес қосу.
- Әр зияткер оқушыны еңбек пен шығармашылық ізденіске бағыттай отырып, Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік құндылығын басты ұстаным ету.

Бағыты : Көшбасшылық қасиеттерді дамыту және ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

«Уикипедия» жобасы туралы: Уики - (ағылш. Wiki) арнайы құралдармен сайт құрылымын әр тұтынушыға өзгертуге мүмкіндік беретін веб-сайт. «Уики» терминін тұңғыш рет 1995 жылы сайттарды сипаттау үшін Уорд Каннингем қолданды, Wikiweb деп аталатын ең алғашқы уики-жүйенің атауы гавай тілінен аударылғанда «жылдам» деген мағынаны білдіреді. [Уикипедия](#) - еркін өңдеуге, көшіруге және таратуға болатын көптілді энциклопедия. Тұңғыш рет 2001 жылдың қаңтар айында Джимми Уэйлс пен Ларри Сэнгер іске қосқан «Уикипедия» бүгінгі күні ғаламтордағы ең ірі және ең әйгілі мағлұматнама болып отыр. Көлемі мен қамтитын тақырыптар саны жөнінен «Уикипедия» әлем тарихындағы ең толық энциклопедия болып саналады және оның үлкен ең артықшылықтарының бірі - ондағы мақалалардың әлемнің түрлі тілдерінде болуы. Мәселен, Қазақша Уикипедия.

Қазақша Уикипедия – Уикипедияның қазақ тіліндегі бөлімі. Ол 2002 жылдың 3 маусымынан бастап жұмыс жасап келеді. Бұл Уикипедияның ерекшелігі – үш түрлі әліпбимен жазылады: кириллица (Қазақстан, Ресей, Моңғолия), төте жазу (Қытай, Иран) және латын жазуы (Түркия). Аталған ашық контентте бүгінгі күні [қазақ тілінде](#) жазылған **234 449** мақала бар. Бұл статистика уақыт өткен сайын өзгеріп отырады. Оның басты себебі, кез келген азаматтың www.kk.wikipedia.org сайтына тіркелу арқылы, ондағы білім қорын еркін әрі тегін толықтыра не өңдей алу мүмкіндігі. Жаңадан жазылған немесе өңдеуге ұшыраған мақалаларды Уикипедия әкімшілері тексеруден өткізеді. Егер мақала сайт талаптарына сай келсе,

мақала дереу жарияланады. Ал егер де талаптардың бірі орындалмаған жағдайда, өңделген не жазылған мақала автоматты түрде жойылады.

Қазіргі таңда Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Уикипедия» жобасы жүзеге асырылуда. Құрамында мүшесі бар «WikiClub» клубы 7-8-9 сынып оқушылары. Оқушылар қазақ тілді ақпараттарды кеңінен тарату мақсатында қазақ өнері (ән, күй, музыка) туралы аңыз-әңгімелер, би-шешендер туралы мәліметтер жүктейді.

Қазан айында

7 сынып оқушыларына арнап, 11В сынып оқушысы Уринбасарова Дария «Уикипедия» жобасымен таныстырды. Оқушылар жобаның мақсат-міндеттерімен танысты. Уикипедия ұғымы қайдан шықты, не үшін қажет екені оқушыларға түсіндірілді.

https://www.instagram.com/p/CztHdTKN0pn/?hl=ru&img_index=



Қараша айында

«Уикипедияшылардың қауымдастығын құру, мақала жазуға қабілеті бар оқушылармен жұмыс, Уикипедия сайтына тіркеу. Жобамен таныстыра отырып, сайтқа қалай тіркелетінін көрсетті.

Төмендегі оқушылар Уикипедияға тіркелді:

- 7С сынып оқушысы Оспан Інжу
- 7В сынып оқушысы Нуриллашихов Абдуллаших
- 7С сынып оқушысы Мұрат Аслан
- 7С сынып оқушысы Абдиллаев Дархан
- 7С сынып оқушысы Мейраш Марғұлан
- 7С сынып оқушысы Мұрат Аслан



Уикипедия сайтының ережелерімен таныстыру, тіркелген оқушыларға тапсырма берілді, қызықты тақырыптарда қарастырып келу. Оқушыларға биологиялық терминдер және т. б. терминдерді аудырап өндеме жазуға тапсырма берілді.



«TED X» жобасы

Жобаның мақсаттары: Оқушының көпшілік алдында жүйелі сөйлеу және сыни ойлау дағдыларын дамыту. Оқушылардың өз ойын еркін жеткізуге баулу; Сахна мәдениетін үйрету. Сөздік қорларын байыту.

Бағыты: Көшбасшылық қасиеттерді дамыту және ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Жобаның негізгі міндеттері:

Оқушыларға, мектеп пед. ұжымына қызықты [идеяларды](#) жеткізіп тарату. TED X міндеті – идея тарату, идея аясында тегін білім беретін, ойшылдар ойынан шабыт алатын бір-біріне жақын қауымдастық құру. Идея адамның құлқын, өмірін өзгерту арқылы әлемді өзгерте алады.

Күтілетін нәтиже:

Оқушы сахна мәдениетін үйренеді. Сөздік қорларын байытылады.

TED ([ағылш. Technology Entertainment Design; Технология, Ойын-сауық, Дизайн](#)) – бірегей идеяларды таратуды («ideas worth spreading») мақсат тұтқан, жыл сайын [конференциялар](#) ұйымдастырумен айналысатын [халықаралық коммерциялық емес қор](#). «Таратуға тұрарлық идеялар» деген айдармен өткізілетін конференцияның басты мақсаты TED конференциясының әр дәрісі TED Talk деп аталады. Дәріскерлердің үздік орындаулары видео нұсқа үлгісінде www.ted.com сайтында жарияланады. Қазіргі кезде сайт дәрістерді ағылшын және басқа да шетел тілдерінде субтитрмен 1400-ден астам видео қоры жиналған және ол апта сайын толықтырылып отырылады. TED Open Translation Project жобасы бойынша 8000 ерікті адам (волонтер) дәрістерді ондаған тілге аударып жатыр. Сонымен қатар TED Talk-ті YouTube видео хостингісінен көруге мүмкіндік берілген.

Қазіргі уақытта, TED дәрістерінің 28-і қазақшаға аударылған.


TED Prize сыйлығы 2005 жылдан бастап берілді. Алғашында «Әлемді өзгерткім келеді» (wish to change the world) номинациясы бойынша \$100 000 көлемінде ақшалай үш сыйақы тағайындалған. **Tedx – спикерлердің белгілі бір аудитория алдында өзіндік идеяны айту форматы. Бұл формат – АҚШ-та 1984 жылы пайда болған TED жобасының туындысы. Тәуелсіз авторлардың идеяны көпшілікке еркін түрде тарату форматы. Жоба елімізде де қарқынды түрде дамып келеді.**

Tedx барлық Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жоба ретінде жүргізіледі.

Қыркүйек айында

11К сынып оқушыларымен Алпысбай Жібек, Сапар Бірханым және 11А сынып оқушысы Әсет Арайлым 7 сынып оқушыларына арнап, «НЗМ дейінгі және мектепке түскеннен кейінгі өмірім» тақырыбында Ted X өтті.

Жоба спикерлері еліміздің Зияткерлік әлеуетін арттыруда үлкен стратегиялық маңызға ие. Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы атану, «Өркен» білім беру грантының иегері ретінде сол жауапкершілікті сезіну NIS-ке қадам басқан әрбір жас өркен үшін маңызды екенін жеткізді. Онымен қоса, жоғары сынып оқушылары NIS-ке оқуға түскенге дейінгі және кейінгі өздерін салыстыруда айтарлықтай өзгерістер орын алғанын және тұлға ретінде қалыптасуда оқу ордасының қосқан үлесі мен жетістіктері жайлы бөлісті.



Қазан айында

10 қазан күні 10 сынып оқушыларына арнап, «Сыртқы жиынтық бағалауға тиімді дайындық» тақырыбында **Ted X** өтті. 10 сыныптың 15 оқушыларына арнап, 11К сынып оқушылары **Каримжанова Дилнұра мен Алпысбай Жібек** өз тәжірибелерімен бөлісті.

https://www.instagram.com/p/Cyc-qjYNnuN/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==



13 қазан күні «Жаһандық азаматтық апталық аясында» Ted X өтті. Шет елдік ұстаздарымыз Ted X алаңында өз елдерінің салт-дәстүрі мен мәдениетінің ерекшелігін айтып, оқушылармен бөлісті. Апталық қызықты өтіп, шетелдік әріптестердің тұрмыс салтымен танысты.

https://www.instagram.com/p/CyerkjEtsgo/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZ

A==



«Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында кездесу 8-9-10-11 сынып қыздарына арналған Ted X өтті. Зияткерлік мектепте «Ted X» форматында жасөспірім қыз баланың физиологиялық даму кезеңіндегі өзгерістер мен ерекшеліктері, жеке бас гигиенасын сақтау, салауатты өмір салтын ұстану бойынша «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында ата-ана, дәрігер-гинеколог маман Замира Карибаевамен кездесу өтті. 7-8-9-10 сыныптың оқушы қыздарына арнап, жеке гигиена мен қыздарға қатысты барлық тақырыптар қозғалды. Көкейінде жүрген сұрақтарға жауап алды.

https://www.instagram.com/p/Cykd8jkNkRV/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZ

ZA==



Қараша айында

Информатика пәні мұғалімі Туребеков Ы. және 11К сынып оқушылары Сапар Б., Дүйсенбек Д. 7-8 сыныптың 45 оқушыларына арнап «Цифрлық қауіпсіздік және интернет қауіпсіздік» тақырыбында Ted X өтті. Оқушылардың цифрлық қауіпсіздік және интернет қауіпсіздік туралы білімдерін артуға ықпалы тиді.



Желтоқсан айында

11А сынып оқушысы Пернешбай Н «Жұмыс өнімділігін арттыру тәсілдері», 11В сынып оқушысы Жарылқап Аружан «Өмірге қажетті дағдылар», 11К сынып оқушысы Сартай Алпамыс «Возможности, как их не упускать?» тақырыптары бойынша сөз қозғап, өздерінің тәжірибелерімен бөлісті. 8-9 сыныптың оқушыларымен өз тәжірибелерімен бөлісті.



Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ата-аналар Имашева Альбина Назамбаевна «Топ 5 лучших навыков Будущего» және Келесбаев Динмухамед Нурмаханбетович PhD, доцент «Тәуелсіздік бізге не берді немесе Болашақ бағдарламасының мүмкіндіктері» тақырыптарда Ted X өтті. 7-8-9 сынып оқушыларына арнап, қызықты Ted X өтілді, ата-аналарымыз оқушыларға мотивация беріп, оқушыларды қызықтыра білді. Оқушыларымыз сұрақтар қойып, сұрақтарына жауап алды.



«Ұлы дала ақындары» мен «Замандастар жырлары» жобасы

Жоспар бойынша қыркүйек айында жоба жайлы түсіндірме жұмыстары сыныптар арасында өткізілді. Жобаның басты мақсаты қазақ әдебиеті шығармашылығындағы классик ақын-жазушылардың әдебиет саласындағы алуан қырлылығы, халыққа қалдырған мол мұрасын және поэзиядағы елеулі еңбегін, әдеби шығармаларын жас ұрпаққа насихаттау.

Қыркүйек айы шаңырақ қауымдастығының оқушыларына Жүмекен Нәжімеденовтың шығармаларын таратып беріп эссе сайысы өткізілді. Шаңырақ оқушылары берілген шығармалардың біреуін таңдап 150 – 180 сөзден тұратын эссе жазып өз кураторына тапсырған. Оқушылардың жұмыстарын бағалап жүлделі орын берген Қазақстан тарихы пәні мұғалімі Дүкенбай Бақытжан Әбенұлы. Сайысқа бес шаңырақ қатысып жүлделі орындарды Тұран шаңырағы 1 орын, Арыстанды шаңырағы 2 орын және Атамекен шаңырағы 3 орын иеленді.





3 орын

2 орын

1 орын

Қазан айында педагог – кітапханашы Сартбай Меруерт Нұрболатқызына Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдық мерей тойына орай «Қазақтың ойшыл ақыны» челленджін ұйымдастыруға көмек көрсетілді. Әр шаңырақтан бір оқушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың бір шығармасын таңдап мәнерлеп жатқа айтуы қамтамасыз етілді. Оқушылар кітапханаға барып Сартбай Меруерт Нұрболатқызына Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармасын мәнерлеп жатқа айтып бейнероликке түсті. Төмендегі сілтемеге барлық бейнероликтер салынған.

  [Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Қазақтың ойшыл ақыны» челленджін «Фараб» шаңырағы бастады. | Ву Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)

Қараша айында Ұлы дала ақындары жобасы аясында жатақхана оқушыларымен Жүмекен Нәжімеденовтың шығармашылығына арналған "Поэзиялық кеш" өткізілді. Оқушылар Жүмекен Нәжімеденовтың өлеңдерін мәнерлеп оқып берді, Қазақстан тарихы пәні мұғалімі Дүкенбай Бақытжан Әбенұлы Жүмекен Нәжімеденовтың өмір жолын әсерлі баяндап берді. Педагог – ұйымдастырушы – куратор Шүкірәлі Динара Бағдатқызы кештің ашылуын және жабылуын бегітіп аспапта айнап берді.

<https://www.instagram.com/p/C0GJjhbovUF/?igsh=OTU1ODAwZWUxYg==>



Желтоқсан айында «16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне» орай «Асқақтай бер, айбынды Қазақстан» атты апталығының аясында 8D сынып оқушыларымен бірге Ж.Нәжімеденов өмірі мен шығармашылығына арналған "Менің Қазақстаным" атты әдеби мерекелік кеш өткізілді. 8D сынып оқушылары кешті көрініспен бастады, көріністің басты мақсаты 16 желтоқсанда болған оқиғаның қаншалықты маңызды болғанын көрсету. Сонымен қатар оқушылар жазушының өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтып берді. Әдеби мерекелік кеште қазақ тілі пәні мұғалімі Есбалаева Роза Жұмабайқызы Ж.Нәжімеденовтың өмірі жөніне шығармашылығы жайлы баяндады. Кешті география пәні мұғалімі Есенбай Ардақ Жетпісбайұлы «Атамекен» өлеңін айтып аяқтады.

<https://www.instagram.com/p/C0ojcUiN7Tq/?igsh=OTU1ODAwZWUxYg==>



«Қоғамға қызмет» жобасы:

Жобаның мақсаттары: білім алушылардың сана сезіміне адамгершілікті сіңдіріп, бойларына қоғамға қажеттілікті деген қажеттілікті сезіндіру. Мұнымен қоса, қайырымдылық сияқты адами құндылықтарды ұялатып, оқушылардың өмірге деген белсенді ұстанымын қалыптастыру.

Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Жобаның негізгі міндеттері:

1. Қоғамға қызмет ету қабілеттерін дамыту;
2. Ерікті болуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында шеберлік сағаттарын өткізу;
3. «Мейірімді жүрек» жобасының іске асуына оқушылардың белсенділігі арқылы ықпал ету.

«Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Алтын күз» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті.

«Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Алтын күз» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Шара барысында оқушылар өз

шаңырақтарының өнімдерін жарнамалап, би билеп жәрмеңкеге көңілді күйде атсалысты. Ал, күз мезгілі мен шара атауына сәйкес безендірілген арнайы бұрыш жәрмеңкеге ерекше көрік берді.

Әр шаңырақтың оқушылар қауымдастығы түрлі азық-түлік тағамдары мен қолөнер бұйымдарын ұсынуда белсенді түрде атсалысты. Айта кетейік, жәрмеңкеден жиналған қаражат қайырымдылыққа жұмсалады. Сондай-ақ, қаражатты жұмсау барысында ашықтық принципі сақталады. Жалпы жиналған қаражат қорытындысы бойынша жоғары үлес қосқан шаңырақ бірлестігі арнайы марапатқа ие болады.



Түркістандағы NIS оқушылары «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмін тамашалады.

«Қазақстан» телерадиокорпорациясы түсірген «Міржақып. Оян, қазақ!» көркем фильмді Оқушыларымен қоса бірқатар мектеп қызметкерлері және ұстаздар тамашалады. Мектепте өткен «Алтын күз» қайырымдылық жәрмеңкесінің қорытындысы бойынша ізгі істер жасау бойынша жоғары үлес қосқан «Ордабасы» шаңырақ бірлестігі мен бірқатар мектеп қызметкерлері отандық кинопрокаттағы фильмді көруге жолдама алған болатын.

Фильм Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы өмірінің 1909-1935 жылдардағы кезеңін қамтиды. Міржақыптың «Оян, қазақ!» кітабының жарыққа шығуы, «Бақытсыз Жамал» романының жазылуы, революциядан кейінгі жылдардағы, ашаршылық кезіндегі қоғамдық-саяси қызметі, Қызылорда, Семей, Мәскеудің әйгілі «Бутырка» абақтысындағы жылдары және жан жары Ғайнижамалмен махаббат хикаясы фильмде кезең-кезеңімен баяндалады.

«Қазақстан» телерадиокорпорациясы түсірген «Міржақып. Оян, қазақ!» телехикаясының негізіндегі толықметражды көркем фильм 21 қыркүйектен бастап еліміздің барлық кинотеатрлар желісі арқылы үлкен экрандардан ұсынылған болатын.

Сериал режиссері – Мұрат Есжан. Телехикая өткен жылы «Qazaqstan» арнасының эфирінен және YouTube желісі арқылы орыс, ағылшын тіліндегі субтитрлермен ұсынылып, үлкен аудиторияның қызығушылығына ие болды.

2023 жылғы тұңғыш «Nauryz» ұлттық телесериалдар байқауында «Үздік сериал» атанды.



«Шаңырақ» оқушыларының «Ордабасы мен Отырар» оқушылар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Тәуелсіздік мұрагерлері» тақырыбында қала тұрғындарына сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың негізгі мақсаты «тәуелсіздік» сөзінің мәні мен мағынасын ұғындырып, оның қалай келгендігі туралы ақпаратты жаңғырту. Өткен күндерге бір серпіліс жасау. Тарихтың қалтарысында қалмау үшін, сол бір ызғарлы желтоқсандағы аға-әпкелер ерлігін насихаттап, өскелең ұрпаққа паш ету.

Жоба аясында оқушылар өз шаңырақтарының «Тәуелсіздік мұрагерлері» тақырыбында қала тұрғындарынан сауалнама алды. Қатысушының бәріне тәуелсіздіктің дәмін сезіндіру үшін, сый ретінде Қазақстан шоколадын ұсынды. Мұнымен қоса, тәуелсіздік тақырыбында қатысты сұхбат жүргізілді. Өткен күннің парағы қайта оқылып, естеліктер еске түсірілді. Көкіректі мақтаныш кернеп, олармен бірге еліміздің әнұраны бірге айтылды.



4. «Оқжетпес», «Атамекен» шаңырақ оқушылар қауымдастығы мен ата-аналардың ұйымдастыруымен «Қоғамға қызмет» жобасы аясында 4 мұқтаж отбасыға «азық-түлік себеті» сыйланды. «Игі істер марафонын» жүргізудегі мақсатымыз оқушыларды мейрімділікке, қамқорлыққа баулу. Бүгінгідей нарықтың қыспағына ілінген, алмағайып заманда күн көру деңгейі төмен шаңырақтарға көмек қолын созып, қарлығаштың қанатымен су сепкендей жасалған әркеттің

өзі ұлттық болмысымыздың тамырын тереңдетеді. Адам бойында адамгершілік сезімді оятып, мейірімділіктің туын желбіретері хақ.



5. "Жаңа жыл 2024: Армандар орындалады" қайырымдылық мерекелік ертеңгілікке мұқтаж отбасының 30 баласы шақырылып, жаңа жылдық сыйлықтар берілді. Акцияның мақсаты – мұқтаж отбасының 30 баласына мейірім шуағын төгу және жаңа жылда мерекелік көңіл-күй сыйлау. 11 сынып оқушылары Гайдаенко Алихан, Алимбай Мейіржан, Садық Бексұлтанның қолдауымен тәтті сыйлықтар берілді. Ата-аналар мен балалар қуанышқа бөленіп, мектебімізге алғыстарын айтты. Ал, сыйлықтар табыстау барысында мерекелік көңіл-күй сыйлап, түрлі кейіпке еніп, ойындар ұйымдастырушыларға олар тіптен разы. Жаңа жылда маз-мейрам болып, бір жасап қалды десе болғандай.



«Даналық бейсенбі» жобасы:

Жобаның мақсаттары: өскелең ұрпаққа үлгі боларлық, өңірге есімі танымал тұлғалармен кездесулер оқушыларға мотивация беріп, өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алуы мүмкіндігі..

Бағыты: Тіл және әдебиет

Жобаның негізгі міндеттері:

1. Адамның жасампаздық мүмкіндіктері мен рухания – адамгершілік тұлғасының өзара байланысын ашу;
2. Жасампаздық қабілеттерінің дамуына ықпал ету;
3. Өмірді сұлулық, жақсылық қырынан қабылдай білуге тәрбиелеу

Күтілетін нәтиже:

Оқушы сөйлеу, сұрақ қою, көпшілік ортада дұрыс отыру мәдениетін үйренеді. Сөздік қорларын байытады.

Қыркүйек айында Түркістан облысы Әділет департаментінің бөлім басшысы Өркен Жолдыбаев пен бас мамандары Жармухамбет Сапаров пен Толкин Бақашбаев келді. «Зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және тауар белгілерін тіркеу» тақырыбына арнау болған басқосуда оқушылар үшін авторлық құқық пен патент алуға қатысты маңызды ақпараттар айтылды. Жобаға 7-11 сынып аралығындағы оқушылар қатысты.



<https://www.instagram.com/p/CxfeKQBtWg8/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

Қазан айында Шымкент қаласындағы химия-биология бағытындағы НЗМ түлегі, информатика мамандығы бойынша Лондондағы «Brunel» университетінің түлегі Кенес Арухан «Даналық бейсенбі» жобасының қонағы болды. Кенес Арухан 9, 10, 11 сынып оқушыларына әлемдік экономикадағы ең перспективалы IT саласының өкілі ретінде неліктен бұл саланы таңдағаны жөнінде және оның мүмкіндіктері мен жаһандық деңгейдегі алар орны, компьютерлік ғылымның дамуы жайлы толық баяндап берді.



https://www.instagram.com/p/CyKzGF_tuUc/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==

«Даналық бейсенбі» жобасының айрықша қонағы ретінде мектеп директоры Айдын Тусупжанов шақырылды. Мектеп директоры ұстаздық еңбек жолы жайлы сөз қозғап, сырлы сұхбат жүргізді. Жобаға қатысқан жатақханалық зияткерлер де, мектеп директорына жеке ұстанымы, тұлғалық дамуға байланысты сұрақтар қойды.



<https://www.instagram.com/p/CyVY99xtDLt/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

«Даналық бейсенбі» жобасының кезекті шығарылымына Назарбаев университеті қабылдау комиссиясының өкілі Әсел Жексенбекова келген болатын. Кездесу барысында қонағымыз еліміздегі ең беделді жоғары оқу орнына түсу мүмкіндігі туралы 11-сынып оқушылары үшін маңызды ақпараттармен бөлісті.



<https://www.instagram.com/p/CynyOsRtV0R/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

Қараша айында өткен «Даналық бейсенбі» жобасының кезекті қонағы ретінде Түркістан музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі Айнұр Көпбасарова келген болатын. Өнер әлемінде өзгеше орны бар, рухани астананың мәдениетін қалыптастыруда өз үлесін қосқан және қазақ театрына жаңа дем беріп жүрген өнер тұлғасымен зияткерлер арасында сырлы сұхбат жүргізілді.



<https://www.instagram.com/p/C0BXYbwt4Xz/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

«Даналық бейсенбі» жобасының кездесуі АҚШ-тың Мичиган мемлекеттік университетінің білім беруді басқару факультетінің PhD студенті Жамиля Есіркеповамен өтті. Онлайн форматтағы кездесу барысында оқушылар спикерге Америкадағы жоғары білім жүйесі мен мәдениеті, өмір сүру салттары, американдық қоғамдағы қауіпсіздік пен зорлық-зомбылық мәселелері туралы сауалдар қойған болатын.



<https://www.instagram.com/p/C0THwq2NPDG/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі апталығында ұйымдастырылған «Даналық бейсенбі» тәрбие жобасының қонағы ретінде кәсіпкер, педагог Жанар Сайдуллаева келді. Бағдарлама қонағы зияткерлерге кәсіпкер ретінде қаржылық сауаттылықты арттыратын шетелдік үздік кітапды ұсынып, кәсіп бастау кезіндегі өзінің тәжірибесімен бөлісті.



<https://www.instagram.com/p/C0lbamoocQ5/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңына орай өткізілген «Даналық бейсенбі» жобасына білім, кәсіп, өнер салаласындағы үздік тұлғалар спикер ретінде шақырылды. Кездесуде түркістандық кәсіпкер Дастан Мамишов, «Болашақ» бағдарламасының түлегі Тоқтамыс Нұрболат, «Атамекен» этно-фольклорлық ұлт аспаптар оркестрінің солисті Абдраман Ақнұр қонақта болды.



<https://www.instagram.com/p/C03KlndNsCF/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

"Менің өмірімдегі мақал-мәтелдер жобасы:

Жобаның мақсаты: Жас ұрпаққа ата-бабамыздың өшпес мұрасын, қымбат қазынасы мақал-мәтелдерді дәріптеу. Оқушылардың тіл байлықтарын дамыту, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, халық мұрасын, ұлттық құндылықтарды насихаттау, өмірде қолдана білуге, тапқырлыққа, шешендікке, тіл шеберлігіне тәрбиелеу.

«Менің өмірімдегі мақал-мәтелдер» жобасы аясында, оқушыларға мақал-мәтелдерді насихаттап, мағынасын ащшу мақсатында 7-сынып оқушыларымен «Мақалды суретпен сипатта!».





2. "Менің өмірімдегі мақал-мәтелдер жобасы аясында" 8-сыныптар арасында мақал-мәтелдер сайысы өткізілді. Сайысқа "Тұран", "Отырар", "Фараб", "Мұзтау" шаңырақтары қатысып, "Отырар" шаңырағы үздік нәтиже көрсетті.



«Қазақ әндері» жобасы:

Жоба мақсаты: «Қазақ әндері» жобасы ұмыт болған әндерді жаңғырту, халық арасында таралған әндерді нақышына келтіріп орындаумен қатар насихаттау. Өскелең ұрпаққа қазақ әндерінің тарихынан хабар беру, зерттеу жұмыстарын жүргізу. Халқымыздың баға жетпес қазынасы – ән мұрасын *дәріптеп*, мән - мағынасын түсіндіру. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін оқушылар ән жазу тарихын зерттейді, мәтін жаттап, таңғы жиындарда, кураторлық сағаттар мен шаңырақ сағаттарында орындайды. Шаңырақтар арасында ән байқауына қатысады.

Қыркүйек айы бойынша

Рухани шаһар төрінде бой көтерген, білім көкжиегінде кең құлаш жайған Зияткерлік оқу ордасында салтанатты түрде алғашқы қоңырау соғылды. «Білімді ұрпақ-кемел келешек бастауы» атты тақырыппен бастау алған «1-Қыркүйек Білім күніне» арналған салтанатты жиында 9 «А» сынып оқушысы Абдухалық Ферузаның орындауында ән «Менің алтын ұя мектебім»



«Білімді ұрпақ-кемел келешек бастауы» атты тақырыппен бастау алған «1-Қыркүйек Білім күніне» арналған салтанатты жиында 8 «D» сынып оқушылары Темірхан Балнұр, Бауыржанқызы Ақжан, Пірәлі Әлинұр 8 «L» сынып оқушысы Тұрсынбай Тамерлан «Мәңгілік Ел» әнін орындады.



<https://www.instagram.com/reel/CwplR2UyqiR/?igsh=NzBmMjdhZWVhZWRiYQ==>

Қазан айы бойынша

"Ұстаз деген-жарық күні ғаламның" атты мұғалімдер күніне арналған мерекелік іс шарада оқушылардың орындауында хор "Ұстазым" әні орындалды.



<https://www.instagram.com/p/CyDtqJhN-hJ/?igsh=N2ViNmM2MDRjNw==>

Қараша айы бойынша

"Қазақ тілі- жаңа тыныс" атты қазақ тілі апталығында "Қазақ әндері" жобасы аясында "Ана туралы жыр" әні орындалды. Шараның ашылу салтанаты басталмастан бұрын, оқушылар мектеп фойесінде апталықты айшықтайтын ұлттық нақыштағы безендірулер мен таңғы шашуда қазақ тілі пәнінің мұғалімі Нышанбеков Өмірбек ағай «Ана туралы жыр» әнін гитараның сүйемелдеуімен зияткер оқушылармен бірге орындады.



<https://www.instagram.com/p/Cz26aKCNONM/?igsh=N2ViNmM2MDRjNw==>

Зияткерлік оқу ордасында апталық аясында 11 “В” сынып оқушыларының ұйымдастыруымен "Әдебиет әлем тынысы" атты- әдеби сазды кеш өтті. Шара барысы мектеп бітіруші түлектердің қоштасу кеші жайлы саханалық көрініспен бастау алып, қазақтың 100 әніне енген "Армандастар" әні гитараның сүйемелдеуімен шырқалды.



<https://www.instagram.com/p/Cz5V342NXiT/?igsh=N2ViNmM2MDRjNw==>

Желтоқсан айы бойынша

The Talent show байқауында "Қазақ әндері" жобасы аясында "Қазақ осы" әні шырқалды. The Talent show байқауында «Қазақ осы» әнін 8 «D» сынып оқушысы Бауыржанқызы Ақжан жанды дауыста орындап 2 орын иегері атанды.



"Қарттарым-асыл Қазынам" атты қариялар кездесу кешінде "Ақ бантик", "Саржайлау", Көзіннің мөлдірін-ай", "Қайықта", "Көк тудың желбірегені", "Әже туралы жыр" әндері айтылды. «Қарттарым-асыл қазынам» атты өнегелі кездесу өтті. Өнегелі кездесудің мақсаты, тәрбие жобалары арқылы қарт қазыналарымыз бен бүгінгі болашақ жастар арасында байланыс орнату, адамгершілік

асыл қасиеттерді жастар жадына сіңіру. Жиын соңы, ұлттық әндер айтылып, тұшымды пікірлермен тәмамдады.



<https://www.instagram.com/p/C0ojrmZNDx1/?igsh=N2ViNmM2MDRjNw==>

«Өзін-өзі басқару» ұйымының жобасы:

Жобаның мақсаты: Балалардың білімге құштарлығын арттыру, өзін – өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершілікті сезіне білуге қалыптастыру. Оқушының дүние танымын, жан – жақты ойлау қабілетін, ой – өрісін дамыту, көп ізденуге, бірін – бірі тыңдап, өз ойын еркін айтуға дағдыландыру. Оқушылардың мектепке деген құрмет сезімін ояту, «Өзін – өзі басқару әліппесін» меңгеру, болашақта мемлекет тұтқасын ұстайтын ұрпақты отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Бағыты: Қоғамдық

«Өзін-өзі басқару» ұйымының жобасында:

- 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;
- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
- 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс- шараларға көмек көрсету;
- 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
- 6) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
- 7) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.

Түркістан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі өз ПРЕЗИДЕНТІН іздейді!

Оқушыларға өзін-өзі басқару ұйымының президенттігіне үміткерлеріне қойылатын талаптарымен толық таныстырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

[Түркістан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі өз ПРЕЗИДЕНТІН іздейді! Өзін-өзі басқару ұйымының президенттігіне үміткер оқушыға... | Instagram](#)



Мектеп президенттігіне үміткерлер іріктелді.

Өзін-өзі басқару ұйымының президенттігіне 8 үміткер өздерін таныстырып, болашақ көшбасшы ретінде мектептің дамуына қосар өз үлестері мен атқарар жобаларын ұсынды. Үміткерлер өз кезегінде қызығушылықтары мен жетістіктерін, алдағы жоспарларын ортаға салып, Зияткерлік білім ордасының дамуына және үздік көрсеткіш көрсетуде нәтижелі жұмыстар атқаратынын жеткізді. [Мектеп президенттігіне үміткерлер іріктелді Түркістандағы NIS-те мектеп көшбасшылығына үміткерлер бойынша іріктеу өткізілді. Жалпы NIS...](#)

Зияткерлердің жоспарларын тыңдаған комиссия мүшелері үміткерлерге ұсынған жобаларына қатысты сұрақтар қойып, ашық пікірлерін жеткізді. Комиссия шешімі бойынша 8 үміткер ішінен мектеп көшбасшысы болуға 3 кандидат Аружан Жарылқап, Алпамыс Сартай, Жеңіс Кертайды лайықты деп танылды.



Түркістандағы NIS-те өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшысы сайланды.

Мектепте өткен сайлауға дауыс беру құқығы ие болғандардың 490-ы қатысты. Арнайы жасақталған сайлау учаскесінде тіркелушілер мен бақылаушылар сайлаудың әділ өтуін қамтамасыз етті. Жалпы мектеп көшбасшысы атануға 3 кандидат өздерін ұсынып, 9 «С» сынып оқушысы Жеңіс Кертай, 11 «В» сынып оқушысы Аружан Жарылқап, 11 «К» сынып оқушысы Алпамыс Сартай өз бақтарын сынады. Барлығы сайлауалды бағдарламаларында мектеп өмірін жақсартуға және оқушылардың дарындылығын, шығармашылық және креативті ерекше қабілеттерін ашуға бағытталған жаңалықтар енгізуді көздейді.

Сайлаудағы дауыс беру нәтижесі бойынша президенттікке үміткерлер арасынан 11 «К» сыныбының оқушысы Алпамыс Сартай 211 дауыс жинап, алдыңғы қатарға шықты. Оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін түрлі активитилер мен мектепішілік жарыстарды ұйымдастыру, сонымен қатар спорттық шараларға басымдық беруде көптеген жұмыстар атқаруды жоспарлаған 11 «К» сынып оқушысы Алпамыс Сартай үздіктердің ішінен оза шауып, мектеп президенті атанды.



Үздік ұстазымызға мектеп ұжымынан үздік құттықтау! 🎉 «Шыңғыс ағай, лучший» NIS жүйесінің барлық педагог мамандары үшін айтулы оқиғаға айналған дәстүрлі «Үздік жыл мұғалімі-2023» байқауына Түркістандағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ұстазы Шыңғыс Дархан қатысып, мектеп абыройын асқақтатуда жүлделі ІІІ орынды иеленді.



Түркістандағы NIS Астана қаласындағы Халықаралық мектепті 10 жылдық мерейтойымен құттықтайды!



Академиялық адалдық!

Өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары мектебіміздің зияткерлер оқушыларына тоқсандық жиынтық бағалау кезінде академиялық адалдықты сақтау мақсатында түсірілген видеороликті ұсынылды.



Өзін-өзі басқару ұйымы

Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерімен таныс болыңыздар!

Мектеп президенті – Алпамыс Сартай

Вице-президент – Аружан Жарылқап

PR және Event министрі – Ақбота Еркін

Ғылым және білім министрі – Мансұр Тұрарбек

Спорт және тәртіп министрі – Жеңіс Кертай

Экология және еріктілер министрі – Бірханым Сапар

Сыртқы байланыстар министрі – Сардорбек Рахманбердиев



Happy Holidays!

Мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары барша зияткерлерді І тоқсанның аяқталуымен құттықтады!



Мектеп қызметкерлері мен еріктілер тобы Түркістан NIS-те баскетболдан өтетін желілік спартакиадаға Павлодар, Петропавл, Өскемен, Атырау қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінен келген тренер мен оқушыларды күтіп алды.



Спартакиада қатысушылары сан ғасырлық тарихы бар рухани шаһардың тарихымен танысты.

Мектебіміздің еріктілері мен желілік спартакиадаға қатысатын Павлодар, Петропавл, Атырау, Өскемен қалаларындағы NIS-тің зияткерлері рухани шаһардың сан ғасырлық тарихымен сыр шертетін өлкетанулық сапарға аттанды. Экспедиция барысы тарихи жәдігерлерге толы «Ұлы дала елі» орталығынан бастау алды. орта ғасыр сәулетінің жауһары, ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне енген - Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен, оның маңындағы түрлі сәулет өнерінің ескерткіштерімен танысты. Сонымен қатар, XII ғасырда салынған ортағасырлық діни сәулет құрылыстарының бірі «Қылуат» жер асты мешіті мен кесене маңындағы айрықша архитектуралық ескерткіш, жартылай жер астына салынған күмбезді құрылыс - «Шығыс моншасының» құрылыс барысымен толықтай танысты.

Экспедиция барысында қатысушылар тарихи қаланың өміршеңдігін айқындайтын «Қазақ хандығы» мемориалы мен «Президент» саябағы және «Керуен Сарай» ойын-сауық кешенін аралады.

Саяхат соңында Петропавл мен павлодарлық, атыраулық және өскемендік зияткерлер ел тарихындағы айрықша орны бар рухани шаһардың сан ғасырлық тарихын қамтыған сапардың куәсі болды.



Түркістандағы NIS-те баскетболдан желілік спартакиада бастау алды.

Павлодар, Петропавл, Өскемен, Атырау қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері арасындағы баскетбол ойынынан өтетін желілік спартакиаданың аймақтық кезеңінің ашылу салтанаты өтті.



Баскетболдан желілік спартакиаданың аймақтық кезеңі сәтті аяқталды.

Баскетболдан желілік спартакиаданың 3 күнге созылған аймақтық кезеңі сәтті аяқталды. Атырау мен павлодарлық, петропавлдық және өскемендік, түркістандық зияткерлер қатысқан тартысты доданың қорытынды сайысында ойын алаңы жанкүйерлердің шынайы қолдауына толы болды. Барлық командалар үшін жеңіс тұғырынан көрінуде шешуші сәт болған сайыстың соңғы күнінде жанкүйерлерден бөлек тікелей трансляциядан тамашалаған көрермендерден де қолдау легі толастамады.

Желілік сайыстың қорытынды күнінде атыраулық пен өскемендік құрама командалары алаңда бірінші қарсыласып, нәтижесінде батыс өңірінің зияткерлері I орын иеленіп, жеңімпаз атануда республикалық деңгейде өтетін финалдық ойынға жолдама алды. Екінші орынға таласқан павлодарлық және петропавлдық командалардың финалдық ойыны нағыз бәсекеге толы, қызу әрі тартысты ойындардың бірі болды. Сайыс нәтижесі бойынша 40:42 ұпаймен петропавлдық ұлдар құрама командасы алға шығып, II орын иеленсе, павлодарлық зияткерлер III орынды иеленді. Ал қыздар құрама командалары бойынша Петропавлдағы NIS I орын, Өскемендегі NIS II, Павлодардағы NIS III орын иеленіп, үздік үштіктегі командалар анықталды.



Спартакиада қатысушылары «Этноауыл» ұлттық мәдени кешіне экскурсия жасады.

Мектебіміздің еріктілері мен желілік спартакиадаға қатысқан Павлодар, Петропавл, Өскемен қалаларындағы NIS-тің зияткерлері «Этноауыл» ұлттық мәдени кешіне экскурсия жасап, кешкі асқа дейінгі серуенге шықты.



Түркістандағы Назарбаев Зияткерлік мектебі ашық есік күніне шақырады!

Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері мен мектебіміздің еріктілер тобы 5-6 сынып оқушылары мен ата-аналары үшін мектеп бойынша кампус-тур жасап, мектебіміздің тыныс-тіршілігімен таныстырып өтті.



«Үстел теннисі» сайысы.

Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастырылуымен 7-11 сыныптар арасында өткізілген «үстел теннисі» сайысы. 7-8 сыныптар арасында жоғары деңгей көрсетіп, 1 орынды – 8 «В» сыныбының оқушылары, 2 – орынды 8«D» сынып оқушылары, ал 3 – орынды 8 «А» сыныбының оқушылары қанжығасына байлады. 9-11 сыныптар арасында үздік нәтиже көрсетіп, 1 – орынды иеленген 11 «В» сынып оқушылары, 2 – орынды 9 «L» сыныбының оқушылары ал 3 – орынды 11 «К» сынып оқушылары иеленді.



Сауатты, көркем жазу – жақсы баға кепілі.

Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері мен мектебіміздің еріктілер тобы ТЖБ жұмыстарының басталуына орай мектеп оқушыларына академиялық адалдықты сақтаумен қатар, сауатты, көркем жазу да ТЖБ бағасына әсер ететінін еске салу мақсатында түсірілген видеороликті ұсынды.




«You lead – іргелі істер бастамасы» форумы NIS-тің 22 көшбасшысын біріктірді.

2023 жылдың 7-8 желтоқсан күндері Ақтөбе қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «You lead – іргелі істер бастамасы» көшбасшылар форумы» өтті. Форумға әр мектептің президенттері, вице-президенттері және жетекшілері қатысты.



Жаңа жыл қарсаңында Қысқы бал!

Мектебімізде Өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерінің ұйымдастыруымен 7-11 сынып оқушыларына арналған қысқы бал өтті. Қысқы балға кіру ақысы ақылы болды, жиналған қаражат спорт залын безендіру мен ойындарға арналған сыйлықтар алуға жұмсалды.



«Жаңа жыл 2024: Армандар орындалады» қайырымдылық мерекелік іс-шарасы.

Мектеп қызметкерлері мен өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен және ата-аналар қолдауымен «Жаңа жыл 2024: Армандар орындалады» қайырымдылық мерекелік ертеңгілікке әлеуметтік жағдайы төмен, мұқтаж отбасылардың 30 баласы шақырылып, жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастырылды.



9) «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы:

Қоғамның дамуы адам еңбегінің жемісі. Қашанда үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі – қазақ халқының ата салты екені белгілі. «Қариялық – даналық пен өмір тәжірибесінің қайнар көзі» дегендей, ақылы толысқан, өмірлік тәжірибесі мол қариялар қай кезде де қоғамның ұйытқысы болып, ел ішінде береке-бірліктің сақталуына бастамашы болып келеді. Қазыналы қарияларымызды аялау, ардақтау, құрметтеу әрбір азаматтың парызы. **Қарияларды қадірлеу – ертеңгі ұрпағыңды дұрыс тәрбиелеудің бірден-бір жолы. Сұрапыл соғыста жаудың бетін қайтарып, жеңісті жақындатқан майдангер қарттарымызды қадірлей білуіміз керек.**

Жобаның мақсаты:

- Зейнеткерлік жастағы және зейнетке шыққан жалғыз тұратын азаматтардың мектеп өміріне белсенді араласуына ықпал ету;
- Шаңырақ оқушыларымен бірлескен шығармашылық жұмыстар жасау арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеуде қариялар мен жас ұрпақтың сабақтастығын қалыптастыру;
- Міндеті:
- қарияларды қолдау, құрметтеу, қамқорлық көрсету;
- ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтау;

Жатақхана оқушыларының қатысуымен «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында «Қарты бардың – қазынасы бар» атты тағылымы мен тәлімі мол кездесу кеші өтті, оқушыларға даналық ойларымен бөлісті. Рухани кеште құрметті қонақтарға оқушылар мәнерлеп өлең оқуда,

домбырамен күй тартып, өмір жолдарында орын алған қызықты әрі әсерлі оқиғаларымен бөлісуде тағылымды сұхбат жүргізді. Қазыналы қарттарымызбен бірге өткізілген мәдени шара соңында жатақхана меңгерушісі Іңкәр Болатова зияткерлер тәлім-тәрбиесі мол кездесуден рухани азық алғаны сөзсіз деп, қарияларға алғыс білдіруде мектеп атынан естелік сыйлықтарын тарту етті.

https://www.instagram.com/p/CynYvP_NSMG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==



«Қарттарым-асыл қазынам» атты өнегелі кездесу өтті. Бүгін Зияткерлік оқу ордасында «Ұрпақтар сабақтастығы» және «Қазақ әндері» тәрбие жобалары аясында «Қарттарым-асыл қазынам» атты кездесу кеші өтті. Жиын мектеп ата-аналарының арасынан асыл қарттарымызбен жасалынды. Өнегелі кездесудің мақсаты, тәрбие жобалары арқылы қарт қазыналарымыз бен бүгінгі болашақ жастар арасында байланыс орнату, адамгершілік асыл қасиеттерді жастар жадына сіңіру.

Мәдени шарада ата-әжелеріміз сырлы әңгімелерімен бөлісті. Өткен заманның бейнесін естеліктерімен қазіргі қоғаммен салыстыра отырып, әдемі әңгіме өрбітті. Жиын соңы, “Сарыжайлау”, “Асыл әже”, “Атамекен” атты ұлттық әндер айтылып, тұшымды пікірлермен тәмамдалды.

https://www.instagram.com/p/C0ojrmZNDx1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==



«Bookcrossing» жобасы

Мектеп ұстаздары ауыл мектебіне 100 кітап тарту етті. Зияткерлік оқу ордасының ұстаздары игі іс жасауда Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Бәйдібек ата ауылы, Ақтау жалпы орта мектебіне 100 кітап сыйлады. Осы тұста ауыл мектебіне жасалған ізгі шара «Bookcrossing» жобасы аясында бастау алған болатын. Зияткерлік мектептердің 2023 жылғы үздік мұғалімдерін анықтауда мектеп ұстазы Шыңғыс Есенғараұлы желілік байқауға қатысып, ақшалай сыйақы алған болатын. Сыйақының тең жартысын игі іске жұмсауға ниет еткен мектеп ұстазы облысқа қарасты Бәйдібек ауданы, Бәйдібек ата ауылы Ақтау жалпы орта мектебінің кітап қорына өз үлесін қосты. Онымен қоса, ізгі бастамаға мектептің қазақ тілі әдістемелік бірлестігі мен тарих пәнінің мұғалімі Бақытжан Дүкенбай және директор Айдын Тусупжановта ат салысып, қолдау білдірді. Ендігі кезекте ауыл мектебінің кітап сөресінде қазақ классик жазушыларының көркем шығармаларынан бастап, әлем әдебиетіне дейінгі қиял-ғажайып жанрдағы таңдаулы кітаптар, бестселлер туындылармен толықты.



<https://www.instagram.com/p/CzJFEYPtLzx/?igsh=N2ViNmM2MDRjNw==>

«Bookcrossing» акция арқасында тірек мектептерде кітапхана қоры ұлғайтылды.

Назарбаев Зияткерлік мектептері желісі жыл сайын дәстүрлі түрде «Bookcrossing» акциясын өткізді. Жалпы жоба тарихына үңілсек, «Bookcrossing»-тің алғашқы ресми қызметін жасаушы Рон Хорнбакер өз сөзінде: «Bookcrossing» -географиялық шекераны білмейтін кітапхана түрі, деп жоба арқылы адамдардың кітап құндылығы туралы көзқарасы өзгеретінін атап өткен. Биылғы іс-шара ауыл мектептерінің кітапхана қорын қолдау мақсатында ұйымдастырылды.

Ауыл оқушыларының бойында кітап оқуға деген қызығушылық дағдыларын қалыптастыру, олардың қызықты кітаптарға қолжетімділігін ұйымдастыру үшін мектебіміздің ұжымы, ата-аналары мен «Шаңырақ» оқушылар қауымдасдықтары осы акция барысында 200-ден аса қазақ, орыс, ағылшын тілінде оқу энциклопедияларын, көркем әдебиеттерді жинауға орасан үлестерін қосты.

Акция аясында Түркістан облысы Ынтымақ ауылындағы Ә.Сығай атындағы жалпы орта мектебі мен Кентау қаласы Бауыржан Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектеп ордасына Зияткерлік мектеп ұжымы атынан кітаптар тарту етілді. Тірек мектеп ұжымы, мектеп басшылығы түркістандық Зияткер мектепке керемет сыйлық үшін ризашылығын білдірді.




<https://www.instagram.com/p/C1RkrL0NRL6/?igsh=N2ViNmM2MDRjNw==>

«READ X» жобасы:

Қыркүйек айы

«Оқуға ұмтыл, Because reading matters!» ұранымен «READx» жобасының жаңа оқу жылындағы алғашқы кездесуі өтті. Зияткерлік оқу ордасының 7-8 сынып оқушыларына жобаның маңызын айқындауда ұйымдастырылған кездесуде спикерлер жаз мезгілінде оқыған кітаптары жайлы ойларымен бөлісті.

Атап айтсақ, бірінші спикер Мухайе Артикова британдық балалар жазушысы Холли Вебб жазған «Девочка из лунного света» кітабы жайлы өз ойымен бөлісті.



Ал, екінші спикер Нұрсәуле Ақбай Санжар Керімбайдың елге танымал журналист Бейсен Құранбектің өмірі жайлы баяндайтын «Бейсен және болмыс» атты кітабын оқуға ұсынды.



Үшінші спикер Айкер Асылханова Алаш қайраткері Міржақып Дулатовтың бойындағы патриоттық рухты оятатын «Оян қазақ» кітабын оқуға кеңес берді.



Жалпы жоба мақсаты – оқушылар арасында кітап оқуды насихаттау, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру.

Шара барысында жобаға қатысушы оқушылар спикерлердің кітап оқудың пайдасы жайлы шабыттандыратын баяндамаларына оң баға беріп, оқыған кітаптарымен ой бөліскендері үшін алғыс білдірді.



Қараша айы


19.10.2023ж. Мектеп кітапханасында 7-9 сынып оқушылары арасында READx жобасы өткізілді.

Жобаның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға және көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, әдеби сөйлеуін дамыту.



Жобада 5 спикер сөз сөйлеп, өздеріне ерекше әсер еткен кітаптарымен бөлісті. Шығармадан түйген ойларын ортаға салып, пікір алмасты.

Бірінші болып кітап ұсынған Абухалық Феруза, А.Д. Сент-Экзюперидің “Маленький принц” атты шығармасы.



Екінші спикер Шүкірәлі Анеля Руал Даһлдың “Чарли және шоколад фабрикасы” атты таңғажайып шығармасын ұсынды.



Үшінші спикер Әбдіқадір Гүлару Кулығына Д. “Остров перевертышей. Рождение Мары” шытырманға толы шығармасын таныстырды.



Төртінші спикер Берік Нұржұпар Софи Клеверлидің “Скарлет и Айви. Дневник старшей сестры” шығармасы жайлы өз ойымен бөлісті.



Соңғы спикер Бакытқызы Жибек Лара Уильямсонның “Мальчик по имени Хоуп” шығармасын оқуға кеңес берді.



Қараша айы

21.11.2023ж. Оқырмандар алаңында мұғалімдер мен оқушылар арасында "НЗМ оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап" бойынша READx өтті. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, өз ойларын еркін жеткізуін қалыптастыру және шешендік өнерді шындау мақсатында өткізілген іс-шарада 3 спикер өз кітаптарын таныстырды.

Химия пәні мұғалімі Кубесова Нұрдана Рэй Бредберидің "451 градус по Фаренгейту" кітабын ұсынды.



9А сынып оқушылары Базарбайұлы Нұрсұлтан Ғ.Мүсіреповтың "Ананың арасасы" туындысын ұсынып, қызықты оқиғалар мен жағдайлар туралы айтты.



Жетібаев Жанболат В.Кавериннің "Два капитана" атты шығармасын оқырмандарға ұсынды.



Көрермен оқушылар ұсынылған шығармаларға қызығушылық білдіріп, өз сұрақтарын қойды.



Желтоқсан айы бойынша

11.12.2023ж. “READx” жобасы. Іс-шараның мақсаты - оқушылар арасында кітап оқуды насихаттау, кітап оқуға қызығушылығын арттыру. Кездесу барысында «READx» жобасының спикерлері қызықты шығармалармен таныстырып, оқыған кітаптары жайлы ой бөлісті.

Одил Перизат Э.Блайтонның "Тайна Совиного гнезда" шығармасын таныстырды. Ұрланған баланың құтқарылу тарихын қысқаша баяндады.



Жолбарыс Айбар "Криштиану Роналду. Одержимый совершенством" шығармасымен таныстырды. Әйгілі футболістің өмір жолы мен карьерасының шарықтау шегіне жетуі туралы баяндалды. Бұл шығарма футболсүйер оқырманға таптырмас шығарма екендігі көрсетілді.

Ал, Созақбай Ділда «Цветы для Эдджернона» шығармасын таныстырды. Дамуында өзгешелігі бар басты кейіпкердің басынан өткізген оқиғалары туралы ашық айтылды.

Жақсыбек Ақбота "Десять негритят" шығарманы оқырмандарға таныстырды. Шығарма барысы 10 кейіпкердің төңірегінде өрбитіндігі мен олардың елсіз аралдан құтылу жолы баяндалды.



Эркін Рамазан "Драконья сага. Пророчество о драконятах" атты кітапты оқырмандарға ұсынды. Пирри тайпасының соғысқа тоқтау салу жолындағы қиындықтары мен қызықтары туралы айтты.



Ата-анамен жұмыс:

1.Түркістандағы Зияткерлік оқу ордасында ата-аналардың қолдауымен және «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Алтын күз» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Шара барысында оқушылар өз шаңырақтарының өнімдерін жарнамалап, би билеп жәрмеңкеге көңілді күйде атсалысты. Жәрмеңкеде «Ордабасы» шаңырағы ең көп қаржы жинап, киноға жолдама алды.



2. NIS TRK talks алаңында «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында кездесу өтті. Зияткерлік мектепте «TEDx» форматында жасөспірім қыз баланың физиологиялық даму кезеңіндегі өзгерістер мен ерекшеліктері, жеке бас гигиенасын сақтау, салауатты өмір салтын ұстану бойынша «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында ата-ана, дәрігер-гинеколог маман Замира Карибаевамен кездесу өтті.

Басқосуға мектептің 8-9-10-11 сынып қыз бала оқушылары қатысып, тақырыпқа сәйкес өздерін толғандырған сұрақтарын қоюда маманнан пайдалы кеңестер алды.



3. «Толағай» отбасылық сайысы өтті. Түркістандағы NIS-те 25 қазан Республика күніне орай «Ата-аналар университеті» жобасы аясында 7-сыныптар арасында «Толағай» отбасылық сайысы өткізілді.

Атаулы мереке Республика күнінің оқушыларға маңыздылығын түсіндіру, мектептің педагогикалық ұжымы мен ата-аналары арасындағы байланысты орнату мақсатында өткізілген жарысқа мектеп ұстаздары да қатысып, топ болып құрылуда бірлесе ойынға атсалысты. Атап айтсақ, «Қырандар» тобы, «Оқжетпес», «Атамекен», «Ордабасы», «Бүркіт» топтары сайыс ережесінде көрсетілген 4 ойын бойынша өзара бақсынасты.



4. I тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы өтті Түркістандағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде I тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы өтті. 5 күн бойы өткізілген басқосуға барлық сыныптардың ата-аналары жиналып, мектеп директоры Айдын Тусупжановпен бірге оқушылардың оқу үлгерімдері жайында сұрақтар қойылып, тоқсандық қорытынды бағалау нәтижелері талқыланды.



5. «Берік отбасы» жобасы бастау алды

Түркістандағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде NIS жүйесіндегі ауқымды жобалардың бірі, отбасы құндылықтарын дәріптейтін «Берік отбасы» жобасы бастау алды. 35-тен астам елде өз тиімділігін дәлелдеген «Берік отбасы» халықаралық жобасы 2018 жылдан бері Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүзеге асырылуда. Жоба мақсаты – адам өміріндегі ең маңызды құндылықтарға – отбасы құндылығын сақтауға, ата-аналарға/қамқоршыларға балаларына қолдау көрсете білуді, күн тәртібін бұзбай, бала тәрбиесімен айналысуға икемдеуді, сонымен қатар балалардың болашаққа деген сенімін арттырып, олардың ата-анасымен жақсы қарым-қатынас орнатуына жол ашу, жасөспірімдерді күйзеліспен күресуге және құрдастары тарапынан болатын қысымды жеңіп шығуға тәрбиелейді.



6. “Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көрерсің” демекші, ата-аналар қауымы мен "Шаңырақ" оқушылар қауымдастықтары бастаған "Игі істер" марафоны "Қоғамға қызмет" жобасы аясында жыл бойында жалғасын табады.



Спорттық іс-шаралар:

Баскетболдан III желілік спартакиаданың аймақтық кезеңі.

30.10-01.11.2023ж аралығында Түркістан NIS-те «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының оқушылары арасында баскетболдан желілік Спартакиаданың

аймақтық кезеңі өтті. Желілік спартакиадаға Түркістан, Павлодар, Петропавл, Атырау және Өскемен қалаларындағы NIS-тің спортшылары қатысты. Желілік сайыстың қорытынды күнінде атыраулық пен өскемендік құрама командалары алаңда бірінші қарсыласып, нәтижесінде батыс өңірінің зияткерлері I орын иеленіп, финалдық ойындарға жолдама алды. Екінші орынға таласқан павлодарлық және петропавлдық командалардың ойыны нағыз бәсекеге толы, қызу әрі тартысты ойындардың бірі болды. Сайыс нәтижесі бойынша 40:42 есебімен петропавлдық ұлдар құрама командасы жеңіске жетіп I I орын иеленсе, павлодарлық зияткерлер I I I орынды иеленді. Ал өскеменнен келген зияткерлермен түркістандық зияткерлер IV және V орынды иеленді.

Қыздар құрама командалары бойынша Петропавлдағы NIS I орын, Өскемендегі NIS II орын, Павлодардағы NIS III орын, Түркістандағы NIS IV орын, Атыраудағы NIS V орын иеленді.

Жарыстың үздік ойыншылары ұлдар:

ҮЗДІК ШАБУЫЛШЫ - Өскемен ХББ НЗМ оқушысы Ысқақов Дінмұхамед

ЕҢ НӘТИЖЕЛІ ОЙЫНШЫ - Өскемен ХББ НЗМ оқушысы Бақыт Сабилян

ҮЗДІК ҚОРҒАУШЫ - Түркістан ХББ НЗМ оқушысы Урустек Бақжан

ҮЗДІК ОРТАЛЫҚ ОЙЫНШЫ - Түркістан ХББ НЗМ оқушысы Рахманбердиев Сардор

Жарыстың үздік ойыншылары қыздар:

ЕҢ НӘТИЖЕЛІ ОЙЫНШЫ - Түркістан ХББ НЗМ оқушысы Мустафақызы Әлия

ҮЗДІК ОРТАЛЫҚ ОЙЫНШЫ - Түркістан ХББ НЗМ оқушысы Еркін Ақбота

ҮЗДІК ҚОРҒАУШЫ - Атырау ХББ НЗМ оқушысы Көңілқош Баянсұлу

ҮЗДІК ШАБУЫЛШЫ - Атырау ХББ НЗМ оқушысы Орынғалиқызы Гүлнұр



Сілтеме: <https://www.instagram.com/reel/CzG0PujtuuG/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==>

«Толағай» отбасылық сайысы.

25 қазан Республика күніне орай «Ата-аналар университеті» жобасы аясында 24-қазан Түркістан NIS-те «Толағай» отбасылық сайысы өткізілді. Атаулы мереке Республика күнінің оқушыларға маңыздылығын түсіндіру, мектептің педагогикалық ұжымы мен ата-аналары арасындағы байланысты орнату мақсатында өткізілген жарысқа мектеп ұстаздары да қатысып, топ болып құрылуда бірлесе ойынға атсалысты. Аталған сайысқа 5 команда қатысты. Командалар құрамы 1 оқушыдан, оқушының ата-анасы және бір мұғалімнен тұрады. Сайыстың нәтижесі бойынша V – орынды «Қырандар» тобы 7-А сыныбы, IV- орынды «Атамекен» тобы 7-В сыныбы, III-орынды «Ордабасы» тобы 7-С сыныбы, II-орынды «Оқжетпес» тобы 7-L сыныбы, I-орынды «Бүркіт» тобы 7-К сыныбы иеленді.



<https://www.instagram.com/p/CyzwYiUtXtD/?igsh=MzRIODBiNWFIZA==>

Медициналық қызмет:

Мектеп ұжымы мен 9-10 сынып оқушыларына "Қызылша ауруының алдын алу және емдеу жолдары" тақырыбына семинар өткізілді. Қызылша ауруының профилактикасын уақтылы жасап, аурудың өршуінің алдын алу және қызылшаға қарсы екпенің маңыздылығы айтылды. Мектеп ұжымы мен 9-10 сынып оқушыларына осы тақырыпта сабақ өткізілді. Мұғалімдер арасында тұмаудың жұғу жолдары, емі, профилактикасы түсіндірілді. Тұмаудың клиникасы бойынша сұрақтарға жауап берілді. Кіші қызметкерлерге кварцты қосу, уақыты, оның маңыздылығы бойынша сабақ өтілді.



7 С, 7 L сынып оқушылары және сабақтан кейін 9-10-11 сынып жатақхана оқушыларына қыс мезгілінде көп кездесетін жарақаттардың алдын алу және алғашқы көмек бойынша практикалық сабақ өткізілді. Гигиена, денсаулық, сұлулық-сабақтас түсініктер. Оқушылар үшін осы үш ұғымның мәні тазалықтың салауаттылықтың, жинақтылықтың тығыз ұштасуында екенін сабақ барысында айтылды.



8 L, 8K сыныптарына осы өзекті тақырып бойынша сабақ өтілді, Сколиоздың профилактикасы ретінде сыныпта үстелде дұрыс отыру және денені тік ұстау, сөмкенің ауыртпалығының тепе-теңдігін ұстау. Жалпақ табандықты ең қарапайым тәсілмен қалай анықтау, профилактика жолдары талқыланды. Оқушылар мен сұрақ жауап арқылы өздеріне қажетті мәліметтерді алды.



8-9-10-11 сынып жатақхана оқушыларына миопия ауруы бойынша түсінік берілді. Көз көру қабілетін жақсарту мақсатында жаттығулар жасалды. Көру арақашықтығы, жарықтың дұрыс түсуі және көздің гигиенасы туралы сабақ өтті.



ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына сәйкес нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап тексерулерден - 296 оқушы жергілікті жері бойынша тіркелген емханадан өтті. 7-8-9-10-11 сынып оқушыларын мектепшілік профилактикалық тексеруден өткіздік (бойы,салмағы,дене -тері тазалығы,физиологиялық дамуын бақылау).

Осы бұйрыққа сәйкес жоспар бойынша Манту сынамасын 25 оқушы салдырды.ФЛГ дан 62 оқушы бекітілген жері бойынша тіркелген емханадан өтіп келді. Нәтижесінде оқушылардан тексеру барысында оң мәнді сынама тіркелмеді.

16 жасқа толған оқушыларға жасалатынын АДС-М вакцинасының маңыздылығын түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 4 оқушы жергілікті тіркелген емханадан егуден өтіп келді. 4 оқушының ата анасы егуден бас тарту қол хат жазып берді.

Оқушылар арасында "Д" есепте тұратын 65 оқушы. Осы оқушыларды диагноздарына сәйкес жоспарлы түрде өздерінің дәрігер - мамандарынан тексеруге жолданады. Нәтижесіне оқушылардың жағдайының жақсаруы бар. Мүгедектігі бар 1 оқушы Д\з ДЦП жүйелі түрде мамандардан ем алып тұрады.



2023жылдың қыркүйек-желтоқсан аралығында 577 оқушыға алғашқы көмек көрсетілді. Сондай-ақ олардың ішінде жоғарғы тыныс жолы ауруымен медициналық бөлімге 383 оқушы жүгінді.

7-8-9-10-11 сынып оқушыларына 1-желтоқсан күні іс шара өткізілді. ЖИТС туралы толық мәліметтер айтылып,оның зияндылығы,адамның өміріне қауіптілігі талқыланды. ЖИТС пен АИТВ нің айырмашылығы,профилактикасы және емі туралы ауқымды ақпарат берілді. Оқушылар арасында сұрақ қойылып,дұрыс жауап берген оқушыларға ынталандыру мақсатында сыйлық берілді.





7-шы сынып оқушыларына "Дұрыс тамақтану" тақырыбында сабақ өткізді. Мектеп асханасындағы тамақтың сапасы, адамның ағзасына қажетті витаминдер бар екенін, дұрыс тамақтану - иммунитеттің дұрыс қалыптасуына көмек беретіні туралы түсіндірілді. Дәрумендер мен ет өнімдерінің маңыздылығы, ұн тағамдарының пайдасымен зияны және диетаның пайдасы мен зияндылығы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

7-8-9-10-11 сынып оқушыларына ас мәзіріне байланысты сауалнама жүргізілді. Оқушылардың мектеп асханасында берілетін тағамдар көңілдерінен шығам, қандай ұсыныстары бар туралы жүргізілді. Оқушылар өз ойларын ашық жеткізіп, кейбір ұнатпайтын тағамдарын атап, басқа тағам қосу туралы ұсыныстар болды.

Жатақхана жұмысы:

1. Мереке күндеріне орай безендіру жұмыстары.

Жаңа жыл мерекесіне орай түрлі безендіру мен қайырымдылық концертін ұйымдастыру жұмыстары жасалды.



Аз қамтылған отбасы балаларына арналған "Жаңа жыл 2024: Армандар орындалады!" атты мерекелік іс-шарада балаларға сыйлықтар жасалып, табысталды.



3. Оралхан Бөкейдің 80 жылдығына арналған шығармашылық поэзиялық кеші.

Уақыты: 19.09.2023 ж.

Қатысушылар: Жатақхана оқушылары

Мақсаты:

- Ақын Оралхан Бөкейдің шығармашылығымен танысу,
- Оқушылардың көркем сөз оқу шеберліктерін дамыту,
- Әдебиет өнерін қадірлеуге баулу.

Жатақхана қабырғасында "Оралхан Бөкейдің 80 жылдық" мерейтойы аясында ұйымдастырылған поэзиялық кеші өтілді. Бұл кеште оқушылар қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің бірнеше өлеңдері мен

шығармаларымен танысып, жатқа орындады. 7”В” сынып оқушысы Құттыбай Балауса “Кешіп інім” өленің көпшілік назарына ұсынса, Досыбай Шұғыла өз шығармашылығымен кешті аяқтады.

<https://www.instagram.com/p/CxYPyZeo2pp/?igsh=ZDE1MWVjZGVmZQ==>



4. Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында жатақхана тәрбиешілерімен бірге тығыз жұмыс жасалынды.

Уақыты: 1-жартыжылдық

Мақсаты:

Оқушылардың сабақтан тыс уақыттарын пайдалы да тиімді өткізуді жоспарлау.

Оқушылардың білім сапасын көтеру мақсатында бірлескен жұмыс жасалынды.



Кітапхана жұмысы:

Жобаның мақсаттары: Кітапхана миссиясын жүзеге асыру. ептің білім беру, ақпараттық-мәдени орталығы ретінде ұйымдастыру, халықаралық деңгейде дамыту, мектеп миссиясын жүзеге асыру.

Жобаның негізгі міндеттері:

- Оқушылар мен мұғалімдерді оқу-тәрбие үдерісінде және өзіндік білім алуда кітапханалық және ақпараттық-библиографиялық қызметті қамтамасыз ету.
- Оқушылар мен мұғалімдердің білім беру жобаларына қатысуында көмек көрсету.
- Оқырмандарда тәуелсіз кітапхана пайдаланушы дағдыларын қалыптастыру: кітаптан және басқа да ақпарат көздерінен іздеу, іріктеу және сыни бағалауды үйрету.
- Электронды кітапхана, кітапханалық сандық білім беру ресурстарына қол жеткізуді қамтамасыз ету

2023-2024 оқу жылы барысында қазақ әдебиетінің, әлем классикасының алтын қорындағы аса құнды шығармаларды оқытуға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылып келеді.

26 қыркүйек күні «Зияткерлік мектеп оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасымен таныстыру мақсатында 7L сынып оқушыларына "Book Tasting" ойыны өткізілді. Жалпы 25 оқушы қатысты. Book tasting (США) Оқушыларға кітаптың дәмін көру арқылы әдебиеттермен таныстыру. Алдын ала оқушыларға алдарына мәзір дайындалады. Сол мәзірге оқушылар 5 минуттың ішінде бір кітапты қолына алып, сырт келбетіне, мазмұнына қарап ас мәзіріне ойын жазады. Кейін ас мәзірін толтырып болған соң, ойымен басқа оқушылармен бөліседі."

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



27 қыркүйек күні «Зияткерлік мектеп оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасын насихаттау мақсатында 7В сынып оқушыларына "Book Puzzle", "Book Bingo" және "Әдеби тосап" ойындары өткізілді.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



27 қыркүйек күні "BilimLand цифрлық білім беру ресурстарын оқу процесінде тиімді пайдалану" тақырыбында мектеп қызметкерлері мен оқушыларына арналған вебинар өткізілді.

Вебинар барысында, оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген ең бай интерактивті сабақтар қоры бар Bilimland.kz порталы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде), сонымен қатар, ҰБТ-ға дайындайтын виртуалды жаттығу алаңы iTest.kz, видео фильмдер түріндегі оқуға арналған ресурстар ұсынатын Twig-Bilim.kz, интерактивті анимациялық сабақтар бар iMektep.kz платформалары таныстырылды."

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



28 қыркүйек күні Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына орай «Алтайдың асқақ жыршысы» атты 8D сынып оқушыларына кітапханалық сабақ өткізілді. Сабақ барысында оқушыларға жазушы өмірі мен шығармалығы таныстырылды. Оқушылар жазушының шығармашылығынан оқыған кітаптарын талқылап, викториналық сұрақтарға жауап берді. Дұрыс берілген жауап арнайы сыйлықпен марапатталды.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



29 қыркүйек күні "100 кітап" жобасымен таныстыру мақсатында 7А сынып оқушыларына "Matching" және "Book Puzzle" ойындары өткізілді.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



29 қыркүйек күні 7К сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру мақсатында "Кітапты тап" ойыны өткізілді. Ойын мектепке енді келген оқушыларды кітапханамен таныстыру мақсатында жүргізілді.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



5 қазан күні «Оқуға ұмтыл, Because reading matters!» ұранымен «READx» жобасының жаңа оқу жылындағы алғашқы кездесуі өтті. Зияткерлік оқу ордасының 7-8 сынып оқушыларына жобаның маңызын айқындауда ұйымдастырылған кездесуде спикерлер жаз мезгілінде оқыған кітаптары жайлы ойларымен бөлісті.

Атап айтсақ, бірінші спикер Мухайе Артикова британдық балалар жазушысы Холли Вебб жазған «Девочка из лунного света» кітабы жайлы өз ойымен бөлісті. Ал, екінші спикер Нұрсәуле Ақбай Санжар Керімбайдың елге танымал журналист Бейсен Құранбектің өмірі жайлы баяндайтын «Бейсен және болмыс» атты кітабын оқуға ұсынды. Үшінші спикер Айкер Асылханова Алаш қайраткері Міржақып Дулатовтың бойындағы патриоттық рухты оятатын «Оян қазақ» кітабын оқуға кеңес берді.

Жалпы жоба мақсаты – оқушылар арасында кітап оқуды насихаттау, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру.

Шара барысында жобаға қатысушы оқушылар спикерлердің кітап оқудың пайдасы жайлы шабыттандыратын баяндамаларына оң баға беріп, оқыған кітаптарымен ой бөліскендері үшін алғыс білдірді.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



10.10.2023 ж. Мектебімізде «Ауылдағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында кітапханашылар үшін «Кітапхана оқушылар мен мұғалімдерге арналған мектеп ресурстары алаңы» атты тәжірибелік семинар өткізілді.

Семинарда әртүрлі ресурс түрлерімен – мысалдар, кітаптар, мерзімді басылымдармен жұмыс істеудің практикалық әдістері қарастырылды. Сонымен қатар Chat GPT мәтіндік AI моделін оқу процесінде пайдалану мүмкіндіктеріне тоқталып, тәжірибелік жұмыс атқарылды.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



16-20 қазан аралығында "Қазақтың ойшыл ақыны" атты оқушылар арасында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдық мерейтойына орай, ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқудан "Шаңырақтар" арасында челлендж өтті.

Челлендж ережесі:

- Сұлтанмахмұт Торайғыровтың бір шығармасын таңдау
- Мәнерлеп оқып, видеоға түсіру
- Келесі Шаңыраққа жолдау

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



19.10.2023ж. Мектеп кітапханасында 7-9 сынып оқушылары арасында READx жобасы өткізілді. Спикерлер: 1.Абухалық Феруза, А.Д. Сент-Экзюперидің "Маленький принц" шығармасы; 2. Шүкірәлі Анеля Руал Даһлдың "Чарли және шоколад фабрикасы" шығармасы; 3. Әбдіқадір Гүлару Кулыгина Д. "Остров перевертышей. Рождение Мары" шығармасы; 4.Берік Нұржұпар Софи Клеверлидің "Скарлет и Айви. Дневник старшей сестры" шығармасы; 5.Бакытқызы Жибек Лара Уильямсонның "Мальчик по имени Хоуп" шығармасы.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



23.10.2023ж. "25 қазан - Республика күніне" орай кітапханамызда "Reading man" жобасы жүзеге асырылды. Оқушылар мен мұғалімдер Республикамызға қатысты сұрақтарға жауап беріп, тәтті сыйлықтар алды.

Акцияның мақсаты - оқушылар мен мұғалімдер арасында қарым-қатынасты нығайту, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, кітапханаға үнемі келуін қамтамасыз ету.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



24.10.2023ж. Спандияр Көбеевтің 145 жылдығына орай 9А сыныбымен кітапхана сабағы өткізілді. Сабақ барысында оқушылар төрт топқа бөлініп, "Write around" әдісі арқылы әр топ жазушы өмірі мен шығармалары жайлы ақпараттарды жазып қорғады.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



2023 жылдың 27 қазанында “Ә.Сығай атындағы жалпы орта мектеп” пен “Ө.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернатының” кітапханашыларына «Оқушылардың ақпараттық және оқу сауаттылықтарын дамыту» атты тренинг онлайн Zoom платформасында өткізілді. Семинарға жалпы 2 кітапханашы қатысты.

Жалпы білім беретін мектеп кітапхана қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында сыни ойлау әдістері арқылы оқушылардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру әдіс-тәсілдерімен таныстыру, инфографика мен онлайн сервистерді қолдану, әлеуметтік желілерді қауіпсіз қолдану жолдары таныстырылды.



13.11.- 13.12.2023ж. аралығында "1 2 3" жобасы жүзеге асты. 30 күн бойы оқушылар кез-келген жанрдағы 1 кітапты таңдап, күн сайын 20 минут оқиды. 3 минут оқыған кітабынан түйген ойы, алған әсері туралы тіркеу карточкасына жазады. Жазған жазбаларын кітапханашыға көрсетіп, күн сайын мөр бастырады. Жоба соңында оқыған кітабына мазмұнды эссе мен ең көп кітапхана мөрін жинаған оқырман жеңімпаз атанады."

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)

13.11.2023ж.-08.12.2023ж.“16 желтоқсан - ҚР-ның Тәуелсіздігі” күніне орай ауыл мектептерінің кітапхана қорын қолдау мақсатында ұйымдастырған жыл сайынғы дәстүрлі “Bookcrossing” акциясы өтті. Жалпы 240 кітап жиалып, Түркістан облысы, Ынтымақ ауылында орналасқан “Ә.Сығай атындағы жалпы орта мектепке” және Кентау қаласындағы “Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектебіне” кітаптар үлестіріліп берілді.

«Зияткерлік мектеп оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасымен таныстыру мақсатында 7С сынып оқушыларына "Сәйкестандіру" ойыны өткізілді. Ойын ережесіне сәйкес оқушылар кітаптың атауын берілген қысқаша мазмұн арқылы табады. Сонымен қатар, сабақ барысында оқушылар "Сүйікті бірінші парағым" әдістемесі арқылы түрлі әдеби шығармалармен танысты.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



8D сынып оқушыларымен “Kahoot” және “Сәйкестендіру” ойындары арқылы «100 кітап» жобасына енген шығармалармен кітапханалық сабақ өткізілді. Оқушылар сабақ барысында шығармалармен танысып, оқып, өз ойларымен бөлісті.

Аталған әдістер оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға, талдау және таңдау жасау, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



15 қараша күні- “Ұлттық валютаның 30 жылдығына” орай, 8 сынып оқушыларымен Padlet сайтын қолданып, теңгенің тарихымен таныстық.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



21.11.2023ж. Оқырмандар алаңында мұғалімдер мен оқушылар арасында "НЗМ оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап" бойынша READx өтті. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, өз ойларын еркін жеткізуін қалыптастыру және шешендік өнерді шыңдау мақсатында өткізілген іс-шарада 3 спикер өз кітаптарын таныстырды. Атап айтсақ, химия пәні мұғалімі Кубесова Нұрдана Рэй Бредберидің "451 градус по Фаренгейту" кітабын ұсынса, 9А сынып оқушылары Базарбайұлы Нұрсұлтан Ғ.Мүсіреповтың "Ананың арашасы" туындысын, ал Жетібаев Жанболат В.Кавериннің "Два капитана" атты шығармасын оқырмандарға ұсынды.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)

30.11.2023ж. Кітапханада "В литературной гостиной" оқырмандар клубының алғашқы кездесуі өтті. Орыс тілі пәнінің мұғалімі Тапелова Батиха Жусиповнамен бірлескен оқырмандар клубының алғашқы бас қосуында француз жазушысы Антуан де Сент-Экзюперидің "Маленький принц" шығармасына талдау жасалды. Оқырмандар шығармаға байланысты викториналық сұрақтарға топпен жауап берді және топ мүшелері кітаптан алынған бір кейіпкерге талдау жасады.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



7.12.2023ж. Кітапханада "16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай" тарих пәні мұғалімі Гүлнұр Оразбаевнамен бірлесіп 11А сыныбымен "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты кіріктірілген сабақ өткізілді. Сабақ барысында еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жеткен жетістіктеріне баға бере отырып, болашақтағы өзгерістерге талдау жасалды. "Әлемдік кафе" әдісін пайдалана отырып, оқушылар топпен жұмыс жасап, Қазақстанның мәдениетін, әлеуметтік саласын, экономикасын және әділетті қоғам құру жолдарын талқылап, ой бөлісіп, тың ақпараттармен танысты. Сабақ "Жаса Қазақстан" әнін хормен айтумен қорытындыланды.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



11.12.2023ж. "READx" жобасы. Іс-шараның мақсаты - оқушылар арасында кітап оқуды насихаттау, кітап оқуға қызығушылығын арттыру.

Кездесу барысында «READx» жобасының спикерлері қызықты шығармалармен таныстырып, оқыған кітаптары жайлы ой бөлісті.

Спикерлер Одил Перизат Э.Блайтонның "Побег из Совиного гнезда", Созақбай Ділда "Цветы для Элджернона", Жолбарыс Айбар "Криштиану Роналду. Одержимый совершенством", Жақсыбек Ақбота "Десять негритят" және Эркин Рамазан "Драконья сага. Пророчество о драконятах" атты кітаптарын оқырмандарға ұсынды.

[Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



19.12.2023ж. "16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне" орай кітапханамызда "Reading man" жобасы жүзеге асырылды. Оқушылар мен мұғалімдер Республикамызға қатысты сұрақтарға жауап беріп, тәтті сыйлықтар алды.

Акцияның мақсаты - оқушылар мен мұғалімдер арасында қарым-қатынасты нығайту, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, кітапханаға үнемі келуін қамтамасыз ету.



21.12.2023ж. 7К сынып оқушыларына оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген ең бай интерактивті сабақтар қоры бар Bilimland.kz порталы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде), сонымен қатар, ҰБТ-ға дайындайтын виртуалды жаттығу алаңы iTest.kz, видео фильмдер түріндегі оқуға арналған ресурстар ұсынатын Twig-Bilim.kz, интерактивті анимациялық сабақтар бар iMekter.kz платформалары таныстырылды. Сонымен қатар, Gale және Libguides платформаларымен таныстыру жүргізілді.




Оқу жылында тәрбиенің жеті бағытын негізге ала отырып, оқушылардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыра отырып, елін, жерін сүйетін, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу басты мақсат болып табылды. II жартыжылдықта жылдық жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды.

“Қоғамға қызмет” жобасы аясында оқу жылы басынан мектеп ата-аналары мен “Шаңырақ” оқушылары бастауымен жүзеге асып келе жатқан “Игі істер марафонының” кезекті қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды.

Ата-аналар қаламыздың әлеуметтік аз қамтылған он отбасысына азық-түлік кәрзеңкелерін жасады. Оқушылар мұқтаж отбасыларға осылайша қол ұшын созу арқылы айналаға қамқор, мейірімді болуды ұғынуға мүмкіндік алды.

«Алтын күз» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті



Түркістандағы Зияткерлік оқу ордасында «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Алтын күз» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Шара барысында оқушылар өз шаңырақтарының өнімдерін жарнамалап, би билеп жәрмеңкеге көңілді күйде атсалысты. Ал, күз мезгілі мен шара атауына сәйкес безендірілген арнайы бұрыш жәрмеңкеге ерекше көрік берді.

Әр шаңырақтың оқушылар қауымдастығы түрлі азық-түлік тағамдары мен қолөнер бұйымдарын ұсынуда белсенді түрде атсалысты. Айта кетейік, жәрмеңкеден жиналған қаражат қайырымдылыққа жұмсалады. Сондай-ақ, қаражатты жұмсау барысында ашықтық принципі

сақталады. Жалпы жиналған қаражат қорытындысы бойынша жоғары үлес қосқан шаңырақ бірлестігі арнайы марапатқа ие болады.



«Bookcrossing» акциясы арқасында тірек мектептер кітапхана қоры ұлғайтылды

Назарбаев Зияткерлік мектептері желісі жыл сайын дәстүрлі түрде “Bookcrossing” акциясын өткізеді. Жалпы жоба тарихына үңілсек, “Bookcrossing”-тің алғашқы ресми қызметін жасаушы Рон Хорнбакер өз сөзінде: “Bookcrossing” – географиялық шекараны білмейтін кітапхана түрі”, деп жоба арқылы адамдардың кітап құндылығы туралы көзқарасы өзгеретінін атап өткен. Биылғы іс-шара ауыл мектептерінің кітапхана қорын қолдау мақсатында ұйымдастырылды.

Ауыл оқушыларының бойында кітап оқуға деген қызығушылық дағдыларын қалыптастыру, олардың қызықты кітаптарға қолжетімділігін ұйымдастыру үшін мектебіміздің ұжымы, ата-аналары мен “Шаңырақ” оқушылар қауымдастықтары осы акция асында 200-ден аса қазақ, орыс, ағылшын тілінде оқу энциклопедияларын, көркем әдебиеттерді жинауға орасан үлестерін қосты.

Акция аясында Түркістан облысы Ынтымақ ауылындағы Ә.Сығай атындағы жалпы орта мектебі мен Кентау қаласы Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектеп ордасына Зияткерлік мектеп ұжымы атынан кітаптар тарту етілді. Тірек мектептер ұжымы, мектеп басшылығы түркістандық Зияткер мектепке керемет сыйлық үшін ризашылығын білдірді.



Флешмоб сайысына оқушылар зор ынта-жігермен қатысып, әр “Шаңырақ” ұжымы Қазақстанның әртүрлі халықтарының мәдениеті мен дәстүрлерін көрсететін өзінің бірегей би қойылымдарын назарға ұсынды. Қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр және басқа да халықтардың ұлттық билері орындалды, түрлі-түсті костюмдермен қойылымдар көрсетілді.

Сайыс нәтижесінде:

“Тұран” шаңырағы - Бас жүлде;

“Мұзтау” шаңырағы - I орын;

“Ордабасы” шаңырағы - II орын;

“Арыстанды” шаңырағы - III орын иеленді.

Аталған шара Қазақстан аумағында тұратын халықтардың ұлттық дәстүрі туралы мәлімет беріп, мектеп қауымдастығы арасында толеранттылық, жаһандық азаматтық, ашықтық және құрмет құндылықтарын дәріптеуге өз септігін тигізгені сөзсіз.



Тәрбие жобалар туралы есеп:

«Уикипедия» жобасы

Мақсаты:

- Оқушылардың Уикипедияға қызығушылықтарын ояту. Мектеп оқушыларына «Қазақша Уикипедия» ашық энциклопедиясының талаптарына сәйкес мақалалар жазуды, өңдеуді, толықтыруды үйрету және дағды қалыптастыру.
- Қазақ тілді уикипедияшылардың қатарын көбейту арқылы ашық энциклопедияның қазақ бөліміндегі мақалалардың санын арттырып, сапасын жақсартуға үлес қосу.
- Әр зияткер оқушыны еңбек пен шығармашылық ізденіске бағыттай отырып, Қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік құндылығын басты ұстаным ету.

Бағыты : Көшбасшылық қасиеттерді дамыту және ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

«Уикипедия» жобасы туралы: Уики - (ағылш. Wiki) арнайы құралдармен сайт құрылымын әр тұтынушыға өзгертуге мүмкіндік беретін веб-сайт. «Уики» терминін тұңғыш рет 1995 жылы сайттарды сипаттау үшін Уорд Каннингем қолданды, Wikiweb деп аталатын ең алғашқы уики-жүйенің атауы гавай тілінен аударылғанда «жылдам» деген мағынаны білдіреді. [Уикипедия](#) - еркін өңдеуге, көшіруге және таратуға болатын көптілді энциклопедия. Тұңғыш рет 2001 жылдың қаңтар айында Джимми Уэйлс пен Ларри Сэнгер іске қосқан «Уикипедия» бүгінгі күні ғаламтордағы ең ірі және ең әйгілі мағлұматнама болып отыр. Көлемі мен қамтитын тақырыптар саны жөнінен «Уикипедия» әлем тарихындағы ең толық энциклопедия болып саналады және оның үлкен ең артықшылықтарының бірі - ондағы мақалалардың әлемнің түрлі тілдерінде болуы. Мәселен, Қазақша Уикипедия.

Қазақша Уикипедия - Уикипедияның қазақ тіліндегі бөлімі. Ол 2002 жылдың 3 маусымынан бастап жұмыс жасап келеді. Бұл Уикипедияның ерекшелігі – үш түрлі әліпбимен жазылады: кириллица (Қазақстан, Ресей, Моңғолия), төте жазу (Қытай, Иран) және латын жазуы (Түркия). Аталған ашық контентте бүгінгі күні [қазақ тілінде](#) жазылған **234 449** мақала бар. Бұл статистика уақыт өткен сайын өзгеріп отырады. Оның басты себебі, кез келген азаматтың www.kk.wikipedia.org сайтына тіркелу арқылы, ондағы білім қорын еркін әрі тегін толықтыра не өңдей алу мүмкіндігі. Жаңадан жазылған немесе өңдеуге ұшыраған мақалаларды Уикипедия әкімшілері тексеруден өткізеді. Егер мақала сайт талаптарына сай келсе, мақала дереу жарияланады. Ал егер де талаптардың бірі орындалмаған жағдайда, өңделген не жазылған мақала автоматты түрде жойылады.


Қазіргі таңда Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Уикипедия» жобасы жүзеге асырылуда. Құрамында мүшесі бар «WikiClub» клубы 7-8-9 сынып оқушылары.

Оқушылар қазақ тілді ақпараттарды кеңінен тарату мақсатында қазақ өнері (ән, күй, музыка) туралы аңыз-әңгімелер, би-шешендер туралы мәліметтер жүктейді. Оқушыларды мақала жазуда жиі кездесетін қателерге назарын аудартып, қатемен жұмыс жасау.

Уикипедияның негізгі қағидалары: Уикипедияда жарияланатын барлық мақалалар әділетті және мүмкіндігінше біржақтылықсыз жазылуы керек.

Уикипедияда авторлық ой/пікірлерге немесе түпнұсқа зерттеулерге орын жоқ. Атап айтар болсақ, жария болмаған деректер, дәлелдер, болжамдар мен идеяларды енгізуге болмайды.

Оқырмандардың Уикипедияға қосылған материалдың сенімді дереккөзден алынғанын тексеру мүмкіндігі болуы керек дегенді білдіреді.



Үйірме мүшелері талқылау жүрізіп, қызықтырған тақырыптарды өзара бөлісіп алу арқылы материалдар жинақтайды. Әр оқушы өзіне ұнаған тақырыптарды қарастырды. Әскери тақырыптар, ғылым мен білімге қатысты, т.б. түрлі тақырыптар бойынша материалдар қаралды.



«Жазғы мектеп» жобасына қатысып жатқан 7 сынып оқушыларына арнап, «Уикипедия» жобасы аясында «Таңдаулы мақалалармен танысу болды. Уикипедия жобасының мүшесі 11В сынып оқушысы Уринбасарова Дария оқушыларға арнап, өзінің жазған мақалаларымен бөлісті. Дария біраз мақалалар жариялаған, атап айтар болсақ: Абай Қалшабек, бинарлық номенклатура, Шинейд Мойра Кьюсак, Мүсіндік (пластикалық) анатомия.

7 сынып оқушыларына Уикипедия жайлы біраз ақпарат берілді.



Көп оқу мен жазуды, салыстыру мен талдауды қажет ететін бұл жобаға оқушылардың қызығушылығын ояту, оны сөндіріп алмау және өз бетінше еңбектенуді үйрету қажет. Сол себепті алдағы жылы Уикипедия жобасын әрі қарай дамыту мақсатында іс-шаралар жоспарлануда.

«TED X» жобасы

Жобаның мақсаттары:

- Оқушының көпшілік алдында жүйелі сөйлеу және сыни ойлау дағдыларын дамыту.
- Оқушылардың өз ойын еркін жеткізуге баулу;
- Сахна мәдениетін үйрету. Сөздік қорларын байыту.

Бағыты: Көшбасшылық қасиеттерді дамыту және ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Жобаның негізгі міндеттері:

Оқушыларға, мектеп пед ұжымына қызықты [идеяларды](#) жеткізіп тарату. TED X міндеті – идея тарату, идея аясында тегін білім беретін, ойшылдар ойынан шабыт алатын бір-біріне жақын қауымдастық құру. Идея адамның құлқын, өмірін өзгерту арқылы әлемді өзгерте алады.

Күтілетін нәтиже:

Оқушы сахна мәдениетін үйренеді. Сөздік қорларын байытылады.

TED ([ағылш. Technology Entertainment Design; Технология, Ойын-сауық, Дизайн](#)) – бірегей идеяларды таратуды («ideas worth spreading») мақсат тұтқан, жыл сайын [конференциялар](#) ұйымдастырумен айналысатын [халықаралық коммерциялық емес қор](#). «Таратуға тұрарлық идеялар» деген айдармен өткізілетін конференцияның басты мақсаты TED конференциясының әр дәрісі TED Talk деп аталады. Дәріскерлердің үздік орындаулары видео нұсқа үлгісінде [www.ted.com](#) сайтында жарияланады. Қазіргі кезде сайт дәрістерді ағылшын және басқа да шетел тілдерінде субтитрмен 1400-ден астам видео қоры жиналған және ол апта сайын толықтырылып отырылады. TED Open Translation Project жобасы бойынша 8000 ерікті адам (волонтер) дәрістерді ондаған тілге аударып жатыр. Сонымен қатар TED Talk-ті YouTube видео хостингісінен көруге мүмкіндік берілген.

Қазіргі уақытта, TED дәрістерінің 28-і қазақшаға аударылған.

TED Prize сыйлығы 2005 жылдан бастап берілді. Алғашында «Әлемді өзгерткім келеді» (wish to change the world) номинациясы бойынша \$100 000 көлемінде ақшалай үш сыйақы тағайындалған. **Tedx – спикерлердің белгілі бір аудитория алдында өзіндік идеяны айту форматы. Бұл формат – АҚШ-та 1984 жылы пайда болған TED жобасының туындысы. Тәуелсіз авторлардың идеяны көпшілікке еркін түрде тарату форматы. Жоба елімізде де қарқынды түрде дамып келеді.**

Tedx барлық Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жоба ретінде жүргізіледі.

Мектеп президенті мен вице-президентінен - «Өзін-өзі басқару ұйымының құрамына қалай кіруге болады?», «NIS-тің сәтті жобалары» тақырыптарында NiS TRK Talks өткізілді. «Өзін-өзі басқару» ұйым мүшелерін кеңейту мақсатында «Қаңтар айын ұйым жақсы жаңалықпен бастады. Әр министрлікке команда жиналатынын хабарлады. Командаға қосылудың міндеттерін, жолдарын анық атап көрсетті. Сонымен қатар, Ақтөбе қаласынан өздеріне түйген ойлары мен идеяларымен бөлісті.



NiS TRK Talks алаңында 9С сынып оқушысы Алтынбек Іңкәр анасы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ Түрік Университетінің оқытушысы Нускабаева Гульназ Оразбековна мен әріптесі Нұрсұлтан Сексенбайұлы "Мамандықты дұрыс таңдаудың маңызы" туралы оқушылармен өз тәжірибелерімен бөлісіп, ақыл -кеңестерін айтты.(7-9 сынып оқушыларына) Сонымен қатар, ХҚТУ-дің 5 курс студенттері Ерубай Аружан “OZGESHE BOL” , Дайрабай Нұрсұлтан “Тайм-менеджмент” және 4 курс студенті Қанат Ертарғын “Бір тіл - бір адам, екі тіл - екі адам” тақырып аясында сөз қозғап, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Гүлназ Оразбековна мен Нұрсұлтан Сексенбайұлы “мамандықты дұрыс таңдау” тақырыбын қозғай отырып, осындай маңызды шешім қабылдау кезінде ескеру қажет маңызды аспектілермен бөлісті. Ол мамандық таңдау адамның бүкіл өміріне әсер ететін жауапты қадам екенін түсіндірді, сондықтан оқушылардың қызығушылықтарын, қабілеттерін, мақсаттары бен құндылықтарын мұқият қарастыру қажет екендігін атап өтті.



Дайрабай Нұрсұлтан оқушыларға уақытты басқару тақырыбы аясында уақытты тиімді пайдаланудың негізгі стратегияларымен бөлісті. Ол уақытты басқару тек тапсырмаларға уақытты бөлу ғана емес, сонымен қатар басымдықтарды анықтау, өз жұмысын жоспарлау және қойылған мақсаттардың орындалуын бақылау мүмкіндігі екенін түсіндірді.



Ерубай Аружан “OZGESHE BOL” тақырыбында сөз қозғап, оқушылармен өздерінің ерекшелігі мен даралығын танудың маңыздылығымен бөлісті. Аружан Ерубай әр адамның мінезі, қабілеті, арманы мен тәжірибесі бойынша ерекше екенін және осы бірегейлікті бағалау және дамытудың маңызды екенін атап өтті.




Қанат Ертарғын “Бір тіл - бір адам, екі тіл - екі адам” тақырыбын таныстырып, қазіргі әлемде әртүрлі тілдерді меңгерудің маңыздылығын атап өтті. Ол шет тілдерін білу көкжиек пен мәдени әртүрлілікті кеңейтіп қана қоймай, жеке және кәсіби дамуға жаңа мүмкіндіктер ашатынын ерекше ықыласпен жеткізді.



Әлеуметтік жауапкершілік және белсенділік туралы 11К сынып оқушысы Еркін Ақбота 7-8 сынып оқушыларымен өз тәжірибиесімен бөлісті. Эко волонтерство (эко ерікті) құрамында Еркін Ақбота біраз уақыттан бері жұмыс жасап жатқандығын, бұл еріктілер: ағаш отырғызу, эко сабақтар мен тренингтер, эко-мастер-кастар, экологиялық тақырыптарға дебаттар, қайырымдылық


жәрменкелер, т.б. шаралармен айналысатындығын айтып өтті. Мектебімізде *волонтерлық математика* деген жоба басталып жатқандығын айтты. Бұл жобаға кіріп, біраз жұмыстарды жасауға болатындығын, әлеуметтік ортаға көмек беруге болатындығы туралы баяндады. Осы жоба арқылы математикалық қабілеті жоғары оқушылар, математиканы түсінбей жүрген оқушыларға математикадан қосымша жүргізіп жүргендігін баяндады.



NIS TRK Talks алаңында 10А сынып оқушысы Жарылқап Нұргүл «Академиялық адалдық» тақырыбы бойынша 7-8 сынып оқушыларына адал болудың өмірдегі өте маңызды екені жайлы сөз қозғап, өз тәжірибиесімен бөлісіп, ақыл-кеңесін айтты. Емтихан кезінде "Академиялық адалдықты" сақтаудың маңызын атап өтті. Адал болу тек емтихан кезінде ғана емес, өмірдің өте маңызды бөлігі екені барлығына аян. Сол себепті өмірде де, мектепте де адал болып жүрейік.



NIS TRK Talks алаңында «Бірлігі жарасқан – Қазақстан» тақырыбында 7М сынып оқушылары кураторлық сабақта өз ойларымен бөлісіп, бірліктің маңызды жөнінде сөз қозғады. Оқушылар бірлік тақыбырын ашық сөз қозғады



7М сынып оқушылары Мухидин Жұлдыз, Сабиржанова Адина өз ойларын айтып, қызықты деректермен бөлісті. . Еліміздің өркендеуіне болашақта өз үлестері барын атап өтті.

«Ұлы дала ақындары» мен «Замандастар жырлары» жобасы

Жоспар бойынша қыркүйек айында жоба жайлы түсіндірме жұмыстары сыныптар арасында өткізілді. Жобаның басты мақсаты қазақ әдебиеті шығармашылығындағы классик ақын-жазушылардың әдебиет саласындағы алуан қырлылығы, халыққа қалдырған мол мұрасын және поэзиядағы елеулі еңбегін, әдеби шығармаларын жас ұрпаққа насихаттау.

Қаңтар айы шаңырақ қауымдастығының оқушыларымен Жүмекен Нәжімеденовтің өлеңдеріне әдеби талдау жасалды. Танымал ақынның «Дүние неткен кең еді», «Туған жер туралы», «Менің елім», «Ұстаз», «Мейірім», «Ана», «Сабақ», «Сөз бен іс» өлеңдеріне әдеби талдау жасап, әдеби талдаудың элементтерін, оның түрлерін және әдеби талдау қалай жасалатыны баяндалды. Оқушылардың шығармашылық қасиеттерін оята отырып, әдебиет сабағында өтетін әдеби талдауды қайталап өтті.

<https://www.instagram.com/p/C4XDkLiIGXJ/?igsh=MWVicZQ0Z285N3JrMg==>



Ақпан айында кітапханамен бірлесіп Ә.Қастеевтің 120 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған "Суретпен өрнектелген шығарма" байқауы өтті. Байқауға қатысқан оқушылар өздерінің талантын көрсете отырып шығармашылық пен өнерді біріктіргенде ерекше туындылар жасауға болатындығын дәлелдеді.

[\(20+\) 🎨👩🏫👧👦 Ә.Қастеевтің 120 жылдық... - Түркістан қаласы ХББ НЗМ кітапханасы | Facebook](#)



Наурыз айында Ұлы дала ақындары жобасы аясында 8 Наурыз аналар мерекесіне орай «Әлем асылы - сұлулар» мерекелік шара аясында мектеп оқушылары арасында аналарға арнап өлең жазу байқауы өтті. Оқушылар өлеңдерін өздерінің педагог-ұйымдастырушы-кураторына тапсырды. Әрі қарай жобаға жауапты үйлестіруші педагог-ұйымдастырушы-кураторға тапсырылды. Жұлделі орындарды анықтау Қазақстан тарихы пәні мұғалімі және жобаның жауапты үйлестірушісі Дүкенбай Бақытжан Әбенұлына тапсырылды. Оқушылардың шығармашылық қасиеттерін байқап, мектеп өміріне белсенділігін арттыру мақсаты орындалды. Мерекелік шарадан кейін байқаудың жеңімпаздары марапатталды.

<https://www.instagram.com/p/C5Pz1k8IKkd/?igsh=MWlmcWwyYmprbmpwOA==>



Сәуір айында Фараб шаңырақ қауымдастығының оқушылары ұстаздарға өлеңмен хат жазды. 8С және 9М сынып оқушылары өздеріне сабақ беретін, жоғары құрметтеп, жүрегінде ерекше орын алған ұстазына өлең арнап хат жазды. Барлық оқушыға берілген тапсырмаға қызығушылықпен белсенді қатысып өздерінің ақындық қабілеттерін сынап көрді. Жазлған хаттарды 31 мамыр күні пән мұғалімдеріне табыстап кететін болады.

<https://www.instagram.com/p/C6yZmI2IOyc/?igsh=MTdqY3Q3aWJ0OHFwNg==>



Мамыр айында Ұлы жеңістің 79 жылдығына орай «Ерлер – елдің тұтқасы» атты мерекелік шарада көріністің барысында «Сарбаздар» өлеңі айтылды. Келесі болып Арысбай Әбубәкір «Майданнан хат» өлеңін оқып берді, мерекелік кештің келесі нөмірін Дилмуратова Зиеда «Ана туралы баллада» орындап берді. Концертте өлеңдерден басқа би қойылымдары, күй және мектептің «Өзін өзі басқару» ұйымының қыздарынан ұлдарға арналған бейнероликтіде тамашалауға мүмкіндік туды. Мерекелік кештің соңғы әні «Алия» орындаған Узакова Альбина. <https://www.instagram.com/reel/C6oWLWBNzud/?igsh=MXFqZDYwYWt5NHdINA==>

«Қоғамға қызмет» жобасы:

Жобаның мақсаттары: білім алушылардың сана сезіміне адамгершілікті сіндіріп, бойларына қоғамға қажеттілікті деген қажеттілікті сезіндіру. Мұнымен қоса, қайырымдылық сияқты адами құндылықтарды ұялатып, оқушылардың өмірге деген белсенді ұстанымын қалыптастыру.

Бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие

Жобаның негізгі міндеттері:

1. Қоғамға қызмет ету қабілеттерін дамыту;
2. Ерікті болуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында шеберлік сағаттарын өткізу;
3. «Мейірімді жүрек» жобасының іске асуына оқушылардың белсенділігі арқылы ықпал ету.

Түркістандағы Зияткерлік оқу ордасында «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Қоғамға қызмет» жобасы аясында мектеп оқушылары Алғыс айту күнін мектептің кіші қызметкерлеріне ерекше лебіздері мен жасап жүрген қызметтерін бағалап, алғыс айтуға арнады. Мұнымен қоса, "Шаңырақ" оқушылар қауымдастықтары мектебіміздің кіші қызметкерлерлері, асхана, күзет бөлімінде іс атқаратын азаматтардың жұмысына үзіліс кезінде қолғабыс жасалып, алғыс сөздері жазылған тәттілер таратылды.



"Қоғамға қызмет" жобасы аясында оқу жылы басынан мектеп ата-аналары мен "Шаңырақ" оқушылары бастауымен жүзеге асып келе жатқан "Игі істер марафонының" кезекті қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Наурыз айында "Игі істер марафонын" ұйымдастырушылар қатарынан "Арыстанды" және "Тұран" шаңырақтары табылды. Ата-аналар қаламыздың әлеуметтік аз қамтылған екі отбасысына азық-түлік көрзеңкелерін жасады. Оқушылар мұқтаж отбасыларға осылайша қол ұшын созу арқылы айналаға қамқор, мейірімді болуды ұғынуға мүмкіндік алды.



"Ордабасы" мен "Отырар" шаңырақтарының ата-ана оқушыларымен мұқтаж отбасыға азық-түлік, көмір, отбасындағы бала-шағаға киім сыйға берілді.



"Қоғамға қызмет" жобасы аясында Түркістан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының арнаулы кәсіптік колледжі коммуналдық мемлекеттік мекемесімен арнайы дайындалған бағдарламалар өткізіліп, өзара серіктестік туралы меморандумға қол қойылды, мекеме тәрбиеленушілеріне сый-сияпат жасалынды.



Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Түркістан аумақтық балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен өзара серіктестік туралы меморандумға қол қойылды, мекеме тәрбиеленушілеріне арнайы қуыршақ театры қойылып, балақайларға көптеген дамытушы ойыншықтар сыйлыққа ұсынылды.



«Қоғамға қызмет» жобасы аясында мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары Кентау қаласындағы Түркістан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының арнаулы кәсіптік колледжі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне барып, колледж студенттері үшін қызықты кеш ұйымдастырды. Кеш барысында Түркістан NIS мектебінің оқушылары мен колледж студенттері бірге ән шырқап, ойын ойнап, әртүрлі тақырыпта әңгіме-дүкен құрып, өзара ой бөлісті. Бұл сапар ерекше эмоциялар тудырған тәжірибе болды, өмір сүруге, әр минутқа қуануға, жаңа биіктерге ұмтылуға және басқаларға өз армандарына жетуге көмектесуге деген ұмтылысты күшейте түсетін кездесу болды.



«Даналық бейсенбі» жобасы:

Жобаның мақсаттары: өскелең ұрпаққа үлгі боларлық, өңірге есімі танымал тұлғалармен кездесулер оқушыларға мотивация беріп, өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алуы мүмкіндігі..

Бағыты: Тіл және әдебиет

Жобаның негізгі міндеттері:

1. Адамның жасампаздық мүмкіндіктері мен рухани – адамгершілік тұлғасының өзара байланысын ашу;
2. Жасампаздық қабілеттерінің дамуына ықпал ету;
3. Өмірді сұлулық, жақсылық қырынан қабылдай білуге тәрбиелеу

Күтілетін нәтиже:

Оқушы сөйлеу, сұрақ қою, көпшілік ортада дұрыс отыру мәдениетін үйренеді. Сөздік қорларын байытады.

«Даналық бейсенбі» жобасының кездесуі АҚШ-тың Мичиган мемлекеттік университетінің білім беруді басқару факультетінің PhD студенті Жамиля Есіркеповамен өтті. Онлайн форматтағы кездесу барысында оқушылар спикерге Америкадағы жоғары білім жүйесі мен мәдениеті, өмір сүру салттары, американдық қоғамдағы қауіпсіздік пен зорлық-зомбылық мәселелері туралы сауалдар қойған болатын.

<https://www.instagram.com/p/C0THwq2NPDG/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі апталығында ұйымдастырылған «Даналық бейсенбі» тәрбие жобасының қонағы ретінде кәсіпкер, педагог Жанар Сайдуллаева келді. Бағдарлама қонағы зияткерлерге кәсіпкер ретінде қаржылық сауаттылықты арттыратын шетелдік үздік кітапды ұсынып, кәсіп бастау кезіндегі өзінің тәжірибесімен бөлісті.

<https://www.instagram.com/p/C0lbamoocQ5/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңына орай өткізілген «Даналық бейсенбі» жобасына білім, кәсіп, өнер салаласындағы үздік тұлғалар спикер ретінде шақырылды. Кездесуде түркістандық кәсіпкер Дастан Мамишов, «Болашақ» бағдарламасының түлегі Тоқтамыс Нұрболат, «Атамекен» этно-фольклорлық ұлт аспаптар оркестрінің солисті Абдраман Ақнұр қонақта болды.

<https://www.instagram.com/p/C03KlndNsCF/?igsh=MzY1NDJmNzMyNQ==>

"Менің өмірімдегі мақал-мәтелдер жобасы:

Жобаның мақсаты: Жас ұрпаққа ата-бабамыздың өшпес мұрасын, қымбат қазынасы мақал-мәтелдерді дәріптеу. Оқушылардың тіл байлықтарын дамыту, ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, халық мұрасын, ұлттық құндылықтарды насихаттау, өмірде қолдана білуге, тапқырлыққа, шешендікке, тіл шеберлігіне тәрбиелеу.

Педагог-ұйымдастырушы-кураторлар апталығында мектеп оқушыларына арналған «Таңғы шашу» өткізілді. Таңғы шашудың мақсаты – оқушылар арасында мақал-мәтелдерге деген қызығушылықты арттыру үшін таңғы сергіту әдістерін пайдалану. Оқушылар тәттілерге оралған қағаздағы мақалдардың жалғасын табуда ықыласпен белсенділік танытты.



«Менің өмірімдегі мақал-мәтелдер» жобасы аясында 7В сынып оқушыларымен кураторлық сағат өткізілді. Оқушылар өзара топтарға бөлініп, өздеріне жасырылған мақалдардың жалғасын тауып, мақал-мәтел жазудан бір-бірімен жарысты.



Жазғы мектеп оқушылары үшін «Менің өмірімдегі мақал-мәтелдер» жобасы аясында Kahoot ойыны ұйымдастырылды. Жобаға 7-сынып оқушылары қатысты. Экранға әртүрлі тақырыптағы мақалдар жасырылып, оқушылар мақалдарды өз нұсқалары бойынша қолдарындағы ұялы телефондары арқылы жауап берді.

Нәтижесінде, 7В сынып оқушысы Амандық Ақбота мен 7Д сынып оқушылары Бахтиярбек Аяла мен Әбубәкір Раяна ең көп мақалдың жалғасын тауып, үздік нәтиже көрсетті.



«Қазақ әндері» жобасы:

«Әлем асылы-сұлулар» тақырыбында 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай концерт ұйымдастырылды. Бұл іс шарда «Ана туралы жыр» әні хормен орындалды.

Жоба мақсаты: «Қазақ әндері» жобасы ұмыт болған әндерді жаңғырту, халық арасында таралған әндерді нақышына келтіріп орындаумен қатар насихаттау. Өскелең ұрпаққа қазақ әндерінің тарихынан хабар беру, зерттеу жұмыстарын жүргізу. Халқымыздың баға жетпес қазынасы – ән мұрасын *дәріптеп*, мән - мағынасын түсіндіру. Бұл жобаны жүзеге асыру үшін оқушылар ән жазу тарихын зерттейді

«Қазақ әндері» жобасы аясында өткен «Жан шуағым-мерекем» атты желілік байқау



Пірәлі Әлинұр мен Пернебай Әлиасқар 2-орын

Узакова Альбина 3-орын

1-мамыр "Қазақстан халқының бірлігі" күніне орай "Шанырақ" оқушылар қауымдастықтары арасында "Бірлігіміз жарасқан" атты флешмоб сайысы өткізілді. Осы сайыста Қазақтың 100 әнінің ішінен "Цыған серенадасы" әнімен қойылымы қойылды



"Ерлер-елдің тұтқасы" 7-9 мамыр Отан қорғаушылар күні және Жеңіс күні мерекесіне орай ұйымдастырылған іс-шарада "Әлия" әні көрінісімен орындалды.



Мектебiм, саған мың алғыс!" тақырыбындағы соңғы қоңырауға арналған салтанатты жиында "Өз елiм" "Мектебiм" әндерi орындалды.



«Өзiн-өзi басқару» ұйымының жобасы:

Жобаның мақсаты: Балалардың бiлiмге құштарлығын арттыру, өзiн – өзi басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершiлiктi сезiне бiлуге қалыптастыру. Оқушының дүние танымын, жан – жақты ойлау қабiлетiн, ой – өрiсiн дамыту, көп iзденуге, бiрiн – бiрi тыңдап, өз ойын еркiн айтуға дағдыландыру. Оқушылардың мектепке деген құрмет сезiмiн ояту, «Өзiн – өзi басқару әлiппесiн» меңгеру, болашақта мемлекет тұтқасын ұстайтын ұрпақты отан сүйгiштiкке тәрбиелеу.

«Өзiн-өзi басқару» ұйым мүшелерiн кеңейту мақсатында «TEDx» форматында мiндеттi, жұмысты түсiндiру. Қаңтар айын ұйым жақсы жаңалықпен бастады. Әр министрлiкке команда жиналатынын хабарлады. Командаға қосылудың мiндеттерiн, жолдарын анық атап көрсеттi. Сонымен қатар Ақтөбе қаласынан өздерiне түйген ойлары мен идеяларымен бөлiстi.

[NIS Turkistan](#) | [NIS TRK Talks алаңында өзiн-өзi басқару ұйымының көшбасшылары](#)

[Жалпы NIS жүйесiнде өзiн-өзi басқару ұйымының негiзi ретiнде... | Instagram](#)

[STUDENT COUNCIL | Всем привет, друзья! Мы к вам с радостной новостью | Команда самоуправления школы в поисках активных учеников, желающих внести свой вклад ... | Instagram](#)



Ғылым және бiлiм министрi - Тұрарбек Мансұр 7-8 сынып оқушыларына кестедегi тәрбие жобалар уақытында академиялық адалдықты сақтау жайлы айтып өттi. Мектебiзге жаңадан келген оқушылардың адалдық сақтауы мектеп үшiн емес, келер болашаққа да әсер ететiнiн ескерте отырып, бұзған жағдайдағы қолданылатын шараларды тiздi.



Ғылым және білім министрі - Тұрарбек Мансұр және оның жаңа командасының ұйымдастырылуымен «NIS Challenge» интеллектуальдық ойыны еркін тақырыптарда өткізілді. Ойын 6 раундтан және 7 команданың қатысуымен өтті.

[STUDENT COUNCIL | Уважаемые учащиеся 7-11 классов Назарбаев интеллектуальной школы города Туркестан! Мы приглашаем вас принять участие в захватывающем... | Instagram](#)
[STUDENT COUNCIL | Интеллектуальная игра «NIS CHALLENGE» | Instagram](#)
[STUDENT COUNCIL | Дорогие учащиеся! Сегодня между 7-11 классами прошла интеллектуальная игра «NIS Challenge» Хотим напомнить, что в этой интеллектуальной... | Instagram](#)



Спорт және тәртіп министрі - Кертай Жеңіс және оның командасы оқушылар арасында «Counter Strike 1.6» ойынын ұйымдастырды. Барлық командалар саны 9 және әр команда құрамында 5 адам болды. 1 орынды 9 «М» сынып оқушыларынан құралған «AFK» командасы алды.

[STUDENT COUNCIL | Briefly about yesterday's competition 😊 | Instagram](#)
[STUDENT COUNCIL | 30 қаңтар сіздер үшін Counter Strike 1.6 ойыны өткізілді 🎮 Барлық командалар саны 9 және әр команда құрамында 5 адам болды. 🎮 Ойын... | Instagram](#)
[STUDENT COUNCIL | Есть ли среди нас геймеры 🎮 Если да, то этот пост для вас 🎮 30 января специально для вас пройдет соревнование по Counter strike 1.6 в а... | Instagram](#)



Түркістан қаласындағы «химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы «Өзін-өзі басқару» ұйымы мен Түркістан «Білім-инновация» лицей-интернатының 9-10 сынып оқушылары арасында өткізілген баскетбол ойыны бойынша жолдастық кездесуі өтті.

[STUDENT COUNCIL | Завтра\(уже в эту пятницу\), пройдет соревнование по баскетболу мужской сборной. Приглашаем вас всех посмотреть и поболеть за наших ребят... | Instagram](#)





Түркістан қаласындағы «химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы «Өзін-өзі басқару» ұйымы мен Түркістан «Білім-инновация» лицей-интернатының 7-8 сынып оқушылары арасында өткізілген футбол ойыны бойынша жолдастық кездесуі өтті.



Түркістан қаласы және облысы аумағында орналасқан тірек мектептердің өзін-өзі басқару ұйымы көшбасшылары үшін “Community for Leadership 4.0” атты Форумы ұйымдастырылды. Жоспар бойынша ашылу және жабылу салтанаты, Teambuilding «Team Synergy», Express sharing (Ұйым президенті мен үйлестірушілер өз мектептеріндегі үздік жобаны таныстырады), «Quiz, please» интеллектуалды ойыны, ситуациялық кейстарды талқылау сияқты іс-шаралары өтті.

[2024 жылдың 1 наурызы күні Түркістан қаласындағы «химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында өтетін облыс және... | Instagram](#)

[NIS Turkistan](#) |  Түркістан облысы және қаласында орналасқан мектептердің 40-қа жуық көшбасшылары қатысқан “Community for Leadership 4.0” форумы... | [Instagram](#)

[NIS Turkistan](#) |  “Community for Leadership 4.0” форумына қатысқан көшбасшыларға алғыс білдіреміз және алдағы уақытта жоғары жетістіктерге жетулеріне... | [Instagram](#)



8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне жоба мүшелері қыздар үшін құттықтау бейнебаянын түсірді. Өздері шығарып, өздері салған ән оқушы қыздарымызға ұнады.

[FORWARD TEAM - ҰНАЙДЫ МАҒАН 8 НАУРЫЗ \(КЛИП ПАРОДИЯ \) - YouTube](#)



«Өзін-өзі басқару» жобасының мүшелері 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне арналған ерекше құттықтау бейнебаяны түсірілді.



Түркістан қаласындағы «химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы мен Түркістан «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушылары арасында өткізілген волейбол ойыны бойынша жолдастық кездесуі өтті.



Мемлекет басшысының тапсырмасымен бастау алған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы мектебімізде жоба мүшелерімен жалғасын тапты. Қоршаған ортаға ұқыпты қараудың маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, Қазақстан үшін жасыл болашақты құруға өз үлестерін қосты.

[NIS Turkistan | !\[\]\(666e09182d4cd268646ea700ea60dcdf_img.jpg\) Мемлекет басшысының тапсырмасымен бастау алған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы Түркістан қаласындағы NIS мектебінде д... | Instagram](#)



9) «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы:

Қоғамның дамуы адам еңбегінің жемісі. Қашанда үлкенді сыйлау, қарияны құрметтеу дәстүрі – қазақ халқының ата салты екені белгілі. «Қариялық – даналық пен өмір тәжірибесінің қайнар көзі» дегендей, ақылы толысқан, өмірлік тәжірибесі мол қариялар қай кезде де қоғамның ұйытқысы болып, ел ішінде береке-бірліктің сақталуына бастамашы болып келеді. Қазыналы қарияларымызды аялау, ардақтау, құрметтеу әрбір азаматтың парызы. **Қарияларды қадірлеу – ертеңгі ұрпағыңды дұрыс тәрбиелеудің бірден-бір жолы. Сұрапыл соғыста жаудың бетін қайтарып, жеңісті жақындатқан майдангер қарттарымызды қадірлей білуіміз керек.**

Жобаның мақсаты:

- Зейнеткерлік жастағы және зейнетке шыққан жалғыз тұратын азаматтардың мектеп өміріне белсенді араласуына ықпал ету;
 - Шаңырақ оқушыларымен бірлескен шығармашылық жұмыстар жасау арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеуде қариялар мен жас ұрпақтың сабақтастығын қалыптастыру;
- Міндеті:

- қарияларды қолдау, құрметтеу, қамқорлық көрсету;
- ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтау;

«Шебер қолдар» қамыр илеуден әжелерден мастер класы өтті.

Қамыр илеу – аспаздық өнер. Ежелден әжелеріміз немере қыздарына жастайынан қамыр илеуді үйреткен. ХХІ ғасырда осы ұлттық дағдыны жоғалтып алмас үшін «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында оқушыларымыздың асыл әжелерінен бұрымды қыздарымызға қамыр илеуден мастер-класс өткізілді.

«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында оқушыларымыздың асыл әжелерінен бұрымды қыздарымызға қамыр илеуден мастер-класс өткізілді. Жоба барысында оқушылар әжелерден қамыр илеудің қыр-сырын естіп қана қоймай, өз қолдарымен де жасап көрді. Бұл шеберлік сыныбының басты мақсаты оқушылардың бойына отбасылық және ұлттық құндылықтарды сіңіру болды.

<https://www.instagram.com/p/C2w4GhItvQQ/?igsh=MT1vb2J3NHBUanJpbw==>



«Саналы ұрпағы бар елдің қариясы бақытты» шеберлік сағаттары өтілді.

«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында салт-дәстүрді жас ұрпақ бойына сіңіру үшін қариялармен бірлесткен әртүрлі шеберлік сыныптары жүргізілді. Оқушылардың 20-ға жуық ата-әжелері мектепке келіп, спорттық-шығармашылық талғамдары бойынша мектептің 4 зонасына бөлінді: ұршық иіру және тоқыма тоқу, арт-терапия, шахмат және тоғызқұмалақ зоналары. Ұлттық құндылықты ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған ұршық иіру мен тоқыма тоқу зонасында әжелер ұршық-жүнді қолмен иіруге арналған негізгі аспап екендігін және жіптің жасалу жолын түсіндіре отырып, қыз балаларға ұршық иіру мен тоқыма тоқуды үйретті. Ұршықты бірінші рет көрген қыздар қызығып, үйреніп алуға талпынды.

Психология қызметі бұрышында әжелермен арт-терапиялық техникалар қолданылып, отбасының генеологиялық ағашы жасалды. Сонымен қатар кинезиологиялық жаттығулар орындалды.

Ақыл-ой спортын дамытатын шахмат зонасында оқушылар мен қариялар бірнеше партиялар ойналды. Қариялар шахмат стратегиясы мен техникаларды тактикаларды үйрете отырып, оқушылармен қызықты ойын көрсетті.

Тоғызқұмалақ бұрышында қариялар бұл ойынның мыңдаған жылдық тарихы бар, әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын логикалық ойлау өнері екендігін түсіндіре отырып, оқушыларға ойынның қыр-сырын үйретті.

Шеберлік сыныптары аяқталған соң қарияларға мектеп директоры А.Е.Тусупжановтың атынан арнайы алғыс хат беріліп, сыйлықтар үлестірілді.

<https://www.instagram.com/p/C3AboP1tnJ4/?igsh=MXR5dzcxNTI2ODI1YQ==>



«Әжеммен өткен бір күнім» атты бейнеролик түсірілді.

«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында оқушыларға құндылықтарды дәріптеу және бойына құндылықтарды сіңіру мақсатында өнеге болатын, терең тамырдан келе жатқан ата-бабаларымыздың көзін көрген қариялармен өткізген күні балалардың жүрегінен ерекше орын алады. Осы орайда оқушылар өз әжелерімен демалыс күнін өткізді.

<https://www.instagram.com/reel/C7wYr3LIhgD/?igsh=MXNwaXVhaHNobGEzag==>

Ата-анамен жұмыс:

«Мерейлі отбасы» отбасылық сайысы

”Мектептің жүрегі - тәрбие тірегі” атты апталық аясында өткен отбасы шығармашылығына арналған Ата-аналар университеті жобасы аясында “Мерейлі отбасы” байқауы ұйымдастырылды. Байқау ата-ана мен балаларды өзара жақындастырып, жанұялардың ынтымақ-бірлігін арттыруға септігін тигізді.



«Берік отбасы» жобасы

Берік отбасы" жобасы. Жоба мақсаты – адам өміріндегі ең маңызды құндылықтарға – отбасы құндылығын сақтауға, ата-аналарға/қамқоршыларға балаларына қолдау көрсете білуді, күн тәртібін бұзбай, бала тәрбиесімен айналысуға икемдеуді, сонымен қатар балалардың болашаққа деген сенімін арттырып, олардың ата-анасымен жақсы қарым-қатынас орнатуына жол ашу, жасөспірімдерді күйзеліспен күресуге және құрдастары тарапынан болатын қысымды жеңіп шығуға тәрбиелейді. Жоба жеті аптаға созылып, қатысқан отбасыларына сертификат беріледі.



“Ана-гүл, қыз-өмір шуағы” атты аналармен кездесу кеші өткізілді. Аналармен кездесу кешінің мақсаты - қыздардың бойында мейірімділік, инабаттылық, сыпайылық және адамгершілік сынды қасиеттерін қалыптастыруға тәрбиелеу. Өнерпаз аналар мен іскер ана бойындағы қабілеттерді құрметтеп, “ана бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлем тербеткен” құндылығын кеңінен түсіндіру мақсатында кездесу барысында оқушыларды көшбасшы, іскер аналарымыздың өнерлері мен жетістіктерімен таныстыруға мүмкіндік туды.

https://www.instagram.com/p/C5qRR0AN91D/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODB iNWFIZA==



«Ата-аналар университеті» жобасы аясында “Бақытты ата-ана - табысты бала” атты аналарға арналған психологиялық семинар-тренинг өткізілді. ездесуді ұйымдастырудың мақсаты - әр үйдің ұйытқысы болып отырған аналардың мектеп жасындағы балаларының әр түрлі психо-эмоционалды қажеттіліктері туралы білу, аналар арқылы оқушыларды ең басты құндылықтар ашықтық, құрмет, жауапкершілікке бағыттау, аналарға балаларын тәрбиелеу мен дамытуда қолдау білдіру әдістерімен таныстыру. Мектебімізде, жылдың ең керемет кезі – көктем мезгілінде, дәстүрлі өтетін мектеп оқушыларының аналарымен өткізілетін кездесуде, бүгін қарастырған өзекті мәселелер - қазіргі балалардың ерекшеліктері және олардың бойында ХХІ ғасырда өзекті болатын дағдылары мен құндылық қасиеттерін дамытуда ата-аналардың қосатын үлесі, балалармен жағымды қарым-қатынас орнатудағы ата-ананың рөлі, ата-ана ұстанымының отбасындағы ахуалмен құндылықтардың және баланың тұлғалық қалыптасуына ықпалы.



Көктемнің алғашқы мерекесі алғыс айту күніне арнайы “Бауырсақ Day “ іс-шарасы ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/reel/C4Hli0atRa_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==



Ата-аналар комитеті мүшелерінің атқарған жұмыстары

Түркістан қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі 2023-2024 оқу жылын 523 оқушымен аяқтады.

- 7-сынып – 158 оқушы
- 8-сынып – 139 оқушы
- 9-сынып – 139 оқушы
- 10-сынып – 30 оқушы
- 11-сынып – 57 оқушы

Оқушының жан-жақты дамуында мектеп пен ата-ананың алар орны ерекше. Сол себептен де Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ-да ата-аналармен жұмыстар түрлі бағытта ұйымдастырылады.



Білім беру және тәрбие жұмыстарын дамыту мен жетілдіру және мектеп пен ата-аналар қауымдастығын байланыстыру мақсатында 2023-2024 оқу жылында ата-аналар комитеті 2023 жылдың қыркүйектің 1-нен бастап төмендегі құрамда құрылды:

Ата-аналар комитетінің төрағасы:

- Шайдулла Жандос – 10 «А» сынып оқушысы Қыдырбаев Айдос Жандосұлының ата-анасы;
- Төраға орынбасарлары:**
- Жусипова Нурсулу Алмасбековна - 8 «А» сынып оқушысы Тасболат Арнұрдың ата-анасы.
 - Имашева Альбина Назамбаевна – 7 «В» сынып оқушысы Кайыпова Дарияның ата-анасы.

| № | Сыныбы | Оқушының аты-жөні | Ата-ананың аты-жөні |
|----|--------|-------------------------|----------------------------------|
| 1 | 7А | Батырхан Кәусар | Беркинбаева Айкумис Бахытжановна |
| 2 | 7В | Кайыпова Дария | Имашева Альбина Назамбаевна |
| 3 | 7С | Нұрғали Алинур | Кузурбаева Молдир Умирбековна |
| 4 | 7К | Атаханов Ислам | Нурматова Умида |
| 5 | 7L | Ажмагиева Жансулу | Тайталиева Лейла Нургалиевна |
| 6 | 8А | Тасболат Арнұр | Жусипова Нурсулу Алмасбековна |
| 7 | 8В | Талғат Жансезім | Базарбаева Халида Анарматовна |
| 8 | 8С | Аманжол Береке | Балтабаева Бахтикуль Аюбековна |
| 9 | 8D | Ілесбай Нұрахмет | Нуртаева Замира Қалдыбековна |
| 10 | 8К | Жунайев Султанбек | Султанова Матлюба Хамидовна |
| 11 | 8L | Абылғазы Інжу | Исабекова Меруерт Шайықбековна |
| 12 | 9А | Орынтаева Айғаным | Сыдыкбаева Кульшат Еркимбековна |
| 13 | 9В | Шапи Дәулет | Әліпбек Динара Съездқызы |
| 14 | 9С | Казенов Алдияр | Арысбаева Салтанат Сапартаевна |
| 15 | 9D | Тобаханов Нұрлыбек | Молдабекова Багила Ибадуллаевна |
| 16 | 9К | Розмухамматов Саидахмат | Ризаева Углай Таирхановна |
| 17 | 9L | Анарбаев Мухаммаджан | Ходжамов Улугбек Анарбаевич |
| 18 | 9М | Бақберген Олжас | Нурманова Сандуғаш Сембековна |
| 19 | 10А | Ташметов Шахрух | Ташметова Мунира Райимжановна |
| 20 | 10К | Шакиржанова Умида | Гафурова Диера Откировна |
| 21 | 11А | Садық Бексұлтан | Кожабая Жанар Куралбаевна |
| 22 | 11В | Төрехан Сания | Керімбек Шынар Арапбайқызы |
| 23 | 11К | Дүйсенбек Даниял | Болганбаев Артур Дүйсенбекович |

Тәрбие жобалары.

Оқушы мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты нығайту және мектеп өмірімен ата-ананы байланыстыру мақсатында «Ата-аналар университеті», «Ұрпақтар сабақтастығы» жобалары аясында педагог-психологтармен тренингтер, «Толағай», «Мерейлі отбасы» отбасылық сайыстары, «Қарты бар үйдің қазынасы бар» ата-әжелермен кездесу, ата-ана және оқушымен біріге отырып кітап талдау және 7 бөлімнен тұратын ата-анамен оқушы арасында жүргізілетін «Берік отбасы» бағдарламалары жыл бойы жұмыс жасады.

ПМПК

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады, оның құрамына Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқу-әдістемелік, тәрбиелік, медициналық және психологиялық қолдау көрсету функцияларын жүзеге асыратын қызметкерлері кіреді.

ПМПК мақсаты - деструктивті/аутодеструктивті мінез-құлқы бар немесе соматикалық және психикалық денсаулығының декомпенсация жағдайындағы білім алушыларға психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау көрсету және «қауіп тобындағы» студенттерге оқушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жеке күшті, ішкі және сыртқы ресурстарды нығайтуда техникалық және практикалық көмек көрсету.

Түркістан қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектепте 2023-2024 оқу жылында оқушыларға оқу, тәрбиелік, медициналық және психологиялық қолдау көрсету үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум құрылды.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум құрамы төмендегідей болды:

ПМПК Төрайымы

Кипчакбаева А.Б. - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

ПМПК мүшелері:

2. Тажибаев А.К. - директордың сыртқы істері жөніндегі орынбасары;
3. Арынбаева Ж.М. - педагог-психолог;
4. Шындалиева Р.М. - дәрігер-педиатр;
5. Жамекова А.М. - биология пәнінің мұғалімі;
6. Дархан Ш.Е. - қазақ тілі пәнінің мұғалімі;
7. Әшірбай А.С. - тарих пәнінің мұғалімі;
8. Айдарбек Т.Ж. - жатақхана тәрбиешісі;
9. Алтыбаева Ж.А. - аға-педагог-ұйымдастырушы-куратор;
10. Истыбаева Б.Ж. – хатшы

Педагогикалық консилиум.

Оқу үлгерімі бойынша нәтижелері төмен оқушылардың ата-аналары және мұғалімдердің, сонымен қатар, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының қатысуымен оқушының үлгерімін жақсарту мақсатында әр тоқсан сайын педагогикалық консилиум өткізілді. Педконсилиум барысында ата-анаға оқушының оқу нәтижесі таныстырылып, академиялық үлгерім бойынша әр мұғаліммен жеке-жеке сөйлесу мүмкіндігі болды. Жыл соңында педконсилиум өткізілген оқушылардың басым көпшілігінің оқу сапасы айтарлықтай көтерілгені байқалды.

Ата-аналар кеңесі

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқарма Төрағасы Ә.Жанғозиннің “«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқарма Төрағасының жанындағы Оқушылардың ата-аналары кеңесінің отырысын өткізу туралы” 2023 жылдың 28 желтоқсаны күні №472/ОД бұйрығы бекітілді.

Түркістан қаласындағы “химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі” филиалы директоры А.Е.Тусупжановтың 2023 жылдың 1 қыркүйегі күнгі №155/НҚ бұйрығына сәйкес тағайындалған Мектептің ата-аналар комитеті төрағасы, 10 “А” сынып оқушысы Қыдырбаев Айдостың әкесі Жандос Шайдулла 2024 жылы 2 ақпанда Астана қаласында өткізілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Басқарма Төрағасының жанындағы Оқушылардың ата-аналары кеңесінің отырысына қатысты.

Оқу жылының 2-жартыжылдығында сыныптардың ата-аналар комитеті көшбасшылары мектеп директоры Тусупжанов Айдын Елеусізұлы мен жалпымектепшілік ата-аналар комитеті төрағасы Жандос Шайдулламен отырыс өткізілді.

Қамқоршылық кеңес

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының 2014 жылғы 28 тамыздағы шешімімен (№40 хаттама) бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Қамқоршылық кеңесі туралы Үлгілік ережеге сәйкес Түркістан қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі филиалында 2024 жылдың 20 қаңтары күні Қамқоршылық кеңесі отырысы өткізілді. Қамқоршылық кеңес құрамы жаңартылып, төмендегідей болып бекітілді:

Темірбекова Жанар Амангелдіқызы - Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университетінің ректоры.

Шайдулла Жандос - "Қазақстан салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Түркістан облыстық ұйымы" қоғамдық бірлестігі төрағасы.

Таскарин Артур Елубаевич - "Қазақстан Халық Банкі" АҚ Түркістан облыстық филиалының директоры.

Бекмұрзаев Байбек Төребекұлы - Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Қызылжар ауылы Ж.Жабаев атындағы №75 жалпы орта білім беретін мектебінің директоры.

Бекметов Бобиржан Бахадирович - "Bekmetov group" ЖШС директоры.

Атаев Баходир Сабиржанович - "Яссы құрылыс" ЖШС директоры.

Тусупжанов Айдын Елеусызович - Түркістан қаласындағы "химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі" директоры.

Бракераждық комиссия отырысы

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Түркістан қаласындағы «Химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы директорының бұйрығымен асхана қызметінің сапасын бақылау мақсатында бракераждық комиссия құрылды. Бракераждық комиссия құрамы төмендегідей болып бекітілді:

Комиссия төрағасы

Тусупжанов А.Е. – Түркістан қаласындағы "химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі" директоры.

Комиссия мүшелері:

Валиев Н.А. – директордың қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі орынбасары.

Кипчакбаева А.Б. – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Болатова І.Б. – жатақхана меңгерушісі

Шындалиева Р.М. – педиатр

Төлеманова С.Қ. – диетсестра

Космаилова Б.С. – педагог-ұйымдастырушы-куратор

Абдималикова Салтанат Сеитмухаммедовна - 7«В» сынып оқушысы Асқар Әминаның ата-анасы

Қасенова Ақмаржан Әміржанқызы – 8«А» сынып оқушысы Төлепбай Айзеренің ата-анасы

Ертаева Бағдат Бауыржановна – 9«С» сынып оқушысы Нұрмаханбет Ермаханбеттың ата-анасы

Утешова Айгерім Әдилханқызы - 10«А» сынып оқушысы Күзенбай Айқынның ата-анасы

Адиева Пакизат Минаваровна – 11«А» сынып оқушысының Уринбасарова Дарияның ата-анасы

Түркістан қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі 2023-2024 оқу жылында қыркүйек-мамыр айларында ата-аналардың қатысуымен 12 бракераждық комиссия отырысын өткізді.

2023-2024 оқу жылында ата-аналардың қатысуымен іс-шаралар легі төмендегідей болды:

1. Мектеп асханасының тамақтану сапасына мониторинг жүргізу бойынша бракераждық комиссия отырысы өтті. Түркістандағы NIS-те ата-аналардың қатысуымен асхана жұмысын бақылау бойынша тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі бракераждық комиссия отырысы өтті. Ата-аналар асхана жұмысының және оқушылардың тамақтануының дұрыс ұйымдастырылуын ондағы тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын, өнімдерді өткізу мерзімдерін, тамақ дайындау сапасын, ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылады. Өз кезегінде мектеп асханасының бас аспазы мен диетолог мамандары ата-аналарға ас мәзірінің дұрыс құрылуы мен нормаға сәйкестігі, ұсынылған тағамдардың калориясы туралы түсіндіріп, бракераждық комиссия жұмысы ережесімен таныстырды. Комиссия отырысы барысында ата-аналар асхана жұмысымен толық танысып қана қоймай, ас мәзірінде берілетін тағамдардың дәмін татып, оң бағасын берді.



2. NIS TRK talks алаңында «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында кездесу өтті. Зияткерлік мектепте «TEDx» форматында жасөспірім қыз баланың физиологиялық даму кезеңіндегі өзгерістер мен ерекшеліктері, жеке бас гигиенасын сақтау, салауатты өмір салтын ұстану бойынша «Үлгілі үйдің қыздары» тақырыбында ата-ана, дәрігер-гинеколог маман Замира Карибаевамен кездесу өтті.

Басқосуға мектептің 8-9-10-11 сынып қыз бала оқушылары қатысып, тақырыпқа сәйкес өздерін толғандырған сұрақтарын қоюда маманнан пайдалы кеңестер алды.



3. Мектеп асханасының тамақтану сапасын бақылау бойынша бракераждық комиссияның екінші отырысы өтті. Зияткерлік оқу ордасында ата-аналардың қатысуымен ас мәзірінің дайындалуы, тағам сапасы мен құнарлығына, асхананың қызмет көрсету сапасына, тағам сақтау қоймаларының санитарлық жағдайымен оқушылардың тамақтануы мен нормаларын бақылау бойынша бракераждық комиссияның екінші отырысы өтті. Комиссия барысында ата-аналар асхана ішін аралап, ондағы ыдыстардың, едендердің, тамақ сақтау қоймаларының санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына және тәуліктік ас мәзірінің сақталуы ережелерге сай екендігін тексерді. Сондай-ақ, асхана меңгерушісі мен диетолог маман Сымбат Төлеманова ата-аналарға тағамдарды жеткізуші мекемелердің азық-түліктер тізімі жазылған құжаттарымен таныстырды. Онымен қоса, оқушылар тарапынан қажеттілік туындаған кезде асхананың қосымша порцияда тағам беруге дайын екенін комиссия мүшелеріне хабарлады. Асхана жұмысын оңтайлы ұйымдастыру бойынша орын алған жағымды жаңалық 2023 жылдың 5 қазан күні тамақ дайындайтын бөлмеге су тазартатын екі фильтр қондырғысы орнатылған. Комиссия мүшелері асхананың дайындайтын негізгі тағамдары жоғары сапада ұйымдастырылғанына ризашылық білдіріп, ас мәзірінде берілетін тағамдардың дәмін татып, оң бағасын берді.



4. Ардақты қарияларымызбен өнегелі кездесу өтті. Түркістандағы NIS-те жатақхана оқушыларының қатысуымен «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында «Қарты бардың – қазынасы бар» атты тағылымы мен тәлімі мол кездесу кеші өтті. Жас өскіндерге әрқашан даналықтың үлгісі болып келе жатқан қарттарымыз ретінде Амандық Данияров пен Курманкүл Жуманова Зияткерлік мектеп жатақханасындағы шаңырақ төрінде жайылған ақ дастарханға жайғасып, оқушыларға даналық ойларымен бөлісті. Рухани кеште құрметті қонақтарға оқушылар мәнерлеп өлең оқуда, домбырамен күй тартып, өмір жолдарында орын алған қызықты әрі әсерлі оқиғаларымен бөлісуде тағылымды сұхбат жүргізді. Қазыналы қарттарымызбен бірге өткізілген мәдени шара соңында жатақхана меңгерушісі Іңкәр


Болатова зияткерлер тәлім-тәрбиесі мол кездесуден рухани азық алғаны сөзсіз деп, қарияларға алғыс білдіруде мектеп атынан естелік сыйлықтарын тарту етті.



5. «Толағай» отбасылық сайысы өтті. Түркістандағы NIS-те 25 қазан Республика күніне орай «Ата-аналар университеті» жобасы аясында 7-сыныптар арасында «Толағай» отбасылық сайысы өткізілді. Атаулы мереке Республика күнінің оқушыларға маңыздылығын түсіндіру, мектептің педагогикалық ұжымы мен ата-аналары арасындағы байланысты орнату мақсатында өткізілген жарысқа мектеп ұстаздары да қатысып, топ болып құрылуда бірлесе ойынға атсалысты. Атап айтсақ, «Қырандар» тобы, «Оқжетпес», «Атамекен», «Ордабасы», «Бүркіт» топтары сайыс ережесінде көрсетілген 4 ойын бойынша өзара бақсынасты. Жарыста әділ-қазылар алқасы ретінде мектеп директорының сыртқы істер жөніндегі орынбасары Асхат Тажибаев, жатақхана меңгерушісі Іңкәр Болатова, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Гауһар Тұрмаханова отбасылық сайыста төрелік етті. Тартысты сайыс нәтижесінде үздік үштікке енген командалар арнайы кубокпен марапатталса, белсенді ойын көрсеткен топтарға номинациялар бойынша сайысты айшықтайтын арнайы естелік сыйлықтар табыс етілді.



6. Бракераждық комиссияның үшінші отырысы өтті. Түркістандағы NIS-те мектептегі асхана жұмысын бақылау бойынша бракераждық комиссияның үшінші отырысы өтті. Комиссия мүшелеріне ас тағамдарынан мәзір бойынша балық етінен сорпа, тауық еті қосылған макарон, сүт шай, винегрет салаты берілді. Комиссия мүшелері тағамдардың дәмі, түсі, сапалық құрамы бойынша ешқандай шағым келтірген жоқ. Бақылау мүшелері асхана ішін аралап, ондағы ыдыстардың, едендердің, тамақ сақтау қоймаларының санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына және тәуліктік ас мәзірінің сақталуы бойынша тексеріс жүргізуде бекітілген ережелерге сай екендігін растады. Сондай-ақ, тағамдарды жеткізуші мекемелердің азық-түліктерінің құжаттары мұқият тексерілді.



7. I тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы өтті. Түркістандағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде I тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы өтті. 5 күн бойы өткізілген басқосуға барлық сыныптардың ата-аналары жиналып, мектеп директоры Айдын Тусупжановпен бірге оқушылардың оқу үлгерімдері жайында сұрақтар қойылып, тоқсандық қорытынды бағалау нәтижелері талқыланды. Мәжіліс залындағы басқосуда директор ата-аналар тарапынан келген ұсыныстар мен сұраныстарды тыңдап, мектеп қауымдастығы үшін Зияткерлік оқу ордасының әрбір білім алушысының оқу үлгерімі басты назарында екенін атап өтті. Сонымен қатар, 7 сыныптардың ата-аналарына мектептің педагог-психолог маманы Жанна Арынбаева NIS жүйесінде отбасы құндылықтарын дәріптейтін «Берік отбасы» жобасының құрылымын таныстырып, ата-аналарға белсенді қатысуға шақырды. Сондай-ақ, «Кәмелет жасқа толмағандар арасында деструктивті іс-әрекеттің алдын алу» тақырыбында ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізуде оқушылардың психологиясына әсер ететін факторларды атап өтті. Ата-аналар мәжіліс залындағы басқосудан кейін, пән мұғалімдерімен жеке жолығып, балаларының оқу үлгерімі мен тәртібі жайлы ақпарат алды. Сонымен қатар педагог-ұйымдастырушы-кураторлар ата-аналарды мектептің ішкі тәртіп ережелерімен, тоқсанның оқу сапасымен, ұялы телефонды дұрыс пайдалану, өмір қауіпсіздік ережелерімен таныстырды.



8. Асхана жұмысы бойынша бракераждық комиссия отырысы өтті. Түркістандағы NIS-те асхананың тамақтану сапасын бақылау бойынша ата-аналардың қатысуымен бракераждық комиссия отырыстары жиі ұйымдастырылады. Екінші тоқсанның алғашқы бракераждық комиссия отырысында ата-аналар ас мәзірінің дайындалуы, тағам сапасы мен құнарлылығы, асхананың қызмет көрсету сапасына, тағам сақтау қоймаларының санитарлық жағдайы, оқушылардың тамақтануы мен нормаларын бақылау жұмыстарымен танысты. Комиссия мүшелері ас мәзірі бойынша тағамдардың дәмін татып, олардың жоғары сапада ұйымдастырылғанына ризашылық білдірді.



9. «Берік отбасы» жобасы бастау алды. Түркістандағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде NIS жүйесіндегі ауқымды жобалардың бірі, отбасы құндылықтарын дәріптейтін «Берік отбасы» жобасы бастау алды. 35-тен астам елде өз тиімділігін дәлелдеген «Берік отбасы» халықаралық жобасы 2018 жылдан бері Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүзеге асырылуда. Жоба мақсаты – адам өміріндегі ең маңызды құндылықтарға – отбасы құндылығын сақтауға, ата-аналарға/қамқоршыларға балаларына қолдау көрсете білуді, күн тәртібін бұзбай, бала тәрбиесімен айналысуға икемдеуді, сонымен қатар балалардың болашаққа деген сенімін арттырып, олардың ата-анасымен жақсы қарым-қатынас орнатуына жол ашу, жасөспірімдерді күйзеліспен күресуге және құрдастары тарапынан болатын қысымды жеңіп шығуға тәрбиелейді.



10. Отбасы құндылықтарын дәріптейтін «Берік отбасы» жобасының екінші бөлімінде қатысушылар отбасы ағашын құрастырды. Екінші бөлім «Отбасы құндылықтары және тәртіп», «Ата-ананы құрметтеу» тақырыптарына арналды. Ата-аналар жиналған сессияда тренерлер жобаның бірінші бөлімінен кейінгі бір аптада қандай өзгерістер орын алғаны жөнінде және балаға шектеу қоюда қандай әдістер мен ережелер қолданғаны жайлы сұрақтар қойып, кері байланыс орнатты. Тренинг барысында ата-аналарға арнайы тақырыптардағы бейнероликтер көрсетіліп, сол жағдаяттар туралы бір-бірімен әңгімелесіп, тәжірибе алмасуда балаларының бойындағы өзгерістер туралы айтылды. Осы тұста тренерлер ата-аналардың ойларын тыңдауда баланың меңгеруі қажет маңызды талаптарды тізім бойынша жазып, ата-аналар өз отбасылық ережелерін құрды. Ал оқушылар сессиясында ата-ана қамқорлығын түсіну және құрметтеу мақсатында «Ата-ананы құрметтеу» тақырыбында тренинг өткізілді. Екінші бөлім соңында ата-аналар мен оқушылар бір топта жиналып отбасы мүшелерінің мықты тұстарын ағаштың әр жапырағына жазуда өз отбасыларының ағашын өсірді.



11. «Қарттарым-асыл қазынам» атты өнегелі кездесу өтті. Бүгін Зияткерлік оқу ордасында «Ұрпақтар сабақтастығы» және «Қазақ әндері» тәрбие жобалары аясында «Қарттарым-асыл қазынам» атты кездесу кеші өтті. Жиын мектеп ата-аналарының арасынан асыл қарттарымызбен жасалынды. Өнегелі кездесудің мақсаты, тәрбие жобалары арқылы қарт қазыналарымыз бен бүгінгі болашақ жастар арасында байланыс орнату, адамгершілік асыл қасиеттерді жастар жадына сіңіру. Мәдени шарада ата-әжелеріміз сырлы әңгімелерімен бөлісті. Өткен заманның бейнесін естеліктерімен қазіргі қоғаммен салыстыра отырып, әдемі әңгіме өрбітті. Жиын соңы, «Сарыжайлау», «Асыл әже», «Атамекен» атты ұлттық әндер айтылып, тұшымды пікірлермен тәмамдалды.



Жобаға қатысушылар 4 бөлімде отбасы құндылықтарынан құралған өз қалқандарын жасады. Түркістандағы NIS-те «Берік отбасы» жобасының кезекті 4 бөлімі отбасы құндылықтарын анықтауға арналды. Ата-аналар секциясында өткен апта қорытындысы бойынша баланың жасаған жақсы тәртібін марапаттау үшін арнайы ұпайлар кестесін үйде пайдалану қалай жүзеге асты, қандай қиындықтар туындады осы сұрақтарға ата-аналар жауап беріп, аталмыш ұпайлар кестесі бала тәртібіне өзіндік септігін тигізгенін атап өтті.



13. Зияткерлік оқу ордасының оқушылары 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне орай ұйымдастырылған керемет іс-шараның куәсі болды. 7 “В” оқушысы Кайыпова Дария мен 9 “С” сыныбы оқушысы Нұрмаханбет Ермаханбеттің ата-аналары өздерінің жетістікке жеткен өмір жолдарын баяндады. Ата-аналардың баяндамасы әйгілі американдық TED конференциясы форматында өтті. Жиын барысында Келесбаев Дінмухамед Нурмухамбетович пен Имашева Альбина Назамбаевна аудиторияға “Тәуелсіздік бізге не берді немесе “Болашақ” бағдарламасының мүмкіндіктері” және “5 навыков будущего” тақырыптарын ұсынды. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті, кафедра меңгерушісі, PhD Дінмухамед Келесбаев Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының мүмкіндіктері туралы айтты. Оқушылардың арманына қанат бітірген ата-анамыз Американың өмір сүру ерекшеліктерімен, жоғары білім беру жүйесі туралы тәжірибесімен бөлісті.



14. Асхана жұмысы сапасын бақылау бойынша бракераждық комиссияның төртінші отырысы өтті. Зияткерлік мектептің бракераждық комиссия мүшелері биылғы жылы соңғы отырысын өткізді. Күн тәртібінде - асхана жұмысының талаптарға сай ұйымдастырылуын бақылау. Оқушыларға бүгінгі ас мәзіріне сәйкес күріш сорпасы, тауық еті қосылған езбелі картоп, сәбіз салаты, сусынға кептірілген жемістерден қайнатылған компот берілгендігі анықталды. Комиссия мүшелері әрбір тағамның дәмі, түсі, сапалық құрамы бойынша оң бағасын берді. Бақылау мүшелері асхана ішін аралап, ондағы ыдыстардың, еденнің санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға және тәуліктік ас мәзірінің сақталуы бойынша тексеріс жүргізуде бекітілген ережелерге сай екендігін растады. Сондай-ақ, тағамдарды жеткізуші мекемелердің азық-түліктерінің сапа туралы құжаттары мұқият тексерілді. Отырыс қорытындысы бойынша, комиссия мүшелері мектептің асхана жұмысы тиісті деңгейде ұйымдастырылып келе жатқандығы туралы жағымды көзқарас қалыптастырып, тарқасты.



БРАКЕРАЖДЫҚ КОМИССИЯНЫҢ
ТӨРТІНШІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

15. 7-сынып ата-аналарына арналған «Берік отбасы» жобасы сәтті аяқталды. Түркістандағы NIS-те отбасы құндылықтарын дәріптеуге бағытталған 7 бөлімнен тұратын «Берік отбасы» жобасының 1 бөлімі өз мәресіне жетті. 7 бөлімнен тұратын жоба барысында ата-аналар мен оқушылар отбасы құндылықтарын сақтауға, бір-біріне қолдау көрсете білуді, күн тәртібін бұзбай, бала тәрбиесімен айналысуға икемделуді, балалардың болашаққа деген сенімін арттырып, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту жолдарын үйренді. Сонымен қатар, жоба жасөспірімдерді күйзеліспен күресуге және құрдастары тарапынан болатын қысымды жеңіп шығуға тәрбиеледі. Ата-аналар отбасында қандай ерекше қажеттіліктер болуы мүмкін екенін, өзгелерге көмек пен қолдау табуға жәрдемдесуді түсінді.



7-СЫНЫП АТА-АНАЛАРҒА
АРНАЛҒАН «БЕРІК ОТБАСЫ»
ЖОБАСЫ СӘТТІ АЯҚТАЛДЫ

16. Зияткерлік мектепте барлық сынып паралельдері ата-аналары үшін оқушылардың 2023-2024 оқу жылының 2-тоқсаны нәтижесінде оқу үлгерімі мен тәртібі бойынша пән мұғалімдері мен кураторларынан кері байланыс алу мақсатында жиналыс ұйымдастырылды. Жиналыстың әрбір күні мектеп директоры Айдын Тусупжанов бастаған мектеп әкімшілігі 2-жартыжылдықтың нәтижесі бойынша туындаған сұрақтар мен ұсыныстарды «сұрақ-жауап» сессиясында ашық талқылады. Ата-аналар оқушылардың сыртқы жиынтық бағалауға дайындығы, ағылшын тілі бойынша тілдік дағдыларды көтеру, оқушылардың сабақтан тыс уақытын ұйымдастыруға байланысты сауалдарын қойды.

Мектептің кәсіби білім беру кеңесшісі Мақсат Исатаев, өз кезегінде Зияткерлік мектептердегі кәсіби білім беру жұмысының ұйымдастырылуы, сыртқы жиынтық бағалау нәтижесінің ұлттық бірыңғай тестке конвертациялануы, Назарбаев университетінде және шетелде білім алу, қабылдау талаптары жайлы мағлұмат берсе, мектеп заңгері Сартбаева Лаура Назарбаев Зияткерлік мектептерінде «Оқушылардың құқығын қорғау саясаты» қалай жүзеге асатындығы туралы нормативтік-құқықтық құжатпен таныстырды.



АТА-АНАЛАР
ЖИНАЛЫСЫ ӨТТІ

17. Асхана жұмысы бойынша бракераждық комиссияның бесінші отырысы өтті. Түркістандағы NIS-те мектептегі асхана жұмысын бақылау бойынша 7 «А» сыныбының ата-анасы Беркинбаева Айкумис Бахытжановнаның қатысуымен үшінші тоқсанның алғашқы бракераждық комиссия отырысы өтті. Комиссия мүшелері бекітілген ас мәзірімен, тағамдардың дайындалуы, сапасы мен құнарлылығы, асхананың қызмет көрсету сапасы мен тағам сақтау қоймаларының санитарлық жағдайымен танысты.

Айта кетейік, бракераждық комиссия құрамына мектеп әкімшілігі мен қызметкерлерімен қатар, әр сынып параллелінен ата-аналар кіреді. Кестеге сәйкес, айына бір рет асхана жұмысына мониторинг жасау мақсатында отырыстар ұйымдастырылады.



18. "Ұрпақтар сабақтастығы" жобасы аясында оқушыларымыздың асыл әжелерінен бұрымды қыздарымызға қамыр илеуден мастер-класс өткізілді. Жоба барысында оқушыларымыз әжелерімізден қамыр илеудің қыр-сырын естіп қана қоймай, өз қолдарымен де жасап көрді. Бұл шеберлік сыныбының басты мақсаты оқушыларымыздың бойына отбасылық және ұлттық құндылықтарды сіңіру болды. Бүгінгі ұрпақтың болашағы үшін сүбелі сұхбат құрып, тәлім-тәрбиеге үйретіп, тәжірибиесімен бөлісуге келген әжелерімізге алғысымыз шексіз.



19. "Берік отбасы" бағдарламасы - 1-бөлім "Махаббат пен шектеу" Ата-аналар мен балалардың қарым-қатынасын нығайтуға, отбасы беріктігін сақтауға, бір-бірін тереңінен тануға беретін "Берік отбасы" бағдарламасы 7 апта бойы 7 "С", "D", "K", "L" және "M" сыныптары үшін ұйымдастырылмақ. Өткен аптада бағдарлама жоспарына сәйкес, бірінші сабақ "Махаббат пен шектеу" тақырыбына арналды. Сабақ барысында қатысушы отбасылар бір-бірімен танысып, ата-аналар балаларында жасөспірім шақта кездесетін қиындықтарды жеңіп шығуға көмектесе алатындығына көз жеткізді. Ата-аналар балаларын мейірімге бөлеп және шектеулер де қою арқылы олардың өз мақсаттары мен армандарына жететіндеріне ықпал ететіндерін түсінді. Балалар өз мақсаттарын, оған жету үшін жасалатын алғашқы қадамдар жайлы айтты. Олар кейбір арман-мақсаттарын «Қазына картасында» белгілеп көрсетті.



20. "Саналы ұрпағы бар елдің қариясы бақытты, ақсақалды атасы бар елдің балалары бақытты". "Ұрпақтар сабақтастығы" жобасы аясында салт-дәстүрді жас ұрпақ бойына сіңіру үшін қариялармен бірлескен әртүрлі шеберлік сыныптары жүргізілді. Оқушыларымыздың 20-ға жуық ата-әжелері мектепке келіп, спорттық-шығармашылық талғамдары бойынша мектептің 4 зонасына бөлінді: ұршық иіру және тоқыма тоқу, арт-терапия, шахмат және тоғызқұмалар зоналары. Ұлттық құндылықты ұлықтау мақсатында ұйымдастырылған ұршық иіру мен тоқыма тоқу зонасында ақ жаулықты әжелеріміз ұршық – жүнді қолмен иіруге арналған негізгі аспап екендігін және жіптің жасалу жолын түсіндіре отырып, қыз балаларға ұршық иіру мен тоқыма тоқуды үйретті. Ұршықты бірінші рет көрген қыздар қызығып, үйреніп алуға талпынды.



21. "Мектептің жүрегі - тәрбие тірегі" атты апталық аясында өткен отбасы шығармашылығына арналған "Мерейлі отбасы" байқауы ата-ана мен балаларды өзара жақындастырып, жанұялардың ынтымақ-бірлігін арттыруға септігін тигізді.



22. "Берік отбасы" бағдарламасы - 2-бөлім: «Отбасында тәртіп орнатамыз» Бағдарламаның 2-бөлімінде ата-аналар жасөспірімдік жаста балаларға не тән және дұрыс екендігін талқылап, қарастырды, сондай-ақ отбасындағы өзіндік ережелердің маңызын түсінді. Сонымен қатар, ата-аналар «Мен» техникасымен танысып, балаларына қақтығысқа берілмей, өз сезімдерін жеткізуді үйренді.

Тренингтер барысында ата-аналар өз балаларын түсінген сайын балалар да ата-анасын көбірек таныды, ата-аналарының да өз қайғы-мұңы, уайымы бар адамдар екенін білді. Балалар ата-аналарына айрықша мән бере отырып, ұсынған сыйлықтары мен бірге өткізген уақыттары жайлы ойланды.

Отбасымен өткен сабақтарда жасөспірімдер мен ата-аналар балалардың, ата-аналардың, сондай-ақ ата-әжелері мен өзге де отбасы мүшелерінің бойында кездесетін жақсы қасиеттері мен мінездері туралы баяндады. Барлығы өнерлерін салып, керемет «Отбасы ағашын» бейнеледі.



23. "Мектеп тірегі - тәрбие жүрегі" апталығы оқушылардың бойындағы білім мен тәрбие құндылықтарын дамытып қана қоймай, оқушылар мен ата-аналар үшін пайдалы ақпараттарға толы апта болды.

Апталық барысында жатақхана тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен "Шеберлер әлеміне саяхат" атты мастер-класс ұйымдастырылды. Шеберлік сағаты барысында жатақхана тәрбиешілері "киізден әшекей жасау, сабыннан бұйым жасау, қамыр ашыту" секілді тақырыптарда оқушылар мен ата-аналар үшін кеңестерімен бөлісе отырып, бұл бұйымдардың дұрыс жасалу жолын көрсетті. Сонымен бірге, шеберлік сағатқа келген әкелер үшін қамшы өрімінің алуан тәсілдері түсіндірілді. Шеберлік сағаты соңында мастер-классқа қатысқан ата-аналар мен оқушылар өткізілген "Шеберлер әлеміне саяхат" атты тренингтен алған әсерлерін бөлісіп, жылы лебізін білдірді.



24. Асхана жұмысы бойынша бракераждық комиссияның алтыншы отырысы өтті. Түркістандағы NIS-те мектептегі асхана жұмысын бақылау бойынша 7 «А» сыныбының ата-анасы Беркинбаева Айкумис Бахытжановна мен 10 «А» сыныбының ата-анасы Утешова Айгерім қатысуымен бракераждық комиссия отырысы өтті. Комиссия мүшелері бекітілген ас мәзірімен, тағамдардың дайындалуы, сапасы мен құнарлылығы, асхананың қызмет көрсету сапасы мен тағам сақтау қоймаларының санитарлық жағдайымен танысты.

Оқушыларға түскі асқа тауық етімен гуляш, гарнирге қарақұмық лапша сорпасы, жеміс-жидектен компот, сәбіз, қияр, қызанақтан салат берілгендігін бекітілген менюге сәйкес комиссия анықтады.

Айта кетейік, бракераждық комиссия құрамына мектеп әкімшілігі мен қызметкерлерімен қатар, әр сынып параллелінен ата-аналар кіреді. Кестеге сәйкес, айына бір рет асхана жұмысына мониторинг жасау мақсатында отырыстар ұйымдастырылады.



25. "Қоғамға қызмет" жобасы барысында жүзеге асып келе жатқан "Игі істер марафонын" мектебіміздің ата-аналары мен оқушылардан құралған "Шаңырақ" қауымдастықтары белсенді жалғастырып келеді.

Оқу жылы басынан бері ұйымдастырылып келе жатқан қайырымдылық акцияның ақпан айындағы белсенділері болып "Отырар" және "Ордабасы" шаңырақтары танылды. Акция барысында әлеуметтік аз қамтылған отбасыға көмір мен "азық-түлік себеті" табысталды. Аталған қайырымдылық марафоны жыл соңына дейін жалғасып, оқушыларды өзгеге мейірімді, қамқор болуға тәрбиелейді.



26. Берік отбасы" бағдарламасы - 3-бөлім: "Баланы жақсы тәртібі үшін ынталандыру". Бағдарламаның үшінші бөлімі сабағында ата-аналар балаларының дұрыс әрекетіне мән беріп, оны байқап жүру керектігін үйренді. Ата-аналар қауымы ұпай кестесін жасап, балалардың түрлі мақтаулары мен жетістіктерін сол кестеге құрастыруды білді.



27. Берік отбасы” бағдарламасы - 4-бөлім: “Жазалар: отбасылық құндылықты түсіну және қабылдау”

Бағдарламаның төртінші бөлімі сабағында ата-аналар тренинг барысында балаларында қандай да бір мәселе туындаған жағдайда дұрыс әрі нақты шешім шығару керектігін білді. Олар алдын-ала байбалам салмай, шынымен мәселе туындағанда ғана шара қолдану керектігін түсінді. Жасөспірімдер "автомектептен" бастау алып, бірнеше аялдамаларға тоқтайтын, соңы пиццерия мен кинотеатрмен аяқталатын қызықты саяхат ойынын ойнады. Осы ойын арқылы қоғамды сыйлап, оның тәртібін бұзбаған жағдайда ойлаған мақсаттарына жететіндерін ұғынды. Өз кезегінде ата-аналар да көптеген міндеттер мен өзіндік жауапкершілікті арқалайтынын түсінді. Сабақ барысында отбасылық құндылықтар жан-жақты қарастырылып, отбасылық қалқан жасалды.



28. "NIS TRK Talks" алаңында 9 "С" сынып оқушысы Алтынбек Іңкәрдың анасы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушысы Нускабаева Гульназ Оразбековна мен әріптесі Нұрсұлтан Сексенбайұлы "Мамандықты дұрыс таңдаудың маңызы" туралы тақырыпта оқушылармен ашық сұхбат құрды.



29. Мектебімізде мектепшілік ата-аналар комитеті төрағаларымен отырыс өткізілді. 2023-2024 оқу жылында мектебімізде барлығы 25 сынып білім алуда. Оқу жылының басында аталған сыныптарға ата-аналар комитеті тағайындалып, сыныптардың мәселелері комитет төрағасы ұйымдастыруымен шешімін тауып келеді.

Оқу жылының 2-жартыжылдығында сыныптардың ата-аналар комитеті көшбасшылары мектеп директоры Тусупжанов Айдын Елеусізұлы мен жалпымектепшілік ата-аналар комитеті төрағасы Жандос Шайдулланың жанында өткен отырыста бас қосты. Комитеті отырысында мектеп директоры Тусупжанов А.Е. 2023-2024 оқу жылының 1-жартыжылдығында оқу-тәрбие саласында атқарылған шаралармен таныстырып, әрі қарай ата-аналар комитетінің төрағасы Жандос Шайдулла ағымдағы жылдың 2 ақпан күні Астана қаласында өткен ата-аналар Кеңесінде қабылданған шешімдерді хабарлады. Әрі қарай ата-аналар мектептің асхана жұмысымен танысты.



30. "Берік отбасы" бағдарламасы - 5-бөлім.

Бағдарламаның бесінші бөліміндегі сабақта ата-аналар өз балалары кез-келген мәселеге тап болған жағдайда баланы тыңдаудың маңыздылығын түсінді. Өздері жасөсірім кезде олардың ата-аналары олармен қалай қарым-қатынас жасағандығын естеріне түсірді. Ата-аналар балалардың өз қажеттіліктерін жүзеге асыру мақсатында бар күш-жігерін арнайтындығын түсіне отырып, балаларына өз мақсаттарына жету жолында дұрыс жол нұсқап, көмектесе алатындығын білді.



31. Асхана жұмысы бойынша бракераждық комиссияның жетінші отырысы өтті. Түркістандағы NIS-те мектептегі асхана жұмысын бақылау бойынша 7 «А» сыныбының ата-анасы Беркинбаева Айкумис Бахытжановна мен 8 «А» сыныбының ата-анасы Қасенова Ақмаржан қатысуымен бракераждық комиссия отырысы өтті. Комиссия мүшелері бекітілген ас мәзірімен, тағамдардың дайындалуы, сапасы мен құнарлылығы, асхананың қызмет көрсету сапасы мен тағам сақтау қоймаларының санитарлық жағдайымен танысты.



32. 15 наурыз - Қайырымдылық күні. Наурыз нама онкүндігіне сәйкес бұл күн ел бойынша қайырымдылыққа, мейірім мен тату көршілікке арналады. "Қоғамға қызмет" жобасы аясында оқу жылы басынан мектеп ата-аналары мен "Шаңырақ" оқушылары бастауымен жүзеге асып келе жатқан "Игі істер марафонының" кезекті қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды.

Наурыз айында "Игі істер марафонын" ұйымдастырушылар қатарынан "Арыстанды" және "Тұран" шаңырақтары табылды. Ата-аналар қаламыздың әлеуметтік аз қамтылған екі отбасысына азық-түлік көрсеңкелерін жасады.



33. 7 аптаға созылған “Берік отбасы” бағдарламасы өз мәресіне жетті.



34. Асхана жұмысы бойынша бракераждық комиссияның сегізінші отырысы өтті. Түркістандағы NIS-те мектептегі асхана жұмысын бақылау бойынша 7 «А» сыныбының ата-анасы Беркинбаева Айкумис Бахытжановна мен 8 «А» сыныбының ата-анасы Қасенова Ақмаржан, 9 "С" сыныбының ата-анасы Ертаева Бағдат қатысуымен бракераждық комиссия отырысы өтті. Комиссия мүшелері бекітілген ас мәзірімен, тағамдардың дайындалуы, сапасы мен құнарлылығы, асхананың қызмет көрсету сапасы мен тағам сақтау қоймаларының санитарлық жағдайымен танысты.

Оқушыларға түскі асқа витамин салаты, рассольник сорпасы, сиыр етімен болонье, ақ, қара нан, "С" витамин қосылған компот берілгендігін бекітілген менюге сәйкес комиссия анықтады.



35. “Қоғамға қызмет” жобасы аясында мектебімізде “Күшіміз - бірлікте” атты қайырымдылық акциясы өткізілді. Акция аясында су тасқынынан зардап шеккен отандастарға қолдау көрсету мақсатында азық-түлік, дәрі-дәрмек, гигиеналық заттар және құрылыс заттары, күнделікті тұтынатын керек-жарақ және басқа да қажетті тауарлар ұйымдастырылды. Бұл қайырымды іске мектебіміздің барлық қызметкерлері, ата-аналары мен оқушылары үлес қосып, бастамаға белсенді қатысты.



36. “Ана-гүл, қыз-өмір шуағы” атты аналармен кездесу кеші өткізілді. Аналармен кездесу кешінің мақсаты - қыздардың бойында мейірімділік, инабаттылық, сыпайылық және адамгершілік сынды қасиеттерін қалыптастыруға тәрбиелеу. Өнерпаз аналар мен іскер ана бойындағы қабілеттерді құрметтеп, “ана бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлем тербеткен” құндылығын кеңінен түсіндіру мақсатында кездесу барысында оқушыларды көшбасшы, іскер аналарымыздың өнерлері мен жетістіктерімен таныстыруға мүмкіндік туды.



37. III тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысында оқушылардың үлгерімінің негізгі нәтижелері ұсынылды, оқу процесін ұйымдастыру мәселелері талқыланды, білім беру бағдарламаларының орындалуына талдау жүргізілді және мектеп жұмысының жалпы тиімділігі бағаланды. Жиналыста ата-аналар балаларының жетістіктері туралы, сондай-ақ оқу орнының қазіргі мәселелері мен даму перспективаларын талқылауға қатысып, пән мұғалімдерінен жеке консультациялар алды. Әрі қарай ата-аналар мен кураторлар жеке кабинеттерде сынып жиналысымен жалғасты. Жиналыста академиялық адалдық принциптерімен, сыныптың оқу сапасы, жазғы әлеуметтік практикалармен әр түрлі тақырыптар қарастырылды.



38. ”Ата-аналар университеті” жобасы аясында “Бақытты ата-ана - табысты бала” атты аналарға арналған психологиялық семинар-тренинг өткізілді. Кездесуді ұйымдастырудың мақсаты - әр үйдің ұйытқысы болып отырған аналардың мектеп жасындағы балаларының әр түрлі психо-эмоционалды қажеттіліктері туралы білу, аналар арқылы оқушыларды ең басты құндылықтар ашықтық, құрмет, жауапкершілікке бағыттау, аналарға балаларын тәрбиелеу мен дамытуда қолдау білдіру әдістерімен таныстыру.



39. Сыртқы жиынтық бағалау емтиханы алдында 10-сынып оқушыларын емтихан алды психологиялық қолдау тренингі өткізілді. Тренинг барысында оқушылар емтихан алдында қажетті нұсқаулықтар алып, көңіл көтеріп, ертеңнен бастап орындайтын емтихандарына қажетті позитивті күш жинады. Тренинг соңында оқушыларға тосынсый ретінде ата-аналары келіп, балаларына деген махаббаттарын, қолдауларын көрсетті.



40. Асхана жұмысы бойынша бракераждық комиссияның тоғызыншы отырысы өтті. Түркістандағы NIS-те мектептегі асхана жұмысын бақылау бойынша 7 «А» сыныбының ата-анасы Беркинбаева Айкумис Бахытжановна мен 8 «А» сыныбының ата-анасы Қасенова Ақмаржан қатысуымен бракераждық комиссия отырысы өтті. Комиссия мүшелері бекітілген ас мәзірімен, тағамдардың дайындалуы, сапасы мен құнарлылығы, асхананың қызмет көрсету сапасы мен тағам сақтау қоймаларының санитарлық жағдайымен танысты.



41. 2024 жылдың 15 мамыр күні мектепшілік ата-аналар комитеті төрағаларының отырысы өтті. Мектеп директоры А.Е.Тусупжанов 2024-2025 оқу жылында жатақханаға құжат тапсырудың жаңа форматын хабарлады. Әрі қарай тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуге бағытталған заңға енген өзгерістермен таныстырды. Келесі мәселе ата-аналар комитетін оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар жайлы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айман Бахытбекқызы атап көрсетті.

2023-2024 оқу жылын Түркістан қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі 516 оқушымен сәтті аяқтады.

III. Оқу бағдарламасы

6. NIS-Programme жүзеге асырылуы

Мектептегі оқу үрдісінің мазмұны мен ұйымдастырылуы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының NIS-Programme негізінде жүзеге асырылады.

2023-2024 оқу жылындағы NIS-Programme жүзеге асырылуы келесі жұмыстарды қамтиды:

Кесте 1. 2023-2024 оқу жылына NIS-Programme жүзеге асырылуы бойынша жоспар

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Күтілетін нәтиже |
|---|--|--------------------------------|--|
| 1 | Әдістемелік бірлестік мұғалімдерін жұмыс барысымен және әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес бағдарламадағы өзгерістер туралы ақпараттармен таныстыру | Қыркүйек | Атқарылған іс-шараның есебі |
| 2 | Саралап оқытудың әдістері мен тәсілдері туралы әдістемелік бірлестік мұғалімдеріне ақпарат беру. Саралау әдістерін енгізу мен қолдану бойынша мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында жоспарға сәйкес семинарлар ұйымдастыру және тиімділігін арттыру мақсатында жүйелі түрде сабаққа еніп отыру | Ай сайын | Атқарылған іс-шараның есебі, Фото, видео, сабаққа ену парағы |
| 3 | NIS -Programme бағдарламасын енгізу және қолдану бойынша мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында келесі негізгі құзыреттіліктерге сәйкес ӘБ мұғалімдеріне түсіндірме жұмыстарын жасау: - Құндылықтар; - Білім; - Сауаттылық; - Дағдылар (когнитивті және метакогнитивті, әлеуметтік және эмоциялық, практикалық және физикалық) | Ай сайын | Атқарылған іс-шараның есебі |
| 4 | Бірлестік ішінде оқыту семинарларын, оқу бағдарламасы мен оқу жоспарларының мазмұны, көлденең және тік жоспарлау, оқу бағдарламасының оқушының меңгеруіне қиындық тудырған тақырыптарды меңгерту әдістемесі мен технологиясы бойынша, оқу бағдарламаларының ерекшеліктері мен оқытуда АКТ қолдану бойынша мастер-кластар ұйымдастыру | Кесте бойынша кварталына 1 рет | Өтілетін семинардың жоспары |
| 5 | Тоқсанда 1 рет (оқу жылы бойына 4 рет) мұғалімдердің қажеттіліктері бойынша семинарлар, тренингтер, мастер-кластар өткізу | Кесте бойынша | Өтілетін семинардың жоспары |
| 6 | Оқытуды саралау кезінде туындайтын қиындықтар мен кедергілерді анықтау және оқытуда саралау әдістерін іске асыру мәселелері бойынша жас және жаңадан келген мұғалімдерге жеке көмек көрсету | Сұраныс бойынша | Атқарылған іс-шараның есебі |
| 7 | Айына кемінде 8 сабаққа кіру және бақыланған сабақ бойынша мұғалімдерге тиімді кері байланыс беру | Ай сайын | Қатысу журналы және жүргізілген талдаулар туралы есептер |
| 8 | Өзге әдістемелік бірлестік координаторларымен байланыса отырып, ортақ тақырыптар бойынша кіріктірілген командалық сабақ беру | Кесте бойынша | Бірлескен іс-шаралар жоспары |
| 9 | Оқу-әдістемелік құралдар мен оқулықтар апробациясы бойынша жұмыстарды үйлестіру | Сұраныс бойынша | Атқарылған іс-шараның есебі |

| | | | |
|----|---|-------------------------|---|
| 10 | Оқу бағдарламалары мен жоспарлары бойынша туындайтын мәселелерді, түсініктемелер мен ұсыныстарды анықтау және талқылау және сараланған оқытуды іске асыру үшін директорлардың орынбасарларымен өзара байланыста жұмыс істеу | Қажеттілік туындаған да | Жиналыстардың жазбалары мен хаттамалары |
|----|---|-------------------------|---|

Жалпы алғанда, координаторлардың жұмысы келесілерді қамтыды:

- NIS-Programme жүзеге асыру бойынша әдістемелік және ресурстық қолдау;
- Оқу бағдарламасының ерекшеліктерін түсіндіру;
- Элективті курстардың жұмысын үйлестіру;
- Оқу бағдарламасын орындау.

IV. Оқыту және оқуды бағалау

7. Оқушылардың контингенті

2023-2024 оқу жылының басында оқушылар контингенті 499 оқушы (309 оқушы қазақ бөлімінде, 190 оқушы орыс бөлімінде), оның ішінде ақылы бөлімде-13 оқушы білім алды. Оқу жылының басында сынып-комплектінің саны-23. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Басқарма Төрағасының м.а. С. Садуақасовтың 2024 жылдың 8 қаңтардағы «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқыту сыныптары мен жатақхана топтарын толтыру нормативтерін бекіту туралы» №8/ОД бұйрығы негізінде 24 сынып және 1 топты құрады.

Кесте 2. Оқу жылының басындағы сыныптар бойынша оқушылар саны (20.09.2023 ж. сәйкес)

| Сынып | Сынып-комплект саны | Оқушылар саны | Оқыту тілі | | Ақылы бөлімде |
|----------------|---------------------|---------------|------------|------------|-------------------|
| | | | қазақ | орыс | |
| 7 | 5 | 125 | 74 | 51 | 2 (қаз), 4 (орыс) |
| 8 | 6 | 142 | 91 | 51 | 3 (орыс) |
| 9 | 7 | 140 | 83 | 57 | 1 (қаз), 1 (орыс) |
| 10 | 2 | 32 | 18 | 14 | 1 (қаз), 1 (орыс) |
| 11 | 3 | 64 | 45 | 19 | |
| Барлығы | 23 | 503 | 311 | 192 | 13 |

Оқу жылы бойы 20 оқушы оқудан шықты, келген оқушылар саны-45.

Осылайша, 2023-2024 оқу жылының аяғында (2024 жылдың 31 мамырына) оқушылардың контингенті 523 оқушыны құрады, оның ішінде-12 оқушы ақылы бөлімде білім алады.

Кесте 3. Оқу жылының аяғындағы сыныптар бойынша оқушылар саны (31.05.2024 ж. сәйкес)

| Сынып | Сынып-комплект саны | Оқушылар саны | Оқыту тілі | | Ақылы бөлімде |
|----------------|------------------------|---------------|------------|------------|-------------------|
| | | | қазақ | орыс | |
| 7 | 7 | 159 | 96 | 63 | 2 (қаз), 2 (орыс) |
| 8 | 6 | 139 | 88 | 51 | 3 (орыс) |
| 9 | 7 | 139 | 81 | 58 | 2 (қаз), 1 (орыс) |
| 10 | 2 | 29 | 16 | 13 | 1 (қаз), 1 (орыс) |
| 11 | 3 | 57 | 41 | 16 | |
| Барлығы | 24 сынып, 1 топ | 523 | 323 | 200 | 12 |

Оқушылардың ұлттық құрамынан 427 оқушы қазақ ұлтын құрайды, үлесі- 81,6%.

Кесте 4. Оқу жылының аяғындағы сыныптар бойынша оқушылар саны (31.05.2024 ж. сәйкес)

| Сынып | Оқушылар саны | Ұлты | | | | |
|-------|---------------|-------|-------|-------|-------|------------|
| | | қазақ | өзбек | кәріс | татар | әзірбайжан |
| 7 | 159 | 125 | 34 | | | |
| 8 | 139 | 111 | 27 | 1 | | |

| | | | | | | |
|------------------|-----|------|------|------|------|------|
| 9 | 139 | 114 | 23 | | 1 | 1 |
| 10 | 29 | 25 | 4 | | | |
| 11 | 57 | 51 | 6 | | | |
| Барлығы, адам | 523 | 427 | 93 | 1 | 1 | 1 |
| Үлесі, % | 100 | 81,6 | 17,8 | 0,19 | 0,19 | 0,19 |

8. Оқушылардың академиялық үлгерімі және білім сапасы

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша сыртқы емтихан нәтижелерінің есебінсіз 82.57% пайызды құрады.

Кесте 5. 2023-2024 оқу жылының нәтижелері

| Тоқсан | Барлығы | Бір "4" | Бір "3" | Екі "3" | Үш және одан артық "3" | Бір "2" | Екі "2" | Үш және одан артық "2" |
|--------|---------|---------|---------|---------|------------------------|---------|---------|------------------------|
| 1 | 503 | 6 | 81 | 73 | 130 | 3 | 1 | 1 |
| 2 | 496 | 5 | 70 | 50 | 64 | 2 | 1 | |
| 3 | 526 | 21 | 62 | 70 | 45 | 0 | 0 | 0 |
| 4 | 523 | 23 | 98 | 92 | 58 | 1 | 0 | 0 |
| Жылдық | 523 | 16 | 56 | 40 | 15 | | | |

Кесте 6. Оқыту сатысы бойынша білім сапасы

| Оқыту сатысы | Жалпы | Стратегиялық көрсеткіш |
|-----------------------------|--------------|------------------------|
| Негізгі мектеп (7-10 сынып) | 84 | 85 |
| Жоғары мектеп (11 сынып) | 80.70 | 85 |
| Мектеп бойынша | 82.57 | 85 |

Негізгі және жоғары мектептегі білім сапасы стратегиялық көрсеткіштен төмен. 2 жыл ішіндегі білім сапасына салыстырмалы талдау.

Кесте 7. 2022-2023 оқу жылындағы параллельдер бойынша білім сапасының қарқыны

| № | Параллель | Жылына (%) |
|---|---------------|------------|
| 1 | 7 сыныптар | 84,25 |
| 2 | 8 сыныптар | 78,81 |
| 3 | 9 сыныптар | 87,8 |
| 4 | 10 сыныптар | 87,8 |
| | 7-10 сыныптар | 83,17 |

Кесте 8. 2023-2024 оқу жылындағы параллельдер бойынша білім сапасының қарқыны

| № | Параллель | Жылына (%) |
|---|-------------|------------|
| 1 | 7 сыныптар | 85.44 |
| 2 | 8 сыныптар | 76.98 |
| 3 | 9 сыныптар | 84.17 |
| 4 | 10 сыныптар | 89.66 |
| 5 | 11 сыныптар | 80.70 |

Екі жыл ішіндегі тоқсандар бойынша білім сапасына салыстырмалы талдаудан бірінші тоқсан нәтижелері төмен болатындығын көрсетеді.

2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша негізгі мектепті 29 оқушы, оның ішінде 8 оқушы үздік аттестапен аяқтады.

7-11 сыныптың 516 оқушысы оқу жылының қорытындысы бойынша келесі оқу жылына көшірді.

Оқу жылының қорытындысы бойынша академиялық үлгерімі бойынша 7 оқушы оқудан шығарылды.

9. Түркістан НЗМ 7 сыныбына оқуға үміткерлерді конкурстық іріктеуді жүргізу

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрағасының «Назарбаев Зияткерлік мектептерінде білім алу үшін үміткерлерді іріктеу конкурсын ұйымдастыру туралы» 21.09.2023 жылғы №324/НҚ бұйрығының жоспарына сәйкес іс-шаралар жүзеге асырылды.

2023 жылдың қараша-желтоқсан айларында конкурстық іріктеудің шарттарымен, мерзімдерімен, тапсырмалар мысалдарымен таныстыру мақсатында мектебіміздің қызметкерлері қалалық және ауылдық мекендердегі жалпы білім беретін мектептерге шығып, ДББҰ жіберген ақпараттық буклеттер таратты, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Бұл іс-шара аясында 4059 қатысушы, оның ішінде 3728 оқушы, 156 ата-ана, 175 мектеп қызметкерлері қамтылды.

2023 жылдың 18 қараша және 2 желтоқсан күндері мектебіміздің базасында 250-ге жуық 5-6 сынып оқушылары үшін пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «ашық есіктер» күндері өткізілді. Оқушыларға «физика», «химия», «биология» пәндерінен түрлендірілген эксперименттер көрсетіліп, акт залында «Kahoot» ойындары ұйымдастырылды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы (бұдан әрі - ДББҰ) Басқарма отырысының 2017 жылғы 29 қарашадағы №61 хаттамасымен бекітілген Назарбаев Зияткерлік мектептерінің 7-сыныптарына конкурстық іріктеуді ұйымдастыру және өткізу қағидаларына сәйкес, ДББҰ Басқарма отырысының 2021 жылғы 14 қазанындағы № 53 хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, ДББҰ «Педагогикалық өлшеулер орталығы» филиалы директоры Л.Турсынованың №09-04-01/641 03.11.2023ж. қызметтік жазбасы негізінде 2023 жылдың 23 желтоқсан, 2024 жылдың 20 қаңтар, 3 ақпан, 17 ақпан, 2 наурыз күндері 5 ақылы байқау тестілеуі өткізілді. Барлығы 521 оқушы қатысып, тестілеудің мүмкін болатын сұрақтарын көріп, нақты емтихан жағдайында тест тапсыруға мүмкіндік алды. Бұл іс-шарада мектебіміздің 22 қызметкерлері әкімгер, оператор, кезекшілер қызметтерін атқарды. Соған қоса, үміткерлер ДББҰ жасақтаған арнайы онлайн Веуім Сунақ мобильді қосымшасы арқылы өз үйлерінде байқау тестілеуден өтуге мүмкіндік алды.

2023 жылдың желтоқсан айында мектебіміздің <https://trk.nis.edu.kz/> сайтында конкурстық іріктеуге қатысуға қажетті барлық құжаттар тізімі (өтініш, сауалнама, Өркен грантын тағайындау конкурсын өткізу ережесі) жарияланды.

ДББҰ жоспарына және 2024 жылдың 19 желтоқсандағы 280/НҚ бұйрыққа сәйкес үміткерлердің құжаттарын қабылдау және конкурстық іріктеуді жүргізуді ұйымдастыру үшін қабылдау комиссиясы құрылды. 2024 жылдың 8 қаңтар және 10 ақпан аралығында 15 қызметкерден тұратын қабылдау комиссиясы 1363 үміткердің, оның ішінде 725 қазақ тілінде, 638 орыс тілінде оқитын үміткердің құжатын қабылдады, бұл көрсеткіш бойынша мектебіміз ДББҰ мектептері ішінен алдыңғы 10 мектеп қатарына енді. 1363 үміткердің ішінен 732-і Түркістан қаласынан, 300-і Түркістан облысынан, 266-і Кентау қаласынан, 42-і Шымкент қаласынан, қалған 23-і Алматы, Астана және басқа қалалардан келіп, құжат тапсырды.

2024 жылдың 18 наурызындағы 99/НҚ бұйрыққа сәйкес конкурстық іріктеу бойынша кешенді тестілеуге 42 аудитория қолданылып, 156 қызметкер жұмылдырылды, оның ішінде мүдделік туралы декларация толтырған 24 қызметкер мектебіміздің сыртқы территориясында кезекшілік қызметін атқарды.

2024 жылдың 28-29 наурызындағы кешенді тестілеуге барлығы 1334 үміткер, оның ішінде 1016 қазақ тілінде, 318 орыс тілінде оқитын үміткерлер қатысты. 29 үміткер белгілі бір себептермен емтиханға қатыса алмады.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуын төлеу үшін Қазақстан Республикасы Президентінің «Өркен» білім беру грантын тағайындау конкурсын өткізу ережесіне сәйкес 2024 жылдың 6 мамыр күнінде конкурс нәтижелері Зияткерлік мектептерге бөлінетін гранттар санымен бірге жұмыс органының интернет-ресурсында жарияланды. Жоғары және әр пәннен тиісті ұпай жинаған алғашқы 120 үміткер «Өркен» білім беру грантының иегерлері атанды. Сонымен қатар, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Басқарма шешімінің 2024 жылдың 6 маусымындағы № 30 хаттамасына сәйкес Түркістан қаласындағы НЗМ филиалына қосымша тізімнен 44 грант иегерлері бекітілді. Грант иегері аталған 164 үміткер ішінен, келесі жылдан бастап мектебімізде оқуға келісімдерін 152 үміткер берді, 12 үміткер гранттан бас тартты.

10. Виртуалдық және каникулярлық мектеп

2023 жылдың 9 қазан және 18 желтоқсан аралығында 6 сынып оқушылары, 2024 жылдың 26 наурыз және 14 мамыр аралығында 5 сынып оқушылары үшін математика, жаратылыстану, қазақ, ағылшын, орыс тілі пәндері бойынша онлайн виртуалды мектеп (*vs.nis.edu.kz*) ұйымдастырылды. Виртуалды мектептің тест қорытындысы бойынша 50% жоғары жинаған 151 оқушы каникулярлық мектепке жіберілді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ басқармасының 25.12.2020 ж. Шешімімен (№58 хаттама) бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ каникулярлық мектебінің жұмысын ұйымдастыру туралы» нұсқаулығының 17 тармағының 2-6 тармақшасына сәйкес, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрағасының «Қазақстан республикасы орта білім беру ұйымдарының 6 сынып оқушыларына Каникулярлық мектеп жұмысын ұйымдастыру» 12.12.2023 жылғы №450/НҚ бұйрығын орындау мақсатында 2024 жылдың 3-5 қаңтар, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқарма Төрағасының «Қазақстан республикасы орта білім беру ұйымдарының 5 сынып оқушыларына Каникулярлық мектеп жұмысын ұйымдастыру» 27.05.2024 жылғы №197/НҚ бұйрығын орындау мақсатында 2024 жылдың 3-7 маусым аралықтарында Түркістан қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің базасында Каникулярлық мектеп ұйымдастырылды.



Каникулярлық мектепте барлығы 117 бала, оның 70 – і қазақ, 47-і орыс тілінде оқыды. 57 мұғалім мен 8 куратор сабақты өткізуге қатыстырылды.

«Каникулярлық мектеп» бағдарламасы аясында қазақ тілі/орыс тілі-T1, қазақ тілі/орыс тілі-T2, математика, ағылшын тілі және жаратылыстану пәндері бойынша сабақтар өткізілді (оның ішінде география бойынша 2 сағат, химия бойынша 2 сағат, биология бойынша 2 сағат, физика бойынша 2 сағат). Бір топтың оқуы 30 сағатты құрады. Сабақ кестесі сағат 9.00-ден 15.10-ға дейін, яғни күніне 10 сағатты құрады.

Сабақтар кезінде оқушылар белсенді қатысып отырды және олар тапсырмаларды ерекше ынтамен орындады. Оқушылар осы тапсырмаларды орындай отырып білу, түсіну және талдау салыстыру дағдыларын дамытты. Оларға Назарбаев Зияткерлік мектептерінің негізгі құндылықтары айтылды. Оқушылар сабақ барысында өзін-өзі бағалау, жұптық және топтық бағалау арқылы шынайы білімдерін шыңдап, сабақтан алған әсерлері мен сабақтың жағымды жақтарымен бөлісті.



Оқушылардың тапсырманы орындап жатқан кездері



Сабақты түсіндіру кезеңі және әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар



Курс аяқталғаннан кейін барлық оқушыларға сертификаттар берілді.

11. Оқу нәтижелерінің мониторингі

2023-2024 оқу жылында оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг 2 рет өткізілді:

Бірінші мониторинг келесі кезеңде өткізілді:

- 2023 жылдың 25-29 қыркүйек аралығында 7-11 сынып оқушылары үшін математика пәнінен өткізілді.

Екінші мониторинг келесі кезеңде өткізілді:

- 2023 жылдың 2-6 қазан аралығында тілдер бойынша мониторинг өткізілді.

Үшінші мониторинг келесі кезеңде өткізілді:

- 2024 жылдың 15-19 қаңтар аралығында тілдер бойынша мониторинг өткізілді.

Төртінші мониторинг келесі кезеңде өткізілді:

- 2024 жылдың 22-26 қаңтар аралығында өткізілді.

12. Жазғы мектеп

Түркістан қаласындағы «химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының ұйымдастыруымен 2023-2024 оқу жылы соңында Жазғы мектеп 2024 жылдың маусымның 3-7 аралығында 7-9 сынып оқушылары үшін өткізілді. Жазғы мектепке қатысқан оқушылар саны 256, оның ішінде жатақхана оқушылары 79 оқушыны құрайды. Атап айтқанда:

- 7 сыныптан 117 оқушы 7 топқа бөлінді;
- 8 сыныптан 70 оқушы 4 топқа бөлінді;
- 9 сыныптан 60 оқушы 4 топқа бөлінді.

Жазғы мектеп аясында өтілген курстар келесідей:

| № | Мұғалімнің ТАӘ | Қызметі /сыныбы | Курс атауы |
|---|--------------------|----------------------|------------|
| 1 | Әбдібек Т.А. | Химия пәні мұғалімі | Химия |
| 2 | Тоқтамыс Н.Б. | Химия пәні мұғалімі | Химия |
| 3 | Jecinta Karinghiti | Химия пәні мұғалімі | Химия |
| 4 | Ақрам Д.А. | Химия пәні мұғалімі | Химия |
| 5 | Емелбекова М.О. | Физика пәні мұғалімі | Физика |
| 6 | Құсанова Н.Ш. | Физика пәні мұғалімі | Физика |

| | | | |
|----|-------------------|--------------------------------------|---|
| 7 | Нұралы А.Т. | Физика пәні мұғалімі | Физика |
| 8 | Каримов С.А. | Физика пәні мұғалімі | Физика |
| 9 | Берікбай А.Б. | Орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімі | Русский язык и литература |
| 10 | Шаймерденов Б.К. | Математика пәні мұғалімі | Математика |
| 11 | Керімжан Б.Б. | Математика пәні мұғалімі | Математика |
| 12 | Шарафидинов Д.Д. | Математика пәні мұғалімі | Математика |
| 13 | Асылханова Л.В. | Математика пәні мұғалімі | Математика |
| 14 | Әшір Қ.Б. | Математика пәні мұғалімі | Математика |
| 15 | Шаленова С.М. | Математика пәні мұғалімі | Математика |
| 16 | Базылқанова А.С. | Ағылшын тілі пәні мұғалімі | Ағылшын тілі |
| 17 | Иса С.Ә. | Ағылшын тілі пәні мұғалімі | Ағылшын тілі |
| 18 | Базарбаев Б.О. | Ағылшын тілі пәні мұғалімі | Ағылшын тілі |
| 19 | Мирзахметова М.Ә. | Ағылшын тілі пәні мұғалімі | Ағылшын тілі |
| 20 | Нұртаза А.Н. | Ағылшын тілі пәні мұғалімі | Ағылшын тілі |
| 21 | Қожахмет Б.Б. | Ағылшын тілі пәні мұғалімі | Ағылшын тілі |
| 22 | Жанжигитова Г.Б. | Ағылшын тілі пәні мұғалімі | Ағылшын тілі |
| 23 | Жаңабекқызы С. | Биология пәні мұғалімі | Биология |
| 24 | Тастемирова А.Б. | Биология пәні мұғалімі | Биология |
| 25 | Ибадолла Н.Қ. | Тарих пәні мұғалімі | Әлемге саяхат |
| 26 | Жунусхожаев А.Т. | Өнер пәні мұғалімі | Экоарт |
| 27 | Есенбай А.Ж. | География пәні мұғалімі | Елтану |
| 28 | Ақынбекова Г.О. | Тарих пәні мұғалімі | МЭСК Қазақстан тарихы |
| 29 | Сеитов Е.М. | География пәні мұғалімі | Кәсіпкерлік және бизнес негіздері |
| 30 | Турбеков Ы.Б. | Информатика пәні мұғалімі | Информатика |
| 31 | Орынбасаров Г.К | Информатика пәні мұғалімі | Информатика |
| 32 | Бейсенбекқызы Ә. | Тарих пәні мұғалімі | МУН |
| 33 | Аманбаева А.М. | Ағылшын тілі пәні мұғалімі | МЭСК ағылшын тілі |
| 34 | Miroslav Curcic | Ағылшын тілі пәні мұғалімі | МЭСК ағылшын тілі (шетелдік маманмен) |
| 35 | Болат А.Ү. | Педагог-ұйымдастырушы-куратор | «Менің өмірімдегі мақал – мәтелдер» жобасы аясында кураторлық сағат |
| 36 | Истыбаева Б.Ж. | Педагог-ұйымдастырушы-куратор | |
| 37 | Космаилова Б.С. | Педагог-ұйымдастырушы-куратор | «Уикипедия» жобасы аясында «Таңдаулы мақалалармен» танысу |
| 38 | Алтыбаева Ж.А. | Педагог-ұйымдастырушы-куратор | «Қазақ әндері» жобасы аясында караоке |
| 39 | Балтабаева С.М. | Педагог-ұйымдастырушы-куратор | «Ұлы дала ақындары, Замандастар жырлары» жобасы аясында кураторлық сағат |
| 40 | Марипова М.Ш. | Педагог-ұйымдастырушы-куратор | |
| 41 | Турежанова А.Қ. | Медициналық қызметкер | «Жазғы маусымдық аурулар», «Табиғатқа шыққанда кенден сақ бол» тақырыбында тренинг сабақ |
| 42 | Төлеманова С.Қ. | Медициналық қызметкер | |
| 43 | Арынбаева Ж.М. | Педагог-психолог | «Секреты общества: Как дружба влияют на нас» тренинг-урок «Мотивация и успех: Как добиться своих целей» тренинг-урок |
| 44 | Боранқұл Р.И. | Педагог-психолог | |

| | | | |
|----|-----------------|----------------------|--|
| | | | «Кедергісіз қарым-қатынас: Сөйлеу және тыңдау өнері» тренинг сабақ |
| 45 | Сүгірбаева Г.Ә. | Жатақхана тәрбиешісі | «Жүннен картина жасау» үйірмесі |
| 46 | Жәнібек Н.Е. | Жатақхана тәрбиешісі | «Language Learn» үйірмесі |
| 47 | Биләл Ұ. | Жатақхана тәрбиешісі | «Алтын ине» үйірмесі |
| 48 | Абдукахар А. | Жатақхана тәрбиешісі | «Сикырлы моншақ» үйірмесі |

Қорытынды:

- Жазғы мектеп аясында химия пәні курсы шетелдік мұғаліммен өткені оқушыларға ұнады. Олар тек теория емес, практикаға негізделген, лабораториялық жұмыстарды өздері жасап, пәнге қызығушылықтарын арттыра отырып, тілдік дағдыларын дамытты;
- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында үйірмелер мен тренинг-сабақтар және жобалар аясында кураторлық сағаттар өткізілді. Олар сурет салу, караоке айту, қолдан түрлі әшекей бұйымдар жасау арқылы уақытын қызықты өткізді;
- Оқушылар академиялық пәндік білімдерін тереңдетуге және келесі сыныптың NIS Programme бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелерімен танысуға мүмкіндік алды.
- Ұсыныстар:
- Ақылы негізде өтетін Жазғы мектепке келетін оқушылардың санын көбейту;
- Ақылы негізде өтетін Жазғы мектеп курстарын креативті ұйымдастыру;
- Оқушылардың болашағын дұрыс жоспарлау үшін, кәсіби бағдарына арналған курстар қосу;
- Ақысыз негізде өтетін Жазғы мектепте шығармашылық, STEAM/STEM бағытындағы курстарды ұйымдастыру;
- Түркістан облысы және қала аумағындағы жалпы білім беретін мекемелердің 5-6 сынып оқушыларының Назарбаев Зияткерлік мектебіне түсуге талпынысын күшейту мақсатында арнайы курстар ұйымдастыру;
- Шетелдік мұғалімдердің курстарын жергілікті педагогпен емес, жеке ұйымдастыру



13. NIS Engineering (Lego Mindstorm, Arduino Uno)

Lego Mindstorm

2023-2024 оқу жылында мектебімізде Lego Mindstorm клубы сәтті жұмыс істеп, оқушыларға робототехника мен бағдарламалауды үйренудің бірегей мүмкіндіктерін ұсынды. Бұл есепте атқарылған жұмыстар қорытындыланып, қол жеткізілген нәтижелер сарапталып оқушыларға кері байланыс берілді.

Үйірменің негізгі мақсаттары робототехника сабағы арқылы оқушылардың ғылым мен техникаға қызығушылығын арттыру. Оқушыларда сыни тұрғыдан ойлау, шығармашылық және ынтымақтастық сияқты 21 ғасырдағы негізгі құзыреттерді дамыту.



Үйірме барысында 7-9 сынып оқушылары белсенді қатысты. Lego арқылы оқушылар робот құрастырып, оны бағдарламап және конкурскка дайындықтарын жүргіздік. WRO-2024 олимпиадасына дайындық үшін робототехника бойынша жұптық тапсырмалар берілді.



Облыстық деңгейде “WRO-2024” робототехника жарысы өткізілді. Төрт категориядан тұрған сайысқа №5 Мақтаарал мектеп-гимназиясы, Маржан Тасова атындағы №12 мектеп-интернаты, В. Комаров атындағы №7 жалпы білім беретін мектеп, Түркістан NIS мектебі атынан командалар қатысты. Сайыс ережесі бойынша қабысушылар әр категория бойынша роботтардың кедергілерден өту, заттарды бір нүктеден екінші нүктеге қозғалту секілді әрекеттерді орындау шеберліктері бағаланды. Ал шығармашылық номинацияда қатысушылар өздерінің инновациялық жобалары мен өнертабыстарын ұсынды.

Қала мектептерінің жас өнертапқыштарын басын қосқан сайыс барысы тартысты өтті. Жарыс соңында сайыс қорытындысы бойынша әділ-қазылар алқасының шешімімен үздіктер анықталып, арнайы сертификаттармен марапатталды:



Robomission - senior категориясы бойынша "PRIME Командасы" 1-орын иеленді. (Түркістан NIS мектебі)

Robomission - junior категориясы бойынша "Мақтаарал Robotics" командасы 1 орын иеленді. (№5 Мақтаарал мектеп-гимназиясы)

Robomission - junior категориясы бойынша "Qmax" командасы 2 орын иеленді. (Robomekter.kz)

Robomission - junior категориясы бойынша "Seytzhn team" командасы 3 орын иеленді. (Маржан Тасова мектеп-интернаты)

Robomission - elementary категориясы бойынша "RoboRangers" командасы 1 орын иеленді. («Общеобразовательная школа №7 имени В.Комарова»)

Future innovators - senior категориясы бойынша "Tobe NIS" командасы I орын иеленді. (Түркістан NIS мектебі)

Future innovators - senior категориясы бойынша "Afeya" командасы II орын иеленді.

Future innovators - senior категориясы бойынша "Terra kit" командасы I орын иеленді.

Future innovators - junior категориясы бойынша Амидулла Назерке, Лесова Альбина 1 орын иеленді.

Arduino Uno

2023-2024 оқу жылында мектебімізде Arduino Uno үйірмесі сәтті жұмыс істеп, оқушыларға электроника және микроконтроллерлерді бағдарламалау негіздерін үйренуге бірегей мүмкіндіктер берді. Үйірменің негізгі мақсаты оқушылардың инженерлік ойлау қабілетін, шығармашылық қабілетін, сонымен қатар электроника және бағдарламалау саласындағы практикалық дағдыларын

дамыту болды. Бұл есепте атқарылған жұмыстар қорытындыланып, қол жеткізілген нәтижелер сарапталып, келесі жылға арналған жоспарлар белгіленді.

Үйірменің негізгі мақсаттары электроника және бағдарламалау сабақтары арқылы оқушылардың ғылым мен техникаға қызығушылығын арттыру. Оқушыларда сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық құзыреттерді дамыту. Әртүрлі электронды құрылғыларды әзірлеуге және жасауға бағытталған жобалық іс-шараларды ұйымдастыру.

Жыл бойы оқушылармен келесі жобалармен жұмыс істеді:

- Arduino негізіндегі модульді үй;
- Ақылды үй жобасы: Arduino микроконтроллерлері мен мобильді қосымшаның көмегімен тұрмыстық техниканы басқару жүйесін құру;
- A-SIA робот, жасанды интеллект арқылы басқарылатын робот;
- Ауыл шаруашылығына арналған Дрон-Afeya.

14. Халықаралық емтихан нәтижелері

2023-2024 оқу жылында мектебімізден жеті оқушы «IELTS» емтиханын тапсырды. Орташа балл 6,5 болды, бұл орташа көрсеткіш және оқушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейінің жеткілікті екендігін көрсетеді. Алайда оқушылардың нәтижелерді «IELTS» емтиханын ең төменгі баллы – 6,0 және ең жоғары балл – 7,5.

Емтихан нәтижелеріне сүйене отырып, ең төменгі көрсеткіш келесі бөлімдерде байқалатынын атап өтуге болады:

- Жазылым: орташа балл 5,4;
- Сөйлеу: орташа балл 5,6.

Бұл нәтижелер оқушылардың жазу және сөйлеу дағдыларын дамытуға көп көңіл бөлу керектігін көрсетеді. Оқушылардың осы салаларда жақсаруына көмектесу үшін қосымша сабақтар мен жеке кеңестер енгізу жоспарда бар.

15. Жоғары оқу орындарына түсу

Қазақстан Республикасы мектептері бітіруші сыныптарының (10-12 сыныптар) оқушылары арасында «Smart City» республикалық инновациялық ғылыми жобалар конкурсында Гайдаенко Алихан (III орын) және Рахманбердив Сардорбек (III орын) Astana IT University гранты иегерлері атанды. Бұл ғылыми жобалар сайысын ұйымдастырудың негізгі мақсаты - оқушылардың шығармашылық қабілеттерін және ақпараттық технологиялар саласындағы білімге деген қызығушылығын анықтау және дамыту.

V. Табысты даму

16. Оқушылардың көшбасшылығын дамыту

Жобаның мақсаты: Балалардың білімге құштарлығын арттыру, өзін – өзі басқару жұмысына жетелеу, ұжымдық жауапкершілікті сезіне білуге қалыптастыру. Оқушының дүние танымын, жан – жақты ойлау қабілетін, ой – өрісін дамыту, көп ізденуге, бірін – бірі тыңдап, өз ойын еркін айтуға дағдыландыру. Оқушылардың мектепке деген құрмет сезімін ояту, «Өзін – өзі басқару әліппесін» меңгеру, болашақта мемлекет тұтқасын ұстайтын ұрпақты отан сүйгіштікке тәрбиелеу.

Бағыты: Қоғамдық

«Өзін-өзі басқару» ұйымының жобасында:

- 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;
- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
- 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;

- 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
- 6) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
- 7) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.

Жоба бойынша есеп



Қыркүйек айында оқушылар арасында өзін-өзі басқару ұйымының президенттігіне үміткерлеріне қойылатын талаптары мен міндеттері жайлы толық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектеп президентін іздеу афишалары барлық әлеуметтік желілерге хабарландырылды.

[Түркістан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі өз ПРЕЗИДЕНТІН іздейді! Өзін-өзі басқару ұйымының президенттігіне үміткер оқушыға... | Instagram](#)



Бірінші кезеңде 8 үміткер өздерін таныстырып, болашақ көшбасшы ретінде мектептің дамуына қосар өз үлестері мен атқарар жобаларын ұсынды. Үміткерлер өз кезегінде қызығушылықтары мен жетістіктерін, алдағы жоспарларын ортаға салып, мектеп дамуына және үздік көрсеткіш көрсетуде нәтижелі жұмыстар атқаратынын жеткізді. Жоспарларын тыңдаған комиссия мүшелері үміткерлерге ұсынған жобаларына қатысты сұрақтар қойып, ашық пікірлерін жеткізді. Комиссия шешімі бойынша 8 үміткер ішінен мектеп көшбасшысы болуға 3 кандидат Аружан Жарылқап, Алпамыс Сартай, Жеңіс Кертайды лайықты деп танылды.

[Мектеп президенттігіне үміткерлер іріктелді Түркістандағы NIS-те мектеп көшбасшылығына үміткерлер бойынша іріктеу өткізілді. Жалпы NIS...](#)

Іріктелген 3 үміткер екінші кезең дебатта тақырыпқа сай пікірлерімен бөлісіп, өз бақтарын сынады. Айтылған пікірлерге үміткерлер арасында сұрақтар қойылды. Комиссия мүшелері дебат соңында кемшіліктерді, іске асыруға болатын жоспарларды түртіп өтті.

Жоба жетекшілері:

**Зубайдулла Жансая Нұржанқызы
Әнеш Айсұлу Мұхтарқызы**



Қазан айында мектепте өткен сайлауға дауыс беру оқушылар мен мұғалімдер арасында ұйымдастырылды. Дауыс берушілер саны - 490. Арнайы жасақталған сайлау учаскесінде тіркелушілер мен бақылаушылар сайлаудың әділ өтуін қамтамасыз етті. Жалпы мектеп көшбасшысы атануға 3 кандидат өздерін ұсынып, 9 «С» сынып оқушысы Жеңіс Кертай, 11 «В» сынып оқушысы Аружан Жарылқап, 11 «К» сынып оқушысы Алпамыс Сартай өз бақтарын сынады. Барлығы сайлауалды бағдарламаларында мектеп өмірін жақсартуға және оқушылардың дарындылығын, шығармашылық және креативті ерекше қабілеттерін ашуға бағытталған жаңалықтар енгізуді көздейді.

Сайлаудағы дауыс беру нәтижесі бойынша президенттікке үміткерлер арасынан 11 «К» сыныбының оқушысы Алпамыс Сартай 211 дауыс жинап, алдыңғы қатарға шықты. Оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуы үшін түрлі активитилер мен мектепішілік жарыстарды ұйымдастыру, сонымен қатар спорттық шараларға басымдық беруде көптеген жұмыстар атқаруды жоспарлаған 11 «К» сынып оқушысы Алпамыс Сартай үздіктердің ішінен оза шауып, мектеп президенті атанды.



NIS жүйесінің барлық педагог мамандары үшін айтулы оқиғаға айналған дәстүрлі «Үздік жыл мұғалімі-2023» байқауына мектебіміздің қазақ тілі пәні мұғалімі Дархан Шыңғысты III орын иеленуіне байланысты жоба мүшелері құттықтау видеосын түсірді.

[🎉 «Шыңғыс ағай, лучший» 🌟 Үздік ұстазымызға мектеп ұжымынан үздік құттықтау! filmed by @alpa.sartay | Instagram](#)



Кезекті видео құттықтау Астана қаласындағы Халықаралық мектепті 10 жылдық мерейтойына түсірілді. Видеоға ерікті оқушылар, мұғалімдер ат салысты.

[🎉 Түркістандағы NIS Астана қаласындағы Халықаралық мектепті 10 жылдық мерейтойымен құттықтайды! | Instagram](#)

2023-2024 оқу жылында мектепте «Вокал», «Хореография» және «Домбыра» үйірмесі жұмыс жасады.

1. Білім көкжиегіне ұмтылған оқу ордамызда салтанатты түрде алғашқы қоңырау соғылды. «Білімді ұрпақ-кемел болашақ бастауы» атты тақырыппен бастау алған салтанатты жиын барысы мемлекеттік әнұранмен басталып, мектеп директоры Айдын Тусупжанов алғысөз сөйлеп,



Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері адалдықты және өзіне сену қасиеттерін ояту мақсатында бөлімдік жиынтық бақылау, тоқсандық жиынтық бағалау кезінде академиялық адалдықты сақтау үшін оқушылардың бұзу барысындағы кездесетін жағдаяттарды видео арқылы жеткізді

[Академиялық адалдық! Құрметті зияткерлер, тоқсандық жиынтық бағалау кезінде академиялық адалдықты сақтайық! Академическая... | Instagram](#)



Ұйымның бастапқы мүшелері де көп ұзамай анықталды. Мектеп вице-президент – Аружан Жарылқап, PR және Event министрі – Ақбота Еркін, ғылым және білім министрі – Мансұр Тұрарбек, спорт және тәртіп министрі – Жеңіс Кертай, экология және еріктілер министрі – Бірханым Сапар, сыртқы байланыстар министрі – Сардорбек Рахманбердиев.

[👉 Өзін-өзі басқару ұйымы Мектептің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерімен таныс болыңыздар! ➡ | Instagram](#)



Мектебіміздің өзін-өзі басқару ұйымының оқушылары барша зияткерлерді I тоқсанның аяқталуымен көңіл – күй сыйлау барысында видео құттықтау түсірді.

[Happy Holidays! 😊 👉 Барша зияткерлерді I тоқсанның аяқталуымен құттықтаймыз! Демалыс уақытын тиімді өткізуде сіздерге сәттілік тілейміз! 6 қ... | Instagram](#)



Мектеп қызметкерлері мен ұйым мүшелері мектебімізде баскетболдан өтетін желілік спартакиадаға Павлодар, Петропавл, Өскемен, Атырау қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептерінен келген тренер мен оқушыларды күтіп алды.

Сонымен қатар, қаламыздың көрікті жерлерін таныстыру барысында жәдігерлерге толы «Ұлы дала елі» орталығы, орта ғасыр сәулетінің жауһары, ЮНЕСКО-ның әлемдік мұра тізіміне енген - Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, XII ғасырда салынған ортағасырлық діни сәулет құрылыстарының бірі «Қылуат» жер асты мешіті мен кесене маңындағы айрықша архитектуралық ескерткіш, жартылай



жер астына салынған күмбезді құрылыс - «Шығыс моншасы», «Президент» саябағы және «Керуен Сарай» ойын-сауық кешенін аралады.



Павлодар, Петропавл, Өскемен, Атырау қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері арасындағы баскетбол ойынынан өтетін желілік спартакиаданың аймақтық кезеңінің ашылу салтанатында өз үлестерін қосты.

[!\[\]\(c3d993ca47bfe2a953c700506ce31fa0_img.jpg\) Спартакиада қатысушылары сан ғасырлық тарихы бар рухани шаһардың тарихымен танысты Желілік спартакиадаға қатысатын Павлодар, Петропавл, ... | Instagram](#)



Түркістандағы NIS-те баскетболдан желілік спартакиада бастау алды.

Түркістандағы NIS-те Павлодар, Петропавл, Өскемен, Атырау қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері арасындағы баскетбол ойынынан өтетін желілік спартакиаданың аймақтық кезеңінің ашылу салтанаты өтті.

[!\[\]\(17413706fd4997a1a4bdf85c6864eee1_img.jpg\) Түркістандағы NIS-те баскетболдан желілік спартакиада бастау алды Түркістандағы NIS-те Павлодар, Петропавл, Өскемен, Атырау... | Instagram](#)



оқушылар мен мектеп ұжымын, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтап болған соң, мектебіміздің өнерпаз оқушыларының қатысуымен концерттік бағдарламаға ұласты. Концерттік бағдарламада хореография үйірмесінің қыздары «Шаттық» қазақ биі мен «I'm the best» заманауи билерін көрсетті.



Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері мен мектебіміздің еріктілер тобы 5-6 сынып оқушылары мен ата-аналары үшін мектеп бойынша кампус-тур жасап, мектебіміздің тыныс-тіршілігімен таныстырып өтті.

[🗨️🌟Түркістан NIS жарқын эмоциялар сыйлайды! Бүгін Түркістандағы NIS шаңырағында 5-6 сынып оқушылары мен ата-аналарының басын қосқан ашық... | Instagram](#)



Жоспар бойынша қараша айында «Өзін-өзі басқару ұйымының» ұйымдастырылуымен 7-11 сыныптар арасында өткізілген «үстел теннисі» сайысы өтті. 7-8 сыныптар арасында жоғары деңгей көрсетіп, 1 орынды – 8 «В» сыныбының оқушылары, 2 – орынды 8«D» сынып оқушылары, ал 3 – орынды 8 «А» сыныбының оқушылары қанжығасына байлады. 9-11 сыныптар арасында үздік нәтиже көрсетіп, 1 – орынды иеленген 11 «В» сынып оқушылары, 2 – орынды 9 «L» сыныбының оқушылары ал 3 – орынды 11 «К» сынып оқушылары иеленді.

[Table tennis - flashback | Instagram](#)

[Бүгін мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастырылуымен өткізілген үстел теннис сайысының нәтижелерімен таныс болыңыздар 🇰🇿 7-8... | Instagram](#)



ТЖБ жұмыстарының басталуына орай мектеп оқушыларына академиялық адалдықты сақтаумен қатар, сауатты, көркем жазу да ТЖБ бағасына әсер ететінін еске салу мақсатында түсірілген видеороликті ұсынды.

[Сауатты, көркем жазу - жақсы баға кепілі ✓ Уважаемые учащиеся! В связи с началом итоговой недели, хотим напомнить вам, о важности... | Instagram](#)



<https://www.instagram.com/p/CwpL2hRtVP/?igsh=MXU0Mm51NjA4MXBzdQ==>



2023 жылдың 7-8 желтоқсан күндері Ақтөбе қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «**You lead – іргелі істер бастамасы**» көшбасшылар форумы» өтті. Форумға әр мектептің президенттері, вице-президенттері және жетекшілері қатысты.

[📌 ✓ КӨШБАСШЫЛАР ФОРУМЫ 📌 Күрметті оқушылар, ұстаздар, қызметкерлер мен ата-аналар!](#)

[📍 Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының өзін-өзі ба... | Instagram](#)

[🚀🌐 Ақтөбедегі NIS форумның құрметті қонақтары мен қатысушыларын қарсы алуда Біздің көшбасшылар форумы Қазақстанның түкпір-түкпірінен... | Instagram](#)

[💡 Экспресс-шеринг успешных проектов и достижений Первый день форума запомнился для всех экспресс-шерингом, где лидеры школ делились... | Instagram](#)

[🎭 NIS көшбасшылары театрда Қазақстанның түкпір түкпірінен келген Зияткерлік мектеп көшбасшылары Т.Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма... | Instagram](#)



Өзін-өзі басқару ұйымы мүшелерінің ұйымдастыруымен мектебімізде оқушыларына арналған алғашқы қысқы бал өтті. Қысқы балға кіру ақысы ақылы болды, жиналған қаражат спорт залын безендіру мен ойындарға арналған сыйлықтар алуға жұмсалды.

[Қысқы бал болады! Иә-иә, достар сіздер дұрыс түсіндіңіздер! Біз жылдың ең айтулы да ең жарқын іс-шарасын жариялауға дайынбыз! 🎉 Күні:... | Instagram](#)

[WINTER BALL 2023 21.12.2023 | Instagram](#)



Мектеп қызметкерлері мен өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен және ата-аналар қолдауымен «Жаңа жыл 2024: Армандар орындалады» қайырымдылық мерекелік ертеңгілікке әлеуметтік жағдайы төмен, мұқтаж отбасылардың 30 баласы шақырылып, жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастырылды.

[Зияткерлер ордасында балалар шыршасы өтті. Мектеп оқушылары дайындаған "Жаңа жыл 2024: Армандар орындалады" қайырымдылық ертеңгілігі... | Instagram](#)

2. Ұлт болашағы, бүгінгі ұрпақ үшін еңбек етіп жүрген ұлағатты ұстаздардың кәсіби мерекесіне орай оқу ордамызда «**Ұстаз деген – жарық күні ғаламның**» тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Концерт барысында мектебіміздің «Хореография» үйірмесінің оқушылары «Сакура» корей ұлтының биі мен «Only girls» рок н ролл билерімен өнер көрсетті. «Вокал» үйірмесінің оқушылары «Ұстазым» әнін орындады.



«Өзін-өзі басқару» ұйым мүшелерін кеңейту мақсатында «TEDx» форматында міндетті, жұмысты түсіндіру. Қаңтар айын ұйым жақсы жаңалықпен бастады. Әр министрлікке команда жиналатынын хабарлады. Командаға қосылудың міндеттерін, жолдарын анық атап көрсетті. Сонымен қатар Ақтөбе қаласынан өздеріне түйген ойлары мен идеяларымен бөлісті.

[NIS Turkistan](#) | [NIS TRK Talks](#) алаңында өзін-өзі басқару ұйымының көшбасшылары [Жалпы NIS жүйесінде өзін-өзі басқару ұйымының негізі ретінде... | Instagram](#)
[STUDENT COUNCIL](#) | [Всем привет, друзья! Мы к вам с радостной новостью](#) [Команда самоуправления школы в поисках активных учеников, желающих внести свой вклад ... | Instagram](#)

Ғылым және білім министрі - Тұрарбек Мансұр 7-8 сынып оқушыларына кестедегі тәрбие жобалар уақытында академиялық адалдықты сақтау жайлы айтып өтті. Мектебізге жаңадан келген оқушылардың адалдық сақтауы мектеп үшін емес, келер болашаққа да әсер ететінін ескерте отырып, бұзған жағдайдағы қолданылатын шараларды тізді.

Ғылым және білім министрі - Тұрарбек Мансұр және оның жаңа командасының ұйымдастырылуымен «NIS Challenge» интеллектуальдық ойыны еркін тақырыптарда өткізілді. Ойын 6 раундтан және 7 команданың қатысуымен өтті.

[STUDENT COUNCIL](#) | [Уважаемые учащиеся 7-11 классов Назарбаев интеллектуальной школы города Туркестан! Мы приглашаем вас принять участие в захватывающем... | Instagram](#)
[STUDENT COUNCIL](#) | [Интеллектуальная игра «NIS CHALLENGE» | Instagram](#)
[STUDENT COUNCIL](#) | [Дорогие учащиеся! Сегодня между 7-11 классами прошла интеллектуальная игра «NIS Challenge» Хотим напомнить, что в этой интеллектуальной... | Instagram](#)



Спорт және тәртіп министрі - Кертай Жеңіс және оның командасы оқушылар арасында «Counter Strike 1.6» ойынын ұйымдастырды. Барлық командалар саны 9 және әр команда құрамында 5 адам болды. 1 орынды 9 «М» сынып оқушыларынан құралған «AFK» командасы алды. [STUDENT COUNCIL | Briefly about yesterday's competition 🤖 | Instagram](#)
[STUDENT COUNCIL | 30 қаңтар сіздер үшін Counter Strike 1.6 ойыны өткізілді 🤖](#) Барлық командалар саны 9 және әр команда құрамында 5 адам болды. [🤖 Ойын... | Instagram](#)
[STUDENT COUNCIL | Есть ли среди нас геймеры 🤖](#) Если да, то этот пост для вас [🤖 30 января специально для вас пройдет соревнование по Counter strike 1.6 в а... | Instagram](#)



Түркістан қаласындағы «химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы «Өзін-өзі басқару» ұйымы мен Түркістан «Білім-инновация» лицей-интернатының 9-10 сынып оқушылары арасында өткізілген баскетбол ойыны бойынша жолдастық кездесуі өтті. [STUDENT COUNCIL | Завтра\(уже в эту пятницу\), пройдет соревнование по баскетболу мужской сборной. Приглашаем вас всех посмотреть и поболеть за наших ребят... | Instagram](#)



Түркістан қаласындағы «химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы «Өзін-өзі басқару» ұйымы мен Түркістан «Білім-инновация» лицей-интернатының 7-8 сынып оқушылары арасында өткізілген футбол ойыны бойынша жолдастық кездесуі өтті. [NIS Turkistan | 🤖🏆🤖 Екіжақты жоспарға сәйкес, өткен апта Түркістан қаласындағы “Білім-Инновация мектеп-интернаты” мен NIS арасында 7-8 сыныптың ұл бала... | Instagram](#)

Түркістан қаласы және облысы аумағында орналасқан тірек мектептердің өзін-өзі басқару ұйымы көшбасшылары үшін “Community for Leadership 4.0” атты Форумы ұйымдастырылды. Жоспар бойынша ашылу және жабылу салтанаты, Teambuilding «Team Synergy», Express sharing (Ұйым президенті мен үйлестірушілер өз мектептеріндегі үздік жобаны таныстырады), «Quiz, please» интеллектуалды ойыны, ситуациялық кейстарды талқылау сияқты іс-шаралары өтті. [2024 жылдың 1 наурызы күні Түркістан қаласындағы «химия-биологиялық бағыттағы](#)



[Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында өтетін облыс және... | Instagram](#)

[NIS Turkistan | Түркістан облысы және қаласында орналасқан мектептердің 40-қа жуық көшбасшылары қатысқан “Community for Leadership 4.0” форумы... | Instagram](#)

[NIS Turkistan | “Community for Leadership 4.0” форумына қатысқан көшбасшыларға алғыс білдіреміз және алдағы уақытта жоғары жетістіктерге жетулеріне... | Instagram](#)



8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күніне жоба мүшелері қыздар үшін құттықтау бейнебаянын түсірді. Өздері шығарып, өздері салған ән оқушы қыздарымызға ұнады.

[FORWARD TEAM - ҰНАЙДЫ МАҒАН 8 НАУРЫЗ \(КЛИП ПАРОДИЯ\) - YouTube](#)



«Өзін-өзі басқару» жобасының мүшелері 7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне арналған ерекше құттықтау бейнебаяны түсірілді.



Түркістан қаласындағы «химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы мен Түркістан «Білім-инновация» лицей-интернатының оқушылары арасында өткізілген волейбол ойыны бойынша жолдастық кездесуі өтті. [УВУРАЙ УЛТҒУ Қ МЕКТЕБІ ТҮРКЕСТАН | ВОЛЕЙБОЛ ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗДЕСУ... | Мектепшілік волейбол жарысы 2024 жылдың 17-сәуір күні Түркістан “БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ” лицейінде мектеп... | Instagram](#)



Мемлекет басшысының тапсырмасымен бастау алған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы мектебімізде жоба мүшелерімен жалғасын тапты. Қоршаған ортаға ұқыпты қараудың маңыздылығын көрсетіп қана қоймай, Қазақстан үшін жасыл болашақты құруға өз үлестерін қосты.

[NIS Turkistan | Мемлекет басшысының тапсырмасымен бастау алған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы Түркістан қаласындағы NIS мектебінде д... | Instagram](#)



<https://www.instagram.com/p/CyDtqJhN-hJ/?igsh=MW1hdWltaGljZjNjeg==>

3. Шаңырақ оқушылар қауымдастығының таныстырылымында «Хантағы» шаңырағы оқушылары «Әлқисса» күйін орындады.



<https://www.instagram.com/p/CyieVcNYou/?igsh=MXdlYjlqYnh4d2xrMw==>

4. Түркістандағы NIS-те Павлодар, Петропавл, Өскемен, Атырау қалаларындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері арасындағы баскетбол ойынынан желілік спартакиаданың аймақтық кезеңі болып өтті. Спартакиаданың ашылуында «Спорт» биі орындалды. Ойын арасындағы үзілістерде үйірме оқушылары «Чирлидинг» бағытында өнерлерін көрсетті. Спартакиаданың кешкі демалыс уақытында «Вокал» үйірмесінің оқушылары «Әлия» әні желісі бойынша көңілді кеште көрініспен қатар «Әлия» әнін орындады.



<https://www.instagram.com/p/CzAwmP2t7jj/?igsh=anpkYWZvY296bDg=>

5. Өнерлі зияткерлерден құралған «DIAMOND» би тобы Түркістан қалалық Оқушылар сарайында өткен қалалық заманауи би бағытындағы «Dance battle» би байқауында топ жарып жүлделі 1 орынға ие болып, жеңімпаз атанды.



<https://www.instagram.com/p/C0dykQfNq-k/?igsh=MXhqd3dtZGp4aG9pMQ==>

6. Тәуелсіздік мерекесіне орай «Асқақтай бер, айбынды Қазақстан» концерттік бағдарламасы ұйымдастырылды. Мерекелік кеш өнерлі зияткерлердің, яғни «Хореография» үйірмесі оқушыларының «Батырлар» биімен ашылды. Әрі қарай «Вокал» үйірмесі оқушыларының «Тәуелсіз елім» әні жалғасын тапты. Және де әр түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық билерінен құралған «Достық» би композициясы ұсынылып, іс-шараның соңын «Домбыра» үйірмесінің оқушылары «Балбырауын» күйімен аяқтады.



<https://www.instagram.com/p/C04LMDjNM25/?igsh=MXI4a29pdTVocnpqdA==>

7. Өскемен қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі ұйымдастырған «Күй cover» аспаптық онлайн желілік байқауына оқу ордамыздың «Домбыра» үйірмесі оқушылары да қатысып «Қазақ күйлерінен поппури» орындады.



8. «100 күйдің тарихы» жобасы аясында «Хантағы» шаңырағы «Домбыра» үйірмесінің оқушылары "Ерке сылқым" күйінің шығу тарихын айтып түсіндіріп, күйді орындау арқылы видеоролик түсірді.



<https://www.instagram.com/reel/C1JsiudIXfW/?igsh=NTYzOWQzNmJjMA==>

9. «100 күйдің тарихы» жобасы аясында күй атасы «Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығына орай «Бір күйдің тарихы» тақырыбы аясында Түркістан қалалық «Ақжайық» өнер мектебінің «Жетіген» сыныбымен бірлесе отырып ашық сабақ өткізілді. Ашық сабақ жалпы жас ұрпаққа қасиетті күйдің құдіретін түсіндіру мақсатында оқушыларға күйшілік өнер мен шығармаларды және олардың шығу тарихымен таныстыру мақсатында ұйымдастырылды. Ашық сабақтың кіріспе бөлімінде «Аспаптарды тап» ойыны ойнатылды. Екінші бөлімінде оқушылар мен ұстаздарға Құрманғазының «Түрмеден қашқан», «Кісен ашқан», «Ертең келем», «Аман бол шешем аман бол», «Қайран шешем», «Сарыарқа», «Балбырауын», «Адай» т.б күйлерінің шығу тарихы таныстырылып сонымен қатар қағыс иірімдерін көрсете отырып орындалды. Үшінші бөлімінде домбыра аспабымен қатар қазақтың ұлттық аспабы жетіген аспабымен де зияткер оқушыларымыз таныс болды. Ашық сабақ барысында «Ақжайық» өнер мектебінің шәкірттері мен ұстазы «Көңіл толқыны» күйінің шығу тарихымен таныстырып жетігеннің әдемі әуенімен ойнап көрсетті. Сонымен қатар Үкілі Ыбырайдың «Балқадиша» әнін жетіген аспабымен сүйемелдеп орындап берді. Сабақ соңында бірлескен мектеп оқушылары мен ұстаздарына сыйлықтар таратылып суретке түсу рәсімімен аяқталды.



<https://www.instagram.com/p/C0qay5Et0Yf/?igsh=MWlvNzFzcnN6ejdpdA==>

10. Ел тәуелсіздігін ұлықтау мақсатында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарында жыл сайын дәстүрге айналған Ұлы дала мұрагерлері «Домбырашылар флешмобы» өткізілді. Флешмобқа мектебіміздің домбыра үйірмесі

оқушылары мен мұғалімдері қатысты. Шара барысында Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сұлқым» күйі, Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын» күйі және халық күйлері «Нәр ағашы», «Келіншек» күйлері орындалды.



<https://www.instagram.com/reel/C03wngMNRQj/?igsh=MTB0OHQ4ZWlyMWQ2Zg==>

11. «Жаңа жыл 2024: Армандар орындалады» тақырыбымен зияткерлер ордасында Жаңа жылдық балалар шыршасы өтті. Көңілді кеш барысында кеш қонақтарына арнап мектебіміздің өнерлі оқушылары ән айтып, биден шашу шашты. Қайырымдылық ертеңгілігінде «Хореография» үйірмесінің оқушылары «Classic style» заманауи биін орындады.



<https://www.instagram.com/reel/C1KRqPJtwlw/?igsh=bmZhMWI5amMyems2>

12. «Мектептің жүрегі-тәрбие тірегі» атты тәрбие бөлімі қызметкерлерінің апталығының ашылуы болып өтті. Апталық барысында «Домбыра мұра-күй қазына» тақырыбында өткізілген таңғы шашуда мектеп оқушылары мен мұғалімдері Күй өнері жайлы мағұлматтармен таныс болып, өздеріне қойылған күйшілер жайлы ақпараттарды айтумен және күйлердің шығу тарихын еске түсіре отырып, «Аспаптарды тап» ойынына қатысып ұлттық аспаптар жайлы тереңірек тани түсіп, ең соңында күй тартысқа қатысып сыйлықтар алды.



<https://www.instagram.com/p/C29xxPmNg45/?igsh=MXBncmpjN213YWVIZQ==>

13. Қоғамға қызмет жобасы аясында Түркістан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеметтік бағдарламалар басқармасының арнаулы кәсіптік колледжі коммуналдық мемлекеттік мекемесімен өзара серіктестік туралы МЕМОРАНДУМ негізінде Кентау арнаулы колледжіне барып концерттік бағдарлама қойды. Бағдарламалық көңілді кеште мектебіміздің «Вокал» үйірмесінің оқушылары «Мәңгілік ел» әнін орындап, хореография үйірмесінің оқушылары «Шаттық» биін және «Dance Mix» билерін орындады.




<https://www.instagram.com/reel/C4H8L3xtIma/?igsh=MXVIM2R2bHhqMmxzaw==>

14. «Әлем математика тілімен бейнеленген» Математика апталығында вокал үйірмесінің оқушылары орындаған Математика әніне хореография үйірмесінің оқушылары (uptown funk) би қойылымын көрсетті.



<https://www.instagram.com/p/C3hMkontefS/?igsh=MWo1NwVjZjZudW5ueQ==>

15. «Community for Leadership 4.0» көшбасшылар форумын «Хореография» үйірмесінің оқушылары «Шашу» биі, «The best» заманауи биін биледі. «Вокал» үйірмесінің оқушылары «Welcome to Turkistan» әнін орындады.



<https://www.instagram.com/reel/C4FtJPatVyJ/?igsh=MwV3MDhlczczb2lyNw==>

16. Мектепшілік ата-аналар комитеті төрағаларының жиынында қонақтарды күтіп алу мақсатында Домбыра үйірмесінің оқушылары мектеп фойесінде күйлерден «Поппури» орындады.



<https://www.instagram.com/reel/C39jqpet1QF/?igsh=MTcza3E4dTNyaGwxZg>

17. 8-Наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай ұйымдастырылған «Әлем асылы-сұлулар» атты мерекелік кеші өтті. Іс-шара барысында тақырыпқа сай ән-билер көрініс тапты. «Вокал» үйірмесінің оқушылары «Ана туралы жыр», «Сұлу бойжеткен», «Мама» әндерін орындап, «Хореография» үйірмесінің оқушылары «Қыз ғұмыры» биін биледі. Мерекелік кеште «Домбыра» үйірмесінің оқушылары Бауыржан Ақтайдың «Алаш аманаты» күйін орындаумен іс-шараны аяқтады.



<https://www.instagram.com/reel/C4Nkt3at84y/?igsh=OHhydnl0dDN1d2p5>

18. Тараз қаласындағы ФМБ НЗМ-де өткен желілік кіші футбол спартакиада кезіндегі «Vi Battle» жарысына оқушыларымыз қатысып, Gran Prix жеңімпазы атанды.



19. 20 Наурыз-ұлттық спорт күні атап өтіліп, таңертеңгі флешмобтан бастау алып, 22-Наурыз Ұлыстың Ұлы күніне орай ұйымдастырылған «Төрлет, төл мереке аз- Наурыз» мерекелік іс-шарасында «Вокал» үйірмесінің оқушылары «Наурыз» әнін орындап, «Домбыра» үйірмесінің оқушылары «Күй тартыс» өнерін көрсетті. Хореография үйірмесінің оқушылары «Көктем» биін билеп, «Джигити» лезгинка биін биледі. Республикалық «Күй күмбірі» домбырашылар флешмобы челленджіне Қ.Сағырбайұлының күйлерінен және басқа да күйлерді орындау арқылы қолдау көрсетті.



<https://www.instagram.com/reel/C4xEANON7-N/?igsh=cWwxcThpcmFvdmJm>

<https://www.instagram.com/reel/C4xEANON7-N/?igsh=bGozN2tpdTZxbnBv>

<https://www.instagram.com/reel/C4vAH0utJbC/?igsh=MXI1OXYzc3RmaHUy>

20. 23 сәуір-Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай «Кітап әлемді бағындырады» акциясы өткізілді. Іс-шара барысында «Хореография» үйірмесінің қыздары Заманауи бимен өнер көрсетті.



<https://www.instagram.com/reel/C6LDJH3NZTP/?igsh=dXBvZGZkeG43MzVj>

21.1-мамыр "Қазақстан халқының бірлігі" күніне орай "Шанырақ" оқушылар қауымдастықтары арасында "Бірлігіміз жарасқан" атты флешмоб сайысы өткізілді. Сайыс барысында шаңырақтар қазақ, өзбек, орыс, түрік, үнді, араб, сыған, ұйғыр, кавказ, испан, корей және т.б ұлттарының билерінен қойылым көрсетіп, сайысқа түсті. Түрік ұлтының биін билеген «Тұран» шаңырағы жеңімпаз атанды.



<https://www.instagram.com/reel/C6a7QRKN3d9/?igsh=MXJla29nbmNxOW5uMg==>


22. «Ерлер - елдің тұтқасы» 7 мамыр Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр Жеңіс күніне мерекелеріне орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шарасында мектеп өнерпаздары «Вокал» үйірмесінің оқушылары «Алия», «Ана туралы баллада», «Сарбаздар» әнін орындап, «Хореография»

үйірмесінің оқушылары «Журавли», «Катюша» билерін билеп, «Домбыра» үйірмесінің оқушылары «Ер Тұран» күйімен мерекелік іс-шараны аяқтады.



<https://www.instagram.com/reel/C6oWLWBNzud/?igsh=MWV1bGR6NDNrMHI1>

23. WRO 2024 Робототехника Олимпиадасының аймақтық кезеңі іріктеуін домбырашылар «Балбырауын күйімен ашты.



<https://www.instagram.com/reel/C7qgYLDNIeS/?igsh=MW81MHV5ZW1mYm1sbw==>

24. Домбыра үйірмесінің оқушыларының қатысуымен «**Бір күйдің тарихы**» тақырыбында жылды қорытындылау сабағы өткізілді. Сабақ барысында 100 күйдің тарихы жобасы аясында берілген қазақ күйлерінің тарихынан сыр шертіліп, «Ерке сылқым», «Көроғлы», «Секіртпе», «Алаш аманаты», «Балбырауын», «Көңіл толқыны», «Ата толғауы» күйлерінен үзінділер орындалды. Сабақты қорытындылау барысында «Келіншек», «Нәр ағашы», «Ер Тұран» күйлері орындалды.



<https://www.instagram.com/reel/C7qhFw3tldO/?igsh=bmQwamg4MHU4eXBi>

25. «**Мектебім, саған мың алғыс**» тақырыбында соңғы қоңырау салтанаты өткізілді. Іс-шара барысында «Вокал» үйірмесінің оқушылары «Елбасы», «Мектебім» әндерін орындады, «Хореография» үйірмесінің оқушылары «Арулар» қазақ биі, «Мектебім» билерін билесе, «Домбыра» үйірмесінің оқушылары «Ер Тұран» күйін орындады.



<https://www.instagram.com/reel/C7qhYzRNmy8/?igsh=MT15bXViZHU1NDc1bA>

«Қоғамға қызмет» жобасы

Жобаның мақсаттары: білім алушылардың сана сезіміне адамгершілікті сіңдіріп, бойларына қоғамға қажеттілікті деген қажеттілікті сезіндіру. Мұнымен қоса, қайырымдылық сияқты адами құндылықтарды ұялатып, оқушылардың өмірге деген белсенді ұстанымын қалыптастыру.

Бағыты: Рухани-адамгершілік тәрбие

Жобаның негізгі міндеттері:

1. Қоғамға қызмет ету қабілеттерін дамыту;
2. Ерікті болуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында шеберлік сағаттарын өткізу;
3. «Мейірімді жүрек» жобасының іске асуына оқушылардың белсенділігі арқылы ықпал ету.

1. «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Алтын күз» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті.

Түркістандағы Зияткерлік оқу ордасында «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Алтын күз» атты қайырымдылық жәрмеңкесі өтті. Шара барысында оқушылар өз шаңырақтарының өнімдерін жарнамалап, би билеп жәрмеңкеге көңілді күйде атсалысты. Ал, күз мезгілі мен шара атауына сәйкес безендірілген арнайы бұрыш жәрмеңкеге ерекше көрік берді.

Әр шаңырақтың оқушылар қауымдастығы түрлі азық-түлік тағамдары мен қолөнер бұйымдарын ұсынуда белсенді түрде атсалысты. Айта кетейік, жәрмеңкеден жиналған қаражат қайырымдылыққа жұмсалады. Сондай-ақ, қаражатты жұмсау барысында ашықтық принципі сақталады. Жалпы жиналған қаражат қорытындысы бойынша жоғары үлес қосқан шаңырақ бірлестігі арнайы марапатқа ие болады.





2. Түркістандағы NIS оқушылары «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмін тамашалады.

«Қазақстан» телерадиокорпорациясы түсірген «Міржақып. Оян, қазақ!» көркем фильмді Түркістандағы NIS оқушыларымен қоса бірқатар мектеп қызметкерлері және ұстаздар тамашалады. Еске сала кетейік, мектепте өткен «Алтын күз» қайырымдылық жәрмеңкесінің қорытындысы бойынша ізгі істер жасау бойынша жоғары үлес қосқан «Ордабасы» шаңырақ бірлестігі мен бірқатар мектеп қызметкерлері отандық кинопрокаттағы фильмді көруге жолдама алған болатын.

Фильм Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлы өмірінің 1909-1935 жылдардағы кезеңін қамтиды. Міржақыптың «Оян, қазақ!» кітабының жарыққа шығуы, «Бақытсыз Жамал» романының жазылуы, революциядан кейінгі жылдардағы, ашаршылық кезіндегі қоғамдық-саяси қызметі, Қызылорда, Семей, Мәскеудің әйгілі «Бутырка» абақтысындағы жылдары және жан жары Ғайнижамалмен махаббат хикаясы фильмде кезең-кезеңімен баяндалады.

«Қазақстан» телерадиокорпорациясы түсірген «Міржақып. Оян, қазақ!» телехикаясының негізіндегі толықметражды көркем фильм 21 қыркүйектен бастап еліміздің барлық кинотеатрлар желісі арқылы үлкен экрандардан ұсынылған болатын.

Сериал режиссері – Мұрат Есжан. Телехикая өткен жылы «Qazaqstan» арнасының эфирінен және YouTube желісі арқылы орыс, ағылшын тіліндегі субтитрлермен ұсынылып, үлкен аудиторияның қызығушылығына ие болды.

2023 жылғы тұңғыш «Наурыз» ұлттық телесериалдар байқауында «Үздік сериал» атанды.



3. «Шаңырақ» оқушыларының «Ордабасы мен Отырар» оқушылар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Қоғамға қызмет» жобасы аясында «Тәуелсіздік мұрагерлері» тақырыбында қала тұрғындарына сауалнама жүргізілді. Сауалнаманың негізгі мақсаты «тәуелсіздік» сөзінің мәні мен мағынасын ұғындырып, оның қалай келгендігі туралы ақпаратты жаңғырту. Өткен күндерге бір серпіліс жасау. Тарихтың қалтарысында қалмау үшін, сол бір ызғарлы желтоқсандағы аға-әпкелер ерлігін насихаттап, өскелең ұрпаққа паш ету.

Жоба аясында оқушылар өз шаңырақтарының «Тәуелсіздік мұрагерлері» тақырыбында қала тұрғындарынан сауалнама алды. Қатысушының бәріне тәуелсіздіктің дәмін сезіндіру үшін, сый ретінде Қазақстан шоколадын ұсынды.

Мұнымен қоса, тәуелсіздік тақырыбында қатысты сұхбат жүргізілді. Өткен күннің парағы қайта оқылып, естеліктер еске түсірілді. Көкіректі мақтаныш кернеп, олармен бірге еліміздің әнұраны бірге айтылды.



4. «Оқжетпес», «Атамекен» шаңырақ оқушылар қауымдастығы мен ата-аналардың ұйымдастыруымен «Қоғамға қызмет» жобасы аясында 4 мұқтаж отбасыға «азық-түлік кәрзеңкесі» сыйланды. «Игі істер марафонын» жүргізудегі мақсатымыз оқушыларды мейрімділікке, қамқорлыққа баулу. Бүгінгідей нарықтың қыспағына ілінген, алмағайып заманда күн көру деңгейі төмен шаңырақтарға көмек қолын созып, қарлығаштың қанатымен су сепкендей жасалған әркеттің өзі ұлттық болмысымыздың тамырын терендетеді. Адам бойында адамгершілік сезімді оятып, мейрімділіктің туын желбіретері хақ.

Осындай игі бастаманы, тек бір белгілі жоспар немесе тек бір белгілі есеппен ғана жүргізбей, алдағы уақытта ұлттық деңгейдегі атқарылар игілікті істің бастамашысы болсақ дегенде инициетіміз де бар.



5. "Жаңа жыл 2024: Армандар орындалады" қайырымдылық мерекелік ертеңгілікке мұқтаж отбасының 30 баласы шақырылып, жаңа жылдық сыйлықтар берілді.

Акцияның мақсаты – мұқтаж отбасының 30 баласына мейірім шуағын төгу және жаңа жылда мерекелік көңіл-күй сыйлау. 11 сынып оқушылары Гайдаенко Алихан, Алимбай Мейіржан, Садық Бексұлтанның қолдауымен тәтті сыйлықтар берілді.


Ата-аналар мен балалар қуанышқа бөленіп, мектебімізге алғыстарын айтты. Ал, сыйлықтар табыстау барысында мерекелік көңіл-күй сыйлап, түрлі кейіпке еніп, ойындар ұйымдастырушыларға олар тіптен разы. Жаңа жылда мәз-мейрам болып, бір жасап қалды десе болғандай.



6. Түркістандағы Зияткерлік оқу ордасында «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының ұйымдастыруымен «Қоғамға қызмет» жобасы аясында мектеп оқушылары Алғыс айту күнін мектептің кіші қызметкерлеріне ерекше лебіздері мен жасап жүрген қызметтерін бағалап, алғыс айтуға арнады. Мұнымен қоса, "Шаңырақ" оқушылар қауымдастықтары мектебіміздің кіші қызметкерлерлері, асхана, күзет бөлімінде іс атқаратын азаматтардың жұмысына үзіліс кезінде қолғабыс жасалып, алғыс сөздері жазылған тәттілер таратылды.



7. "Қоғамға қызмет" жобасы аясында оқу жылы басынан мектеп ата-аналары мен "Шаңырақ" оқушылары бастауымен жүзеге асып келе жатқан "Игі істер марафонының" кезекті қайырымдылық шарасы ұйымдастырылды. Наурыз айында "Игі істер марафонын" ұйымдастырушылар қатарынан "Арыстанды" және "Тұран" шаңырақтары табылды. Ата-аналар қаламыздың әлеуметтік аз қамтылған екі отбасысына азық-түлік кәрзеңкелерін жасады. Оқушылар мұқтаж отбасыларға осылайша қол ұшын созу арқылы айналаға қамқор, мейірімді болуды ұғынуға мүмкіндік алды.





8. "Ордабасы" мен "Отырар" шаңырақтарының ата-ана оқушыларымен мұқтаж отбасыға азық-түлік, көмір, отбасындағы бала-шағаға киім сыйға берілді.



9. "Қоғамға қызмет" жобасы аясында Түркістан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының арнаулы кәсіптік колледжі коммуналдық мемлекеттік мекемесімен арнайы дайындалған бағдарламалар өткізіліп, өзара серіктестік туралы меморандумға қол қойылды, мекеме тәрбиеленушілеріне сый-сияпат жасалынды.





10. Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Түркістан аумақтық балалар арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен өзара серіктестік туралы меморандумға қол қойылды, мекеме тәрбиеленушілеріне арнайы қуыршақ театры қойылып, балақайларға көптеген дамытушы ойыншықтар сыйлыққа ұсынылды.



11. «Қоғамға қызмет» жобасы аясында мектебіміздің оқушылары мен ұстаздары Кентау қаласындағы Түркістан облысы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының арнаулы кәсіптік колледжі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне барып, колледж студенттері үшін қызықты кеш ұйымдастырды. Кеш барысында Түркістан NIS мектебінің оқушылары мен колледж студенттері бірге ән шырқап, ойын ойнап, әртүрлі тақырыпта әңгіме-дүкен құрып, өзара ой бөлісті. Бұл сапар ерекше эмоциялар тудырған тәжірибе болды, өмір сүруге, әр минутқа қуануға, жаңа биіктерге ұмтылуға және басқаларға өз армандарына жетуге көмектесуге деген ұмтылысты күшейте түсетін кездесу болды.



18. Психологиялық қолдау

Ұйымдастыру-әдістемелік тұрғыда мектептің психологиялық қызметінің қызметі бекітілген жылдық жоспарға және педагог-психологтардың міндеттеріне сәйкес құрылды. Жұмыстың негізгі мақсаты оқушылардың жеке әлеуетін ашу, төзімділікті дамыту, оқуға және алдағы емтихандарға оң мотивация жасау, сондай-ақ тұлғалық және әлеуметтік даму бұзылыстарының себептерін анықтау және алдын алу болды.

Жұмыстың негізгі бағыттары дәстүрлі – кеңес беру, психодиагностика, түзету және тәрбиелеу болды.

Психологиялық қызмет келесі міндеттерді шешеді:

- Педагогикалық процесте туындайтын қиындықтарды және олардың психологиялық себептерін анықтау; оларды жою және алдын алу бойынша ұсыныстар әзірлеу.
- Психологиялық-педагогикалық ағартушылық білімді насихаттауды жүргізу. Жеке қарым-қатынастарды басқару процесіне қатысу және ұжымда жағымды қарым-қатынастарды қалыптастыру.
- Оқушыларға және олардың ата-аналарына (занды өкілдеріне), мұғалімдерге, тәрбиешілерге және білім беру ұйымының басқа да қызметкерлеріне психологиялық көмек көрсету.
- Педагогикалық ұжымға оқушыларды оқыту және дамыту процесін оңтайлы жүргізуге көмектесу.
- Қашықтықтан оқыту кезінде балалардың жеке тұлғасының асоциалды дамуын болдырмау үшін заманауи психологиялық құралдарды пайдалана отырып, шаралар жүйесін жүргізу.
- Жеке түзету бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру, жеке тұлғаның өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға, тұлғалық өсуге жетелеуді белсендіру арқылы әлеуетін дамыту.

Жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

Ұйымдастыру-әдістемелік және топтық жұмыстар

- жаңадан келген ұжыммен, оқушылармен танысу, бейімделу кезеңінде бақылау, қолдау көрсету, іс-шаралар өткізу;
- директордың орынбасарларымен, педагог-ұйымдастырушы-кураторлармен, тәрбиешілермен бірлескен жұмыс формаларын әзірлеу;
- психологиялық қызметтің жұмысын жоспарлау.

Жас өрендерді бірлікке жетелеген teambuilding

Жаңа оқу жылының басталуының алдында жаңа зияткер оқушылардың бейімделу апталығы өткізілді. Жаңа ортаға бейімделу барысында жас өрендер үшін психологиялық тренинг ұйымдастырылды. «Симфониялық коллаборация: Бірге жұмыс істеу дағдыларын дамыту» атты тренингте 7 сыныптар қызықты ойындар ойнап, сыныптастарымен бірге жақын танысуда жаңа ортаға бейімделе түсті.

Тренинг барысы оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлаған психологиялық ойындардан басталды. Тренинг барысында арт терапиялық техникалар қолданылды, оның ішінде бір шеңберге топтасқан оқушылар жұп болып бір-бірінің портреттерін салуда, жағымды ойларымен бөлісті. Оқушылар берілген тапсырманы орындау барысында өзара ортақ көп нарселері бар екенін, топтық ойында өз сыныптастарынан бөлек басқа сыныптармен көңілді таныстық алаңы болғанын жеткізді.

Жас зияткерлерді достыққа жетелеген бұл teambuilding сессиясы оқушылардың жаңа ортаға бейімделу кезінде психологиялық қолдау көрсетті.



<https://www.facebook.com/share/ajQP6UWAHp1eBUuv/?mibextid=WC7FNe>

«Калейдоскоп» ойыны достыққа жетелейді

Түркістан NIS-тің жас зияткерлеріне арналған «Калейдоскоп» үлкен психологиялық ойыны 7 сыныптар үшін зияткерлік білім ордасына және жаңа ортаға бейімделуде сәтті бастама болды. Бүгінде 7 L сыныбының оқушылары аталған ойынды ойнап, оқу процесі мен сыныптастарымен жақындасып, жаңа ортаға бейімделе түсті.

Ойын мақсаты - әлеуметтік жағдайларда өзін-өзі бақылау қабілетін дамыту, өзінің іс-әрекеттеріне талдау жасау, ұжымды біріктіру және эмоционалды ахуалды тудыру. Жалпы бұл тренинг ұстаздардың оқушыларға оқу процесінде қолданылатын арнайы ойын болып табылады.

Ойын барысы орындықтардан жасалған шеңбер ішінде бір тығыз топқа жиналудан басталып, берілген түрлі-түсті шыны тәріздес қағаз бөлшектерге өз арман мақсаттарын жазуда сынып калейдоскобын құрастырумен жалғасты.

Калейдоскоптың түрлі өрнектерін біріктіруде оқушылар өзара ортақ көп нарселері бар екенін, берілген тапсырманы орындауда жеке, жұптық, командалық жұмыстың маңызды екенін түсінді.

- Бұл ойынға қатысуда мен көпшілік ортада қысылмай өз ойымды ашық білдіруді үйрендім. Сонымен қатар, сыныптастарымды жақыннан танып білуде өзара ортақ қызығушылықтарымыз бар екенін біліп, қатты қуандым. Ойын барысында тек көңіл көтеріп қана қоймай топ-топқа бөлініп, бір-бірімізді қолдап, тыңдауды үйрендік.

Оқушыларға психологиялық қолдау көрсетуде оң әсерін берген «Калейдоскоп» үлкен психологиялық ойыны жаңа ортаға бейімдеумен қатар жас зияткерлерді достыққа жетеледі.



<https://www.facebook.com/share/NCBuVkJwHbDhb9BL/?mibextid=WC7FNe>

Ұстаздармен көңілді teambuilding

Мектеп ұстаздары үшін кәсіби мереке қарсаңында мектептің педагог-психолог мамандары мұғалімдерге арнап түрлі спорттық және психологиялық ахуалды жақсартуға арналған ойындарды көңілді тимбилдинг ұйымдастырды.

Мектеп ұстаздары бүгін бейресми форматта үлкен спорт алаңында бас қосып, атаулы мерекені шат-шадыман көңіл-күйде қарсы алды.

Оқу ордасының сүйікті ұстаздарын бір алаңға жинаған teambuilding, Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің бірлігін айқындайтын ерекше көріністерге толы болып өтті. Көңілді teambuilding сәтінен арнайы бейнероликте көрсетілген.

https://www.instagram.com/reel/CyDmBultwP/?utm_source=ig_web_copy_link

Спартакиадаға қатысушылар арасындағы көңілді teambuilding

Түркістандағы NIS шаңырағы астында Атырау, Петропавл, Павлодар, Өскемен өңірлеріндегі Назарбаев Зияткерлік мектептерінің спартакиадаға қатысушыларын басын қосқан тимбилдинг ерекше эмоцияларға толы болды.

Еліміздің солтүстігі мен оңтүстігі және батыс пен шығыс өңірлерінің зияткерлері үшін өзара таныстыққа арқау болған спорттық тимбилдинг барысы достыққа жетелеген бірлік алаңына айналып үлгерді.

Сондай-ақ, зияткерлерге спартакиада кезінде орын алатын түрлі жағдайлардың алдын-алу мақсатында техника қауіпсіздігінің нұсқаулығы таныстырылды. Өз кезегінде мектеп директоры Айдын Тусупжанов Түркістандағы NIS шаңырағына алғаш рет келген спартакиада қатысушыларына құттықтау тілегін білдіріп, алдағы желілік сайыста үздік нәтиже көрсетуде зияткерлердің барлығына сәттілік тіледі.

Көңілді тимбилдингтен кейін спартакиада қатысушылары рухани астананың сан ғасырлық тарихын қамтитын экскурсияға аттанды.



<https://www.facebook.com/photo.php?fbid=344656521412983&set=a.168341339044503&type=3&mibextid=WC7FNe>

I тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы өтті.

Түркістандағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде I тоқсан қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы өтті. 5 күн бойы өткізілген басқосуға барлық сыныптардың ата-аналары жиналып, мектеп директоры Айдын Тусупжановпен бірге оқушылардың оқу үлгерімдері жайында сұрақтар қойылып, тоқсандық қорытынды бағалау нәтижелері талқыланды.

Мәжіліс залындағы басқосуда директор ата-аналар тарапынан келген ұсыныстар мен сұраныстарды тыңдап, мектеп қауымдастығы үшін Зияткерлік оқу ордасының әрбір білім алушысының оқу үлгерімі басты назарында екенін атап өтті.

Сонымен қатар, 7 сыныптардың ата-аналарына мектептің педагог-психолог маманы Жанна Арынбаева NIS жүйесінде отбасы құндылықтарын дәріптейтін «Берік отбасы» жобасының құрылымын таныстырып, ата-аналарға белсенді қатысуға шақырды. Сондай-ақ, «Кәмелет жасқа толмағандар арасында деструктивті іс-әрекеттің алдын алу» тақырыбында ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізуде оқушылардың психологиясына әсер ететін факторларды атап өтті.

Ата-аналар мәжіліс залындағы басқосудан кейін, пән мұғалімдерімен жеке жолығып, балаларының оқу үлгерімі мен тәртібі жайлы ақпарат алды.

Айта кетейік, жиналысқа бетпе-бет қатысуға мүмкіндігі болмаған ата-аналар аталған басқосуға мектептің Youtube-тағы ресми каналынан тікелей трансляция арқылы қатысты.



<https://www.facebook.com/share/oyMRXGsWbCAskT22/?mibextid=WC7FNe>

7 сынып оқушыларына «Өзіңмен бол және басқалармен бірге өмір сүр» атты элективті курс жүргізілді.

Зияткерлік оқу ордасында жыл басынан бері 7 сынып оқушыларының адаптациядан жеңіл өтуіне «Өзіңмен бол және басқалармен бірге өмір сүр» атты элективті курсы жүйелі түрде жүргізіледі. Курс мақсаты – оқушылардың дербестігін, өз іс-әрекетіне жеке жауапкершілікті, мәселені шешу дағдылары мен бейімдік мінез-құлқын дамыту арқылы олардың тұлғалық құзіреттіліктерін дамыту.

Аталған бағдарлама бағдарламасы жасөспірімдердің өзін айқындауға, нақты эмоциялары және психологиялық жай-күйімен жұмыс істеуге, мінез-құлық әрекеттерінің қайталануы мен оларды еңсеру жолдарын білуге, перспектива мен өзгерістерді енгізу жұмыстарына бағытталады.

Курс барысында зияткерлер берілген тақырып бойынша проблемадан шығу жолдарын қарастырып, мәселеге негативті тараптан емес, позитивті көзқараспен қарауда дұрыс шешім қабылдай білуді меңгерді.



<https://www.facebook.com/photo.php?fbid=357023870176248&set=a.168341342377836&type=3&mibextid=WC7FNe>

«Y-PEER» волонтерлық ұйымымен кездесу өтті

Түркістандағы NIS-те «Youth Peer Education Network» (Y-PEER) волонтерлық ұйымымен «Жастарды жыныстық және репродуктивті денсаулық, гендерлік теңдік, зорлық-зомбылық және алдын-алу мәселелері бойынша ақпараттандыру» тақырыбында басқосу өтті.

Жыныстық және репродуктивті денсаулықты сақтау мақсатында өткізілген кездесуге 8-9 және 10-11 сынып оқушылары қатысты.

Еліміздегі UNFPA ұйымының (ЮНФПА, Біріккен Ұлттар ұйымының қоры) еріктілер тобы мектеп оқушыларына ер мен әйелдің жыныстық ерекшеліктері, ағзадағы дамуы мен кезеңдері, жыныстық қарым-қатынас, жүктілік, ер мен әйелдің «жыныстық жауапкершілігі» және оқушылардың қоғамдағы құқықтары туралы талқылады. Басқосуда оқушылар тақырыпқа сай толғандырған сұрақтарын қойып, тиімді ақпараттар алды.

Айта кетейік, «Y-PEER» волонтерлық ұйымымен салауатты өмір салт мен көшбасшылық тақырыптары аясында алдағы уақытта арнайы тренингтер өз жалғасын табады.





<https://www.facebook.com/share/GjPMWJxB6Sqm9CrV/?mibextid=WC7FNe>

«Art corner» өнер бұрышында зияткерлерге психологиялық қолдау көрсетілді
Түркістандағы NIS-те келер апта тоқсан бойынша жиынтық бағалау апталығының басталуына байланысты мектеп психологтары «Art corner» өнер бұрышын ұйымдастырды.

Аталған өнер алаңының оқушыларға берер маңыздылығы – көркем әдістерді қолдану кезінде шектен тыс толқу, алаңдаушылықты және айналасындағы әлемге сенімсіздікті азайтып қана қоймай, сонымен қатар өзіне деген сенімділікті арттырып, табысты болуға, соған байланысты жағымды әсерлерді сезінуге мүмкіндік алу.

Нәтижесінде балалар көрнекі құралдарды пайдалана отырып, вербалды емес деңгейде эмоцияларын еркін және саналы түрде білдіре алды.





<https://www.facebook.com/photo.php?fbid=364281296117172&set=a.168341342377836&type=3&mibextid=WC7FNe>

«Берік отбасы» жобасы бастау алды.

Түркістандағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде NIS жүйесіндегі ауқымды жобалардың бірі, отбасы құндылықтарын дәріптейтін «Берік отбасы» жобасы бастау алды. 35-тен астам елде өз тиімділігін дәлелдеген «Берік отбасы» халықаралық жобасы 2018 жылдан бері Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жүзеге асырылуда. Жоба мақсаты – адам өміріндегі ең маңызды құндылықтарға – отбасы құндылығын сақтауға, ата-аналарға/қамқоршыларға балаларына қолдау көрсете білуді, күн тәртібін бұзбай, бала тәрбиесімен айналысуға икемдеуді, сонымен қатар балалардың болашаққа деген сенімін арттырып, олардың ата-анасымен жақсы қарым-қатынас орнатуына жол ашу, жасөспірімдерді күйзеліспен күресуге және құрдастары тарапынан болатын қысымды жеңіп шығуға тәрбиелейді.

17.10 – 29.12.2023ж. аралығында 7А, 7В сыныптарында алғашқы топтарында бағдарлама іске асырылып басталды. Бағдарламаға жалпы 14 отбасы қатысты. Бағдарламаның «Махаббат пен шектеу» тақырыбындағы бірінші бөлімінде ата-аналар және оқушыларға тренер ретінде мектептің педагог-психолог мамандары Жанна Арынбаева мен Раушан Боранқұл және педагог-ұйымдастырушы-кураторлар Алима Болат пен Айсұлу Әнеш жобаның мазмұны және әдіс-тәсілдері жайлы толық түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Шара барысында ата-аналар мен оқушылар бөлек кабинеттерде орналасып, тренерлермен бірге бағдарламаның мазмұнымен танысып, тапсырмалар орындады. Зияткерлер де, өз кезегінде тренерлермен бірге пікірталастар өткізіп, сергітетін ойындар ойнап, арнайы жаттығуларды орындады.

Ата-аналар отырған сессияда бағдарлама туралы ақпараттар, көрнекі роликтер және өмірден алынған түрлі жағдаяттар жиналған арнайы бейнематериалдар ұсынылды. Видеороликтерде бейнелеген түрлі жағдаяттарды ата-аналар өз бастарынан кешкен оқиғалармен байланыстырып, қатал және қатал емес ата-ана болу, махаббат пен шектеу қоя білу, мәселені шешу жолында өз пікірлерін ортаға салды.

Отбасы құндылықтарын дәріптейтін «Берік отбасы» жобасының екінші бөлімінде қатысушылар отбасы ағашын құрастырды. Екінші бөлім «Отбасы құндылықтары және тәртіп», «Ата-ананы құрметтеу» тақырыптарына арналды.

Ата-аналар жиналған сессияда тренерлер жобаның бірінші бөлімінен кейінгі бір аптада қандай өзгерістер орын алғаны жөнінде және балаға шектеу қоюда қандай әдістер мен ережелер қолданғаны жайлы сұрақтар қойып, кері байланыс орнатты.

Тренинг барысында ата-аналарға арнайы тақырыптардағы бейнероликтер көрсетіліп, сол жағдаяттар туралы бір-бірімен әңгімелесіп, тәжірибе алмасуда балаларының бойындағы өзгерістер туралы айтылды. Осы тұста тренерлер ата-аналардың ойларын тыңдауда баланың меңгеруі қажет маңызды талаптарды тізім бойынша жазып, ата-аналар өз отбасылық ережелерін құрды.


Ал оқушылар сессиясында ата-ана қамқорлығын түсіну және құрметтеу мақсатында «Ата-ананы құрметтеу» тақырыбында тренинг өткізілді.

Ата-аналар мен оқушылар бір топта жиналып отбасы мүшелерінің мықты тұстарын ағаштың әр жапырағына жазуда өз отбасыларының ағашын өсірді.



<https://www.facebook.com/photo.php?fbid=354753783736590&set=a.168341342377836&type=3&mibextid=WC7FNe>

03.02 – 15.03.2024ж. аралығында 7С, 7Д, 7Л, 7К, 7М сыныптарынан 34 жанұямен өткізілді. Сынып кураторлары Космаилова Б.Ж., Алтыбаева Ж.А., Зубайдулла Ж.Н., Истыбаева Б.Ж. бағдарламаның фасилитатрлары болды. Тренерлері педагог-психологтар Арынбаева Ж.М., Боранкүл Р.И. және педагог-ұйымдастырушы-кураторлар Әнеш А.М., Болат А.Ү. болды.



<https://www.facebook.com/photo/?fbid=405176348694333&set=pcb.405176615360973>

«Қиын өмірлік жағдайдағы балалар мен олардың отбасыларына дағдарыстың алдын алу және көмек көрсету»

30.10 – 03.11.2023ж. Мектеп психологі Түркістан облысы бойынша «Ауылдық жердегі тірек мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасын әдістемелік қамтамасыз ету жоспарын іске асыру мақсатында әлеуметтік педагогтары мен психологтары үшін **«Балаларға қатыгездікпен қарау жағдайларының алдын алу және дағдарыстық көмек»** курсы өткізді. «Ауылдық жердегі тірек мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасын әдістемелік қамтамасыз ету жоспарын іске асыру мақсатында «Тірек мектептерінде оқушылардың әл-ауқатын арттыру саясатын іске асыру» бойынша жүргізілетін жұмыстардың алгоритімдерімен танысты.

Оқушылар мен олардың отбасыларын әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдаудың жаңа тәсілдерін жүзеге асыратын осындай жобалардың бірі – «Оқушылардың салауаттылық» жобасы, оның аясында «Қиын жағдайдағы балалар мен олардың отбасыларына дағдарыстың алдын алу және көмек көрсету» тақырыбында оқыту циклі өткізілді. өмірлік жағдаяттар» мектеп оқушыларына арналған Түркістан облысы бойынша тірек ауыл мектептерінің психологтары мен әлеуметтік педагогтары мектеп базасында білім алды.

5 күндік офлайн оқыту семинарының мақсаты – мамандарының облыс пен жергілікті қоғамдастықтың мүмкіндіктері мен ресурстарын пайдалана отырып, оқушыларға, олардың отбасыларына шешу, көмек және қолдау көрсетудегі кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Семинар-тренинг бағдарламасына психологтар мен әлеуметтік педагогтар мектебінің кәсіби шекаралары мен өзара әрекеттесу мәселелерін бағалау, әлеуметтік-психологиялық жұмысқа барлық мектеп қызметкерлері мен ата-аналарды, бүкіл қоғамды, адамдарды қорғау саласындағы уәкілетті ұйымдарды тарту қарастырылған.



<https://www.instagram.com/reel/CzNzb8itHTO/?igshid=MzRIODBiNWF1ZA==>

Жатахана тәрбиешілерінің психологиялық хал-ауқатын нығайтуға бағытталған психологиялық тренинг.

Жатахана тәрбиешілерінің психологиялық әл-ауқатын нығайту мақсатында тәрбиешілермен МАК карталарымен «Ертегі терапиясы» жүргізілді. МАК – жобалау техникасына қатысты психологиядағы жаңа, бірақ дәлелденген бағыт. Бұл әдістің артықшылығы, карталармен жұмыс істеуге және шығармашылық әлеуетті, қиялды дамытуға септігін тигізеді.

Ұжымдағы қолайлы климат-табысты еңбек процесінің маңызды көрсеткіші. Жұмыс процесі мен бірлескен жұмыстың нәтижесі психологиялық жайлылыққа тікелей байланысты, сондықтан жатахана тәрбиешілері арасында сапалы өзара іс-қимылды ұйымдастыру психологтың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Тренинг барысында қатысушылар бір-бірін қолдап, өздерін команда ретінде сезінді, әр қатысушы жеңілдік пен жағымды эмоциялар алды.




«Мектептердегі кәмелетке толмағандар арасында суицидалды мінез-құлықтың алдын алу»

09.10.2023-20.10.2023ж. аралығында мектеп мұғалімдері арасында «Кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында вахтерлерді оқыту семинар тренингі өткізілді. Бұл кездесуде қызметкерлер Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Суицидтің алдын алу» бағдарламасының жүзеге асырылу барысымен танысты, суицидтік мінез-құлық белгілері, суицидтік мінез-құлықты күшейтетін және қорғаушы факторлары, мектеп психологымен байланысу қажеттілігі туралы көбірек білді. Егер олар оқушыларда суицидтік мінез-құлық белгілерін анықтаса, қызметкерлер бұл бағдарламаны жүзеге асыру өте қажет деп санайтындарына ризашылықтарын білдірді.



Кураторлаға К. Ханнафордтың «Үстем профильді анықтау» бойынша диагностика жүргізіліп, оқушылардың «Үстем профилін анықтау» бойынша әдістемелік жұмыс жүргізілді. Үстем профилін анықтау арқылы дененің жетекші бөліктері мен ми жарты шарлары арасындағы қарым-қатынасты талдау қажет. Егер сіз оқушылардың денесіндегі жүйке байланыстарының байланысын зерттесеңіз, әр адам үшін жеке оқыту әдісін таңдай аласыз. Кез келген стресстік жағдайда көбінесе жетекші жарты шармен тікелей байланысты аймақтар қатысады. Егер жетекші бөліктер сол жақта болса, ал басым жарты шар оң жақта және керісінше болса, ақпаратты қабылдау әлдеқайда оңай болатыны жайлы ақпарат берілді.



«Мектептің жүрегі – тәрбие тірегі» тәрбие бөлімінің апталығы

Тәрбие бөлімі мамандары ұйымдастырған апталықта «Бір шаңырақ астында» атты педагог-психологтар ұйымдастыруымен өткізілген тренингке мектебіміздің «Шаңырақ» оқушылар қауымдастықтарының ата-аналары мен мектеп ұстаздары құраған командалардың қатысуымен жалғасты. Аталған тренинг ата-аналар мен пән мұғалімдерінің оқушының әл-ауқаты үшін бірлесе жұмыс жасау жолында жақын танысуына мүмкіндік берді.



<https://www.facebook.com/photo/?fbid=405173775361257&set=pcb.405174002027901>

Нейрографика-психология, art-терапия, коучинг, нейрофизиология принциптері арқылы бейсанамен жұмыс істеудің тиімді тәсілі. Нейрографиканы сызу арқылы адам өзін жайлы, жақсы және тыныш сезінеді. Қалай болғанда да, мұндай терапия миға демалыс сыйлайды. Нейрографика - күрделі эмоциялармен күресудің немесе қандай да бір ішкі мәселені шешудің бір тәсілі. Бұл тәсіл көбінесе, визуалды түрде әр адамның миындағы нейрондық жолдарға ұқсас. Мұндай терапия адамның өзімен байланысуына, өзімен қарым-қатынас жасауына, басын түрлі ойлардан босатуына және күнделікті тәжірибеден алшақтатуына көмектеседі.

Нейрографика не үшін қолданылады: сезімдермен өмір сүру, ашу, қорқыныш, мазасыздық күйлерімен жұмыс істеу, оларды жағымды эмоцияларға айналдыру; ішкі қақтығыстарды жою; өзгерістерді жақсы жаққа жоспарлау; туыстарымен, достарымен қарым-қатынас орнату. Нейрографика - күрделі эмоциялармен күресудің немесе қандай да бір ішкі мәселені шешудің оңтайлы тәсілі болып табылғандықтан, өнер пәні мұғалімі Жамиля Ибрагимова мен мектептің психологиялық қызметі бірігіп, оқушылар үшін шығармашылық-психологиялық тренинг ұйымдастырылған болатын. Оқушылар үшін нейрографика жаңашыл сарындағы тренинг болғанымен, қатысушылар тез үйреніп, өте әдемі туындылар жасап шығарды. Нәтижесінде, тренинг жағымды көңіл күймен аяқталып, оқушылар босаңсыды.



<https://www.facebook.com/reel/271510862497273>

Мектепшілік ата-аналар комитеті төрағаларымен отырыс өткізілді

2023-2024 оқу жылында мектебімізде барлығы 25 сынып білім алуда. Оқу жылының басында аталған сыныптарға ата-аналар комитеті тағайындалып, сыныптардың мәселелері комитет төрағасы ұйымдастыруымен шешімін тауып келеді.

Оқу жылының 2-жартыжылдығында сыныптардың ата-аналар комитеті көшбасшылары мектеп директоры Тусупжанов А.Е. мен жалпы мектепшілік ата-аналар комитеті төрағасы Шайдулла Ж. жанында өткен отырыста бас қосты.

Отырыс басы мектептің педагог-психологы Арынбаева Ж.М. «Ұрпақтар дамуының теориясы» атты баяндамасымен басталып, ата-аналардың жағымды атмосферада өзара танысып, жылы лебіздерін білдірумен жалғасты.

Отырыстың келесі кезеңінде күн тәртібіндегі мәселелерді талқылаумен ұласты:

2023-2024 оқу жылы 1-жартыжылдығында оқу-тәрбие саласында атқарылған шаралар мен 2-жартыжылдықта жоспарлар;

Жандос Шайдулланың ағымдағы жылдың 2 ақпаны күні Астана қаласында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы жанында өткен ата-аналар Кеңесінде талқыланған мәселелер, ұсыныстар мен қабылданған шешімдермен танысу;

NIS оқушыларының ата-аналар Кеңесі құрған комитеттерге мектепшілік мүшелерді сайлау;

Мектептің асхана жұмысы мен қызметі сапасымен танысу.

Мектепшілік ата-аналар комитеті отырысында бұдан бөлек Council of International schools (CIS) ұйымына кіру аясында халықаралық аккредитациядаға өтінім беру процесіндегі ата-аналар рөлі де басты назарда екендігі айтылды.

«Ullyq sezim» жалпыұлттық флешмобына қатысу және ұлттық дәстүрді дәріптеу мәселелесі назардан тыс қалмады.

Ата-аналардың мектеп өміріне белсенділігі оқушылардың әл-ауқаты мен дамуына зор ықпал етеді дей отырып, өзара ынтымақтастығымыз одан әрі жалғасын табады деген сенімдеміз.



<https://www.facebook.com/photo/?fbid=415702497641718&set=pcb.415703184308316>

Диагностикалық жұмыс, оқушылардың тұлғалық дамуындағы қиындықтарды алдын алу және түзетуді жүзеге асыру.

Оқу жылында психикалық процестердің диагностикасы жүргізілді: жүйке жүйесінің күші, эмоционалды-еріктік сферасы, мазасыздану деңгейі, интеллект профилі.


Сауалнама, тест, проективтік әдістемелер сияқты әдістер қолданылды. Айта кету керек, психодиагностикалық әдістердің барлығы дерлік онлайн форматқа көшірілді, бұл өңдеу және талдау уақытын қысқартты. Орта мектепте топтық психодиагностикалық зерттеулер минимумға дейін сақталды, бірақ студенттердің өтініштері мен жеке консультациялар контекстіне негізделген жеке зерттеулер жүргізілді.

Сонымен, келесідей диагностикалық жұмыстар жүргізілді:


- Г.Айзенктің жеке сауалнамасы (темпераментті анықтау әдісі);
- С.Ефремцев бойынша басым қабылдау модальділігінің диагностикасы/қабылдау әдісі (жетекші қабылдау жүйесін анықтау әдісі);
- Филипс бойынша тұлғалық және жағдаяттық мазасыздықты анықтау әдісі;

7 сынып оқушыларының темперамент түрін анықтау мақсатында тест жүргізіліп, нәтижесінде келесі нәтижелер анықталды. Нәтижелер холерик темпераментті оқушылардың мектепте басым екенін көрсетті.

Әр 7 сынып бойынша темперамент көрсеткіші




Жалпы 7 сынып оқушыларының темперамент көрсеткіштері



7 сынып оқушыларының қабылдауының доминантты түрін анықтау үшін «С.Ефремцев бойынша доминантты қабылдау модальділігі» тесті қолданылды. Нәтижелер қабылдаудың аудиал типті оқушылардың басым екенін көрсетті. Нәтижесі төмендегі кестеде көрсетілген:

7 сынып оқушыларының ақпаратты қабылдау формалары



«Кәмелет жасқа толмаған жасөспірімдер арасында суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында 8-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Төмендегі кестеде сауалнамадан өткен оқушылардың саны және ата-анасы келісім бермегендіктен тапсырмаған оқушылардың саны көрсетілген.

| Сынып | | Жалпы оқушы саны | Келісім берген оқушы саны | Келісім бермеген оқушы саны | Жалпы саны |
|-------------------|-----|------------------|---------------------------|-----------------------------|--|
| 8 сынып | «А» | 24 | 24 | 0 | Келісім берген оқушы саны – 134 Келісім бермеген оқушы саны – 5 |
| | «В» | 21 | 20 | 1 | |
| | «С» | 23 | 23 | 0 | |
| | «D» | 23 | 21 | 2 | |
| | «К» | 24 | 22 | 2 | |
| | «L» | 24 | 24 | 0 | |
| 9 сынып | «А» | 20 | 19 | 1 | Келісім берген оқушы саны – 133 Келісім бермеген оқушы саны – 4 |
| | «В» | 20 | 19 | 1 | |
| | «С» | 21 | 20 | 1 | |
| | «D» | 20 | 20 | 0 | |
| | «К» | 18 | 17 | 1 | |
| | «L» | 19 | 19 | 0 | |
| | «M» | 19 | 19 | 0 | |
| 10 сынып | «А» | 17 | 16 | 0 | Келісім берген оқушы саны – 26 Келісім бермеген оқушы саны – 3 (1 оқушы академиялық демалыста) |
| | «К» | 13 | 10 | 3 | |
| 11 сынып | «А» | 22 | 22 | 0 | Келісім берген оқушы саны – 53 Келісім бермеген оқушы саны – 4 |
| | «В» | 19 | 18 | 1 | |
| | «К» | 16 | 13 | 3 | |
| Жалпы саны | | 363 | 346 | 16 | |

Жеке және топтық консультация

2023-2024 оқу жылында оқушылармен, ата-аналармен, ұжыммен жеке және топтық жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналар: 45 (оның ішінде әке – 8, ана – 37);

Педагогтар: 41 (оның ішінде мұғалімдер – 17, кураторлар – 13, әкімшілік – 1, ҚББ – 9, мед.қызметкер - 1).

| Сыныптар | Кеңеске келгенде р саны | Жалпы саны | Ер | Әйел | Қазақ сыныбы | Орыс сыныбы | Бірінші рет | Қайталау |
|--------------|-------------------------|------------|------------|------------|--------------|-------------|-------------|------------|
| 7 сынып | 54 | 65 | 19 | 35 | 23 | 31 | 37 | 28 |
| 8 сынып | 72 | 91 | 33 | 39 | 55 | 17 | 50 | 41 |
| 9 сынып | 79 | 89 | 36 | 43 | 44 | 35 | 45 | 44 |
| 10 сынып | 30 | 39 | 15 | 15 | 16 | 14 | 21 | 18 |
| 11 сынып | 54 | 82 | 5 | 49 | 37 | 17 | 22 | 60 |
| Жалпы | 289 | 366 | 108 | 181 | 175 | 114 | 175 | 191 |

Мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Әрбір мұғалім ата-анамен жеке-жеке кездесіп, оқушы бойынша сұрақтарға жауап беріп, туындаған қиындықтар бойынша ата-аналарға ақпараттар берді. Жасөспірімдердің психологиясы да ата-аналар үшін қызықты болды. Жиі кездескен сұрақтар мен ұсыныстар ішінде:

- Бала психологиясына байланысты ата-аналарға онлайн вебинарлар өткізу;

- Баламды телефоннан қалай шектесем болады?
- Баламның достарымен қарым-қатынас құруында қиындықтарда қалай көмек бере аламын?
- Баланың сабақ оқудағы мотивациясын қалай көтерсем болады?
- Емтихан алдын балама қалай қолдау бергенім дұрыс?
- Отбасылық қақтығыстардың балаға қалай әсер етеді? Ажырасу мәселесі.

Жеке консультацияда оқушылармен жиі қарастырылған сұраныстар мен мәселелер:

- Оқушылардың отбасындағы қиындықтар;
- Емтиханға дайындықты жетілдіру;
- Уақытты тиімді пайлана алмау;
- Жаңа мектеп талаптарына сай келу бойынша алаңдаушылық;
- Өз-өзіне сенімсіздік;
- Құрдастарымен қарым-қатынастағы қиындықтар;
- СЕӨЗКӨ (НСП);
- Буллинг.

Әдістемелік жұмыстар мен даму:

- «Тұлғалық даму» тақырыбында 7 сыныптарға элективті курсы;
- Мектеп қабырғасында қиын кейстермен жұмыс жасауға арналған кейсменеджментті енгізу;
- Антибуллингтік бағдарламаны құрастырып, мектепке енгізу;
- Ағылшын тілі курсы, Айлтс тапсыру;
- «7 Стадий формирования личности», Институт Тразактного анализа, тренер Куандыкова

Рахима Жолтановна;

- «Арт терапия в работе с детьми», ИЕС, Глушко Ирина;
- Арынбаева Жанна «Оқушыларды емтихан алды психологиялық қолдау мақсатында

тренинг» атты жобаға авторлық құқық алды. Аталған жоба оқушылардың әр түрлі емтихан алдындағы қорқыныш пен үрейді жеңулеріне, өзіне деген сенімділікті арттыруға көмек құралы болып табылады. Жобаның артықшылығы «оқушы-ата-ана-педагог» үштік одағының басын біріктіріп, қолдауды ұйымдастыруды көздейді. Мектептің психологиялық қызметін жетілдіру үшін таптырмас құрал өзге әріптестерге де пайдалы болды;



➤ Боранқұл Раушан «Толық адам концепциясы аясында дарынды балалардың өз-өзіне сенімділігін арттыру» атты бағдарламаға авторлық құқық алды. Бағдарлама мақсаты «Толық адам» ұғымын және оның қазіргі білім берудегі маңызын қарастыру, сонымен қатар оқушылардың тұтас тұлғасын қалыптастырудағы осы ұғымның практикалық маңызын анықтау;



- International Education Center Psychology school «Арт терапия. Основы» «Арт терапия в работе с детьми и подростками» курсы;
 - НЗМ «Берік отбасы» курсы;
 - НЗМ «Зияткерлік мектептердің» педагог-психологтарына арналған жұмыс семинары;
 - International Education Center Psychology school «Психиатрия для психологов» курсы;
 - Мектепшілік ашық сабақтар конкурсының «Ең үздік тәрбие сағаты» номинациясы бойынша
- II орын;
- «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған «Үздік жыл психологы» республикалық байқауынан бас жүлде;

Мықты жақтары

- әріптестермен, оқушылармен, ата-аналар қауымдастығымен өзара әрекеттесу;
- жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу.
- емтихан алдындағы балаларды қолдау бағдарламасы.

Өсу аймағы

- тілдік құзыреттілік деңгейін арттыру (ағылшын);
- аттестациядан қайта өту;
- аонференцияларға қатысу;
- оқушылармен проекттер жасау;
- KiVa антибуллинг бағдарламасын енгізу, іске асыру.

Әлсіз жақтары

- ата-аналармен үздіксіз жұмысты одан ары нығайту;
- басқа қалалардан оқушылардың көптігі, ата-анасыз жеке дара пәтерде тұруы;
- 3-ші педагог-психологтың жоқтығы.

19. Мектеп кітапханасының жұмысы

2023-2024 оқу жылы барысында қазақ әдебиетінің, әлем классикасының алтын қорындағы аса құнды шығармаларды оқытуға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылып келеді.

26 қыркүйек күні «Зияткерлік мектеп оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасымен таныстыру мақсатында 7L сынып оқушыларына «Book Tasting» ойыны өткізілді. Жалпы 25 оқушы қатысты. «Book tasting» (США) - оқушыларға кітаптың дәмін көру арқылы әдебиеттермен таныстыру. Алдын ала оқушыларға мәзір дайындалады. Сол мәзірге оқушылар 5 минуттың ішінде бір кітапты қолына алып, сырт келбетіне, мазмұнына қарап ас мәзіріне ойын жазады. Кейін ас мәзірін толтырып болған соң, ойымен басқа оқушылармен бөліседі."



27 қыркүйек күні «Зияткерлік мектеп оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасын насихаттау мақсатында 7В сынып оқушыларына «Book Puzzle», «Book Bingo» және «Әдеби тосап» ойындары өткізілді.



27 қыркүйек күні «BilimLand цифрлық білім беру ресурстарын оқу процесінде тиімді пайдалану» тақырыбында мектеп қызметкерлері мен оқушыларына арналған вебинар өткізілді.

Вебинар барысында, оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген ең бай интерактивті сабақтар қоры бар Bilimland.kz порталы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде), сонымен қатар, ҰБТ-ға дайындайтын виртуалды жаттығу алаңы iTest.kz, видео фильмдер түріндегі оқуға арналған ресурстар ұсынатын Twig-Bilim.kz, интерактивті анимациялық сабақтар бар iMektep.kz платформалары таныстырылды.



28 қыркүйек күні Оралхан Бөкейдің 80 жылдық мерейтойына орай «Алтайдың асқақ жыршысы» атты 8D сынып оқушыларына кітапханалық сабақ өткізілді. Сабақ барысында оқушыларға жазушы өмірі мен шығармалығы таныстырылды. Оқушылар жазушының шығармашылығынан оқыған кітаптарын талқылап, викториналық сұрақтарға жауап берді. Дұрыс берілген жауап арнайы сыйлықпен марапатталды.



29 қыркүйек күні «100 кітап» жобасымен таныстыру мақсатында 7А сынып оқушыларына «Matching» және «Book Puzzle» ойындары өткізілді. «Matching» ойынының шартына сәйкес оқушылар оқиға сипаттамасына қарай кітап атауын және авторын тауып, сәйкестендіру керек, ал «Book Puzzle» ойынына «100 кітап» жобасының тізіміндегі кітаптардың мұқабалары беріледі және оқушылар пазлды дұрыс құрап, кітапты табулары керек. Ойын соңында шапшаң болған және дұрыс жауап берген топтар тәтті сыйлықтармен марапатталды.

Бұл әдіс жылдам оқуды дамытады және бейнелі және логикалық ойлауды, ерікті зейінді, қабылдауды, атап айтқанда, жеке элементтерді түсі, пішіні, өлшемі және т.б. бойынша ажыратуға ықпал етеді; бөлік пен бүтін арасындағы байланысты дұрыс қабылдауға үйретеді; ұсақ моториканы дамытады.



29 қыркүйек күні 7К сынып оқушыларын кітапханамен таныстыру мақсатында «Кітапты тап» ойыны өткізілді. Ойын мектепке енді келген оқушыларды кітапханамен таныстыру үшін жүргізілді.

Ойынның мақсаты - оқырмандарда тәуелсіз кітапхана пайдаланушысының дағдыларын қалыптастыру, қажетті әдебиеттерді іздеуге үйрету, қорды бағдарлай білу.



5 қазан күні «Оқуға ұмтыл, Because reading matters!» ұранымен «READx» жобасының жаңа оқу жылындағы алғашқы кездесуі өтті. Зияткерлік оқу ордасының 7-8 сынып оқушыларына жобаның маңызын айқындауда ұйымдастырылған кездесуде спикерлер жаз мезгілінде оқыған кітаптары жайлы ойларымен бөлісті.

Атап айтсақ, бірінші спикер Мухайе Артикова британдық балалар жазушысы Холли Вебб жазған «Девочка из лунного света» кітабы жайлы өз ойымен бөлісті. Ал, екінші спикер Нұрсәуле Ақбай Санжар Керімбайдың елге танымал журналист Бейсен Құранбектің өмірі жайлы баяндайтын «Бейсен және болмыс» атты кітабын оқуға ұсынды. Үшінші спикер Айкер Асылханова Алаш қайраткері Міржақып Дулатовтың бойындағы патриоттық рухты оятатын «Оян қазақ» кітабын оқуға кеңес берді.

Жалпы жоба мақсаты – оқушылар арасында кітап оқуды насихаттау, кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру.

Шара барысында жобаға қатысушы оқушылар спикерлердің кітап оқудың пайдасы жайлы шабыттандыратын баяндамаларына оң баға беріп, оқыған кітаптарымен ой бөліскендері үшін алғыс білдірді.



10.10.2023 ж. Мектебімізде «Ауылдағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында кітапханашылар үшін «Кітапхана оқушылар мен мұғалімдерге арналған мектеп ресурстары алаңы» атты тәжірибелік семинар өткізілді.

Семинарда әртүрлі ресурс түрлерімен – мысалдар, кітаптар, мерзімді басылымдармен жұмыс істеудің практикалық әдістері қарастырылды. Сонымен қатар Chat GPT мәтіндік AI моделін оқу процесінде пайдалану мүмкіндіктеріне тоқталып, тәжірибелік жұмыс атқарылды.

Семинарға жалпы 5 кітапханашы қатысып, іс-шара соңында өз ойлары мен кері байланыстарымен бөлісті. Семинарда талқыланған әдістерді өз жұмыстарында қолданып, әлеуметтік желілерде бөлісетіндігін жеткізді. Сонымен қатар жалпы білім беретін мектеп кітапханашылары болашақта тәжірибе бөлісу семинарларына қатысуға деген қызығушылықтарын білдіріп, Назарбаев Зияткерлік мектебіне алғыстарын білдірді.



16-20 қазан аралығында «Қазақтың ойшыл ақыны» атты оқушылар арасында Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдық мерейтойына орай, ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқудан «Шаңырақтар» арасында челлендж өтті.

Челлендж ережесі:

- Сұлтанмахмұт Торайғыровтың бір шығармасын тандау
- Мәнерлеп оқып, видеоға түсіру
- Келесі Шаңыраққа жолдау

Челленджді алғашқы болып «Фараб» шаңырағы бастады, және челледжге барлық шаңырақтар белсенді қатысты.



19.10.2023ж. Мектеп кітапханасында 7-9 сынып оқушылары арасында READx жобасы өткізілді. Спикерлер: 1.Абухалық Феруза, А.Д. Сент-Экзюперидің «Маленький принц» шығармасы; 2. Шүкірәлі Анеля Руал Даһлдың «Чарли және шоколад фабрикасы» шығармасы; 3. Әбдіқадір Гүлару Кулыгина Д. «Остров перевертышей. Рождение Мары» шығармасы; 4.Берік Нұржұпар Софи Клеверлидің «Скарлет и Айви. Дневник старшей сестры» шығармасы; 5.Бакытқызы Жибек Лара Уильямсонның «Мальчик по имени Хоуп» шығармасы.



23.10.2023ж. «25 қазан - Республика күніне» орай кітапханамызда «Reading man» жобасы жүзеге асырылды. Оқушылар мен мұғалімдер Республикамызға қатысты сұрақтарға жауап беріп, тәтті сыйлықтар алды.

Акцияның мақсаты - оқушылар мен мұғалімдер арасында қарым-қатынасты нығайту, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, кітапханаға үнемі келуін қамтамасыз ету.



24.10.2023ж. Спандияр Көбеевтің 145 жылдығына орай 9А сыныбымен кітапхана сабағы өткізілді. Сабақ барысында оқушылар төрт топқа бөлініп, «Write around» әдісі арқылы әр топ жазушы өмірі мен шығармалары жайлы ақпараттарды жазып қорғады.



2023 жылдың 27 қазанында “Ә.Сығай атындағы жалпы орта мектеп” пен “Ө.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернатының” кітапханашыларына «Оқушылардың ақпараттық және оқу сауаттылықтарын дамыту» атты тренинг онлайн Zoom платформасында өткізілді. Семинарға жалпы 2 кітапханашы қатысты.

Жалпы білім беретін мектеп кітапхана қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында сыни ойлау әдістері арқылы оқушылардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыру әдіс-тәсілдерімен таныстыру, инфографика мен онлайн сервистерді қолдану, әлеуметтік желілерді қауіпсіз қолдану жолдары таныстырылды.

Тренинг соңында кітапханашылардан онлайн сілтеме арқылы кері байланыс алынып, олардың келесі тәжірибелік семинарларда үйренгісі келетін әдістер мен жұмыс барысында кездесетін өзекті мәселелері туралы сөз қозғалды. Сонымен қатар жалпы білім беретін мектеп кітапханашылары тренингте айтылған ақпараттар мен көрсетілген әдістерді мектеп ұжымымен бөлісіп, кітапхана сағаттарында қолданатындарын жеткізді.



13.11.- 13.12.2023ж. аралығында "1 2 3" жобасы жүзеге асты. 30 күн бойы оқушылар кез-келген жанрдағы 1 кітапты таңдап, күн сайын 20 минут оқиды. 3 минут оқыған кітабынан түйген ойы, алған әсері туралы тіркеу карточкасына жазады. Жазған жазбаларын кітапханашыға көрсетіп, күн сайын мөр бастырады. Жоба соңында оқыған кітабына мазмұнды эссе мен ең көп кітапхана мөрін жинаған оқырман жеңімпаз атанады.



13.11.2023ж.-08.12.2023ж. “16 желтоқсан - ҚР-ның Тәуелсіздігі” күніне орай ауыл мектептерінің кітапхана қорын қолдау мақсатында ұйымдастырған жыл сайынғы дәстүрлі “Bookcrossing” акциясы өтті. Жалпы 240 кітап жиалып, Түркістан облысы, Ынтымақ ауылында орналасқан “Ә.Сығай атындағы жалпы орта мектепке” және Кентау қаласындағы “Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектебіне” кітаптар үлестіріліп берілді.



15.11.2023ж. 15 қараша күні- “Ұлттық валютаның 30 жылдығына” орай, 8 сынып оқушыларымен Padlet сайтын қолданып, теңгенің тарихымен таныстық. Оқушылар ұлттық валютамыздың дизайнерлері, алғаш басып шығарылған жері мен қызықты мәліметтер туралы біліп, валюта туралы өздерінің ойларымен бөлісті.



17.11.2023ж. «Зияткерлік мектеп оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасымен таныстыру мақсатында 7С сынып оқушыларына “Сәйкестендіру” ойыны өткізілді. Ойын ережесіне сәйкес оқушылар кітаптың атауын берілген қысқаша мазмұн арқылы табады. Сонымен қатар, сабақ барысында оқушылар “Сүйікті бірінші парағым” әдістемесі арқылы түрлі әдеби шығармалармен танысты.



17.11.2023ж. 8D сынып оқушыларымен “Kahoot” және “Сәйкестендіру” ойындары арқылы «100 кітап» жобасына енген шығармалармен кітапханалық сабақ өткізілді. Оқушылар сабақ барысында шығармалармен танысып, оқып, өз ойларымен бөлісті.

Аталған әдістер оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға, талдау және таңдау жасау, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар зияткерлік қабілеттерін дамыту, қоршаған әлемді тануға қызығушылық, командада жұмыс істей білу, ой-өрісін кеңейтуге бағытталған ойындарда оқушылар белменділік танытып, жеңімпаздар арнайы сыйлықтармен марапатталды.



21.11.2023ж. Оқырмандар алаңында мұғалімдер мен оқушылар арасында "НЗМ оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап" бойынша READx өтті. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, өз ойларын еркін жеткізуін қалыптастыру және шешендік өнерді шыңдау мақсатында өткізілген іс-шарада 3 спикер өз кітаптарын таныстырды. Атап айтсақ, химия пәні мұғалімі Кубесова Нұрдана Рэй Бредберидің "451 градус по Фаренгейту" кітабын ұсынса, 9А сынып оқушылары Базарбайұлы Нұрсұлтан Ғ.Мүсіреповтың "Ананың арашасы" туындысын, ал Жетібаев Жанболат В.Кавериннің "Два капитана" атты шығармасын оқырмандарға ұсынды.



30.11.2023ж. Кітапханада "В литературной гостиной" оқырмандар клубының алғашқы кездесуі өтті. Орыс тілі пәнінің мұғалімі Тапелова Батиха Жусиповнамен бірлескен оқырмандар клубының алғашқы бас қосуында француз жазушысы Антуан де Сент-Экзюперидің "Маленький принц" шығармасына талдау жасалды. Оқырмандар шығармаға байланысты викториналық сұрақтарға топпен жауап берді және топ мүшелері кітаптан алынған бір кейіпкерге талдау жасады.



07.12.2023ж. Кітапханада "16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай" тарих пәні мұғалімі Гүлнұр Оразбаевнамен бірлесіп 11А сыныбымен "Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан" атты кіріктірілген сабақ өткізілді. Сабақ барысында еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі жеткен жетістіктеріне баға бере отырып, болашақтағы өзгерістерге талдау жасалды. "Әлемдік кафе" әдісін пайдалана отырып,

оқушылар топпен жұмыс жасап, Қазақстанның мәдениетін, әлеуметтік саласын, экономикасын және әділетті қоғам құру жолдарын талқылап, ой бөлісіп, тың ақпараттармен танысты. Сабақ "Жаса Қазақстан" әнін хормен айтумен қорытындыланды.



11.12.2023ж. «READx» жобасы. "Read" жобасы (Қарағанды) - бірнеше спикерлердің қызықты сөздерін біріктіретін, сол арқылы көрермендердің назарын оқу тақырыбының өзектілігіне аударатын, оқу мәдениетіне деген сүйіспеншілікті оятатын жоба. Спикерлердің мақсаты-тыңдаушылар осы кітапты сол сәтте оқығысы келетіндей етіп, көрермендерді өз сөздерімен қызықтыру. Іс-шара оқушылар арасында кітап оқуды насихаттау, кітап оқуға қызығушылығын арттыру үшін ұйымдастырылды.

Кездесу барысында «READx» жобасының спикерлері қызықты шығармалармен таныстырып, оқыған кітаптары жайлы ой бөлісті.

Спикерлер Одил Перизат Э.Блайтонның "Побег из Совиного гнезда", Созақбай Ділда "Цветы для Элджернона", Жолбарыс Айбар "Криштиану Роналду. Одержимый совершенством", Жақсыбек Ақбота "Десять негритят" және Эркин Рамазан "Драконья сага. Пророчество о драконях" атты кітаптарын оқырмандарға ұсынды.



19.12.2023ж. "16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне" орай кітапханамызда "Reading man" жобасы жүзеге асырылды. Оқушылар мен мұғалімдер Республикамызға қатысты сұрақтарға жауап беріп, тәтті сыйлықтар алды.

Акцияның мақсаты - оқушылар мен мұғалімдер арасында қарым-қатынасты нығайту, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, кітапханаға үнемі келуін қамтамасыз ету.



21.12.2023ж. 7К сынып оқушыларына оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген ең бай интерактивті сабақтар қоры бар Bilimland.kz порталы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде), сонымен қатар, ҰБТ-ға дайындайтын виртуалды жаттығу алаңы iTest.kz, видео фильмдер түріндегі оқуға арналған ресурстар ұсынатын Twig-Bilim.kz, интерактивті анимациялық сабақтар бар iMekter.kz платформалары таныстырылды. Сонымен қатар, Gale және Libguides платформаларымен таныстыру жүргізілді.



19.01.2024ж. «Зияткерлік мектеп оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасымен таныстыру мақсатында 7D сынып оқушыларына "Book Bingo" ойыны өткізілді.



22.01.2024ж. "Қазақ әдебиеті" газетінің 90 жылдығына орай 7В сынып оқушыларына кітапханалық сабақ өткізілді. Сабақ барысында оқушылар "Қазақ әдебиеті" газетінің тарихы және бас редакторларымен танысты. Сонымен қатар, кітапханадағы мерзімді басылымдармен жұмыс жасау және танысу мақсатында "Үш баған" тәсілін пайдалана отырып, "Егемен Қазақстан", "Білімді ел - Образованная страна", "Ұлан" және "Түркістан" газеттеріндегі мақалаларға талдау жасалды.



23.01.2024ж. Кітапханада «100 кітап» жобасына енген шығармаларды насихаттау мақсатында 8В сынып оқушыларымен кітапханалық сабақ өтті. Сабақ барысында оқушылар шығармалармен танысып, «Book Dingo» ойынын ойнады.



24.01.2024ж. Кітапханада 7А сынып оқушыларымен "Мысалдар хақында бір сөз" атты кітапханалық сабақ өтті. Сабақ барысында оқушылар А.Байтұрсынұлының мысалдарын оқып, талдау жасады.



25.01.2024ж. Кітапханада "Read and write" әдісі арқылы 7С сыныбымен Ы.Алтынсаринның әңгімелеріне талдау жасалды. Сабақ барысында оқушылар 5 топқа бөлініп, тәрбиелік мәні бар қысқаша әңгімелерге талдау жасап, өз ойларымен бөлісті.



31.01.2024ж. Кітапханада кезекті READx кездесуі өтті. Жобаға шетелдік ұстаздар мен оқушылар қатысып, өз кітаптарын ұсынды.



07.02.2024ж. "Мектептің жүрегі - тәрбие тірегі" апталығының үшінші күнін "Кітап әлеміне саяхат" атты таңғы шашумен бастадық! Оқушыларға "100 кітап" жобасына енген шығармалар бойынша сұрақтар қойылып, kahoot ойыны ойнатылды. Дұрыс жауап берген оқушылар мен жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар берілді.



07.02.2024ж. "Мектептің жүрегі - тәрбие тірегі" апталығы аясында кітапханада ата-аналармен бірлесе кітап талқылауға арналған алғашқы кездесу өтті.

Әдеби кешімізде "Ең үздік балалар кітабы" жүлдесінің иегері, әлем бестселлері болған американдық жазушы Р.Д.Паласионың мейірімге үйрететін "Ғажайып" атты кітабы талқыланды.

Кітап өмірде кездесетін көптеген өзекті мәселерге тоқталып, бала көзқарасымен жазылған. Кітапты оқи отырып отбасының балаларға көңіл бөлуі, достық, мектепке адаптация процесі, оқушылар арасындағы буллинг, ересектердің балаларды қолдауының маңыздылығы сияқты мәселелерді көруге болады.

Әдеби кешімізге ата-аналар, кураторлар, оқушылар мен мектебіміздің педагог-психолог маманы қатысты. Барлық қатысушылар кітаптан алған әсерлері мен өз пікірлерін еркін білдіріп, кітап оқуға деген қызығушылықтарын көрсетті.



08.02.2024ж. Мектебімізде «Ауылдағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында кітапханашылар үшін «Кітапхана уақытын тиімді өткізуге арналған әдістер» атты тәжірибелік семинар өткізілді.

Семинарда тірек мектеп кітапханашыларына "Әлемдік кафе" және "5W+1H" әдістері мен "Book Creator", "Quizizz" онлайн қосымшаларын пайдалану жолдары таныстырылды.

Тәжірибелік жұмыс жасау барысында кітапханашылар "Әлемдік кафе" әдісі арқылы Б.Соқпақбаевтың "Менің атым Қожа" және "Балалық шаққа саяхат" шығармаларына талдау жасады, ал "5W+1H" әдісі арқылы Түркістан қаласы мен Қ.А. Яссауи кесенесі туралы тың ақпараттар жинаумен айналысты. Сонымен қатар онлайн қосымшалар арқылы электронды кітаптар мен викториналық сұрақтар құрастырды.

Семинарға Т.Айтжанов атындағы жббм, Ә.Сығай атындағы жббм, Некрасов атындағы №9 мектеп-гимназиясы, Б.Момышұлы атындағы №12 жббм және Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернатынан 5 тірек мектеп кітапханашылары қатысты.



09.02.2024ж. "Мектептің жүрегі - тәрбие тірегі" апталығының аясында «READx» жобасы Кентау қаласында орналасқан арнаулы кәсіптік колледжде өткізілді. Іс-шараның мақсаты - Кентаулық оқырмандар арасында кітап оқуды насихаттау, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, оқырмандарды әдебиеттермен таныстыру.

Кездесу барысында «READx» жобасының спикерлері, мектебіміздің шетелдік ұстаздары мен зияткер оқушыларымыз колледж тәрбиеленушілерін өздері оқыған шығармалармен таныстырды:

1□-спикер физика пәнінің мұғалімі Edmundo Vasquez француз жазушысы Антуан де Сент-Экзюперидің "Little Prince"

2□-спикеріміз 7 сынып оқушылары Шүкірәлі Анеля Р,Ж. Паласионың балалар көзқарасымен жазылған, мейірімге үйрететін "Ғажайып" кітабын,

3□-спикер Бақытқызы Жібек "Мальчик по имени Хоуп" атты шытырманға толы кітабын,

4□-спикер 9 сынып оқушысы Мамаджанова Шодиена Т.Теридің "Стертая" кітабын,

5□-спикер Абдухалық Феруза Стивен Хокинстің "Высший замысел",

6□-спикер Алишер Шұғыла "Книжный магазинчик счастья" кітабын,

7□-спикеріміз Құралбек Дәулет бизнесмен Говард Шульцтың "Как чашка за чашкой строилась Starbucks" атты кітабын оқуды ұсынды.

Іс-шара соңында тыңдаушылар барлық спикерлердің кітап оқудың пайдасы жайлы шабыттандыратын баяндамаларына және де олардың оқыған кітаптарымен ой бөліскендеріне алғыс білдіріп, аталған шығармаларды бос уақыттарында оқуға келісті.



13.02.2024ж. «Зияткерлік мектеп оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасымен таныстыру мақсатында 7D сынып оқушыларына "Book Tasting" ойыны өткізілді.

Book tasting (США) Оқушыларға кітаптың дәмін көру арқылы әдебиеттермен таныстыру. Алдын ала оқушыларға алдарына мәзір дайындалады. Сол мәзірге оқушылар 5 минуттың ішінде бір кітапты қолына алып, сырт келбетіне, мазмұнына қарап ас мәзіріне ойын жазады. Кейін іс мәзірін толтырып болған соң, ойымен басқа оқушылармен бөліседі.

Ойын барысында оқушылар кітапхана қорымен кеңінен танысып, болашақта оқығысы келетін кітаптар тізімін құрастырды. Сабақ соңында оқушылар ұнатқан кітаптарын өздерімен бірге ала кетті.



13.02.2024ж. Оқушылардың көшбасшылық және интеллектуалды қабілеттерін дамыту мақсатында 8А сынып оқушыларына "Kangaroo words" және "Jenga" ойындары ұйымдастырылды. Сөз тіркестерін дұрыс табуға арналған "Kangaroo words" ойынында жеңімпаз команда тәтті сыйлықтармен марапатталды. Сонымен қатар "100 кітап" бойынша викториналық сұрақтар қойылған "Jenga" ойынында әр топтан 2 оқушыдан шығып, үздік оқырманды анықталды.



14.02.2024ж. "100 кітап" жобасын насихаттау мақсатында 8L сыныбына "Кітап Picture" ойыны ойнатылды. Оқушылар сүйікті кітаптарын сурет арқылы көрсетіп, оқушыларға жасырды. Тапқан оқушы тәтті сыйлық алып, келесі болып өз кітабын жасырды.



19.02.2024ж. "Әбділда Тәжібаевтың ақындық әлемі" атты кітапханалық тәрбие сағаты болды. Ә.Тәжібаевтың 110 жылдық мерейтойына орай кітапханада ақынның өмір жолы, шығармашылығымен тереңінен танысуға арналған сабақ өткізілді. Сабақ барысында 8А сынып оқушылары ақынның өлеңдеріне талдау жасап, өз ойларымен бөлісті.



20.02.2024ж. Кітапханада кезекті READx кездесуі өтті. Жобаға 7 сынып оқушылары қатысып, өз кітаптарын ұсынды.

Бірінші спикер 7К сынып оқушысы Сүгір Жанерке детектив жанрындағы Агата Кристидің "Немой свидетель" шығармасын таныстырды.

Екінші спикер 7К сынып оқушысы Жалимбетов Қалдарбек танымал бизнесмен Роберт Кийосакидің "Богатый папа, бедный папа" атты бестселлер кітабын ұсынды.

Үшінші спикеріміз 7А сынып оқушысы Шалхар Нұрай балалар жазушысы Холли Веббтің "Мейзи Хитчинс: Пропавший изумруд" атты шытырманға толы детективін таныстырды.

Соңғы спикеріміз Берік Нұржұпар британдық жазушы Руал Даһлдың кітап сүйер қыз туралы жазылған "Матилда" атты шығармасын оқушыларға ұсынды.



21.02.2024ж. BMG менеджерлері "BilimLand цифрлық білім беру ресурстарын оқу процесінде тиімді пайдалану" тақырыбында 7 сынып оқушыларына арналған вебинар өткізді. Вебинар барысында, оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген ең бай интерактивті сабақтар қоры бар Bilimland.kz порталы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде), сонымен қатар, ҰБТ-ға дайындайтын виртуалды жаттығу алаңы iTest.kz, видео фильмдер түріндегі оқуға арналған ресурстар ұсынатын Twig-Bilim.kz, интерактивті анимациялық сабақтар бар iMектеп.kz платформалары таныстырылды.



22.02.2024ж. 7М сынып оқушыларын "100 кітап" жобасымен таныстыру мақсатында "Любимая первая страница" және "Book bingo" ойындары өткізілді. Сабақ барысында оқушылар кітапханадағы кітаптармен танысып, ойын соңында тәтті сыйлықтар алды.



23.02.2024ж. Кітапханада "Кітаппен құпия кездесу" акциясы өткізілді. Акция кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруға және кітаптарды насихаттау мақсатында өткізілуге көмектеседі.

Кітаппен құпия кездесу көрмесі үшін арнайы автор мен тақырып көрінбеуі үшін мөлдір емес мұқабаға оралған кітаптар дайындалады және сюжет туралы бірнеше жолдар немесе кітаптың аннотациясы жазылады. Көрмеге кез келген ерікті мектеп қызметкері мен оқушылар қатыса алады.

Акцияның арқасында кейбір оқырмандар жаңа авторларды, басқа бейтаныс жанрларды ашады. Акция кітап оқуға деген қызығушылықты арттыруға және кітаптарды насихаттау мақсатында өткізуге көмектеседі.



28.02.2024ж. "Знание языков - познание мира" атты орыс тілі және әдебиеті пәні апталығы аясында "Книга, которая меня впечатлила" тақырыбында READx жобасы өткізілді. Жобаға мектебіміздің ұстаздары мен оқушылары қатысып, әсер еткен кітаптарымен бөлісті. Жалпы 12 спикер қатысып, оқырмандар арасында кітаптарды кең көлемде таныстыруға мүмкіндік туды.



01.03.2024ж. 1 наурыз - «Алғыс айту күніне» орай кітапханада 7Л сынып оқушыларымен құндылықтарды дәріптеуге арналған тәрбиелік сағат өткізілді. Сабақ барысында оқушылар өздерінің өміріндегі маңызды құндылықтар сөздігін жасап, талдады. Сабақ соңында жасаған сөздіктерін бір-біріне сыйлап, алғыстарын білдірді.



2024 жылдың 20.02.-01.03 аралығында, НЗМ оқушылары мен мұғалімдеріне Gale компаниясының өкілдері Gale Cengage Learning ресурстарын пайдалану бойынша тәжірибелік онлайн-тренинг өткізді. Тренинг барысында тыңдаушылар Gale Cengage Learning мәліметтер базасының қолжетімді ресурстары және оларды пайдалану жолдарымен танысты.



06.03.2024ж. Фариза Оңғарсынованың 85 жылдық мерейтойына орай кітапханада 9А сынып оқушыларына "Поэзия сәулесі" атты сабақ өткізілді. Сабақ барысында оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы тың мәліметтермен танысып, Keyword Hexagon әдісі арқылы топтық жұмыс атқарды. Keyword Hexagon әдісі ақпаратпен жұмыс істеу әдістемесі, қорытындылау, сыни ойлау дағдыларын дамытады. Кілт сөздер арқылы ақпараттың үлкен көлемін беруге мүмкіндік береді. Әдістеме үшін оқушылар тақырып бойынша кілт сөздерді жазатын түрлі-түсті алтыбұрыштар қолданылады.



11.03.2024ж. 21 наурыз - "Дүниежүзілік поэзия күніне" орай кітапханада "Poem in your pocket" акциясы өткізілді. Акция шарты бойынша қоңырау уақытында оқушыларға қысқа өлең шумақтары ұсынылады. Оқушылар таңдап алған өлең шумақтарын сабақ аяқталғанға дейін жатқа айтып берулері керек. Акцияға мектеп оқушылары мен ұстаздар қатысып, белсенділік танытты. Өлеңді мәнерлеп оқыған қатысушылар тәтті сыйлық алды.




14.03.2024ж. Мектебімізде «Ауылдағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында Түркістан облысы кітапханашылары үшін «Мектеп кітапханасындағы функционалдық сауаттылықтың өзекті нысандары» тақырыбында онлайн семинар-тренинг ұйымдастырылды.

Семинарға Т.Айтжанов атындағы жалпы білім беретін мектеп, Ә.Сығай атындағы жалпы білім беретін мектеп, Некрасов атындағы №9 мектеп-гимназиясы, Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы білім беру ұйымы және Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернатынан 5 тірек мектеп кітапханашылары қатысты.

Семинарда тірек мектеп кітапханашыларына «Әңгімені жалғастыр», «Көлеңкелі поэзия», «Write around», «Keyword Hexagon», «Тарсия» тақырыптары кеңінен талқыланды.

Сонымен қатар, семинар қатысушылары практикалық жұмыс барысында оқушылардың шығармашылық, танымдық, логикалық қабілеттерін дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдермен және онлайн қосымшалармен танысты.

Іс-шара соңында кітапханашылар алған ақпараттың пайдалы болғандығын айтып, оларды келешекте өз тәжірибелеріне енгізетіндері туралы кері байланыстарымен бөлісті.



22.01-12.03.2024жж. аралығында 7-11 сынып оқушылары арасында Ә.Қастеевтің 120 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған "Суретпен өрнектелген шығарма" байқауы өткізілді. Байқау жеңімпаздары арнайы мадақтамалар мен сыйлықтар алды.



15.04.2024 ж. READx жобасының кезекті кездесуі өтіп, оқушылар өздері оқыған кітаптарын терең талдады, кітап оқу бойынша тың идеяларымен бөлісті. Оқушыларымыз спикерлердің көркем шығармаларға жасаған талдауларын үлкен қызығушылықпен тыңдады.

Жобаға қатысқан спикерлерді атап айтсақ:

Одил Перизат Т.Жлдасбекқызының "Кеш қалма" кітабын ұсынды.

Базарбайұлы Нұрсұлтан Б. Трейсидің "Выйди из зоны комфорта" кітабы туралы айтып, күнделікті өмірде қолдануға болатын лайфхактармен бөлісті.

Рыстабек Өркен Е.Гордтың "13 осколков личности" атты өзін-өзі тәрбиелеу, мотивация тақырыбына арналған кітабын ұсынды.

Абдиламитова Жасмина Д.Исабековтың "Гауһартас" атты көркем шығармасынан алған әсері мен түйген ойы туралы сөз қозғады.

Абдрайм Бекмұрат А.Кристидің детектив жанрында жазылған "Десять негрят" атты кітабын қалың оқырманға ұсынды.


Битұрсын Аяулым А.Кристидің "Смерть на Ниле" атты кітабы туралы айтты.

Абылғазы Инжу М.Майердің Лунные хроники атты кітаптар топтамасы жайлы айтып, оқушыларды шытырманға оқиғаларға толы шығармалармен таныстырды.

Іс-шара соңында спикерлер мен тыңдаушылар арасында ұсынылған кітаптардың сюжеттері белсенді талқыланды.



16-18.04.2024ж. аралығында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің педагог-кітапханашыларына арналған Корей елінің мамандарының ұйымдастыруымен «Мектеп кітапханалары оқушылардың әл-ауқатын арттыру орталығы ретінде» атты онлайн вебинарға Түркістан НЗМ педагог-кітапханашылары қатысып, арнайы сертификаттар алды.



24.04.2024ж. Дүниежүзілік кітап және авторлық құқық күніне орай "Кітап әлемді бағындырады" акциясы өткізілді. Акция нәтижесінде оқушылар мен қызметкерлер бір-біріне жылы лебіздерімен кітаптар сыйлады. Акция барысында мектеп залы классикалық әдебиеттен бастап заманауи бестселлерлерге дейін, қызықты шытырман оқиғалы романдардан танымдық энциклопедияларға дейінгі әртүрлі басылымдармен толықтырылды. Акцияның әрбір қатысушысы өздеріне ұнайтын кітапты сыйлыққа алып қана қоймай, естен кетпес эмоцияға кенелді.

"Кітап әлемді бағындырады" акциясына Түркістан қаласындағы NIS мектебінен 328 оқушы, 84 қызметкер қатысып, өзара 400-ден аса кітап алмасты. Қатысушылар мен сыйға тартылған кітаптардың бұл әсерлі саны мектеп қауымдастығындағы оқу мен мәдениетке деген қызығушылықтың жоғары деңгейін көрсетеді.

"Кітап әлемді бағындырады" акциясы оқуды насихаттап қана қоймай, мектеп қоғамдастығында бірлік пен өзара түсіністіктің ерекше ахуалын тудырды. Сыйға тартылған кітаптар достықтың, құрмет пен әдебиеттің ортақ махаббатының символына айналды, бұл акция кітаптар әлемі әркім үшін ашық және әр түрлі жастағы және қызығушылықтағы адамдарды біріктіруге қабілетті екенін еске салды.



26.04.2024ж. Түркістан қаласындағы NIS мектебінің оқушылары үшін “Замандастар жырлары” жобасы аясында кітапхананың ұйымдастыруымен әдеби кеш өткізілді.

Кеш қонақтары ретінде Сауран аудандық мәдениет үйінің режисеры, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі - Жоланов Сайлаухан, «Тармақтар» баспасының директоры - Еламан Төлеутай және «Тармақтар: Қазақ әдебиетінің эстетикасы» жобасының авторы - Рысгүл Досжанова шақырылды.

Кеш қонақтары өздерінің шығармашылығымен және әдеби өмірдегі шабыттандыратын оқиғаларымен бөлісіп қана қоймай, сонымен қатар оқушыларға жазушылық шеберліктің құпиялары мен білім алу, өзін-өзі дамыту секілді кезеңдерде қажетті өмірлік кеңестерімен бөлісті.

Оқушылар өз кезегінде заманауи қазақстандық ақындардың өлеңдерін ынта-жігермен оқыды, өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, танымал сөз шеберлерінен құнды кеңестер алды. Бұл кеш оқушылар арасында туған әдебиетке деген қызығушылықты сақтау мен дамытудың маңыздылығының айқын мысалы болды.




29.04.2024ж. Мектебімізде «Ауылдағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы аясында Түркістан облысы кітапханашылары үшін «Оқушылардың оқу және ақпараттық сауаттылықтарын дамытудың заманауи әдіс-тәсілдері» тақырыбында семинар-тренинг ұйымдастырылды.

Семинарға Ә.Сығай атындағы жалпы білім беретін мектеп және Некрасов атындағы №9 мектеп-гимназиясы тірек мектеп кітапханашылары қатысты.

Семинарда тірек мектеп кітапханашыларына «Әдеби квест», «Атақты адамдардың өмірбаяндарын оқу», «Book Tasting», «321 тәсілі», «Мемлекеттер» тақырыптары кеңінен талқыланды.

Іс-шара соңында кітапханашылар алған ақпараттың пайдалы болғандығын айтып, оларды келешекте өз тәжірибелеріне енгізетіндері туралы кері байланыстарымен бөлісті.



30.04.2024ж. «Зияткерлік мектеп оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасын насихаттау мақсатында 7D сынып оқушыларына "BookPuzzle" ойыны өткізілді.



30.04-15.05.2024ж. аралығында 7-9 сынып оқушыларына Bilimland.kz, Gale, LibGuides онлайн білім беру ресурстарын тиімді қолдану бойынша кітапханада ақпараттық сабақтар өткізілді.



30.01.2024ж. Кітапханада "В литературной гостиной" оқырмандар клубының кезекті кездесуі өтті. Оқушылар Николай Лесковтың "Жемчужное ожерелье" және Ги де Мопассанның "Ожерелье" әңгімелеріне талдау жасады. Әңгіме желісіне қатысты Kahoot ойынын ойнап, постер қорғады.



02.05.2024ж. 1 Мамыр - Халықаралық Бірлік күніне орай кітапханада "Мемлекеттер" әдісі арқылы 7В сынып оқушылары әртүрлі елдер мен халықтардың ерекшеліктері туралы ақпараттармен танысты. Оқушылардың ақпаратты іздеу және географиялық танымдылығын кеңейту мақсатында ұйымдастырылған кітапханалық сабақта оқушылар таңдап алған елдерінің географиялық орны, климаты, ерекше мерекелері мен заңдары, көрікті жерлері туралы тың мәліметтермен танысты. Сабақ соңында оқушылар жинақталған ақпараттар жайлы өз ойларын білдіріп, қазақ халқымен ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы сөз қозғады.



02.05.2024ж. Кітапханада "В литературной гостиной" оқырмандар клубының кездесуі буллинг тақырыбына арнап өткізілді. Әдеби талдау сағатында 9D сынып оқушысы Байдулла Гүлнұр қазақ жазушыларының буллинг тақырыбына арнап жазған шығармалары мен оқушылардан алған сауалнама нәтижесін көрсетіп, қазіргі таңда буллинг мәселесінің өзекті болуын алға тартты. Оқушылар буллингті болдырмау және күресу жолдарына арнап арнайы постерлер қорғап, өз ойларымен бөлісті.



03.05.2024ж. Кітапханада 7А сынып оқушыларымен мерзімдік басылымдармен жұмыс бойынша "SOAPS" әдісі арқылы National Geographic журналына талдау жасалды. Оқушылар түрлі мақалалармен танысып, жан-жақты білімдерін толықтырды. Мақалалардың мазмұнын талдау және мазмұнға қатысты өз пікірін білдіруге арналған бұл әдіс оқушылардың мерзімді басылымдармен жұмыс жасауға, жан-жақты талдауға арналған.



03.05.2024ж. Кітапханада 7L сынып оқушыларымен "100 кітап" жобасына енген шығармалар бойынша "Book Fenny" ойыны ойнатылды. Оқушылар ойын барысында осы жобаға енген шығармалармен танысып, атауларын есте сақтауға мүмкіндік алды.



03.05.2024ж. Кітапханада кезекті READx кездесуі өтті. Жобаға 9 сынып оқушылары қатысып, өз кітаптарын ұсынды.

Бірінші спикер 9А сынып оқушысы Жетібаев Жанболат мотивациялық Джон Кавананың "Конор Макгрегор. Жизнь без правил" атты сүйікті кітабын ұсынды.

Екінші спикер 9А сынып оқушысы Базарбайұлы Нұрсұлтан бизнес, қаржы тақырыбында жазылған Дж. С. Клейсонның "Самый богатый человек в Вавилоне" атты бестселлер кітабын ұсынды.

Үшінші спикеріміз 9А сынып оқушысы Одил Перизат Т.Жолдасбекқызының "Араша" атты шытырманға толы шығармасын таныстырды.

Келесі спикеріміз Абдухалық Феруза Х.Муракамидің "Норвежский лес" кітабын таныстырды.

Бесінші спикеріміз Созақбай Ділдә Дж.Уоллстың балалық шағының естеліктеріне негізделген "Замок из стекла" атты кітабын таныстырды.

Соңғы спикеріміз Нуралиев Бағдаулет американдық жазушы С.Б.Дереттің "Девочка которая не видела снов" атты фантастика жанрында жазылған шығармасын оқушыларға ұсынды.



04.05.2024ж. 9А сынып оқушыларымен "Кітапханалық бинго" ойыны өткізілді. Ойын оқушыларды жақындастыруға, бір-бірін тануға және оқырман дос табуға көмектеседі.



04.05.2024ж. 7К сынып оқушылары "Мемлекеттер" әдісі арқылы әртүрлі елдермен танысып, зерттеу жүргізді.



2024 жылдың 5 маусымында 8-сынып оқушылары үшін "100 кітап" жобасы бойынша іс-шара ұйымдастырылды. Оқушыларды жобамен таныстыру және әдеби шығармалармен таныстыру мақсатында Kahoot, Jenga, Book Puzzle ойындарын ұйымдастырылды. Ойындар барысында балалар классикалық әдеби шығармалар туралы білімдерін тексеріп, логика мен командалық рухты дамытты.

Жалпы "100 кітап" жобасы келесі мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

- оқушының оқу белсенділігінің деңгейін арттыру;
- ой-өрісін кеңейту;
- мәдениеттің рухани және тарихи құндылықтарымен таныстыру;
- функционалдық және ақпараттық сауаттылықты дамыту;

Кітапханалық сабаққа 8-сынып оқушыларынан жалпы есеппен 70 оқушы қатысты.



20. Кәсіби бағдар бойынша жұмыс

2023–2024 оқу жылында кәсіби бағдар берудің негізгі мақсаты – оқушылар мен олардың ата-аналарына оқу профилін және болашақ кәсіби қызмет саласын таңдау процесінде кәсіптік бағдар беру бойынша қолдау көрсету. Ал кәсіби бағдар берудің міндеттеріне айтатын болсақ:

- Оқушыларды орта мектепте бейіндік білім алу мүмкіндіктерімен таныстыру, оқушылардың бейіндік пәндерді саналы таңдауына қолдау көрсету.
- Оқушыларды еңбекке саналы көзқарасты, өз мүмкіндіктеріне, қабілеттеріне және еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, қызмет саласын таңдау еркіндігі жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтауды қалыптастыруға ықпал ету.
- Оқушыларға кәсіптік білім алу жолдары туралы ақпарат беру.
- Қазақстан Республикасының жетекші жоғары оқу орындарына және шетелдік жоғары оқу орындарына түсу үшін қажетті ақпаратпен бөлісу.
- Кәсіби бағдар беру мәселелері бойынша оқушылар мен ата-аналарға онлайн және дәстүрлі кеңес беру нысандарын қамтамасыз ету.

Кәсіби бағдар беру арқылы 2023-2024 оқу жылында оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтаудың маңыздылығы және кәсіби жоспарды құру талаптары, мамандық таңдау және жоғары оқу орнына түсу ережелері, мамандықтар мен кәсіби іс-әрекеттер түсінігі, кәсіптік еңбектің мүдделері, мотивтері мен құндылықтары, сонымен қатар мамандық таңдауға байланысты тұлғаның

психофизиологиялық және психологиялық ресурстары туралы түсінігі қалыптасты. Сонымен қатар оқушылардан еліміздегі өндірістік-экономикалық әлеуетінің ерекшеліктері және Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі жоғары оқу орындарына түсудің негізгі критерийлерінің түсінуі қалыптасты.

Оқушылар өздерінің жеке қасиеттеріне белгілі бір кәсіптің талаптарымен салыстыра алады және кәсіби білім алу ресурстарын тиімді пайдалана алады.

Кураторлық сағаттар мен топтық және жеке консультациялар

Кәсіби бағдар беру жұмысы аясында кәсіби өзін-өзі анықтау мен мансапты жоспарлаудың әртүрлі аспектілерін қамтитын маңызды тақырыптар бойынша бірнеше кураторлық сағаттар өткізілді:

- «Who am I?» - бұл кураторлық сағатта оқушылар өз күштерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін түсініп, олардың өзіндік рефлексиясы мен өзін-өзі анықтауына бағытталды.

- «Мамандық таңдау стратегиясы және кәсіптік саланы оқу кезінде қандай интернет ресурстарын пайдалану керек» - оқушылар мансап таңдаудың әртүрлі әдістері мен стратегиялары, сондай-ақ оларды қызықтыратын мансап салаларын зерттеуге көмектесетін пайдалы онлайн ресурстар туралы білді.

- «Қазіргі мамандықтар» - заманауи және сұранысқа ие мамандықтар және олардың болашағы мен талаптарын талқылау. Оқушылар еңбек нарығындағы тенденциялар және болашақта қандай мамандықтар сұранысқа ие болатыны туралы ақпарат алды.

- «Таңдау ережелері: мен қалаймын, менің қолымнан келеді, маған қажет» - бұл кураторлық сағат үш маңызды аспектіні талдау негізінде мамандық таңдау әдістемесіне арналды: қалау (мен қалаймын), мүмкіндіктер (менің қолымнан келеді) және қажеттіліктер еңбек нарығының (маған қажет).

- «Арманыңыздағы университетке апаратын жол» – мамандық пен университет таңдаудан бастап дайындық және жоғары оқу орнына баратын жолды жоспарлау талқыланды.

- «Мамандықтар әлемінде» – бұл кураторлық сағат оқушыларға бар мамандықтардың алуан түрлілігі, олардың ерекшеліктері мен талаптары туралы кеңінен ақпарат берді.

- «Сенің таңдауың» – осы кураторлық сағат аясында мамандықты саналы таңдау, қызығушылықтары мен қабілеттерін талдау бойынша құнды кеңестер мен ұсыныстарды алды.

Аталған кураторлық сағаттар 7-11 сынып оқушылары түгел қатысты. Оқушылар мамандықты саналы таңдау үшін қажетті ақпараттар мен ұсыныстарды алды.

Мектеп кітапханасымен жұмыс

Мектеп кітапханасымен бірлесе отырып, «Мамандық эволюциясы» тақырыбында кіріктірілген сабақ өткізілді. Оқушылар әртүрлі мамандықтардың даму тарихымен танысты, ғылыми-техникалық прогрестің еңбек нарығына әсері және жаңа технологиялар кәсіби ортаны қалай өзгертетіні туралы білді.


Оқушылар «Starbooks & Shanyraks» білім сайысына қатысты. Байқау оқушылардың шығармашылық ойлауы мен кәсіби дағдыларын дамыту, болашақ мамандық таңдауда оқу мен білім алудың маңыздылығын түсінуге көмектесу мақсатында өтті.

Сонымен қатар оқушылар үшін Sci-hub (sci-hub.se) білім беру ресурсымен таныстыру ұйымдастырылды. Оқушылар бұл ресурсты ғылыми әдебиеттерге қол жеткізу үшін қалай пайдалану керектігін білді, бұл оларға әр түрлі кәсіби салаларды әрі қарай зерттеуге және ғылыми-зерттеу қызметіне танысуға әсерін тигізді.




Кәсіби бағытты анықтауға арналған диагностикалық тесттер

2023-2024 оқу жылында 7-10 сынып оқушылар арасында кәсіби диагностикалық тесттер өткізілді. Бұл тесттердің мақсаты оқушылардың кәсіби бейімділіктері мен қызығушылықтарын анықтау, сонымен қатар болашақ мамандығын таңдауға көмектесу болды. Бұл есепте өткізілген тесттерді қорытындыланып, сонымен қатар олардың нәтижелері талданады.




Кәсіби бағдар беру жұмысының маңызды бір бөлігі оқушылардан алынған Г. Гарднердің кәсіби диагностикалық сынағы болды. Тест Гарднердің бірнеше интеллект теориясына негізделген оқушылардың жеке бейімділігі мен қабілеттерін анықтауға бағытталған.

Г. ГАРДНЕРДІҢ 9-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ КӨП ИНТЕЛЛЕКТКЕ АРНАЛҒАН ТЕСТІ



9 ЖӘНЕ 10 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТЕМПЕРАМЕНТ ТИПІ



Кәсіби диагностикалық тесттердің нәтижелері 7-10 сынып оқушыларының қызығушылықтары мен бейімділіктері әртүрлі екенін көрсетті. Олардың көпшілігінде ғылым мен техникаға қызығушылық бар, бұл аналитикалық дағдылардың жоғары деңгейімен сәйкес келеді. Сондай-ақ оқушылардың айтарлықтай бөлігінің коммуникативті және әлеуметтік дағдылары бар, бұл әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардағы мамандықтар үшін өте маңызды. Тестілеуді жүйелі түрде өткізіліп, оның нәтижелерімен жұмыс істеу оқушыларға мамандықты саналы түрде таңдауға және болашақта өзін сәтті жүзеге асыруға көмектеседі.

21. Олимпиадалық қозғалыс

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің негізгі міндеттерінің бірі дарынды оқушылардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау болып табылады. Мектеп педагогтерінің оқушыларды

пәндік олимпиадаларға үздіксіз дайындауының нәтижесінде 2023-2024 оқу жылында желілік және республикалық деңгейде бірқатар жетістіктерге қол жеткіздік.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада

2023 жылдың 22 қараша күні жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өтті. Мектепшілік кезеңге 7-11 сыныптардан 449 оқушы қатысты. Мектепшілік олимпиаданың нәтижесінде 41 оқушы желілік кезеңге қатысуға жолдама алды. Олимпиаданың желілік кезеңі 2024 жылдың 3-6 қаңтар аралығында қашықтық форматта өтті. Бұл олимпиада екі турдан тұрды. Желілік кезеңнің нәтижесінде 8 оқушы жүлделі орындарға ие болды.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың желілік кезеңінің жеңімпаздары (3-6 қаңтар 2024 жыл)

| № | Аты-жөні | Сыныбы | Пәні | Орын | Пән мұғалімі/жетекшісі |
|----------|---------------------|---------------|------------------|-------------|---------------------------------|
| 1 | Матанова Саламат | 11 | Қазақ тілі Т1 | I | Баяндиева Дидар Муханмадияровна |
| 2 | Жумадуллаева Нигора | 8 | Қазақ тілі Т2 | I | Баяндиева Дидар Муханмадияровна |
| 3 | Сапаева Жасмина | 11 | Қазақ тілі Т2 | I | Дархан Шынғыс Есенғараұлы |
| 4 | Абшүкір Жанат | 10 | Құқық негіздері | I | Ақынбекова Гулнур Оразбаевна |
| 5 | Тұрарбек Мансур | 10 | Құқық негіздері | I | Ақынбекова Гулнур Оразбаевна |
| 6 | Исаева Алтынай | 10 | Биология | II | - |
| 7 | Жарылқап Нүргүл | 10 | Қазақстан тарихы | II | Ақынбекова Гулнур Оразбаевна |
| 8 | Абдугаппарова Зиеда | 9 | География | III | Жолдасов Серік Сағатұлы |

Желілік олимпиаданың нәтижесінде 5 оқушы республикалық олимпиадаға қатысуға жолдама алды. Нәтижесінде барлық 5 оқушы жүлделі орындарды иеленді. Олар:

1. Матанова Саламат, қазақ тілі пәні, III орын, жетекшісі Баяндиева Дидар Муханмадияровна
2. Жумадуллаева Нигора, қазақ тілі пәні, I орын, жетекшісі Баяндиева Дидар Муханмадияровна
3. Сапаева Жасмина, қазақ тілі пәні, III орын, жетекшісі Дархан Шынғыс Есенғараұлы
4. Абшүкір Жанат, құқық негіздері пәні, III орын, жетекшісі Ақынбекова Гулнур Оразбаевна
5. Тұрарбек Мансур, құқық негіздері пәні, III орын, жетекшісі Ақынбекова Гулнур Оразбаевна.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған олимпиада (жасөспірімдер олимпиадасы)

2024 жылдың 7-8 ақпан күндері жалпы білім беретін пәндер бойынша 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі өтті. Аталмыш олимпиадаға мектептен 121 оқушы қатысты. Нәтижесінде 44 оқушы желілік кезеңге қатысуға жолдама алды.

Аталмыш олимпиаданың желілік кезеңі 2024 жылдың 3-4 мамыр күндері қашықтық форматта өтті. Желілік кезеңнің нәтижесі бойынша 14 оқушы жеңімпаз атанды, алайда республикалық кезеңге жолдама алған оқушы болған жоқ.

**7-8 сыныптарға арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық
олимпиаданың желілік кезеңінің жеңімпаздары (3-4 мамыр 2024 жыл)**

| № | Аты-жөні | Сыныбы | Пәні | Орын | Пән мұғалімі/жетекшісі |
|----|-------------------------|--------|---------------------|------|------------------------------------|
| 1 | Дадаханова Дильбону | 7 | Қазақ тілі Т2 | I | Ортаева Айгерим Еркебайқызы |
| 2 | Рустамбекова Азиза | 7 | Қазақ тілі Т2 | I | Атабек Арслан Шыңғысұлы |
| 3 | Ерматова Лейла | 8 | Қазақ тілі Т2 | I | Нышанбеков Өмірбек Нұрлыбекұлы |
| 4 | Абдраим Бекмурат | 8 | Қазақ тілі Т2 | II | Баяндиева Дидар Муханмадияровна |
| 5 | Қалыбек Қарақат | 7 | Қазақ тілі Т1 | III | Ортаева Айгерим Еркебайқызы |
| 6 | Бердалиева Айзере | 8 | Қазақ тілі Т1 | II | Нышанбеков Өмірбек Нұрлыбекұлы |
| 7 | Құттыбай Балауса | 7 | Биология | II | Алиева Сурат Ламияқызы |
| 8 | Әлішер Дінмұхаммед | 7 | География | III | Жолдасов Серік Сағатұлы |
| 9 | Сұлтанбек Абылайхан | 8 | География | II | Жолдасов Серік Сағатұлы |
| 10 | Шерімбет Сафия | 7 | Қазақстан тарихы | III | Дүкенбай Бақытжан Әбенұлы |
| 11 | Амангелдиева Жанбота | 8 | Қазақстан тарихы | II | Әшірбай Аяжан Сәрсенәліқызы |
| 12 | Сапаркул Нұрислам | 8 | Қазақстан тарихы | III | Әшірбай Аяжан Сәрсенәліқызы |
| 13 | Нұржанов Мұхтархан | 7 | Химия | II | Вебер Гульмира Геннадиевна |
| 14 | Махамбаева Балауса | 8 | Химия | III | Тоқтамыс Нұрболат Баратұлы |

2024 жылдың сәуір айларында республикалық «Абай оқулары» және «Әбіш оқулары» конкурстарының желілік кезеңдері қашықтық форматта өтті. Нәтижесінде мектеп оқушылары жүлделі орындарды иеленді.

**«Абай оқулары» республикалық конкурсының желілік кезеңінің жеңімпаздары
(сәуір 2024 жыл)**

| № | Аты-жөні | Сыныбы | Секциясы | Орын | Пән мұғалімі/жетекшісі |
|---|-----------------------|--------|---------------------------------------|---------|------------------------------------|
| 1 | Бақыт Аяулым | 11 | Сөз өнеріндегі ұлы Абай бейнесі | II | Есбалаева Роза Жұмабайқызы |
| 2 | Асен Бейбітхан | 8 | Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы | грамота | Нышанбеков Өмірбек Нұрлыбекұлы |
| 3 | Тұрсұнбай Тамерлан | 8 | Көңілім әнді ұғады | III | Баяндиева Дидар Муханмадияровна |

**«Әбіш оқулары» республикалық конкурсының желілік кезеңінің жеңімпаздары
(сәуір 2024 жыл)**

| № | Аты-жөні | Сыныбы | Секциясы | Орын | Пән мұғалімі/жетекшісі |
|---|----------|--------|----------|------|------------------------|
|---|----------|--------|----------|------|------------------------|

| | | | | | |
|---|---------------------|---|------------------|----|---------------------------------|
| 1 | Құдайберген Нұрәлі | 9 | Сахналық қойылым | I | Нышанбеков Өмірбек Нұрлыбекұлы |
| 2 | Исенбек Мұхаммеджан | 9 | Сахналық қойылым | I | Нышанбеков Өмірбек Нұрлыбекұлы |
| 3 | Туйчибай Дидархан | 9 | Сахналық қойылым | I | Нышанбеков Өмірбек Нұрлыбекұлы |
| 4 | Ұлықпанов Ерхан | 9 | Сахналық қойылым | I | Нышанбеков Өмірбек Нұрлыбекұлы |
| 5 | Қазанғап Ақжан | 9 | Сахналық қойылым | I | Нышанбеков Өмірбек Нұрлыбекұлы |
| 6 | Бекзатова Дильноза | 9 | Сурет салу | II | Баяндиева Дидар Муханмадияровна |

22. Оқушылардың ғылыми жоба конкурстарына қатысуын ұйымдастыру

2023-2024 оқу жылында мектебімізде оқушыларды жобалық іс-шараларға тарту бойынша белсенді жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, шығармашылық қабілеттерін, ынтымақтастық және дербестігін дамыту болды. Бұл есепте атқарылған жұмыстар қорытындыланып, қол жеткізілген нәтижелер сараланып, келесі жылға арналған жоспарлар белгіленді. STEM Engineering ақпан айынан бастап өз жұмысын бастады. Осы аралықта оқушылардың жасаған жобалары мен жұмыстары өз нәтижелерін желілік, республикалық деңгейде жүлделі орындармен көрсетті. STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) – оқушылардың осы пәндерді жан-жақты түсінуін және қолдануын дамыту үшін ғылым, технология, инженерия және математиканы біріктіруге бағытталған білім беру тәсілі.

STEM білім берудің негізгі мақсаты – оқушыларды заманауи жоғары технологиялық, инновациялық жобаларға, зертханалық жұмыстарға және эксперименттік зерттеулерге қатысу арқылы оқушылардың теориялық білімдерін практикада қолдана білу дағдыларын дамыту.

STEM Engineering мақсаты:

- Жобаларға қатысу арқылы оқушылардың оқу іс-әрекетіне қызығушылық деңгейін арттыру;
- Мектеп оқушыларының 21 ғасырдағы негізгі құзыреттіліктерін дамыту;
- Оқушылардың шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға жағдай жасау.

Міндеттері:

- Жобалық топтарды ұйымдастыру;
- Оқушылар мен оқытушылар үшін оқыту семинарларын өткізу;
- Жоба қызметін бағалау және бақылау жүйесін құру;
- Сыртқы ұйымдармен серіктестік орнату.

Оқу жылының басында әртүрлі сынып оқушыларынан тұратын жобалық топтар құрылды. Әр топ мұғалімдер арасынан жоба жетекшілерін таңдалды. Жобалардың тақырыптары ғылыми зерттеулерден бастап, шығармашылық және әлеуметтік бастамаларға дейін болды.

Оқушылар мен мұғалімдерге келесі тақырыптар бойынша семинарлар ұйымдастырылды:

- Жоба қызметінің негіздері;
- Уақыт пен ресурстарды басқару;
- Таныстыру дағдылары;
- Ғылыми зерттеу әдістері.



Оқушыларды және мұғалімдерді ғылыми жоба деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында STEM Engineering ұйымдастыруымен “ToBe NIS” өз жұмысын бастады. Ұйымның ашылуына орай “Идеядан жетістікке дейін” ғылыми жобаларды әзірлеу бойынша семинарын ұйымдастырды. Семинарда ғылыми жобаларды жазу бойынша тапсырмалар ұсыныстар мен кеңестерді алды. Семинар барысында сыни ойлауды дамытуға, ақпаратпен жұмыс істей білуге және зерттеу нәтижелерін сауатты ұсынуға ерекше назар аудару қажеттігін атап өтті. Семинар интерактивті форматта өткізіліп, қатысушылар белсенді сұрақтар қойып, өз сауалдарына жауап тапты. Бұл ұйым оқушылардың өз ойында жүрген жобаларын жүзеге асыруға себепкер болатын қауымдастық. Жас энтузиасттардың басын қосатын, оларға өз ойын жүзеге асыруға көмектесетін орта.

2023-2024 оқу жылында оқушыларға ғылыми жобаға және де STEM білімін дамыту мақсатында “Физика және информатика” апталығы аясында NIS және БИЛ оқушылары арасында зымыран құрастыру тақырыбы шеңберінде мастер-класс өткізілді. Шеберлік-сағаты барысында қатысушылардың әрқайсысы зымырандарды жобалау негіздерін, олардың жұмыс істеу принциптерін және заманауи техникада қолданылуын білуге мүмкіндік алды. Сонымен бірге, оқушылар зымыран модельдерін жинап, оларды ұшыруға қажетті қондырғыларының макеттерімен танысты. Нәтижесінде, оқушылар зымыран туралы білімдерін кеңейтіп қана қоймай, болашаққа қолдануға болатын практикалық дағдыларға ие болды.



Мастер-классты өткізудің мақсаты оқушыларды жобаға, зымыран ғылымының негіздерімен таныстыру, олардың ғылым мен техникаға деген қызығушылығын арттыру және осы саладағы қосымша зерттеулер мен мүмкін мансапқа шабыттандыру болды. Мастер-класс соңында қатысушылар өз қолдарымен жасаған зымырандарды ұшырып, теориялық білімді практика жүзінде іске асырды.

**Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының
желілік кезеңінің жеңімпаздары (30 қазан-1 қараша 2023 жыл)**

| № | Аты-жөні | Сыныбы | Секциясы | Орын | Пән мұғалімі/жетекшісі |
|---|-----------------------|--------|------------------|------|--|
| 1 | Кулымбетова Камшат | 10 | Экономика | III | Ашир Эльмира Асилбековна, Сеитбек Ержігіт Асылбекұлы |
| 2 | Амидулла Назерке | 9 | Экономика | III | Ашир Эльмира Асилбековна, Әшір Қажымұрат Бақдәулетұлы |
| 3 | Тұрлыбек Ерасыл | 11 | Этномәдениеттану | III | Жолдасов Серік Сағатұлы, Есбалаева Роза Жұмабайқызы, Махсутов Жанғали Ғалымұлы, Айдарбек Темірғалым Жолдасбекұлы |
| 4 | Төрехан Сәния | 11 | Этномәдениеттану | III | Жолдасов Серік Сағатұлы, Есбалаева Роза Жұмабайқызы, Махсутов Жанғали Ғалымұлы, Айдарбек Темірғалым Жолдасбекұлы |

Республикалық ғылыми жоба конкурсына оқушылардың дайындықтарын тексеру мақсатында мектепшілік ғылыми жоба конкурсының I кезеңі өткізілді. Ғылыми жобалар байқауы төрт бағытта ұйымдастырылды – “Ғылыми-техникалық прогресс – экономикалық өсудің негізгі буыны ретінде”, “Экономикалық және әлеуметтік процестерді математикалық модельдеу”, “Таза табиғи орта – “Қазақстан - 2030” стратегиясын жүзеге асырудың негізгі” және “Қазақстанның тарихи ескерткіштері мен перспективалық туристік бағдарлары”.



Мектепшілік ғылыми жоба конкурсына оқушылар тарапынан 67 ғылыми жоба ұсынылды, 16 секция бойынша жұмыстар таңдалды. Бірінші кезеңнен өткен ғылыми жобалар келесі кезеңге жіберілді. Мұндай конкурстар шығармашылық ойлауды, ғылыми әдісті дамытуға, болашақ және инженерлік мансаптарға дайындыққа ықпал ететін білім беру процесінің маңызды элементі болып табылады.



26-ақпан мен 1-наурыз аралығында Тараз қаласында өткен республикалық ғылыми жобалар конкурсында мектебіміздің оқушылары жеңімпаз атанып, I және III дәрежелі дипломдарға ие болды.

“Экономика” секциясы бойынша 9-сынып оқушысы Амидулла Назерке мен 10-сынып оқушысы Кулымбетова Камшат I орын. Жетекшілері: математика пәні мұғалімдері Ашир Эльмира мен Әшір Қажымұрат, информатика пәні мұғалімі Сеитбек Ержігіт.

“Этномәдениеттану” секциясы бойынша 11-сынып оқушысы Тұрлыбек Ерасыл III орын иегері атанды. Жетекшілері: география пәні мұғалімі Жолдасов Серік, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Есбалаева Роза, физика лаборанты Махсұтов Жанғали және жатақхана тәрбиешісі Айдарбек Темірғалым.

“Рухани жаңғыру” бағдарламасы аясында және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 90 жылдығына арналған “ЖАС ӘЛ-ФАРАБИ” мектеп оқушыларының Республикалық ғылыми-зерттеу конференциясына мектебіміздің оқушылары қатысып жеңімпаз атанды.

Абдулманнапов Дильнур және Кулымбетова Камшат 2-орын иеленді, жетекшілері Абдушукуров Эльдар және Худайберген Ғалым.

Ахан Зере және Абшүкір Жанат 3-орын иеленді, жетекшілері Жолдасов Серік және Нышанбай Назерке.

Ислам Батырхан және Тұрарбек Мансур 3-орын иеленді, жетекшілері Липакова Ирина Николаевна.

Досыбай Шұғыла және Пернешбай Нұрай 3-орын иеленді, жетекшілері Есбалаева Роза Жұмабайқызы.

Алматы қаласында “NIS НАСКАТОН-2024” IT-чемпионатында оқушыларымыз 1-орынға ие болды. Еліміздің Зияткерлік мектептерінен 180-ге жуық үздік бағдарламашы-әзірлеушілер қатысты. 24 сағат ішінде жоғары және кіші лигадағы командалар білім беру саласындағы ұсынылған сегіз мәселенің бірін шешу, оның технологиялық шешімін табу үшін “EduVR” тақырыбында өздерінің бағдарламалық өнімдерін ұсынды.

Кіші лиганың жеңімпаздары: Абдугаппарова Зиеда, Мамаджанова Шодиена, Турсынқулова Одина, Розмухамматов Саидахмад 9- сынып оқушылары.

Жоғарғы лиганың оқушылары Асылбек Диас, Гайдаенко Алихан, Рахманбердиев Сардорбек, Сартай Алпамыс “Spark AI” жобасын қорғап “Үздік презентация” номинациясын жеңіп алды.

Қазақстан Республикасы мектептері бітіруші сыныптарының (10-12 сыныптар) оқушылар арасында “Smart City” республикалық инновациялық ғылыми жобалар конкурсында мектеп оқушыларымыз 3-орын иеленді және Astana IT университетінің грантын жеңіп алды.

Абдулманнапов Дильнур, Юлдашев Билал, Ислам Батырхан және Тұрарбек Мансұр “Үздік ғылыми жоба” сертификаттарына ие болды.

Гайдаенко Алихан және Рахманбердиев Сардорбек Smart City конкурсында 3-орын мен қатар Astana IT University гранты иегері атанды. Жоба жетекшілері Махсұтов Жанғали Ғалымұлы, Липакова Ирина Николаевна, Худайберген Ғалым Сапарбайұлы және Абдушукуров Эльдар Сабирулы.



“HOT START “STEM көмегімен ақылды мектеп” конкурсында STEM әдістерін қолдануға негізделген түрлі инновациялық идеялар мен жобалар ұсынылды. Көрмеде оқушылар ғылым, техника және ақпараттық технологиялардың әртүрлі салаларындағы бірігей идеялары мен қосымшаларды көрсете отырып, өздерінің инновациялық жобаларын ұсынды. Жобалар робототехника, бағдарламалау, электроника, экология, медицина және басқа да көптеген тақырыптарды қамтыды.



Көрмеге қатысу оқушыларға өздерінің шығармашылық және инженерлік қабілеттерін көрсетіп қана қоймай, сарапшылар мен келушілердің кері байланыс алуға, сондай-ақ, өз идеяларын жүзеге асыру үшін әлеуетті серіктестер мен инвесторларды табуға мүмкіндік берді. Бұл тәжірибе оқушылардың ғылыми-техникалық шығармашылық және кәсіпкерлік саласында одан әрі дамуын ынталандырды.

«Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсының желілік кезеңінің жеңімпаздары (желтоқсан 2023 жыл)

| № | Аты-жөні | Сыныбы | Секциясы | Орын | Пән мұғалімі/жетекшісі |
|---|----------------|--------|-------------------------|------------|--------------------------------|
| 1 | Сапарбай Сезім | 7 | Қазақ тілі мен әдебиеті | сертификат | Ортаева Айгерім Еркебайқызы |
| 2 | Берік Нұржұпар | 7 | Қазақ тілі мен әдебиеті | сертификат | Ортаева Айгерім Еркебайқызы |

| | | | | | |
|---|-------------------|---|--------------|-----|--|
| 3 | Қабланбек Жәнібек | 7 | Өлкетану | III | Жолдасов Серік Сағатұлы, Дүкенбай Бақытжан Әбенұлы |
| 4 | Тнейбай Нәзік | 7 | Ағылшын тілі | III | Аманбаева Айнур Маханбеталиевна, Жолдасов Серік Сағатұлы |

“ProEco” экологиялық жобалар конкурсынан оқушыларымыз жеңімпаз атанды.

**«ProEco» экологиялық жобалар республикалық конкурсының желілік кезеңінің
жеңімпаздары (сәуір 2024 жыл)**

| № | Аты-жөні | Сыныбы | Секциясы | Орын | Пән мұғалімі/жетекшісі |
|---|--------------------------|--------|---------------------------------------|------------|---|
| 1 | Мамирова Айымжан | 8 | Таза қала сізден басталады | II | Худайберген Ғалым Сапарбайұлы, Айдан Айболат (9-сынып оқушысы) |
| 2 | Жарылқасын Ақерке | 8 | Таза қала сізден басталады | II | Худайберген Ғалым Сапарбайұлы, Айдан Айболат (9-сынып оқушысы) |
| 3 | Абдулманнапов Дильнур | 8 | Таза қала сізден басталады | III | Азимбек Бақыт Қанатқызы |
| 4 | Каримов Темирхан | 8 | Таза қала сізден басталады | III | Азимбек Бақыт Қанатқызы |
| 5 | Куралбек Дәулет | 8 | Мені қоршаған әлем-ғажайып әлем | сертификат | Токтамыс Нұрболат Баратұлы, Әбдібек Арайлым Тұрсынбайқызы |

***Оқушылармен бірге зияткерлік меншік нысандарына алынған авторлық құқықтар
туралы мәлімет***

| № | Оқушылардың аты-жөні, жетекшілері | Зияткерлік меншіктің атауы | тіркеу №, күні |
|---|--|---|-------------------------------------|
| 1 | Мамаджанова Шодиена Азизқызы, 9 сынып оқушысы | Ғылыми туынды «Роль антитезы в образе детей в рассказах Чингиза Айтматова и Рэя Брэдбери» | №40160, 3 қараша 2024 жыл |
| 2 | Асылбек Диас, 11 сынып оқушысы, Тұрарбек Мансур, 10 сынып оқушысы, Сарғай Алпамыс, 11 сынып оқушысы, Кузьмина Ирина Николаевна, информатика мұғалімі | Ғылыми туынды «Проектно- исследовательская работа на тему TauFind» | №41161, 11 желтоқсан 2023 жыл |
| 3 | Құлымбетова Камшат Асылханқызы, 10 сынып оқушысы, Ашир Эльмира Асилбековна, математика мұғалімі, Сеитбек Ержігіт Асилбекұлы, информатика мұғалімі | Ғылыми туынды «Қазақстандағы мал жүнін өңдеу өнеркәсібінің мәселелері және оны шешу жолдары» | №41482, 25 желтоқсан 2023 жыл |
| 4 | Аמידулла Назерке Сейфуллақызы, 9 сынып оқушысы, Ашир Эльмира Асилбековна, математика мұғалімі, Әшір Қажымұрат Бакдәулетұлы, математика мұғалімі | Ғылыми туынды «Құрама жем өндірісі - малды азықтандыру мәселесін шешу жолы ретінде» | №41595, 26 желтоқсан 2023 жыл |

| | | | |
|----|---|--|----------------------------|
| 5 | Гайдаенко Алихан, Рахманбердиев Сардорбек, Бақытжан Арнұр, Елубай Амир, Садық Бексұлтан, Алимбай Мейіржан, Камал Елсайн, 11 сынып оқушылары, Кузьмина Ирина, информатика мұғалімі | Әдеби туынды «Проектно-исследовательская работа на тему Adaldyk Dukeni v rukah uchenikov» | №42176, 18 қаңтар 2024 жыл |
| 6 | Тұрлыбек Ерасыл, 11 сынып оқушысы, Жолдасов Серік Сағатұлы, география мұғалімі, Есбалаева Роза Жумабайқызы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Айдарбек Темірғалым Жолдасбекұлы, тәрбиеші, Махсұтов Жанғали Ғалымұлы, физика лаборанты | Ғылыми туынды «SMART-ер-тоқым» | №42545, 1 ақпан 2024 жыл |
| 7 | Жанабаева Софья, Каримжанова Дилнура, 11 сынып оқушылары, Нұрыш Нұрай Әбутәліпқызы, физика мұғалімі, Жамекова Айнаш Маратбекқызы, биология мұғалімі, Худайберген Ғалым Сапарбайұлы, физика мұғалімі | Ғылыми туынды «Влияние электрического тока на развитие растения» | №42675, 7 ақпан 2024 жыл |
| 8 | Сапар Бірханым, 11 сынып оқушысы, Истыбаева Балжан Жуманалиевна, Космаилова Балжан Сериковна, педагог-ұйымдастырушы-кураторлар | Сценарийлік туынды «Көжек пен Ақүрпек (қуыршақ театры)» | №42965, 15 ақпан 2024 жыл |
| 9 | Абдугаппарова Зиеда, Турсынқулова Одина, 9 сынып оқушылары, Липакова Ирина Николаевна, информатика мұғалімі | Ғылыми туынды «Eco-Smart Bin» | №43641, 12 наурыз 2024 жыл |
| 10 | Сақтаган Нұрғаным, 11 сынып оқушысы, Жамекова Айнаш Маратбекқызы, биология мұғалімі | Ғылыми туынды «Асқабақ дәнінің терапиялық және қоректік құндылығы» | №44569, 11 сәуір 2024 жыл |
| 11 | Мұрат Нұрхадиша, Пернешбай Нұрай, 11 сынып оқушылары, Тапелова Батиха Жусиповна, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі | Ғылыми туынды «Экологические проблемы в произведениях казахских писателей: анализ и отражение через создание книжного клуба и мобильного приложения» | №45013, 23 сәуір 2024 жыл |
| 12 | Ибрагимова Аяулым, Дүйсенбек Даниял, 11 сынып оқушылары, Тоқтамыс Нұрболат Баратұлы, химия мұғалімі, Махсұтов Жанғали Ғалымұлы, физика лаборанты | Ғылыми туынды «Смарт подушка: Разработка инновационного устройства для мониторинга здоровья человека» | №45758, 14 мамыр 2024 жыл |
| 13 | Матанова Саламат, 11 сынып оқушысы, Баяндиева Дидар Муханмадияровна, Есбалаева Роза Жумабайқызы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері | Ғылыми туынды «Қазақ» газеті - XX ғасыр басындағы тұңғыш ғылыми-көпшілік басылым» | №45823, 15 мамыр 2024 жыл |
| 14 | Қалыбек Айару, 9 сынып оқушысы, Дархан Шынғыс Есенғараұлы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Дүкенбай Бақытжан Әбенұлы, тарих мұғалімі | Әдеби туынды «Көшпенділер» үстел ойыны» | №46387, 24 мамыр 2024 жыл |
| 15 | Абдылла Сәнім, Базарбайқызы Айгүл, 9 сынып оқушылары, Дархан Шынғыс Есенғараұлы, Атабек Арслан Шыңғысұлы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері | Әдеби туынды «NOMADS» үстел ойыны» | №46475, 27 мамыр 2024 жыл |
| 16 | Сапаева Жасмина, Кадирова Данайым, 11 сынып оқушылары, Тоқтамыс Нұрболат Баратұлы, химия мұғалімі | Әдеби туынды «Инновационное решение проблемы переполненных мусорных баков в жилых комплексах Казахстана» | №46721, 30 мамыр 2024 жыл |

| | | | |
|----|---|--|---------------------------|
| 17 | Каримжанова Дильнура, 11 сынып оқушысы, Абжалиева Надыра Киргизбаевна, химия мұғалімі | Ғылыми туынды «Аппарат "EyeEase Light Controller": регулирование освещения для поддержания зрительного комфорта» | №46973, 4 маусым 2024 жыл |
|----|---|--|---------------------------|

23. Үштілділікті дамыту

Үштілділікті дамыту бойынша Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектепте бірқатар іс-шаралар өткізілді. Жыл сайын 5 қыркүйек күні мемлекетімізде Қазақстан халықтарының тілдер күні атап өтіледі. Осы мерекелі күні мектепте қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі әдістемелік бірлестіктердің ұйымдастыруымен «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» тақырыбы аясында оқушылар мен педагогтерге арналған әртүрлі танымдық іс-шаралар өткізілді. Бұл іс-шаралардың мақсаты мектеп қауымдастығының тілдерді үйренуге деген қызығушылығын арттыру, тілдік құзіреттіліктерін дамыту және үштілділікті дәріптеу болып табылады.

2023-2024 оқу жылы бойы мектепте тақырыптық пәндік апталықтар өткізілді. Қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі апталықтары барысында ашық сабақтар, мұғалімдер, ата-аналар мен оқушыларға арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. Шетел мамандары ғаламдық азаматтық апталығын толығымен ағылшын тілінде өткізді.

Мектеп педагогтерінің тілдік білімдері мен дағдыларын жақсарту, ағылшын тілін тәжірибеде қолдану аясын кеңейту мақсатында оқу жылының I және II жартыжылдығында шетел мұғалімдері ағылшын тілін үйрету бойынша мектепшілік курстар жүргізді. Мектепшілік курстар аптасына бір рет өткізілді және тілді үйренуге қызығушылығы бар кез келген мұғалімнің қатысуына мүмкіндігі болды. Бейінді пән мұғалімдері жоғары сыныптарда шетел мамандарымен ағылшын тіліндегі командалық сабақтар өткізді.

Жоғары сынып оқушыларының ағылшын тілін меңгеру деңгейін көтеру және олардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін шетел мамандары кестеге сәйкес “Speaking Club” өткізді. Осы шара аясында оқушылар шетел мамандарымен жеке кездесіп, ағылшын тілінде сөйлесу арқылы тілді жаттықтыруға мүмкіндік алды.

24. Медициналық қызметтің жұмысы

Түркістан қаласы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» жыл соңында балалар саны 523 оқушыны құрады. Мектепте жыл бойы емдеу-алдын алу жұмыстары, тексерулер, профилактикалық егулер, науқас балаларды амбулаториялық қабылдау, санитарлық-медициналық ағарту жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына сәйкес нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексерулерді 7-8-9-10-11 сынып оқушыларына мектеп ішілік профилактикалық тексеруден өткізілді.



Оқушылардың негізгі физикалық көрсеткіштерін өлшеу арқылы, физикалық дамуын бағалау.

2023-2024 оқу жылындағы мектеп жасындағы балаларды, халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексеру есебі:

Жалпы жоспар : 523

Өткені : 372

Пайыздық көрсеткіші : 71%

№ ҚР ДСМ- 214/2020 «туберкулез профилактикасы жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидалары» бұйрығына сәйкес 15 жасқа дейінгі балаларға Манту сынамасын жүргізу, 15-17 жастағы оқушыларға флюорографиялық зерттеуден өтуге сәйкес оқушылар бекітілген жері бойынша тіркелген емханадан өтіп келді.

| Атау | Жоспар | Өткізілген | Бас тарту | Медициналық қарсы көрсеткіштер | Пайыздық өлшем % |
|--------------|--------|------------|-----------|--------------------------------|------------------|
| R-Манту | 101 | 39 | 10 | 2 | 50% |
| Диаскин тест | | 4 | | | |
| АДС-М | 11 | | 3 | | 27% |
| ФЛГ | 153 | 101 | | | 66% |

| | |
|---|--|
| Атқарылған жұмыстардың пайыздық % көрсеткіштерінің төмен болу себептері: | Оқушылардың жергілікті мекен - жай бойынша емханаға тіркелуіне байланысты. Тексеруден өтпеген оқушылар жазғы демалыс уақытында өтіп келеді. Кураторларға өтпеген оқушылардың тізімі берілді. |
|---|--|

Диспансерлік есепте:

Оқу жылының соңында " Д " есебінде 72 оқушы қалды.


| № | Аурулардың нозологиясы | Саны |
|----|------------------------------------|-----------|
| 1 | Қан және қан айналымы органдары | 5 |
| 2 | Несеп-жыныс жүйесі мүшелерінің | 0 |
| 3 | Тыныс алу органдары | 2 |
| 4 | Эндокриндік жүйе | 0 |
| 5 | Орташа және жоғары дәрежелі Миопия | 49 |
| 6 | Тірек-қимыл жүйесі | 6 |
| 7 | Тері аурулары | 1 |
| 8 | Аллергия | 2 |
| 9 | Жүйке жүйесі аурулары (ДЦП-1) | 2 |
| 10 | Құлақ аурулары | 1 |
| 11 | Жүрек-тамыр жүйесі аурулары (ВПС) | 4 |
| | Жалпы | 72 |

Мүгедектікпен «Д» есепте:

| № | Аты-жөні | Туған жылы | Сыныбы | Диагнозы |
|---|-----------------|------------|--------|----------|
| 1 | Мұсабаев Нұртас | 2008 | 9 В | ДЦП |

Емдеу жұмысы:

08.01.2024-31.05.2024ж оқу жылында 403 оқушыға алғашқы көмек көрсетілді.



Оқу мерзіміндегі емханада емделіп, ем алғаны туралы анықтамалар бойынша 08.01.2024ж-31.05.2024ж аралығында оқушылардың аурушаңдығы 86 жағдайды құрайды. Назология бойынша жіктеме:


| Ауру атауы | Саны |
|-----------------------------------|------|
| Тері аурулары | 4 |
| Жоғарғы тыныс аурулары | 66 |
| Көз аурулары | 2 |
| Жарақаттар (жеңіл, ауыр) | 5 |
| Ас қорыту ағзалары | 6 |
| Несеп, бүйрек жолдарының аурулары | 2 |
| Бас нерв жолдарының аурулары | 1 |
| Жүрек жолдарының аурулары | 0 |
| Мұрын қанау | 0 |
| Жалпы саны | 86 |

Оқу жылына қойылған жоспар бойынша профилактикалық тренинг, сабақтар.



Дәмбике Төлеманова С.Қ оқушылар арасында сауалнама жүргізілді.
Қатысқан саны – 153


Таңғы, түскі және кешкі ас сапасына көңіліңіз толады ма?



Мектеп асханасында ұнататын тағамдарыңыз (бірнеше жауапты көрсетуге болады)



Мәзірде ұсынылатын тағамдар
ассортименттік кеңейтуді қалайсызба?



Дәмбикенің өткізілген сабақтары



семинар

- Дұрыс тамақтану
- Ас адамның арқайуы.
- Асқазан - ішек ауруларының алдын-алу.



тренинг

- Тамақтану және жедел ішек инфекциясы.



семинар сабақ

- Дезинфекциялық ерітінділермен жұмыс жасау.

Ай сайын бракераж комиссия отырысы өтілді.



Жатақхана оқушыларына өткізілген сабақтары:

1. Еттектік циклы және жеке бас гигиенасы.
2. Қызылша (корь).

3. Ұлдар гигиенасы.
4. Тұмау және оның алдын-алу жолдары.
5. Алғашқы көмек және оның түрлері.
6. Дұрыс тамақтану.
7. Миопия және оның алдын-алу жолдары.
8. Балалардың жарақаттануы және оның алдын-алу жолдары.
9. Стоматит.
10. Аллергия және оның емі.
11. Улы жәндіктердің шағу кезіндегі алғашқы көмек.



Акбар А



Кондыбаева М



Дурменова А



Аропбаева З



Мектептегі оқушы денсаулығын сақтау және қалыптастыру

Хостел оқушыларына өткізілген сабақтары:



Қыз балдардың жеке бас гигиенасы.



Алғашқы көмек көрсету.



Ұл балдардың жеке бас гигиенасы.

2024-2025 оқу жылына жоспар:

- Мектепті жаңа оқу жылына санитарлық-эпидемиологиялық тазалау жұмыстарының өткізілуін қадағалау, дайындау.
- 7 сынып оқушыларының медициналық құжаттарын қабылдау.
- Дәрі дәрмектердің және медициналық қобдишалардың сақталу мерзімдерін қадағалап тексеру.
- Мектеп қызметкерлерін медициналық санитарлық профилактикалық тексеруден өтуін қадағалау.
- Мектеп ұжымына және оқушыларға “Алғашқы көмек” тақырыбында дәріс өту.
- Әр тоқсан сайын оқушыларды медициналық профилактикалық санитарлық тексеруден өткізу.
- Диспансерлік есептегі оқушылармен және тексеру барысында анықталған аурулармен жұмыс жасау.
- Кезеңдік инфекциялық аурулар туындайтын мезгілдерде (семинар, тренинг, сабақтар) өткізіп отыру.
- Оқушыларды ФЛГ, профилактикалық екпеден және халықтың нысаналы топтарына профилактикалық медициналық қарап-тексеруден жоспарлап өткізу.
- ҚРДСМ 2018 жылғы 18 сәуірдегі № 175 бұйрығымен бекітілген «Паразиттік аурулардың алдын алу бойынша санитарлық-эпидемиологияға қарсы және санитарлық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидалары негізінде жатақхана оқушыларын санитарлық тексеруден өткізіп тұру.

25. Мектеп асханасының жұмысы

Оқу жылының басында мектеп асханасына 550 балаға лайықты ыдыс-аяқ пен орындықтар қойылды. Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілеріне зерттеу жүргізілді және микробиологиялық зерттеу алынды. Олардың нәтижелері теріс (-) болып шықты. Асхана қызметкерлерінің медициналық құжаттары тексерілді. Асхана бөлімінің құрылымы мен жоспарлануының, жеткізілген азық-түліктің сақталу жағдайын бақылау және асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайының, 05.08.2021 ж. ҚР ДСМ №76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы» СанПин ережелерінің сақталуы қадағаланып, жұмыс жүргізілді.



2023 жылы суды электронды салқындататын 40 кулер талапқа сай жуып-тазаланды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» №ҚРДСМ-76 бұйрығының 7-тарауындағы Объектілердегі тамақтану жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 қаулысымен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетілген әлеуметтік көмек беру мөлшеріне, көздеріне, түрлеріне 10-қосымшада белгіленген, дарынды балаларға мамандандырылған интернаттық білім беру ұйымдарында білім алатын балаларды тамақтандыру нормаларының сақталу талаптарына сәйкес ай сайынғы бракераж комиссиясы жұмыс жасады және комиссия отырыстарына хаттама толтырылды.



Мектеп тағамын және асхана қызметкерлерінің жұмысын бағалау үшін оқушылар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 430 оқушы қатысты.

2023-2024 оқу жылына жасалған жоспар бойынша профилактикалық тренинг, сабақтар төмендегі тақырыптар бойынша өткізілді:

1. Дұрыс тамақтану «Ас-адамның арқауы»
2. Қан аздықтың алдын алу
3. Дезинфекциялық ерітінділермен жұмыс жасау
4. Көкөністердің сатылымға ерту түсуі
5. Тамақтан улану және жедел ішек инфекциясы
6. Асқазан-ішек ауруларының алдын –алу

VI. Қызметкерлер

26. Мұғалімдердің кәсіби дамуы

Педагогтердің кәсіби дағдылары мен қабілеттерін дамыту, өз бетінше білім алуын қамтамасыз ету, әріптестердің кәсіби өсуіне ықпал жасау мақсатында Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша бірқатар іс-әрекеттер жасалады. Олардың қатарында мұғалімдердің кәсіби даму мақсаттарымен жұмысы, семинар мен тренингтер, мектепшілік курстар, тренерлердің жұмысы, жас мамандармен жұмыс бар.

Тренерлер туралы мәлімет

2023-2024 оқу жылында мектептегі тренерлер саны-12. Биылғы оқу жылында мектептегі бірнеше тренер мектепшілік курстарды жүргізуге қатысты.

| № | Аты-жөні | Бағдарлама атауы | Сертификат |
|---|---------------------------------|--|-----------------|
| 1 | Тусупжанов Айдын Елеусызович | Физика пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту бойынша тренер | ПШО сертификаты |
| 2 | Тусупжанов Айдын Елеусызович | «Колледжде физиканы оқыту: басымдықтар және жетілдіру | ПШО сертификаты |

| | | | |
|----|-----------------------------------|--|--------------------------------------|
| | | стратегиялары» бағдарламасы бойынша тренер | |
| 3 | Байтокаева Лаура Серикболовна | Педагогтердің кәсіби дамуын қолдау бойынша тренер | ПӨО сертификаты |
| 4 | Зәмірбекқызы Маслихат | Педагогтердің кәсіби дамуын қолдау бойынша тренер | ПӨО сертификаты |
| 5 | Тажибаяев Асхат Қуатович | ПШО деңгейлік бағдарламалары бойынша тренер | ПШО сертификаты |
| 6 | Тажибаяев Асхат Қуатович | Бағалау бойынша сарапшы | ПӨО сертификаты |
| 7 | Жолдасов Серік Сағатұлы | «Дарынды балаларды дамыту» бойынша тренер | СТҮ сертификаты |
| 8 | Ильясов Бауыржан Адильханович | Физика пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту бойынша тренер | ПШО сертификаты |
| 9 | Қожахмет Бағлан Бегманұлы | CELTA сертификаты | CELTA сертификаты |
| 10 | Кузьмина Ирина Николаевна | Cisco IT Essential тренері | Cisco Networking Academy сертификаты |
| 11 | Сеитбек Ержігіт Асилбекұлы | Cisco IT Essential тренері | Cisco Networking Academy сертификаты |
| 12 | Туребеков Ырысдаулет Бакытжанович | Cisco IT Essential тренері | Cisco Networking Academy сертификаты |

Кәсіби даму мақсатымен жұмыс

Педагогтердің кәсіби даму мақсатын анықтауға ықпал ету мақсатында оқу жылының қыркүйек айында директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары әдістемелік бірлестіктермен жеке кездесіп, кәсіби даму мақсаты туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

«Ментор мен менти» апталығының қорытындысы ретінде 2024 жылдың 5 ақпан күні жас мамандар арасында «Менің кәсіби даму мақсатым» тақырыбында постер-сессия өткізілді. Аталмыш шара аясында жас мамандар өздерінің кәсіби даму мақсаты бойынша жүргізген жұмыстарын таныстырып, тәжірибесі мол әріптестерінен кері байланыс алды. Постер-сессияға мектептен барлығы 17 педагог қатысты. Постер-сессия барысында алдын ала дайындалған бағалау критерийлері бойынша Google Forms платформасында ең үздік жұмысқа дауыс беру жүргізілді. Дауыс берудің нәтижесінде үш мұғалім жеңімпаз атанып, мектеп директорының дипломдарымен марапатталды:

- Тоқтамыс Нұрболат Баратұлы, химия пәні мұғалімі;
- Дүкенбай Бақытжан Әбенұлы, тарих пәні мұғалімі;
- Туребеков Ырысдаулет Бакытжанович, информатика пәні мұғалімі.

Постер-сессия жұмысы нәтижесіндегі келесі оқу жылында ескеретін басымдықтар:

- Постер-сессия қатысушыларының санын көбейту;
- Ұсынылған постердің мазмұнының сапасын арттыру үшін педагогтерге алдын ала кері байланыс беру.

Жас мамандармен жұмыс

Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 2023 жылдың 6 қыркүйек күні жас мамандар мен мектепке жаңадан келген мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету бойынша жұмыс жоспары жасалынды. Жоспар директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстары жөніндегі орынбасарымен келісіліп, мектеп директорымен бекітілді. Жоспарда барлығы 11 іс-шара жоспарланды. Жас мамандар мен мектепке жаңадан келген мұғалімдердің қажеттіліктерін анықтау мақсатында 6-13 қыркүйек аралығында директор орынбасары

Л.С.Байтокаева және Педагогикалық шеберлік орталығының тренері С.Д.Нуржаутов сабақтарға бақылау жүргізіп, мұғалімдерге кері байланыс берді. Сабақтарды бақылау барысында жас мамандарға бірнеше бағыттар бойынша (сабақты жоспарлау, бағалауды жүргізу, оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану, саралап оқыту, т.б.) әдістемелік көмектің қажет екені анықталды.

Жас мамандарға жүйелі түрде көмек көрсету мақсатында оларға мектептің тәжірибесі бар мұғалімдер санатынан тәлімгерлер тағайындалды (мектеп директорының 2023 жылдың 4 қыркүйегіндегі №168 Н/Қ бұйрығы және 25 қыркүйектегі №195 Н/Қ бұйрығы). Нәтижесінде 45 мұғалімге тәлімгер тағайындалды.

Оқу жылының I жартыжылдығында мектепте педагогтер үшін мектепшілік курстар ұйымдастырылды. Солардың ішінде жас мұғалімдерге арналған «Жас мамандар мектебі» курсы Педагогикалық шеберлік орталығының тренері С.Д.Нуржаутов жүргізді. Аталмыш курсқа өз еркімен 16 жас маман қатысты және курс жұмысы барысында оларға сабақты тиімді жоспарлау, бағалау және оқытудың белсенді әдістері туралы құнды ақпараттар берілді.

Сонымен қатар жас мамандарға қосымша қолдау білдіру мақсатында мектептің тәжірибелі ұстаздары кестеге сәйкес семинар мен тренингтер өткізді. Оқу жылының I жартыжылдығында география пәні мұғалімі Сейтов Е.М. «Сабақты жоспарлау», математика пәні мұғалімі Шаленова С.М. «Сабақта саралауды жүзеге асыру» тақырыптарында семинарлар өткізді.

22 қаңтар күні мектептің жас мамандары мен жаңадан келген мұғалімдері үшін екі семинар-тренинг өткізілді: орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі Тапелова Б.Ж. «Как использовать инструменты оценивания на уроке?» семинарын, ағылшын тілі мұғалімдері Аманбаева А.М. және Бескемпирова А.У. «Заманауи әдістер мен сандық ресурстар» тақырыбында тренинг өткізді. Жас мамандардың осы семинарларға қатысуы жақсы деңгейде болды.

22 мен 26 қаңтар аралығында жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдердің кәсіби дамуы үшін педагогикалық жағдай жасау мақсатында мектепте «Ментор мен менти» апталығы өткізілді. Апталық аясында ментилер жеке немесе менторымен бірге ашық сабақтар көрсетті. Барлығы 20 ашық сабақ өткізілді. Олардың ішінде: ментордың сабағы – 4, ментидің сабағы – 8, ментор мен ментидің командалық сабағы – 8. Апталық соңында апталық есебі жазылып, директордың ғылыми-әдістемелік жұмыстар бойынша орынбасары педагогтерге апталық қорытындысын өндірістік жиналыста таныстырды.

2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығына 6 мектепшілік курс ұйымдастырылды және жас мамандардың өздерінің қажеттіліктеріне қарай қалаған курсқа қатысуына мүмкіндіктері болды. Сонымен қатар өнер пәні мұғалімі Жунусхожаев Асылжан Турсунович өзінің ұсынысымен жас маман мен мектепке жаңадан келген мұғалімдерге «Сабақ барысында оқушылардың экологиялық сауаттылық дағдысын дамыту», «Креативті ойлау дағдысы», «Эмоционалды интеллект және оны дамыту жолдары» тақырыптарында екі семинар өткізді.

Жас мамандар мен мектепке жаңадан келген мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету бойынша жұмыс жоспарындағы барлық іс-шаралар уақтылы орындалды.

Педагогтердің ел ішіндегі біліктілікті арттыру курстарына қатысуы туралы ақпарат

2023-2024 оқу жылы педагогтердің біліктілікті арттыру курстарына қатысуы туралы ақпарат:

| Курстың атауы | Мерзімі | Қатысушылар |
|--|---------------------------------------|--------------------|
| «Білім беруді жаңарту» Саммиті | 5-8 қазан 2023 жыл | Дархан Ш.Е. |
| «Педагогтердің кәсіби дамуы бойынша тренер» қашықтан оқыту курсы | 16 қазан- 22 желтоқсан 2023 жыл | Жолдасов С.С. |
| «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДДБҰ филиалдарында бос лауазымдарына орналастыруға конкурс шеңберінде бағалау құралдарын әзірлеу және сараптау | 23 қазан- 24 қараша 2023 жыл | Зәмірбекқызы М. |
| «Мен-кәсіби бағдарлаушымын» курсы | қазан-қараша | Исатаев М.М. |

| | | |
|---|--|--|
| | 2023 жыл | |
| «Берік отбасы» бағдарламасы бойынша мектеп қызметкерлеріне арналған семинар-тренинг | 30 қазан- 2 қараша 2023 жыл | Боранқұл Р.И., Әнеш А.М. |
| Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы | 2-3 қараша 2023 жыл | Тусупжанов А.Е., Байтокаева Л.С., Тажибаев А.К., Жанжігітова Г.Б., Нұрыш Н.Ә. |
| Зияткерлік мектептердің білім беру жүйесінің практикасына кейс-менеджментті енгізу | 20-23 қараша 2023 жыл | Зәмірбекқызы М., Кипчакбаева А.Б., Арынбаева Ж.М., Шындалиева Р.М., Алтыбаева Ж.А. |
| Жасөспірімдік кезеңдегі депрессия және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу | 27 қараша – 1 желтоқсан 2023 жыл | Шындалиева Р.М. |
| «Системно-ориентированное управление талантами в отборе педагогов» курсы | 8 қаңтар- 26 сәуір 2024 жыл | Тусупжанов А.Е., Байтокаева Л.С. |
| Бағалау құралдарын құрастыру бойынша семинар | 29-31 қаңтар 2024 жыл | 66 педагог |
| Өскемен қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі тағылымдама | 5-9 ақпан 2024 жыл | Ақрам Д.М., Жамекова А.М. |
| Қызылорда қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі тағылымдама | 9 ақпан 2024 жыл | 10 |
| Мектептер психологтары үшін офлайн жұмыс семинары | 26 ақпан- 1 наурыз 2024 жыл | Боранқұл Р.И. |
| “World Robot Olympiad-2024” дайындық оқу-жаттығу жиыны | 11-14 наурыз 2024 жыл | Худайберген Г.С. |
| NIS мектеп командасы: тиімді басқару және білім сапасы | наурыз-сәуір 2024 жыл | Зәмірбекқызы М., Байтокаева Л.С. |
| Кадр резервіне қатысушыларына арналған басқару дағдыларын дамыту бойынша оқыту | 15-16 сәуір 2024 жыл | Зәмірбекқызы М., Байтокаева Л.С. |
| «KiVa буллингке қарсы бағдарламасы» семинар-тренингі | 23-26 сәуір 2024 жыл | Кипчакбаева А.Б., Арынбаева Ж.М., Әнеш А.М., Балтабаева С.М. |

Мұғалім жетістіктері

| № | Мұғалімнің аты-жөні, қызметі | Орын | Конкурс атауы |
|---|--|------|---|
| 1 | Дархан Шынғыс Есенғараұлы | III | Желілік «Жыл мұғалімі» конкурсы |
| 2 | Абдушукуров Эльдар Сабырұлы, математика пәні мұғалімі | II | Республикалық «Педагогикалық идеялар» фестивалі |
| 3 | Шаймерденов Бауыржан Касымханович | II | Халықаралық математикадан «IMPACT Olympiad-2024» конкурсы |
| 4 | Нұралы Асхат Талғатұлы | III | Халықаралық физикадан «IMPACT Olympiad-2024» конкурсы |
| 5 | Орынбасаров Гани Кенбаевич | III | Халықаралық информатикадан «IMPACT Olympiad-2024» конкурсы |
| 6 | Атабек Арслан Шыңғысұлы | III | «Дарынды балаларға-талантты ұстаз» республикалық педагогика олимпиадасы |

| | | | |
|---|-----------------------------------|-----|---|
| 7 | Арынбаева Жанна Маратовна | I | «Ең үздік жыл психологы» республикалық конкурсы |
| 8 | Шаймерденов Бауыржан Касымханович | III | Математика пәні мұғалімдеріне арналған «Математикалық регата» республикалық олимпиадасы |



Педагогтердің олимпиадаларда қазылық етуі

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Пән | Мерзімі | Олимпиада |
|---|------------------------------|------------------|---------------------|--|
| 1 | Акынбекова Гулнур Оразбаевна | Қазақстан тарихы | 3-5 қаңтар 2024 жыл | жалпы білім беретін пәндер бойынша желілік олимпиада |
| 2 | Жолдасов Серік Сағатұлы | География | 3-4 мамыр 2024 жыл | 7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың желілік кезеңі (жасөспірімдер олимпиадасы) |

Мектепшілік курстар

2023-2024 оқу жылында мектепшілік курстар екі рет ұйымдастырылды. I жартыжылдықта мектепшілік курстар 2023 жылдың 20 қыркүйек пен 20 желтоқсан аралығында, II жартыжылдықта – 2024 жылдың 18 қаңтар мен 23 мамыр аралығында ұйымдастырылды. Курстар аптасына бір рет 16.30-17.15 аралығында бетпе-бет форматта өткізілді. Өткізілетін курстар, курс тренерлері мен модераторлары, курс тыңдаушыларының тізімі мектеп директорының бұйрығымен бекітілді.

2023-2024 оқу жылының I жартыжылдығындағы мектепшілік курстар туралы ақпарат

| Курс атауы | Тыңдаушылар саны | Курсты сәтті аяқтаған тыңдаушылар саны |
|--|------------------|--|
| Қазтестке дайындық (базалық деңгей) Модератор: Нышанбеков Ө.Н. | 1 | 0 |
| Қазтестке дайындық Модератор: Есбалаева Р.Ж. | 6 | 6 |
| Сабақты зерттеу (Lesson Study) Модераторлар: Шаленова С.М., Бескемпилова А.У. | 10 | 7 |
| Жас маман мектебі (мұғалімдер үшін) Тренер: Нуржаутов С.Д. | 16 | 13 |
| Жас маман мектебі (педагог-ұйымдастырушы-кураторлар мен тәрбиешілер үшін) Модераторлар: Атабек А.Ш., Дархан Ш.Е. | 12 | 12 |
| IELTS Preparation Модератор: Miroslav Curcic | 11 | 3 |
| Speaking Club (Pre-Intermediate деңгейіндегі мұғалімдер үшін) Модератор: Karingithi Jecinta Nyaguthii | 13 | 6 |
| АКТ (видео жасау және монтаждау, сайт құру, т.б.) Модератор: Сеитбек Е.А. | 7 | 5 |
| БАРЛЫҒЫ | 76 | 52 (68,4%) |

Мектепшілік курстардың жұмысының тиімділігін анықтау мақсатында қараша айында курс тыңдаушыларынан сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 42 педагог қатысты. Сауалнама нәтижесінде 36 педагог «мектепшілік курстар қажет», «курстардан алған білім мен тәжірибемді өз практикада кейде қажеттілікке қарай пайдаланамын» деп жауап берген. 25 педагог «мектепшілік курстардың тәжірибенің жақсаруына ықпалы бар» екенін мәлімдеген. II жартыжылдықтағы мектепшілік курс жұмысын ұйымдастыру үшін педагогтерден қандай курстардың болғанын қалайтыны сұралды. Нәтижесінде ең көп аталған курстар мынадай болды: ағылшын тілі мен орыс тілін үйрену бойынша курс, фитнес және спорт, әдістеме және психология. Сондай-ақ педагогтер курс жұмысын жақсарту үшін келесідей ұсыныстар берді:

- Теориялық білімді берумен қатар практикалық жұмыстарды жүргізу
- Педагогикалық шеберлігі, тәжірибесі мол педагогтерді тәжірибесімен бөлісуге шақыру
- Курстың нәтижелілігін тексеретін іс-шара ұйымдастыру
- Тренерлердің курс тыңдаушыларының сабақтарына қатысуы
- Курс бағдарламасы мен тақырыптарын алдын-ала жіберу.

Жұмыс жасауда ескеру үшін аталмыш ұсыныстар курс модераторларына таныстырылды. II жартыжылдықтағы курстарды ұйымдастыруда қараша айында алынған сауалнамада берілген ұсыныстар ескерілді.

2023-2024 оқу жылының II жартыжылдығындағы мектепшілік курстар туралы ақпарат

| Курс атауы | Тыңдаушылар саны | Курсты сәтті аяқтаған тыңдаушылар саны |
|---|------------------|--|
| Пәндерді оқыту әдістемесі Модератор: Ильясов Б.А. | 13 | 13 |
| Саралап оқыту Модераторлар: Жолдасов С.С., Абжалиева Н.К. | 11 | 7 |
| Іс-әрекетті зерттеу | 12 | 6 |

| | | |
|---|-----------|-------------------|
| (Action Research) Модераторлар: Байтокаева Л.С., Аманбаева А.М. | | |
| Орыс тілі Модераторлар: Мағзимова Д.Б., Берікбай А.Б. | 14 | 7 |
| IELTS Preparation Модератор: Jacqueline Bonifacio | 4 | 3 |
| Speaking Club (Pre-Intermediate деңгейіндегі мұғалімдер үшін) Модератор: Edmundo Vasquez | 23 | 12 |
| БАРЛЫҒЫ | 77 | 48 (62,3%) |

2024 жылдың наурыз айында мектепшілік курстар бойынша екінші сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 46 педагог қатысты. Осы сауалнамада да педагогтер мектепшілік курстардың жұмысына жақсы баға берді. Сауалнамаға қатысушылар келесі оқу жылында жоспарлауға төмендегідей курстарды ұсынды:

- Тілдік курстар (ағылшын тілі, орыс тілі)
- Психология
- Зерттеу және мақала жазу
- АКТ құзыреттілікті дамыту
- Спорт, домбыра және би.

Сонымен қатар курстың өткізілу уақытын ұзарту, курс болатын уақытқа басқа да мектепшілік іс-шараларды жоспарламау, әр топта 10 адамнан артық қатысушының болмауын қадағалау, курстарды дәстүрлі түрден гөрі тренинг түрінде өткізу, курс жұмысы мен нәтижесі туралы өндірістік жиналыстарда айту, курсқа жауапкершілікпен қарау сынды ұсыныстар да берілді.

Ашық сабақтар конкурсы

Жас мамандарды ынталандыру және педагогикалық тәжірибе алмасуға жағдай жасау мақсатында 2024 жылдың 15-19 сәуір аралығында мектепшілік «Ашық сабақтар» конкурсы ұйымдастырылды. Конкурс 4 номинация бойынша өтті және әр номинацияның жеңімпаздары анықталды:

1. «**Саралап оқытудың ең үздік үлгісін көрсеткен сабақ**» номинациясы бойынша I орынды қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі Ортаева Айгерім Еркебайқызы, II орынды химия пәні мұғалімі Кубесова Нұрдана Қаныбекқызы және III орынды тарих пәні мұғалімі Әшірбай Аяжан Сәрсенәліқызы иеленді.

2. «**Ең үздік кіріктірілген сабақ**» номинациясы бойынша I орынды химия пәні мұғалімі Әбдібек Арайлым Тұрсынбайқызы және биология пәні мұғалімі Алиева Сурат Ламияқызы, II орынды химия пәні мұғалімі Абжалиева Надыра Киргизбаевна мен дәрігер педиатр Шындалиева Раушан Маратовна, III орынды тарих пәні мұғалімі Бейсенбекқызы Әсел мен өнер пәні мұғалімі Жунусхожаев Асылжан Турсунович иеленді.

3. «**Ең үздік ағылшын тілінде оқытылатын бейінді пән сабағы**» номинациясы бойынша II орынды химия пәні мұғалімі Тоқтамыс Нұрболат Баратұлы мен биология пәні мұғалімі Тұрғанбек Диляра Жасұланқызы бөлісті.

4. «**Ең үздік тәрбие сағаты**» номинациясы бойынша I орынды жатақхана тәрбиешісі Біләл Ұлжалғас Шоханқызы, II орынды педагог-психолог Боранқұл Раушан Исақызы және III орынды педагог-ұйымдастырушы-куратор Талғатқызы Әйгерім иеленді.

Барлық жеңімпаздар мектеп директорының I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталды.

Ашық сабақтар конкурсына қатысқан ашық сабақтардың ұтымды тұстары:

- Оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуы;
- Жоспарлау барысында сабақ кезеңдерінің арасындағы логикалық байланыстың сақталуы;
- Сабақтарда оқытудың белсенді әдістерінің қолданылуы;
- Сабақтың педагогтің кәсіби даму мақсаттарымен байланысты болуы;
- АКТ-ның ұтымды пайдаланылуы;

- Оқушылардың жеке ерекшеліктерінің ескеріліп, саралап оқыту әдістерінің тиімді қолданылуы;

- Бағалаудың әртүрлі формаларының пайдаланылуы.

Дегенмен жетілдіруді қажет ететін тұстар да бар. Олар:

- Сабақта тайм менеджментті сақтау (тапсырма орындауға нақты уақытты белгілеу, сабақты уақтылы аяқтау);

- Оқушылармен талқылау арқылы әр оқушының сабақ мақсатын толық түсінетініне көз жеткізу;

- Сабақтың өткен сабақпен байланысын күшейту;

- Сабақта барлық оқушының оқу үдерісіне қатысуына жағдай жасау;

- Оқушыларды бір-біріне сындарлы кері байланыс беруге үйрету;

- Сабақтарда оқушылардың көп сөйлеуіне жағдай жасау (80% - оқушы сөзі, 20% - мұғалім сөзі);

- Командалық сабақтарда екі мұғалімнің сабақтағы үлесінің тепе-теңдігін сақтау.

Ашық сабақтар конкурсы бойынша жасалған талдау 2024 жылдың 15 мамыр күні өткен №6 педагогикалық кеңесте педагогтерге таныстырылды.

Педагогтердің зияткерлік меншік нысандарына алған авторлық құқықтары туралы мәлімет

| № | Оқушылардың аты-жөні, жетекшілері | Зияткерлік меншіктің атауы | тіркеу №, күні |
|----------|---|---|------------------------------|
| 1 | Вебер Гульмира Геннадиевна, химиямұғалімі | Әдеби туынды «Химия пәніндегі есептерді қарапайымнан күрделі жолға дейін шешу жолдарын қарастыру» | №39289, 27 қыркүйек 2023 жыл |
| 2 | Арынбаева Жанна Маратовна, педагог-психолог | Әдеби туынды «Оқушыларды емтихан алды психологиялық қолдау мақсатында тренинг» | №42306, 24 қаңтар 2024 жыл |
| 3 | Боранқұл Раушан Исақызы, педагог-психолог | Әдеби туынды «Повышение уверенности в себе одаренных детей в рамках концепции «Толық адам» | №44321, 4 сәуір 2024 жыл |
| 4 | Кубесова Нұрдана Қаныбекқызы, химия мұғалімі | Әдеби туынды «Разработка дескрипторов для оценивания выполнения лабораторных и практических работ на уроках по химии по заданным критериям» | №44672, 15 сәуір 2024 жыл |
| 5 | Шаленова Салима Муратовна, математика мұғалімі | Әдеби туынды «Сабақ дизайны және бағалау оқу құралы» | №45504, 4 мамыр 2024 жыл |
| 6 | Тоқтамыс Нұрболат Баратұлы, Абжалиева Надыра Киргизбаевна, химия пәні мұғалімдері | Құрамдас туынды «XV топ элементтері" әдістемелік құралы» | №46893, 3 маусым 2024 жыл |

27. Педагогикалық қызметкерлердің аттестациядан өтуі

2023 жылдың 4 қыркүйек күні педагогтердің кәсіби дамуын қолдау бойынша тренерлер педагогтерді 2023-2024 оқу жылы аттестациядан өтуге дайындау бойынша жұмыс жоспарын жасады. Жұмыс жоспары мектеп директорымен бекітілді.

Мектеп директорының 2024 жылдың 9 қаңтарындағы №10Н/Қ бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес педагогтерді аттестаттау бойынша жұмыс тобының құрамы бекітілді. Жұмыс тобының құрамына педагогтердің кәсіби дамуын қолдау бойынша тренерлер енді. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес аттестациялық комиссияның құрамы да бекітілді. Аттестациялық комиссияның құрамы 5 адамнан және 1 хатшыдан құралды.

Жалпы мектептегі педагогтердің кәсіби дамуын қолдау бойынша тренерлердің саны – 2. Олардың біреуі 2023 жылдың желтоқсан айында қайта сертификаттаудан өтті.

2024 жылдың қаңтар айында мектептің тек қана бір қызметкері «NIS мұғалім» педагогикалық шеберлік деңгейіне міндетті аттестациядан өтуге өтінім берді.

Өтінім қабылдау барысында мектептің жұмыс тобы педагогтің кәсіби дамуының күшті жақтарын анықтап, біліктілік талаптарына сәйкес жақсартуды қажет ететін тұстар бойынша кері байланыс берді.

Мектептегі бағалау үрдісін жүйелі және сапалы жүргізу үшін жұмыс жоспарына сәйкес тренерлер оқыту семинарларын уақтылы өткізді. Әдістемелік бірлестік жетекшілері, бағалау координаторлары мен аттестатталушы педагогпен түсіндірмелі жұмыстары да жүргізілді. Әдістемелік бірлестік жетекшілері сабақты бақылау, бақыланған сабақ бойынша сындарлы кері байланыс беру, сондай-ақ «Жоспарлау», «Оқыту», «Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау» және «Сабақты кешенді бақылау» фокустарына сәйкес мектепшілік бағалау парақтарын дұрыс толтыру бойынша ақпарат алды.

2024 жылдың 24 қаңтар күні аттестатталушы педагогпен рефлексивті есеп жазу бойынша тренермен жеке кездесу өткізілді. Аттестатталушы педагогтің 4 сабағы бақыланып, сабақ бойынша пікірлер мектепшілік бағалау парағына енгізілді. Сабақтар алдын ала бекітілген кесте бойынша уақтылы жүргізілді. Сабақты бақылау үрдісіне әдістемелік бірлестік жетекшісі, бағалау координаторы, тренерлер мен директор орынбасары қатысты. Кері байланыс кезінде мұғалімге кәсіби даму мақсатына жетуде алға ілгерілеуіне қажетті ұсыныстар берілді.

2024 жылдың 6 наурызында өткізілген әдістемелік кеңес отырысында аттестатталушы мұғалімнің кәсіби дамуына талдау жасалып, ұсыныстар берілді.

2024 жылдың 18 наурыз күні аттестацияның I кезеңі - мектепшілік бағалау бойынша аттестациялық комиссияның отырысы өтті. Аттестатталушы педагогтің біліктілік талаптарына сай ағылшын тілін меңгеру сертификатының болмауына байланысты 2024-2025 оқу жылына қайта аттестаттауға жіберілді, яғни аттестатталушы педагог аттестацияның келесі кезеңдеріне қатыспады.

2023-2024 оқу жылында бейрәсімді аттестаттау екі рет (1 қыркүйек және 25 желтоқсан) өткізілді. Бейрәсімді аттестаттаудың нәтижесінде екі жыл педагогикалық өтілі жоқ немесе «мұғалім-тағылымдамашы NIS» педагогикалық шеберлік деңгейі бар 12 педагог «мұғалім NIS» деңгейін алды. Барлық 12 педагог өтінім берген деңгейінің біліктілік талаптарына сай.

Келесі оқу жылында ескеретін нәрселер:

1. Педагогтердің қажеттіліктеріне сәйкес олардың аттестацияға уақтылы және сапалы дайындығын қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жалғастыру.
2. Аттестатталушы педагогтерге тренерлердің үздіксіз кәсіби қолдау беруін қамтамасыз ету.
3. Педагогтердің қажеттіліктеріне қарай олардың кәсіби дамуына ықпал ететін әртүрлі тақырыптарда оқыту семинарлары мен тренингтерін ұйымдастырып, өткізу.

28. Мұғалімдердің зерттеушілік қызметі

Өз тәжірибесін жақсарту, оқу мен оқытудың жаңа әдістерін іздеу, зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында мектеп педагогтері Action Research және Lesson Study зерттеулерімен айналысады. Мұғалімдер зерттеуді шағын топта, жұпта және жеке жүргізеді.

Мұғалімдердің зерттеу конференцияларына қатысуы туралы ақпарат

| № | Мұғалімнің аты-жөні | Тақырып және формат | Конференция атауы, өткен жері, күні |
|----------|---------------------------------|---|---|
| 1 | Аманбаева Айнур Маханбеталиевна | Презентация “Relationship Between Emotional Intelligence and Academic Performance in Secondary Education” | ECER-2023, Ұлыбритания, Глазго қаласы, 22-25 тамыз 2023 жыл |
| 2 | Чултуков Нартай Советханович | Презентация “Enhancing the skills of judging information relevance while working with project-based learning” | ECER-2023, Ұлыбритания, Глазго қаласы, 22-25 тамыз 2023 жыл |

| | | | |
|---|--|---|---|
| 3 | Қожахмет Бағлан Бегманұлы | Презентация “Reducing teacher talking time by including AI resources in classroom” | The 16th ASEF Classroom Network Conference, 12-16 қараша 2023 жыл |
| 4 | Аманбаева Айнур Маханбеталиевна, Бескемпинова Айгуль Усербаевна | Онлайн презентация “Enhancing 9 th Grade Students’ Proficiency in Employing Reading Comprehension Strategies with English Texts” | II Халықаралық конференция "Digital Era in FLE", 13-14 қазан 2023 жыл, Анкара қаласы, Түркия |
| 5 | Нұрыш Нұрай Әбутәліпқызы, Жанжігітова Гүлзада Базарбайқызы, Тусупжанов Айдын Елеусызович, Байтоқаева Лаура Серикболовна, Тажибаев Асхат Қуатович | - | «Ауыл мектебінің өркендеуі-қоғам игілігінің кепілі» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, 2-3 қараша 2023 жыл |

Педагогтердің WALС, ECER, NIS Conference халықаралық конференцияларына қатысуы туралы ақпарат

| Конференция | Жұмыстар саны | Зерттеуші саны | Конференция қатысушыларының саны |
|--|---------------|----------------|--|
| WALS, Нидерланды, Амстердам қаласы, 2023 жыл | 2 | 4 | 0 |
| NIS Conference, Астана қаласы, 2023 жыл | 0 | 0 | 5 |
| ECER, Ұлыбритания, Глазго қаласы, 2023 жыл | 2 | 8 | 2 |
| ECER, Кипр, Никосия қаласы, 2024 жыл | 8 | 17 | 7 |
| WALS, Қазақстан, Астана қаласы, 2024 жыл | 10 | 13 | конференция қыркүйек айында болады, қатысушы саны белгісіз |

Жарияланымдар туралы ақпарат

| № | Мұғалімдердің аты-жөні | Мақала атауы | Журнал атауы, басылым, номер, күні, беттер |
|---|------------------------|---|--|
| 1 | Зәмірбекқызы Маслихат | Financing education spending in the context of interbudgetary relations in the Republic of Kazakhstan | Journal of Public and Nonprofit Affairs, Vol. 10., No.1, 2024, url: https://api.semanticscholar.org/CorpusID:269573504 , DOI: https://doi.org/10.20899/jpna.g1spd012 |
| 2 | Аманбаева Айнур | The Role of Emotional Intelligence in Teaching | III Халықаралық ғылыми конференцияның жинағы "Foundations |

| | | | |
|---|--|---|--|
| | Маханбеталиева | | and Trends in Modern Learning", 10-11 тамыз 2023 жыл |
| 3 | Есбалаева Роза Жұмабайқызы | Қазақ прозасында жерлеу рәсіміне байланысты салт-дәстүрлер | Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жинағы "Ө. Жәнібек - ұлттық руханият айнасы", Түркістан қаласы, 30 қазан 2023 жыл |
| 4 | Зәмірбекқызы Маслихат, Алтыбаева Жанар Амановна | Әдемі жазу-заман талабы | «Мұғалім-зерттеуші» желілік журналы, 75-81 беттер, мамыр 2024 жыл |
| 5 | Аманбаева Айнур Маханбеталиева, Базылқанова Аиза | “The Emergence of Shadow Education in Kazakhstan: English Teachers’ and Students’ Perspectives” | «Мұғалім-зерттеуші» желілік журналы, 478-482 беттер, мамыр 2024 жыл |

29. Шетел мұғалімдерінің атқарған жұмысы

2023-2024 оқу жылынан бастап Түркістан қ. химия-биология бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалында Кения, Сербия, Филиппин елдерінен, биология, химия, физика, ағылшын тілі пәндерінен беретін төрт шетелдік мұғалім қызмет атқарып, төмендегідей іс-шараларды жүзеге асырды:

- Жергілікті мұғалімдермен бірлесе отырып, ағылшын тілінде бағдарламаға сәйкес ашық сабақтар өткізді.

- «Жаһандық азаматтық» тақырыбында апталық өткізді, бұл іс-шара бойынша есеп дайындалды. Апталықты өткізу барысында «Amazing race», «Costume day», «Music Trivia», «Trivia box» сияқты қызықты ойындарды оқушыларға, мектеп қызметкерлеріне ұсынып, жеңімпаздарды арнайы кубоктармен марапаттады.

- 11 сынып оқушыларының ағылшын тілі деңгейін жақсарту мақсатында «Speaking club» ұйымдастырды. Әр сейсенбі кестеге сәйкес IELTS айтылым талаптарын ескеріп, оқушылармен сұхбат жүргізілді.

- «Жаһандық азаматтық» тақырыбы аясында семинар өткізді. Семинар барысында қатысушыларға экологиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қоса алғанда, жеке, жергілікті және жаһандық қағидаларға қатысты контекстік маңызды мақсаттарды қою ұсынылды. Сонымен қатар, іс-шарада мәдени әртүрлілікті тану мен бағалаудың, мәдениетаралық оқытуды ынталандырудың және қатысушылардың осы өсу салаларына серпінді қатысуы үшін ресурстармен қамтамасыз етудің маңыздылығы атап өтілді.

- Нәтижесінде, «Жаһандық азаматтықты, мәдениетаралық оқыту мен сандық азаматтықты оқу бағдарламасына кіріктіру» тақырыбындағы әдістемелік нұсқаулық жасалынды.

Бұл нұсқаулық мұғалімдерге жаһандық азаматтықты және мәдениетаралық оқытуды түсінуге арналған рефлексивті нұсқаулық болып табылады және келесі мақсаттарды көздейді: 1. Жаһандық азаматтық пен мәдениетаралық оқытудың негізгі тұжырымдамалары мен принциптерін енгізу. 2. Жаһандық азаматтықты және мәдениетаралық оқытуды сынып тәжірибесіне енгізу әдістері мен мүмкіндіктерін зерттеуді ынталандыру.

- Мектептің «жаһандық азаматтық», «сандық азаматтық», «әл-ауқат», «жоғары сапалы оқыту мен оқу» түсініктері бойынша ақпарат жинап, стенд дизайнын жасады.

- БЖБ және ТЖБ бойынша оқушылар жұмыстарын тексеріп, ТЖБ кезінде сыртқы бақылаушы қызметін атқарды.

- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Түркістан қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының 2023 жылдың 14 қыркүйегіндегі №1 хаттамасымен бекітілген әдістемелік кеңесінің шешімі негізінде, сондай-ақ тәжірибемен бөлісу, кәсіби құзіреттіліктерді дамыту, коллаборативті орта қалыптастыру және педагогикалық ұжымның бірлескен жұмысы арқылы табысқа жетуіне жағдай жасау мақсатында ұйымдастырылған мектепшілік курстарда модератор қызметін атқарды.

• «Сабақты тиімді жоспарлау және оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері» тақырыбындағы тағылымдама жоспары шеңберінде “Active Learning as a tool for effective learning in a classroom”, “Strategies on grouping students”, “Breaking the Rules of Grammar in the Classroom: The Guided Discovery Approach in Facilitating Grammar”, “Teaching Science Through CLIL Approach” семинарлар мен тренингтер өткізді.

• Тірек мектептерге әдістемелік көмек беру мақсатында “Ә.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернат” КММ, «Ә.Сығай атындағы №13 жалпы орта мектеп» КММ, “Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектеп” КММ тірек ауылдық мектептерде семинарлар мен тренингтер өткізді.

• Жазғы мектеп-2024 пен 7-11 сынып оқушылары қатысатын жазғы әлеуметтік практикаларды ұйымдастыру туралы бұйрыққа сәйкес сабақтар өткізді.



VII. Мектеп аумағы, материалдық база, технологиялық жүйелер және қосымша қызметтер

30. Мектепті абаттандыру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс

Мектептегі жөндеу жұмыстары:

- Жатақханаға жеке «фейс айди» қойылды.
- Электр энергиясын үнемдеу мақсатында мектеп бойынша жарықтандыру бөлімдері авариялық және негізгі етіп бөлініп жеке «қосқыш» орнатылды кабельдері тартылды және бүкіл дәрет ханаларда қозғалу датчиктері қойылды.

- ХБ,ФМ,Т, 5-ші блок жоғарғы қабаттарына ыстық су шығару үшін «насос» орнатылды, жеке кабель тартылды.
- 11 шт кондиционер орнатылды (2 данасы «Инфоцентрге» 2 данасы « жылыжайға»); 2 данасы жатақхана және мектеп медблогына, 1 данасы «видеобақылау», 4 дана Г-214, Г-223, Г-202, Г-209 бөлмелерге кондиционер орнатылды.
- Жатақхана бөлмелеріндегі және спорт зал жақтағы ұлдар киім ауыстур бөлмелеріндегі душ поддондары көтеріліп төменгі қабатқа су кетуі тоқтатылды.
- 13 дана «ауыз су фонтандары» орнатылды.
- Жел тұрып мектеп ғимаратының күрт суып кетуіне байланысты мектеп блоктары аралары ашылып, жылыту жұмыстары жасалды.

Көгалдандыру:

- Мектеп аумағындағы газонды автоматты суару жүйесіндегі олқылықтар анықталып ретке келтірілді. Газон аумақтарының шеттеріне арықтар қазылып шықты. Тамшылатып суару жүйесіне керекті су 4 жерден шығарылды. Күн энергиясын қолданып отырған аймақ айналасына «сәндік жоңышқа» егіліп автоматты суару жүйесі жасалды.
- Мектеп аумағы алдыңғы аймағынан 40 шақты қара ағаш мектеп ғимаратының артқы жағына көшіріліп 25 туя және 25 бозарша орны қазылып дайындалды, «Халық банк» тарапынан алып келіп отырғызылды. Мектеп алды алаңқайда орны дайындалып 6 дана «Катальпа» ағашы отырғызылды.
- Мектеп аумағында тротуар жасалынды (45 шаршы метр).
- Ғмаратқа су кетіп жатқан орындары қазылып «гидроизоляция» жасалынып қайта көмілді.

Қауіпсіздік:

- Мектеп ашылған бері жұмыс жасамай тұрған өрт сөндіру насосы іске қосылды.
- Шығу деген таблолар авариялық электр жүйесіне қосылды.
- Хостел бойынша өрт сөндіру жүйесін орнатылды. (Автоматтандырылған дабыл жүйесі, басқару пульгі, бөлме іші түтін және температураны бақылау датчиктері қойылды).
- Хостел бойынша Антитеррор (Lockdown) терроризмге қарсы туру жүйесі орнатылды (Дыбыстық дабыл беру жүйесі, СКУД, магниттік есіктер). Қосымша 3 бейнебақылау камерасы қойылып, шкі істер департаментінің деректерді өңдеу орталығына қосылды.
- Мектепке Антитеррор (Lockdown) терроризмге қарсы әрекет ету жүйесінің батырмалары үш нүктеге қойылды, дыбыстық дабыл жүйесі серверге жаңа кабель арқылы тартылды және оқыс оқиға алдын алу мақсатында резерв жасалды.
- 76 қызметкер өрт қауіпсіздігі бойынша арнайы дайындықпен оқу іс- шарасына қатысып серификацияланды. Енбекті қорғау бойынша 60 қызметкер оқу іс- шарасына қатысып серификацияланды.
- Төтенше жағдай кезінде (өрт, жерсілкінісі) шығу жолдары автоматты түрде ашылу мақсатында өрт сөндіру бағдарламасына өзгерістер енгізілді. Мектеп аумағы яғни жатақхана, спортзал аумағы өртке қарсы химикаттармен өңделді.
- Өрттің алдын алу және адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында эвакуациялану жобасы, сілтемелік таяқшалар, бағыттауыш тақталар жаңартылды. Бағыттауыш тақталар резервтік тоқ жүйесіне жалғанды.

Мектепті безендіру:

- Балалардың тынығу бөлмесі мен оранжерея арасы бөлініп толық жасалды.
- Мектеп ішінде дивандар блоктарға балаларға тынығу, сабаққа дайындау орындарын дайындауға қолданылды.
- 20 дана киім шкафы мен 2 дана конференц система қойылып мектепке алынды. 4 дана конференц стол мектепке сыйға берілді.
- Мектепте «желілік спартакиада» өткізілді, толық дайындық жасалды (жарық шамдарының орындары шеткі қабырғаға ауыстырылды, спорт зал қабырғалары жаңадан боялып шықты, көрермендер мен терезелерді доп соққысынан қорғау үшін «тор» тартылып қойылды.
- Шаңырақтар жетістіктеріне арналған қабырға жасалды.

- Мектеп миссиясын іліп арнайы қабырға жасап қойылды.
- Оқушылар мен мұғалімдердің жетістіктеріне арналған қабырға жасалды.
- Мектеп стратегиясына байланысты қабырға жасалды.
- Жатақханаға 15 дана екі деңгейлі матрасымен кереует мобильді тумбасымен бірге алынды.
- Мектепке құрылыс сатысы алынды.

Жатақхананың, мектептің тәрбиеленушілері мен персоналына арналған өрт қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс шараларын оқытудың теориялық және практикалық сабақтары және терроризмге қарсы қауіпсіздік қатерлері бойынша оқу бағдарламалары.

- Жатақхана қызметкерлерінің, тәрбиеленушілерінің міндеттері және олардың өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау жауапкершілігі.
- Жатақханадағы өртке қарсы талаптармен, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтармен танысу.
- Шұғыл қызметтердің байланыс деректерімен, оның ішінде жатақханада тұратын тәрбиеленушілердің саны туралы күн сайынғы ақпаратты ұсыну бойынша танысу.
- Жатақханада электр қауіпсіздігі талаптарын сақтау, электр жабдықтарын пайдалану.
- Өрттің алдын алу және өртті сөндіру жөніндегі жалпы шаралар, өрт кезіндегі әрекеттер, өрт туралы өрт бөліміне және тікелей басшыға хабарлау, өртті сөндіру тәсілдері мен құралдары, жеке және ұжымдық қауіпсіздік құралдары мен шаралары, өрт сөндіру кранын пайдалану.
- ТЖ кезінде эвакуациялау жоспарымен және жиналу орнымен, эвакуациялау жолдарымен және жатақханадан шығу жолдарымен танысу, алғашқы көмек көрсету және жазатайым оқиға кезінде әрекет ету алгоритмі.
- Өрт қауіпсіздігі бойынша оқыту бейнероликтерін қарау, Термодеало мақсаты және қолдану тәсілдері.
- Өрт кезінде дабыл белгісі бойынша персонал мен оқушыларды эвакуациялау бойынша іс-қимылдарды пысықтаудың практикалық сабақтары.
- Тәрбиешілер мен жатақхана медицина қызметкерлерінің қатысуымен ішкі өрт сөндіру крандарын практикалық қолдануды пысықтау (оқу жаттығуы).
- Тәрбиеленушілер мен жатақхана персоналының күдікті зат табылған кездегі іс-қимыл алгоритмдері, жарылыс кезінде, бомба туралы анонимді қоңырау түскен кездегі іс-қимыл ережелері.
- Террористік акт қауіп кезіндегі әрекет, Локдаун кезіндегі әрекеттер жөніндегі нұсқаулық.
- Егер сізді тұтқынға алса, жүріс-тұрыс ережелері мен әрекет тәртібі.
- Терроризмге қарсы тақырыптағы бейнероликтерді көру.
- Персонал мен білім алушылардың іс-қимылын, Локдаун кезіндегі дабыл белгісі бойынша практикалық сабақтар (оқу жаттығуы).
- Эвакуация кезіндегі әрекет алгоритмдері, жер сілкінісі кезіндегі әрекет.
- Эвакуациялау және олардың міндеттері, эвакуациялық іс-шараларды жүргізу тәртібі, мектептің эвакуациялық шығу жолдарының орналасу схемасы.
- Эвакуация кезінде жиналатын жермен танысу, орналасу схемасы, жиналатын жеріндегі мінез-құлық ережесі, жиналатын жеріндегі есеп беру тәртібі.
- Жер сілкінісі бойынша оқыту бейнероликтерін көру. Термодеало мақсаты және қолдану тәсілдері.
- Тәрбиеленушілер мен жатақхана персоналын жер сілкінісі кезіндегі дабыл белгісі бойынша эвакуациялау, іс-қимылдарды пысықтаудың практикалық сабақтары (оқу жаттығуы).
- Жатақхана қызметкерлерінің, тәрбиеленушілерінің міндеттері және олардың өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау жауапкершілігі.
- Жатақханада тұру кезінде электр қауіпсіздігі талаптарын сақтау, электр жабдықтарын пайдалану.
- Өрттің алдын алу және өртті сөндіру жөніндегі жалпы шаралар, өрт кезіндегі әрекеттер, өрт туралы өрт бөліміне және тікелей басшыға хабарлау, өртті сөндіру тәсілдері мен құралдары, жеке және ұжымдық қауіпсіздік құралдары мен шаралары, өрт сөндіру кранын пайдалану.
- ТЖ кезінде эвакуациялау жоспарымен және жиналу орнымен, эвакуациялау жолдарымен және жатақханадан шығу жолдарымен танысу, алғашқы көмек көрсету және жазатайым оқиға кезінде әрекет ету алгоритмі.

Уәкілетті органдармен жоспардан тыс сабақтар (семинарлар, дәрістер, оқу бағдарламалары, сабақтар)

- Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс (буллинг, вандализм, есірткі заттары)
- Құмар ойындар, лудомания.
- Түркістан облысы бойынша мектеп оқушылары арасында өрт қауіпсіздігі тақырыбы бойынша жарыс.
- Жазатайым оқиғалар, ТЖ кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету.
- Оқушыларды мектеп аумағындағы өткізу режимі бойынша нұсқаулықтармен таныстыру
- Күлтөбе № 2 Хостел объектісінде оқу эвакуациясын ұйымдастыру.
- Жол қозғалысы ережелерімен танысу.
- Қозғалыс құралдарына қатысты заңдар мен ережелер (электр скутерлер, велосипедтер, мотоциклдер)
- Оқушыларға басқа елдерге, облыстарға шығу бойынша нұсқама беру.
- Өрт қауіпсіздігі, антитеррор, прекурсорлар бойынша оқу процесін ұйымдастыру.

Жөндеу және ұйымдастыру жұмыстары.

- Өрт қауіпсіздігі және еңбек қауіпсіздігі байланысты, жатақкана, мед персонал, дене шынықтыру қызметкерлеріне оқу процесін ұйымдастыру.
- Мектеп және жатақана аумағында Локдаун дабылын орнату жұмыстарын ұйымдастыру.
- Күлтөбе №2 Хостел, өрт қауіпсіздігі және антитеррор дабылын орнатуды қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру.
- Күлтөбе №2 Хостел аумағында қауіпсіздік талаптарына сәйкестендіру мақсатында жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру (есік, тересе, котельная, мед блок, бейнебақылау, СКУД, түтін датчиктері, магниттік құлыптар, эвакуация жоспары т.б)
- Мүмкіндігі шектеулі тулғалар ұйымы мен бірге мектеп аумағын бағалау жұмыстарын ұйымдастыру (Тактильная плитка, уборное помещение, сигналы вызова помощи)

31. Мектепті цифрландыру

2023-2024 оқу жылында мектебіміздің қауіпсіздігі ескерту дабылы «Локдаун» бағдарламасын Telegram bot арқылы басқарып, барлық мектептегі дауыс құрылғыларына естілетіндей жасалынды. «NIS Radio» орнатылып және оның техникалық сүйемелдеуі жүзеге асырылды.

Outlook почтасы арқылы скрипт жасалынып, барлық әріптестердің «Туған күндеріне» автоматты түрде құттықтау хабарлама жіберілетіндей жасалынды.

Барлық мектеп қызметкерлерін есепке алу (СКД) бағдарламасын және Face ID құрылғысы арқылы басқарылатын Nick-central бағдарламасын жүйеге қосыла отырып, барлық кешіккен қызметкерлердің тізімін кадр бөліміне, директор орынбасарына және мектеп директорына автоматты түрде outlook почтасына жіберілуі ұйымдастырылды.

2023-2024 оқу жылында мектебімізде көптеген іс-шаралар өтті, сол іс шаралардың көбісін онлайн форматта өткізуі ISPY, OBS, Wirecast бағдарламалары арқылы іске асырылды.

Спартакиада кезіндегі іс-шараның тікелей эфирде сәтті өтуі ұйымдастырылып, After Effects бағдарламасында видео заставкалар жасалынды.

2023-2024 оқу жылында, көптеген емтихандар өтті, атап айтсақ: ТЖБ, БЖБ, сыртқы жиынтық бағалау т.б және көптеген іс-шаралар өткізілді, мектебімізде принтердің жетіспеушілігіне байланысты STEAM кабинетінің алдына үш дана Canon IR 2425 A3 принтерлері орнатылды және екі дербес компьютер сол принтерлерге жалғанды.

Мектебімізде сыртқы бейнебақылау камерасы 68 дана, ішкі бейнебақылау камерасы 150 дана, барлығы 218 камера, осы бейнебақылау камераларын ұялы телефон арқылы және мектептен тыс жерлерден (VPN арқылы) көретін мүмкіндігі жасалды.

Хостел жатақханасына, барлық қызметкерлер мен оқушыларды есепке алып бақылап отыру үшін жатақхана есіктеріне СКД орнатылып және үш жерге «Ескерту дабылы» қойылды, сыртқы алдыңғы есігіне кімнің келгенін көріп отыру үшін бейнедомофон орнатылды. Хостелдегі барлық бейнебақылау камераларын қашықтан көруге мүмкіндік жасалды.

Қысқа тұйықталу себебінен істен шыққан кітапханадағы Cisco C9200L-48P-4X-A коммутаторларының 3 модулі ауыстырылды және конфигурацияланды.

1С:бухгалтерияға қашықтан қол жеткізу үшін Cisco-VPN орнатылды.

Директордың бұйрығымен мектептің ішіне (лифт, жертөле) камералар орнатылды.

Шұғыл қажеттілікке байланысты және ЦИТС тапсырмасы бойынша Firepower жүйесіндегі мектеп аумағындағы барлық әлеуметтік желілер мен тыйым салынған сайттар бұғатталды.

ТЖ жағдайында қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесі арқылы барлық эвакуациялық есіктерді автоматты түрде ашылуы жасалды.

Көшбасшылар форумының «Community for Leadership 4.0» іс-шарасының 30 қонағы үшін СКУД-қа қолжетімділік ашылды.

Мектеп инвентаризациясын жасау үшін автоматтандырған бағдарламаға арнайы Ubuntu-да сервер көтерілді.

VIII. Серіктестік, қоғамдастықтар және отбасы

32. Мектептің баспасөз қызметі

Әлеуметтік желілердегі атқарылған жұмыстар:

Instagram және Facebook сияқты әлеуметтік желілерде мектептің ресми аккаунттарын жүргізу баспасөз-хатшысы маманының басты бағыттарының бірі болды. Жарты жыл ішінде мектеп өмірі туралы жаңалықтар, іс-шаралар туралы хабарландырулар, фото және бейнематериалдар белсенді түрде жарияланды.

Түркістан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің әлеуметтік желілердегі парақшасы ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар аудиторияны тарту алаңына айналды. Оқу жылы ішінде жазылушылармен белсенді қарым-қатынас жасалынды, барлық маңызды ақпараттар қысқа уақыт ішінде жарияланды, бұл мектептің онлайн-кеңістіктегі қоғамдастығын нығайтуға ықпал етті.


БАҚ-пен өзара байланыс:

Оқу жылы барысында жергілікті БАҚ редакцияларымен белсенді байланыс орнатылды. Оқушылардың жетістіктері мен мектептің маңызды іс-шаралары туралы пресс-релиздерді, жарияланымдарды ұйымдастыру және аймақтық және қалалық басылымдарда жариялау мүмкіндігі туды. Бұл мектептің қоғамдағы танылуын арттыруға және әлеуетті оқушылар мен олардың ата-аналарының назарын аударуға ықпал етті.

Атқарылған жұмыстар бойынша статистика:

1. Оқырман саны:

@nis_turkistan парақшасында оқырмандар саны ақпан-маусым айлары аралығында шамамен 4600-ден 5860-қа дейін өсті.



2. Жарияланған жазбалар саны:

@nis_turkistan парақшасында ақпан-маусым айлары аралығында шамамен 210-ға жуық фото

және

видео

материалдар

пост

ретінде

жарияланды.



3.Ең көп қаралым жинаған жазбалар және қаралым саны:



4. БАҚ-пен байланыс бойынша есеп:



NIS мектебі гуманитарлық көмек жолдады

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІ СУ ТАСҚЫНЫНАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖОЛДАДЫ

[Подробнее](#)



Республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздарымен сұқбат

1-5 сәуірде "Қазақ тілі мен әдебиеті" және "Орыс тілінде оқытатын мектептердегі қазақ тілі" пәндерінен республикалық пәндік олимпиада жеңімпаздарымен сұқбат

[Подробнее](#)



Түркістандық оқушылар республикалық конференцияда I орынды иемденді

Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде республикалық конференцияда бірінші орынды иемденді.

[Подробнее](#)



Ыдыстан да қауіп бар

Түркістан қаласында NIS мектебіндегі химия пәні мұғалімі Динара Мұқтарханқызымен сұқбат

[Подробнее](#)



Асқабақтың зияны

Түркістан қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебіндегі биология пәні мұғалімі Салтанат Жанабекқызымен сұқбат

[Подробнее](#)

Түркістан Өңірлік Коммуникация Қызметі
24 май в 16:45

ТҮРКІСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАДАН ЖҮЛДЕМЕН ОРЛАДЫ
Түркістан қаласындағы «Назарбаев инновациялық мектебінің» оқушылары 18-22 мамыр күндері республикалық олимпиадаға қатысып, жеңімпаз атанды. Білім-инновация халықаралық қоғамдық қоры мен «Edlight Academy» ЖШС ұйымдастырған білім байғесіне 10-11 сынып оқушылары қатысқан. Химия, математика, биология, физика, информатика мен география пәндері бойынша елімізден жалпы саны 1 764 оқушы бақ сынаған.

Үздіктерді анықтайтын олимпиадада биология пәні бойынша сыртқа рүссет Ерасыл Тұрлыбек 2-орынды иемденсе, ал химия пәнінен Нурдәулет Ауесжан мен география пәнінің облыстағы үздігі Зиеда Абдуғалпарова 3-орын алды.

Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі

ТҮРКІСТАНДИК ШКОЛЬНИКИ ВЕРНУЛИСЬ С ПРИЗМАМИ РЕПУБЛИКАНСКОЙ ОЛИМПИАДЫ
Учащиеся "Назарбаев инновационной школы" г. Туркестан 18-22 мая приняли участие в республиканской олимпиаде и стали призерами. В конкурсе знаний, организованном Международным общественным фондом "Білім-инновация" и ТОО "Edlight Academy", приняли участие учащиеся 10-11 классов. Всего по химии, математике, биологии, физике, информатике и географии в стране приняли участие 1 764 учащихся.

На олимпиаде по биологии Ерасыл Тұрлыбек занял 2 место, а по химии Нурдәулет Ауесжан и отличница области по географии Зиеда Абдуғалпарова заняли 3 место.

Региональная служба коммуникаций Туркестанской области



33. Тәжірибе тарату (тірек мектептермен жұмыс)

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Басқарма Төрағасының 2023 жылдың 20 шілдесіндегі №242/ОД «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату бойынша жұмысты ұйымдастыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» бұйрығына сәйкес Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне әдістемелік көмек көрсету үшін үш тірек ауылдық мектебі тағайындалды. Олар: «Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектеп», «Ә.Сығай атындағы жалпы орта мектеп» және «Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернат» КММ тірек ауылдық мектептері. 2023-2024 оқу жылында аталмыш мектептермен жүргізілетін жұмыс жоспары (12 қыркүйек 2023 жыл) бекітіліп, барлық жоспарланған шаралар уақтылы өткізілді. Биылғы оқу жылында тірек мектептермен жұмысқа шетел мамандары да белсенді түрде қатысты.

“Сабақты тиімді жоспарлау және оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдері” тақырыбында өткен тағылымдама

2023 жылдың 10 қазан күні «Ауылдық жерлердегі тірек мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі тірек мектептерге “Сабақты тиімді жоспарлау және оқытудың

инновациялық әдіс-тәсілдері” тақырыбында тағылымдама өткізді. Тағылымдамаға “Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектеп” КММ, “Ә.Сығай атындағы жалпы орта мектеп” КММ және “Ә.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернат” КММ-ден барлығы 75 педагогикалық қызметкерлер (мұғалімдер, психологтар, кітапханашылар) қатысты. Олардың ішінде: қазақ тілі, өзбек тілі және бастауыш сынып мұғалімдері – 12, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдері – 5, ағылшын тілі мұғалімдері – 5, математика – 6, информатика – 6, физика – 4, химия – 4, биология – 3, география – 3, тарих – 6, өнер және еңбек пәндері мұғалімдері – 4, дене шынықтыру – 2, психологтар – 5, кітапханашылар – 3, директор мен директор орынбасарлары – 5.

Тағылымдама барысында тірек мектептері мұғалімдері үшін әртүрлі сыныптарда пәндер бойынша 19 ашық сабақ өткізілді. Сондай-ақ пән мұғалімдері 8 семинар, психологтар мен кітапханашылар 2 тренинг, шетел мамандары 2 семинар және 2 тренинг, барлығы 14 семинар мен тренинг өткізді. Барлық шаралар өте жақсы деңгейде өтті.

Тірек мектептердің кері байланыстарының негізінде өткізілген шаралардың сәтті болған тұстары мынадай:

- ✓ Оқушылардың сабақтардағы белсенділігінің жоғары болуы, өздерін емін-еркін ұстауы, ойларын ашық жеткізе алуы
- ✓ Сабақтарда тақырыпқа және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызықты видеолардың көрсетілуі
- ✓ Сабақтарда оқушылардың түгел қамтылуы
- ✓ Оқушыларды топқа бөлу әдістерінің тиімді болуы
- ✓ Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдердің алуантүрлілігі және тиімді қолданылуы

Тірек мектеп мұғалімдері семинар мен тренингтердің пайдалы болғанын және өздеріне көптеген құнды ақпарат алғандығын атап өтті. Ұсыныстар болған жоқ.





Тағылымдама жөніндегі видеоматериалға сілтеме:

<https://www.facebook.com/NIS.Turkistan/posts/pfbid0iYjo7suLdgUnDcSZjQuFJCpGH2q24tVAZAMqurpx3NogT9ELVuYoyESL34TjAWonl?mibextid=YxdKMJ>

Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдерінің тірек мектептерге баруы (қараша айы)

іс-сапарға

«Ауылдық жерлердегі тірек мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдері 2023 жылдың 15 қараша күні Ә.Сығай атындағы №13 жалпы орта мектепке, 17 қараша күні Ә.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернатына және 20 қараша күні Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектепке іс-сапарға барды.

Тірек мектептерге барудағы мақсат – тірек мектеп мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін арттыру, оларға сындарлы кері байланыс беру арқылы жоспарлау мен оқытуын жақсарту. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін мынадай шаралар жоспарланды: тірек мектеп мұғалімдерінің Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдерімен бірлесіп ашық сабақ өткізуі, тірек мектеп мұғалімдеріне семинар мен тренингтер өткізу, тірек мектеп мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, оларға кері байланыс беру, қажеттіліктерді анықтау. Тірек мектептерге барудағы негізгі фокус «Сабақтағы критериалды бағалауды ұйымдастыру және жүргізу» болды, яғни ашық сабақтар, семинар мен тренингтер ұйымдастыруда осы бағытқа аса көңіл бөлінді.

| № | Тірек мектеп атауы | Барған мұғалімдер саны | ашық сабақтар саны | семинар мен тренинг саны |
|---|---|------------------------------------|--------------------|--------------------------|
| 1 | Ә.Сығай атындағы №13 жалпы орта мектеп | 12 (олардың ішінде 1 шетел маманы) | 10 | 4 |
| 2 | Ә.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернат | 11 (олардың ішінде 1 шетел маманы) | 9 | 4 |
| 3 | Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектеп | 11 (олардың ішінде 1 шетел маманы) | 9 | 3 |

Барлық жоспарланған шаралар өте жақсы деңгейде өтті.

Тірек мектеп мұғалімдерінің сабақтарын бақылау нәтижесінде мынадай ұтымды тұстар анықталды:

1. Сабақтардың алдыңғы тақырыппен байланысы көрінеді, «миға шабуыл» кезеңі жүзеге асады.
2. Мұғалімдер оқушыларға өткен тақырыпты қайталатады.
3. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттары оқушыларға таныстырылады.

4. Топтық жұмыс жүргізіледі.
5. Мұғалімдер дәптермен, оқулықпен және тақтамен жұмыс жүргізеді.
6. Мұғалімдер оқушыларды топқа бөлудің қызықты әдістерін қолданады.
7. Kahoot ойыны ұтымды пайдаланылады.
8. Сабақтың өмірмен байланысы көрініс табады.
9. Интерактивті тақта ұтымды пайдаланылған сабақтар бар (видео көрсету, презентация көрсету үшін, т.б.)
10. Мұғалімдер оқушыларға кері байланыс береді.
Дегенмен тірек мектеп мұғалімдерінің сабақтарын бақылау барысында мынадай аспектілерге мән берілу керектігі байқалды:
 1. Сабақтың мақсатын оқушыларға түсіндіру, тапсырмалардың оқу мақсатына сай берілгеніне мән беру
 2. Оқушыларға жеке жұмыс жасау үшін әртүрлі тапсырмалар беру
 3. Тайм-менеджментті сақтау, оқушыларды уақытқа жұмыс жасауға үйрету
 4. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін жиі пайдалану, қызықты ойындар, дебат форматындағы тапсырмалар, рольдік ойындар, т.б. өткізу
 5. Техниканы сабақ басталмас бұрын қосып, дайындап қою
 6. Оқушылардан сабаққа рефлексия алу
 7. Оқушылардың белсенділігін арттыратын сабақтар жоспарлау және өткізу
 8. Барлық оқушылардың тапсырманы түсінгеніне көз жеткізу, сабақты түсінбей отқан оқушыларға көңіл бөлу
 9. Оқушыларға тапсырмаларды орындау үшін жеткілікті мөлшерде уақыт беру
 10. Барлық оқушылардың оқу процесіне қатысуын қамтамасыз ету, саралап оқыту элементтерін пайдалану
 11. Бағалаудың әртүрлі әдістерін қолдану, тапсырмаларға критерийлер мен дескрипторлар құру
 12. Сабақты қысқа мерзімді жоспарға сай өткізу, яғни жоспарланған әрекеттерді орындау
 13. Мұғалімдерге компьютермен, интерактивті тақтамен жұмыс жасауды үйрету
 14. Сабақтарда пәнаралық байланысты жүзеге асыру
 15. Ағылшын тілі сабақтарында оқушыларға сөздердің дұрыс айтылуын (произношение) үйрету
 16. Тілдік сабақтарда жаңа сөздермен жұмыс жасауды жүзеге асыру
 17. Тілдік сабақтарды толығымен үйретілетін тілде өткізу, мысалы бірыңғай орыс тілінде немесе бірыңғай ағылшын тілінде.





Is-сапарлар жөніндегі посттарға сілтемелер:

<https://www.facebook.com/NIS.Turkistan/posts/pfbid033tg7ptf9zrTfQpmqwLGYGkVBBfX8r2QGcQC27jLsZPw4y7yBgfUzhCXBmwcaqCCI>

<https://www.facebook.com/NIS.Turkistan/posts/pfbid035Lz7MMKAhaGzhCrppTehZav3T5vyo5sYeqUru5epF1UBEYokpmqWcVAuURqvnKQKI>

“Қосымша білім беру жұмысын ұйымдастыру” тақырыбында өткен тағылымдама

2023 жылдың 23 қараша күні «Ауылдық жерлердегі тірек мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы аясында Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі тірек мектептерге **“Қосымша білім беру жұмысын ұйымдастыру”** тақырыбында тағылымдама өткізді. Тағылымдамаға “Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектеп” КММ, “Ә.Сығай атындағы жалпы орта мектеп” КММ және “Ә.Жәнібеков атындағы №4 жалпы орта лицей-интернат” КММ-ден барлығы 16 педагогикалық қызметкерлер қатысты. Олардың ішінде: өнер және еңбек пәндері мұғалімдері – 14, бастауыш сынып мұғалімдері – 2.

Тағылымдама барысында тірек мектептері мұғалімдері үшін мәжіліс залында Назарбаев Зияткерлік мектептерінде қосымша білім беру бағытын жоспарлау және заманауи әдіс-тәсілдер туралы семинар өткізілді.


| № | Үйірме атауы | Уақыт | Ескертпе |
|---|--|--------|--|
| 1 | «Қол өнер» үйірмесі (4 мұғалім) | 40 мин | 3 топқа бөлінген мұғалімдер, әр үйірмеге 40 минуттан жұмсап, жалпы 2 сағатта 3 түрлі үйірме түрін үйренді. |
| 2 | «Алтын ине» үйірмесі (4 мұғалім) | 40 мин | |
| 3 | «Сабын жасау» үйірмесі (4 мұғалім) | 40 мин | |
| 4 | «Ағаш және былғары» үйірмесі (4 мұғалім) | 60 мин | 4 адамнан құралған топ екі түрлі үйірме жұмысымен 2 сағат ішінде үйренді. |
| 5 | «Corel Draw club» үйірмесі (4 мұғалім) | 60 мин | |

Сондай-ақ семинардан соң тірек мектептері мұғалімдері үшін Назарбаев Зияткерлік мектебінің үйірме жетекшілері 5 түрлі үйірме жұмыстарының шеберлік сағаттарын жүргізді. Шаралар өте жақсы деңгейде өтті.

Тірек мектептердің кері байланыстарының негізінде өткізілген шаралардың сәтті болған тұстары мынадай:

- ✓ Оқушылардың үйірме жұмыстарына қызығушылығын арттыру үшін заманауи әдіс-тәсілдердің ұсынылуы
- ✓ Үйірме жұмыстары оқушылардың жас ерекшеліктеріне, қызығушылығына сай қызықты жүргізілуі
- ✓ Үйірме жұмыстарының ғылыми жобалар конкурстарында жүлделі болуы

Тірек мектеп мұғалімдері семинар мен шеберлік сағатының пайдалы болғанын және өздеріне көптеген құнды ақпарат алғандығын атап өтті. Ұсыныстар болған жоқ.





Тағылымдама жөніндегі видеоматериалға сілтеме:

https://fb.watch/ov_luEZbtQ/

2024 жылдың 25-26 қаңтар күндері өткен педагогикалық іс-тәжірибе

2024 жылдың 25-26 қаңтар күндері «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Түркістан қаласындағы «химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы базасында «Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектеп», «Ә.Сығай атындағы №13 жалпы орта мектеп», «Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернат» КММ тірек ауылдық мектеп мұғалімдеріне педагогикалық іс-тәжірибе ұйымдастырылып, өткізілді.

Педагогикалық іс-тәжірибеге барлығы 17 мұғалім (қазақ тілі мен әдебиеті – 3, ағылшын тілі – 3, география – 3, физика – 3, химия – 3, тарих – 2) қатысты. Іс-тәжірибе барысында тірек мектеп мұғалімдері Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдерінің сабақтарын бақылап, әртүрлі бағыттар бойынша консультациялар алды.

Екі күндік педагогикалық іс-тәжірибе барысында тірек мектеп мұғалімдері Педагогикалық шеберлік орталығының тренері Нуржаутов Сакен Даутбековичтің «Инклюзивті оқыту-білім беру үдерісінің құрамдас бөлігі ретінде» тақырыбындағы семинарына да қатысты.

Педагогикалық іс-тәжірибенің екінші күні тірек мектеп мұғалімдері Назарбаев Зияткерлік мектеп мұғалімдерімен бірге командалық сабақтар өткізіп, әріптестерден кері байланыс алды. Командалық сабақтарды тірек мектеп пен Назарбаев Зияткерлік мектеп мұғалімдері бірлесе жоспарлап, өзара тәжірибе алмасу үдерісі жүзеге асты.

Педагогикалық іс-тәжірибенің соңында тірек мектеп мұғалімдері Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі екі күнге рефлексия жасап, өздерінің әсерлерімен бөлісті.

Тірек мектеп мұғалімдерінің кері байланысы бойынша екі күндік педагогикалық іс-тәжірибенің ұтымды тұстары:

- Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдерін сабақтарын бақылау барысында оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін игеру
- Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдерімен сабақты бірлесіп жоспарлау арқылы әдістеме бойынша білімнің кеңеюі
- Joyteka, Kahoot, Phet Colorado, TwigBilim, QuizWizzer сынды онлайн платформаларды оқыту үдерісінде тиімді пайдалану жолдары
- Қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру жолдарын үйрену

Екі күндік педагогикалық іс-тәжірибе кезінде орын алған қиындықтар:

- Тірек мектеп мұғалімдерінің жоспарлау барысында оқулықтың жоқтығынан біршама қиналғаны байқалды.

- Кейбір мұғалімдер оқу мақсатына сай тапсырмалар құрастыруда қиындықтар туындағанын атап өтті.

- Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқу бағдарламасының жалпы білім беретін мектеп бағдарламасынан өзгеше болғаны да азын-аулақ қиындықтар туындатқан.

- Тірек мектеп мұғалімдерінің сабақ өткізетін сыныппен алдын ала таныс болмауы сабақ кезінде оқушылардың деңгейін ескеруде қиындықтар туғызды.

- Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімімен сабақ жоспарлауға уақыттың тығыздығы байқалды.

Тірек мектеп мұғалімдері Назарбаев Зияткерлік мектеп оқушыларының оқуға деген қызығушылықтарын, белсенділігін және өз ойларын еркін жеткізе алу дағдыларын ерекше атап өтті. Сондай-ақ, Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімімен бірлесе сабақ жоспарлап, оны өткізу барлық тірек мектеп мұғалімдерінің тәжірибесін дамытуына үлкен үлес қоса білді.

Педагогикалық іс-тәжірибеге келген барлық мұғалімдер екі күн бойы алған білімді өз тәжірибесінде қолданатындығын және осындай тәжірибе алмасу іс-шаралары алдағы уақытта жалғасын тапса деген ой-пікірлер қалдырды.

Іс-шара бойынша әлеуметтік желіге сілтемелер:

<https://www.instagram.com/reel/C2kJE4NyNQ/?igsh=MXRwCHZoOG04aDNnNQ==>

<https://www.instagram.com/p/C2j4M-PNYnD/?igsh=dnY2emJlbTc2a3Jj>



«Сандық ресурстарды сабақта тиімді пайдалану» тақырыбында тірек мектеп ұстаздары үшін тағлымдама

2024 жылдың 8 ақпан күні Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде «Сандық ресурстарды сабақта тиімді пайдалану» тақырыбында

тағылымдама өтті. Тағылымдамаға Түркістан облысында орналасқан тірек мектептерден 61 педагог қатысты.

Тағылымдама барысында барлық пәндер бойынша 14 ашық сабақ, өзге академиялық және тәрбие бағытында 14 семинар мен тренингтер өткізілді. Физика, химия және биология пәндері мұғалімдері үшін лабораториялық жұмыстарды сабақтарға кіріктіру және оқыту үрдісінде лабораториялық құрылғыларды пайдалану бойынша жұмыстар жүргізілді.

Тағылымдаманың ерекшеліктерінің бірі – жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері жоғары сынып оқушылары өткізген Біріккен Ұлттар ұйымы моделіндегі конференция отырысын тамашалай алды.

Қатысушылар тағылымдама жұмысына жақсы баға беріп, алдағы уақытта жұмысты жоспарлау үшін ұсыныстарын да атап өтті.

Айта кетейік, Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектеп, Ә.Сығай атындағы жалпы орта мектеп және Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернат Түркістан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебіне тірек мектептер болып бекітілген.

Тағылымдама соңында тірек мектеп ұстаздары мектебіміздің пән мұғалімдеріне алғыстарын білдіріп, сабақ барысында қолданылған әдіс-тәсілдер, дидактикалық материалдар мен ресурстар, практикалық сабақтарда қолданылған лабораториялық құрылғылар туралы жекелей сұрақтарын қоюға мүмкіндік алды.

Тағылымдама туралы әлеуметтік желілерге сілтеме:

<https://www.instagram.com/p/C3FyYuitkjn/?igsh=MWVrNDRqMXhpaHptcA==>

<https://www.facebook.com/NIS.Turkistan/posts/pfbid0ANxTJWe412SHrVGFStXheBpvai2x6UEtRF2MrWY3L7zMY9Lcyt9EpxL9QDAsCjtMl>

Тірек мектептерге жасалған іссапарлар (сәуір айы)

2024 жылдың 9, 11 және 12 сәуір күндері Түркістан қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ұстаздары «Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектеп», «Ә.Сығай атындағы №13 жалпы орта мектеп» және «Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернат» КММ тірек ауылдық мектептеріне барып, "Лабораториялық жұмыстар және оқушыларға сындарлы кері байланыс беру" фокусы бойынша ашық сабақтар мен семинарлар өткізді.

Тірек мектептеріне арналған іссапар барысында «Б.Момышұлы атындағы №12 жалпы орта мектебі», «Ә.Сығай атындағы №13 жалпы орта мектебі», «Ө.Жәнібеков атындағы №4 лицей-интернат» КММ базсында 9 пән бойынша 27 ашық сабақ, 30 семинар мен тренингтер өткізілді. Тірек мектептерге тәжірибе тарату үдерісіне шетел мамандары да белсенді түрде қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Іссапар барысында Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдері тірек мектеп мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, оқу мен оқыту үрдісін жақсарту бойынша кері байланыстарын да берді.

Тірек мектеп мұғалімдерінің сабақтарын бақылау барысында анықталған сабақтың **ұтымды тұстары:**

1. Сабақ өтуде АКТ мүмкіндіктері (видео көрсету, симулятор қолдану, BilimLand ресурстары) тиімді пайдаланылады.
2. Мұғалімнің оқушыға кері байланысы уақтылы беріледі.
3. Тақтамен және дәптермен жұмыс жүргізіледі. Үй жұмысы сабақ басында сұралады.
4. Сабақ мазмұны бойынша және өткен тақырыпты қайталау сұрақтары қолданылады.
5. Топтық жұмыс барысында оқушыларға рольдер беріледі, топтық жұмыстың өнімі алынады.
6. Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері қолданылатын сабақтар бар.
7. Оқушылардан сабақ бойынша рефлексия алынады.

Назарбаев Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің берген **ұсыныстары:**

1. Пәнді оқытуда академиялық тілдің қолданылуына мән беру
2. Оқушыларға сабақ мақсаттарын таныстыру, талқылау арқылы сабақ мақсаттарын барлық оқушыға жеткізу
3. Топтық жұмыс барысында топтардың бір-бірін тыңдауына және бір-бірі бағалауын ұйымдастыруға мән беру

4. Оқушылардың сынып бөлмесінде отыруын мән беру, қыздар мен ұлдардың аралас отыруын, орындықтардың тиімді орналасуын ұйымдастыру

5. Барлық оқушылардың оқу үрдісіне қатысуын қадағалау, назардан тыс қалған оқушының болмауына мән беру

6. Бағалау үшін тапсырмаларға критерийлер мен дескрипторлар ұсыну, оқушыларды бір-бірін бағалауға, бір-біріне кері байланыс беруге үйрету және дағдыландыру

7. Тапсырма орындауға уақыт лимитін бекіту, яғни нақты уақыт беру және таймер қолдану

8. Талдау, болжам жасау, қорытынды жасау, т.б. зерттеушілік дағдыларды дамытуға бағытталған тапсырмалар қолдану

9. Оқушылардың бір-біріне сындарлы кері байланыс беруіне жағдай жасау

10. Тілдік пәндерде оқушылардың тыңдалымды екі рет тыңдауына мүмкіндік беру

11. Оқушылардың сабақ үстінде ұялы телефондарын себепсіз пайдалануына жол бермеу

12. Оқушылардың хормен жауап беруін азайту, оқушылардан жауапты барынша есімдерін атап, жеке алу

13. Сабақта жаңа тақырыпты мұғалімнің түсіндіруінен гөрі оқушылардың өздерінің меңгеруіне жағдай жасау

14. Оқушыларға тапсырма орындау бойынша нұсқаулықты нақты етіп беру

15. Сабақтарды тиянақты етіп жоспарлау

Тірек мектептеріне арналған іссапарға мектебімізден 33 мұғалім жұмылдырылып, ұстаздарымыз білім беру және оқыту саласындағы өз тәжірибесімен бөлісті.

Оқытушылар арасындағы бұл тәжірибе мен білім алмасу тірек мектептердегі мұғалімдердің кәсібилігін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге жалпы білім беру тәжірибесін байытуға ықпал етеді.



2023-2024 оқу жылында ұйымдастырылған іс-шараларға қатысушы саны 462 педагог, жеке өткізілген және командалық ашық сабақтар саны 113, семинар, тренинг, вебинар, шеберлік сағат, практикумдардың жалпы саны 75 болды.

34. Халықаралық және жергілікті серіктестік

Da Vinci Schools мектебімен келісімге сәйкес 2022-2023 оқу жылынан бастап аталған мектеппен бірлескен іс-шаралар өткізіліп келеді.

2023-2024 оқу жылында Da Vinci Schools мектебінің мұғалімі, Frank Solis белсенді оқыту әдістері арқылы оқыту семинарларын жүргізіп, оның нәтижесі 2024 жылдың 10 сәуір күні НЗМ 11-сынып оқушыларына “ашық сабақ” ретінде ұсынылды. Өткізілген тренингтер мен интервьюлердің нәтижесінде, арнайы ашық сабақ жоспарланып, күні мен уақыты бекітілді. Ашық сабақ оқушылардың танымдық білімін тереңдетіп, жаһандық азаматтық сезімін күшейтуге бағытталды.

Сабақ тақырыбы: Globalization and Nationalism. Ашық сабақ барысында оқушылар жаһандандудың жақсы және тиімсіз жақтарын талқылап, сабақ соңында өз шешімдерін ұсынды. Сабақ барысында Frank Solis оқушыларға сыни тұрғыдан ойлауды дамытатын сұрақтар қоюмен қатар, оқушылармен пікір алмасты.

Frank Solis - UCLA (University of California, Los-Angeles) түлегі, жобалар арқылы оқытуды мақсат ететін Da Vinci мектебінде Үкімет және Экономика пәндерінен 12 сынып оқушыларына сабақ береді. Оның мақсаты, сабақ барысында белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану, оқушылардың танымын кеңейту және әлемдегі басқа мұғалімдермен өз тәжірибесімен бөлісу.

Ашық сабақ кезінде оқушылар ақпаратты топтастыру, кілт сөздерді табу және ақпаратты салыстыру арқылы функционалды сауаттылық дағдыларын дамыта алды. Оқушыларға тақырыпқа байланысты түрлі кейстер берілгендіктен, оқушылар топпен бірге проблемаларды шешу дағдыларын тәжірибеде қолданып көрді.

Ашық сабақ 40-минутқа созылды және оқушылар топтарда жұмыс жасады. Әр топқа жаһандану және ұлтшылдыққа байланысты проблемалар (кейстар) ұсынылды және оқушыларға проблеманы шешу тапсырмасы берілді.

Сабақ соңында Frank Solis жаһанданумен қатар ұлттық құндылықтарды сақтаудың маңызыдылығын түсіндірді және оқушылар өз идеяларын қорғап болған соң, рефлексия жасады.



Түркістан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі 2023-2024 оқу жылында Түркістан облысы Сауран ауданындағы Т.Айтжанов атындағы мектеппен (10 қазан 2023 жылы) және Түркістан қаласындағы Некрасов атындағы №9 мектеп-гимназиясымен (11 қазан 2023 жылы) серіктестік орнатты.

Серіктестік аясында аталмыш мектептің әкімшілік қызметкерлері, педагогтері, психологтары мен кітапханашылары Назарбаев Зияткерлік мектебі базасында өткен тәжірибе тарату шараларының (тағылымдамалар, педагогикалық практика) барлығына қатысты.

2024 жылдың 23 сәуір күні мектептің 10 мұғалімі Сауран ауданындағы Т.Айтжанов атындағы мектебіне барып, 9 ашық сабақ өткізді. Сонымен қатар математика пәні мұғалімі Ашир Э.А. «Ғылыми жобалар бойынша ақпараттық оқыту» тақырыбында семинар өткізіп, өз тәжірибесімен бөлісті.

2024 жылдың 23 сәуір күні «Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжі базасында «Шебер мұғалім – білімді әрі саналы ұрпақтың негізі» тақырыбында әдістемелік семинар өтті және осы семинарға мектебімізден 5 мұғалім қатысып, тәжірибесімен бөлісіп келді. Педагогтер «Білім алушылардың оқу үлгіріміне әсер ету жолдары», «Оқыту мен оқу үдерісінде АКТ мүмкіндіктерін тиімді қолдану», «Жасанды интеллект – мұғалімге көмекші құрал», «Активные методы обучения» және «Эмоционалды интеллект заманауи мұғалімнің негізгі құзыреттілігі ретінде» тақырыптары бойынша семинар, тренингтер өткізді.

2024 жылдың 30 сәуір күні Сарыағаш ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты №69 жалпы орта білім беретін мектептің базасында «Білім мен тәрбие үрдісіне ұлттық құндылықтарды енгізу – нәтижелі білім тетігі» тақырыбында облыстық семинарға өткізілді. Осы семинарға мектебімізден 3 мұғалім қатысып, «Оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығын қалай арттыруға болады?», «Тілді үйрену барысында негізгі мәселе: тіл үйретудегі жеңіл әрі тиімді жаңа әдіс-тәсілдер, сөйлеу дағдыларын қалыптастыратын әдіс-тәсілдер, тілге деген қызығушылықты арттыратын заманауи әдістер» және «Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі Виртуалды және Каникулярлы мектептер туралы (жаратылыстану пәні бойынша)» тақырыптары бойынша серіктес мектептен өз тәжірибелерімен бөлісті.

Жаңа 2024-2025 оқу жылында серіктес мектептермен жұмыс әрі қарай жалғасын табатын болады.



35. Халықаралық аккредитация

2023-2024 оқу жылы аралығында Түркістан қ. химия-биология бағытындағы «Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалының базасында CIS халықаралық аккредитациядан өтуге дайындық шеңберінде төмендегідей іс-шаралар жүзеге асырылды:

Мектеп қызметкерлері аккредитация рәсімімен таныстырылды;

Шетелдік педагогтармен бірлесіп «жаһандық азаматтық» тақырыбында апталық өткізілді, есеп дайындалды;

CIS халықаралық аккредитациялау комитеттерінің құрамы бойынша бұйрық жасалынды;

Мектеп қызметкерлері CIS хаттамасындағы негізгі стандарттармен таныстырылды.

Мектеп қауымдастығымен (мектеп қызметкерлері, оқушылар, ата-аналар) бірлесе отырып, мектептің миссиясы, болашаққа көзқарасы, құндылықтары бекітіліп, жаһандық азаматтық, сандық азаматтық, әл-ауқат және жоғары сапалы оқыту мен оқу бойынша түсініктері қалыптасты.

Мектеп қауымдастығына ұсынылған сауалнама нәтижесінде бұл ұғымдар қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде бекітілді. Бұл мектебіміздің ары қарай даму стратегиясын анықтауда және CIS халықаралық хаттамасының талаптарына сәйкес болуда ерекше маңызы зор.

Мектебімізде қызмет атқаратын шетел мұғалімдерінің ұйымдастырылуымен «Жаһандық азаматтық» тақырыбы аясында семинар өткізілді. Семинар барысында қатысушыларға экологиялық, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылықты қоса алғанда, жеке, жергілікті және жаһандық қағидаларға қатысты контекстік маңызды мақсаттарды қою ұсынылды. Сонымен қатар, іс-шарада мәдени әртүрлілікті тану мен бағалаудың, мәдениетаралық оқытуды ынталандырудың және қатысушылардың осы өсу салаларына серпінді қатысуы үшін ресурстармен қамтамасыз етудің маңыздылығы атап өтілді.

Нәтижесінде, шетелдік мұғалімдерінің қатысуымен «Жаһандық азаматтықты, мәдениетаралық оқыту мен сандық азаматтықты оқу бағдарламасына кіріктіру» тақырыбындағы әдістемелік нұсқаулық жасалынды.

Бұл нұсқаулық мұғалімдерге жаһандық азаматтықты және мәдениетаралық оқытуды түсінуге арналған рефлексивті нұсқаулық болып табылады және келесі мақсаттарды көздейді:

- Жаһандық азаматтық пен мәдениетаралық оқытудың негізгі тұжырымдамалары мен принциптерін енгізу
- Жаһандық азаматтықты және мәдениетаралық оқытуды сынып тәжірибесіне енгізу әдістері мен мүмкіндіктерін зерттеуді ынталандыру.

Мектептің миссиясы, болашаққа көзқарасқа байланысты ғимараттың 1 және 2-ші қабатында стенд жасалды.

Мектептің «жаһандық азаматтық», «сандық азаматтық», «әл-ауқат», «жоғары сапалы оқыту мен оқу» түсініктері бойынша стенд дизайны бекітілді.


CIS мүшелігіне өтініштің жобасы дайындалды.



Мектебіміздің миссиясы бойынша стенд



Мектебіміздің болашаққа көзқарасы бойынша стенд



Integrating Global Citizenship, Intercultural Learning and Digital Citizenship in the Curriculum

A Guide for Teachers at NIS Turkistan



Authors:
Miroslav Curcic
Jacqueline Bonifacio
Edmundo Vasquez
Jecinta Karingithi



Жаһандық азаматтық бойынша семинар

Жаһандық азаматтықты, мәдениетаралық оқыту мен сандық азаматтықты оқу бағдарламасына кіріктіру бойынша әдістемелік нұсқаулық

DIGITAL CITIZENSHIP

T H I N K

Is it True? Is it Helpful? Is it Interesting? Is it Necessary? Is it Right?

Digital Citizenship is students' ability to navigate digital environments safely and responsibly, understand the ethical standards and rules of behavior in the online environment, critically evaluate information on the Internet, and actively and respectfully engage through digital tools.

GLOBAL CITIZENSHIP

Global Citizenship is a community that respects diversity and cultures, actively engages in societal service, and acknowledges its role in addressing societal challenges while embracing adaptability and fostering informational competitiveness.

WELL-BEING

I-IDEA (INCLUSION VIA DIVERSITY, EQUITY AND ANTI-RACISM)

Wellbeing, as defined by NIS Turkiye, is:

- Healthy lifestyle
- Psychological support
- Access to necessary resources
- Safe and comfortable environment
- Active participation in public works
- A citizen with the opportunity for self-development

HIGH-QUALITY TEACHING AND LEARNING

High-Quality Teaching and Learning focuses on holistic individual development, enabling the application of acquired knowledge and skills in academic and real-life contexts to achieve the highest performance and ensure the learning process within a conducive learning environment.

Мектептің «жаһандық азаматтық», «сандық азаматтық», «әл-ауқат», «жоғары сапалы оқыту мен оқу» түсініктері бойынша стенд дизайны

IX. Орналастыру қызметі – жатақхана және/немесе отбасымен тұру

36. Мектеп жатақханасының жұмысы

Контингент

2023-2024 оқу жылында жатақханаға орналасуға барлығы 243 өтініш түскен. 208 оқушы мектеп жатақханасынан орын алды. Оның ішінде 60 орын қосымша хостелдан берілді. Оқу жылында 9 бала түрлі себептермен интернатта тұрудан бас тартқан.

Диаграмма 1.




Диаграмма 2.




Диаграмма 3.





Диаграмма 3.



Жатақханадағы тәрбие жұмысы

Тәрбие жұмысының жоспары НЗМ тәрбие жұмысының барлық бағыттары мен тәрбиелік құндылықтарын біркелкі қамтитындай етіп құрастырылған. Жұмыс жоспары жатақхананың тәрбиешілері мен жатақхана кеңесінің мүшелері ұйымдастырған тәрбие сағаттары, үйірмелер арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ, барлық іс-шаралар Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысының 7 бағытын қамтиды.


Оқушылардың рухани-адамгершілік дамуы және қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, сыйластық, ұйымшылдық сияқты құндылықтарды енгізу мақсатында «Әкелер алқасы» мен «Аналар кеңесі» ұйымдастырылып, отбасылық құндылықтар мен ата-анаға құрметті арттыруға үлес қосты. Біз сондай-ақ «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасын жүзеге асыру мақсатында бірнеше рет қарияларға арналған шеберлік сағаттары өткізілді.

Жатақхана қабырғасында құрылған «Оқырмандар клубы» мектеп оқушыларының бойына патриоттық сезімді арттыру үшін көркем-әдеби оқулықтарды талдау арқылы қол жеткізуде. «Оралхан Бөкейдің 80 жылдық» мерейтойы, Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығы аясында поэзиялық кештер жүйелі түрде өткізілді.

Оқушылар бойына көркем-эстетикалық тәрбиені енгізу мақсатында жатақханамызда 9 үйірме жұмыс жасайды. Үйірме жұмыстарының нәтижесі ретінде оқушылар мен қызметкерлеріміз республикалық, облыстық конкурстардың жүлдегерлері екендігін атап айтсақ болады. Бұл бағыт бойынша тірек мектептер мен ата-аналарға арналған шеберлік сағаттары өткізілді.


Тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық жағдайлардың сақталуы мен жақсаруына бақылау жасау, оқушыларды жатақхананы басқаруға, тәрбие, мәдени-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарына қатысуға тарту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру үшін жатақханада тұратын оқушылар қатарынан жатақхана кеңесі құрылды. Жатақхана кеңесі қоғамдық өзін-өзі басқару органы болып табылады және оқушылардың жалпы жиналысында сайланады. Жатақхана кеңесінің қызметі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға оңтайлы жағдай жасайды. Тұлғаның жан-жақты дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз етеді, ұйымдастырушылық және басқарушылық дағдыларды игеруге ықпал етеді.

Диаграмма 4.



Оқушылардың бойына қажетті өмірлік дағдыларды сіңіру және эстетикалық талғамын дамыту үшін жатақхана қабырғасында бірқатар сәндік-қолданбалы өнер үйірмелері ұйымдастырылған. Үйірме сабақтарында оқушылар тігін, кесте тігу, тоқу, киіз басу, сабын жасау т.б. өнерлерді үйренеді. Жатақханамызда 9 тәрбиеші, 7 көмекші тәрбиеші осы үйірме сағаттарын ұйымдастырады.

Диаграмма 5.



Жатақхана мектептің 7-12 сынып оқушыларының уақытша тұруын, оларды күтіп -бағуды және тәрбиелеуді, оқушылардың жатақханада жайлы және қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз етеді. Білім алуға, оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, рухани және дене шынықтыру қабілеттерін дамытуға, адамгершілік негіздері мен салауатты өмір салты дағдысын қалыптастыруға жағдай жасайды.

2023-2024 оқу жылындағы атқарылған іс-шаралар:

1. Оқу жылының басында жатақхана оқушыларының бір-біріне деген сыйластығы мен ыңтымағын нығайту мақсатында өтілген тренинг өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CxGLSj7N_77/

2. «100 кітап» жобасы аясында «Комикс: жаңа көзқарас» атты комикстер байқауы ұйымдастырылды. Байқаудың мақсаты комикс суреттер салу арқылы балалардың бойында азаматтық белсенділікті тәрбиелеу, оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру, балалардың ақыл-ойын дамыту, өз ойларын ашық білдіруге үйрету.

<https://www.instagram.com/p/CxVhwLOoxIR/>



3. Жатақхана қабырғасында “Оралхан Бөкейдің 80 жылдық” мерейтойы аясында ұйымдастырылған поэзиялық кеші өтілді. Кеш мақсаты: оқушылардың патриоттық сезімін ояту және тіл байлықтарын дамыту. Бұл кеште оқушылар қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Оралхан Бөкейдің бір неше өлендері мен шығармашылықтарымен танысты және де орындады.

https://www.instagram.com/p/CxYPyZeo2pp/?g=5&img_index=2



4. Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жатақхана қызметін ұйымдастыру ережесінің 8-ші тарауына сәйкес жатақхана өзі-өзі басқару ұйымының президенттік сайлауы өткізілді. Президенттік сайлауға 11 «К» сынып оқушысы Байсейіт Жанерке, 7 «В» сынып оқушысы Нұриллашихов Абдуллаших, 11 «А» сынып оқушысы Асет Арайлым, 8 «В» сынып оқушысы Талғат Жансезім, 8 «К» сынып оқушысы Асылханова Айкерім, 7 «В» сынып оқушысы Шухратжанов Ибрахим өздерін кандидат ретінде ұсынды. Үміткерлер жатақхананың көркейіп дамуына өз жоспарларын және идеяларын ұсына отырып, сұрақ-жауап арқылы тартысты дебат ойынын өткізді. Сайлау нәтижесі бойынша, дауыс беру арқылы 11 “К” сынып оқушысы Байсейіт Жанерке 2023-2024 оқу жылының президенті болып сайланды.

https://www.instagram.com/p/Cxwog8boQX5/?g=5&img_index=1



5. Жатақхана оқушыларының спортқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында “Футбол додасы” жарысы өтті. Ойын барысында балалар бой сергітіп, өз қабілеттерін ортаға салды. Бақберген Олжас - үздік қақпашы атағын алып, Ордабай Әсет - үздік қорғаушы атанса, Садуақас Бекжан - үздік шабуылшы атағын иеленді.

https://www.instagram.com/p/CyGRs7roG0H/?g=5&img_index=1



6. Зияткерлік оқу ордасында әр бейсенбі күні дәстүрлі түрде өткізілетін «Даналық бейсенбі» жобасына қонақ ретінде мектеп директоры Айдын Тусупжанов шақырылды. Бағдарламаның кезекті шығарылымында мектеп директоры оқушылармен ұстаздық еңбек жолы жайлы сөз қозғап, сырлы сұхбат жүргізді. Бағдарлама барысында мектеп директорымен қоса оқушылар топтық жарысқа қатысуда екі топқа бөлініп, берілген құрал-жабдықтармен аз ғана уақыт ішінде ғылыми жоба дайындау бойынша өзара сайысқа түсті.

https://www.instagram.com/p/CyVY99xtDLt/?g=5&img_index=1



7. Жатақхана оқушыларының қатысуымен «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында «Қарты бардың – қазынасы бар» атты тағылымы мен тәлімі мол кездесу кеші өтті. Жас өскіндерге әрқашан даналықтың үлгісі болып келе жатқан қарттарымыз ретінде Амандық Данияров пен Курманкүл Жуманова Зияткерлік мектеп жатақханасындағы шаңырақ төрінде жайылған ақ дастарханға жайғасып, оқушыларға даналық ойларымен бөлісті. Рухани кеште құрметті қонақтарға оқушылар мәнерлеп өлең оқуда, домбырамен күй тартып, өмір жолдарында орын алған қызықты әрі әсерлі оқиғаларымен бөлісуде тағылымды сұхбат жүргізді.

https://www.instagram.com/p/CynYvP_NSMG/?g=5&img_index=1




8. Түркістан қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде өткен желілік спартакиаданың аймақтық кезеңінің 1 күнінен соң, мектептің жатақханасында қатысушыларды тосын сый күтті. Оқушыларымыздың жүзіне күлкі, көздеріне қуаныш сыйлаған тәттілеріміз үшін алғыс айтты.

<https://www.instagram.com/p/CzFxu0joedB/>

9. Желілік спартакиаданың аймақтық кезеңінің 2 күні жатақхана тәрбиешілері Атырау, Өскемен, Петропавл, Павлодар қалаларының NIS мектептерінен келген жарысқа қатысушы оқушыларға қызықты шеберлік сағатын өткізді. Қолөнер бұйымдарын жасау балаларға ерекше көңіл-күй сыйлады. Оқушылар жасаған бұйымдарын сыйлық ретінде өз қалаларына алып кетті.

<https://www.instagram.com/p/CzJZZ9VIHxw/>

10. «Қожа Ахмет Ясауидің туғанына-930 жыл: Рухани көсем жайлы не білесіз?» зияткерлік сайысы өтті. Жалпы сайысқа жатақхана зияткерлерінен құралған 5 топ қатысып, жарыс ережесі бойынша 3 кезеңде тартысты әрі бәсекеге толы білім сайысын көрсете білді. Оқушылар Киелі Түркістан жерінде өмір сүрген ұлы тұлға, ойшыл-ғалым Қожа Ахмет Ясауидің туылғанына 930 жыл толуына орай, рухани көсемнің өмір жолы мен тарихи мұралары туралы өз білімдерін шыңдады. https://www.instagram.com/p/CztKL5QtLnx/?g=5&img_index=1



11. Оқушылардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру, ой - өрісін дамыту, шығармаларды талдай отырып, рухани тәлім - тәрбие беру мақсатында жатақханамызда “Мен оқыған бір кітап” READx жобасы өткізілді. Шараға, оқушылар қатысып, оқыған кітаптары туралы пікір алмасты. Спикерлер өздері оқыған кітаптаптарынан алған әсерлерін көпшілікке баяндау арқылы тыңдармандардың кітап оқуға деген қызығушылығын оятты.

https://www.instagram.com/p/C14jfVZosUV/?g=5&img_index=1



12. Жатақхана оқушыларының қатысуымен Мағжан Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған поэзия кеші өтті. Оқушылар қазақтың ұлы ақындарының бірі – Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығымен танысып, жақсы әсер алды. Мағжан атамыздың тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін өлеңдерін оқушылар өз нақыштарына келтіре орындап, керемет атмосфера қалыптастырды. https://www.instagram.com/p/C2PznszI4r2/?g=5&img_index=1



13. 17 қаңтарда Өскемен қ. 2022' NIS түлегі Алдияр Ержігітовпен кездесу өтті. Кездесуде сыныптан тыс іс-шаралар мен ауқымды көлемде жобалармен айналысу қандай мүмкіндіктер ашатыны талқыланды. Кездесу барысында Алдияр біздің жатақхана оқушыларымен NIS пен шетелде білім алу тәжірибесімен бөлісіп қана қоймай, осы білімдерінің арқасында өмірге қажетті дағдылар жинақтағанымен бөлісті. <https://www.instagram.com/p/C2UPG36oChS/>

14. “Салауатты өмір-көтеріңкі көңіл” атты Сұңқар тобы, Алтын қыран тобы, Алтын сақа тобымен бірлесе отырып осындай іс-шара жасады. Мұндай іс-шаралар дене шынықтырумен қатар, достық қарым-қатынасымызды нығайтады және көңіл-күйімізді көтереді. https://www.instagram.com/p/C2fRWyII3eL/?g=5&img_index=1



15. “Ұрпақтар сабақтастығы” жобасы аясында қариялармен бірлескен шеберлік сыныптары өтті. Сыныптарында: ЛФК, шахмат, теннис, тоқыма тоқу, арт терапия, ұршық иіру, текемет тоқу, құрақ түрлерін оқушыларға әжелеріміз үйретті. https://www.instagram.com/p/C2-Imj4oRdU/?img_index=1



16. 6 ақпан күні біздің мектебімізде “Тарих тереңінен- Болашақ биігіне” атты таңғы шашу өтті. Бұл таңғы шашуда мектебіміздің 7-11 сынып оқушыларына арналған викториналық сұрақтар қойылды. Ұтқан оқушыларға түрлі стильдегі сыйлықтар берілді.

<https://www.instagram.com/p/C3F6hIAIzgg/>

17. Қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған “Бұрымды қыз” шаш өру сайысы өтілді. “Ұрпақтар сабақтастығы” жобасы аясында, жатақхана оқушыларының әжелері оқушы қыздарымызға салт-дәстүр бойынша бейне сұрақтар жолдады. Бұл іс-шара оқушы қыздарымызға салт-дәстүрімізді білуіне, құрметпен қарауына, эстетикалық тәрбие алуға және шығармашылық іскерлігін арттыруына үлес қосты.

<https://www.instagram.com/p/C3LFXIjoRn0/>



18. 16 наурыз - Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні. Наурызнама онкүндігіне сәйкес, бұл күн мәдениетімізді, өнеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға арналады. Осы күннің маңыздылығын насихаттау мақсатында жатақхана тәрбиешілері жетекшілігімен қазақтың салт-дәстүрі бойынша шеберлік сыныптар ұйымдастырып, оқушылар ұлттық ойындар ойнады. Шеберлік сыныптарда қыз балалар жүннен бұйымдар жасап, қолдан құрт жасауды үйренсе, ұлдар ептілікті шыңдайтын асық ойынын ойнап, асық атауларымен танысты.

<https://www.instagram.com/p/C4kv51lowkr/>




19. “Ана-гүл, қыз-өмір шуағы” атты аналармен кездесу кеші өткізілді. Аналармен кездесу кешінің мақсаты - қыздардың бойында мейірімділік, инабаттылық, сыпайылық және адамгершілік сынды қасиеттерін қалыптастыруға тәрбиелеу. Өнерпаз аналар мен іскер ана бойындағы қабілеттерді құрметтеп, “ана бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлем тербеткен” құндылығын кеңінен түсіндіру мақсатында кездесу барысында оқушыларды көшбасшы, іскер аналарымыздың өнерлері мен жетістіктерімен таныстыруға мүмкіндік туды.

https://www.instagram.com/p/C5srEF_oN9C/?g=5&img_index=1



20. Жатақхана оқушыларының “Жас зияткер тобымен О.Бөкейдің “Тортай мінер ақ боз ат” әңгімесіне талдау жасалды. Талдамалық жұмыс барысында О.Бөкейдің “Тортай мінер ақ боз ат” әңгімесінде бар негізгі тақырыптар, мотивтер мен идеялар анықталды. Талдау әңгіменің құрылымы, кейіпкерлердің сипаттамасы, шығарманың идеологиялық және философиялық аспектілері сияқты тұстарды қамтыды. https://www.instagram.com/p/C6MD-XFIBYN/?g=5&img_index=1



21. Жатақхана оқушыларын сергіту, спортқа деген қызығушылығын арттыра түсу мақсатында “Ойлайық та, ойнайық” атты ойын-сауық кеші өтті. Ойын оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. https://www.instagram.com/p/C62koHrobVt/?g=5&img_index=1



22. Алтын қыран” және “Алтын сақа” тобының оқушылары Ғабит Мүсіреповтың “Ұлпан” романын оқып, талдады. Шығарма мазмұнына тоқталар болсақ, «Ұлпан» — тарихи роман, онда бір ғана Керей-Уаққа қарасты Сибан елінің тыныс тіршілігін суреттеу арқылы сол замандағы, атап айтқанда XIX ғасырдағы жалпы қазақ елінің шежіресі мазмұндалады. Шығармада ғасыр бойындағы қазақи тіршілік, оның тұрмысы, салт-дәстүрі, өзіне тән әдет-ғұрпы кеңінен қамтылған. Іс- шараны өткізудегі басты мақсатымыз-оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Кітап оқу арқылы сана сезімінің, ой өрісінің, ойлау қабілетінің түсінігін тереңдету. https://www.instagram.com/p/C7ZM7KVoP_e/?g=5&img_index=1



23. Түркістан NIS оқушылары жатақхана тәрбиешілерімен бірге бірнеше құс ұясын жасады. Іс-шара “Таза Қазақстан” экологиялық акциясы аясында өтті. Оқушылар құс ұясын қаламыздағы құстар көптеп мекен ететін “Ботаникалық баққа” орнатты. Іс- шараны бастаудағы басты мақсатымыз-оқушылардың табиғат жайлы түсінігін тереңдету, жалпы құстардың пайдасы жайлы мағлұмат беру, барлық тыныс тіршіліктің бастауы болған көктемнің ерекшелігін байқату, құстарды қорғау. https://www.instagram.com/p/C7KDOfIIXEX/?g=5&img_index=1



Әдістемелік жұмыстар мен даму, мектепшілік курстар, жетістіктер:

- «Жас маман мектебі» мектепшілік курсы (8 тәрбиеші, 3 көмекші тәрбиеші қатысты);
- «Саралап оқыту» мектепшілік курсы (6 тәрбиеші қатысты);
- «Пәнді оқыту әдістемесі» мектепшілік курсы (2 тәрбиеші, 3 көмекші тәрбиеші қатысты);
- Түркістандық зияткер оқушылар Е.Д.Тұрлыбек, С.У.Төрехан және жетекшілері С.С.Жолдасов, Р.Ж.Есбалаева, Т.Ж.Айдарбек, Ж.Ғ.Махсұтов ғылыми жоба негізінде «SMART ер-тоқым» жасап, авторлық құқық куәлігіне ие болды;



- Казтест тапсыру;
- Түркістан облысындағы тірек мектептердің ұстаздары «Қосымша білім беру жұмысын ұйымдастыру» тақырыбындағы тағылымдамаға қатысты. Айта кетейік, әдістемелік көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған тағылымдама NIS жүйесіндегі «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін арттыру» қайырымдылық жобасы аясында өткізілді;



- Жатақханамызда ата-аналар мен оқушыларға арналған мастер-класс өтті. Іс-шараға қатысқан ата-аналар мен оқушыларға өткен мастер-класс мақсаты ата-ана-оқушы-мектеп арасындағы байланысты нығайту; <https://www.instagram.com/p/C3NmTYsIxBU/>
- Қалалық “Мәдениет үйінің” ұйымдастыруымен өткен “Жастар нашакорлыққа қарсымыз” атты плакаттар байқауында 8”L” сынып оқушысы Рустамханова Феруза мен 8”А” сынып оқушысы Амангелдиева Жанбота жүлделі ІІІ орынды иеленді. Оқушыларға жетекшілік еткен Улмира Нурланқызына “Мәдениет үйінің” басшылығы алғыс хат табыстады. Байқау барысында балалар қоғамдағы өзекті мәселені сурет арқылы жеткізе білді;



- Зияткерлік оқу ордасының педагог-тәрбиешісі Ұлмира Нурланова Мемлекеттік ту авторы Шәкен Оңласұлы Ниязбековтың 85 жылдығына арналған «Түркістаным – Тұраным» қолөнер шеберлері мен суретшілер байқауына қатысып, жүлделі II орынды иеленді;



- Кентау балалар көркемсурет мектебі ЮНЕСКО клубы өткізген Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша VI аймақтық «Қаратау қызғалдақтары» шығармашылық онлайн байқауына мектебіміздің оқушылары қатысып, бірнеше номинациялар бойынша жеңімпаз атанды. Біздің мақтаныштарымыз: 10-13 жас арасындағы оқушылар арасында "Пейзаж" номинациясы бойынша Амангелдиева Жанбота I орын иеленді, жетекшісі - Улмира Нұрланқызы; 14-16 жас арасындағы оқушылар арасында "Сәндік қолданбалы өнер" номинациясы бойынша Сапарғали Асылай II орын иеленді, жетекшісі - Сүгірбаева Гүлжан Әбдібекқызы; 10-13 жас арасындағы оқушылар арасында "Сәндік қолданбалы өнер" номинациясы бойынша Амангелдиева Жанбота I орын иеленді, жетекшісі - Нұрланова Улмира Нұрланқызы; 14-16 жас арасындағы оқушылар арасында "Сәндік қолданбалы өнер" номинациясы бойынша Юсупова Жасмина III орын иеленді, жетекшісі - Құдайкүл Таңшолпан Ұлықбекқызы;



- Түркістан қаласындағы NIS мектебінде жас мамандарды ынталандыру және педагогикалық тәжірибе алмасуға жағдай жасау мақсатында 2024 жылдың 15-19 сәуір аралығында «Ашық сабақтар» конкурсы ұйымдастырылды. Ең үздік тәрбие сағаты» номинациясы бойынша I орынды жатақхана тәрбиешісі Біләл Ұлжалғас Шоханқызы иеленді.



2023-2024 оқу жылында жатақхана сыйымдылығы:

- 2023 жылдың 1 қыркүйегінен 133 оқушыға арналған мектеп жатақханасына 133 оқушы орналасты;
- 2023 жылдың 1 қазанынан бастап 60 оқушыға арналған жатақхана (хостел) ашылды;



- 2024 жылдың 8 қаңтарынан бастап жатақханаға қосымша 15 орын берілді (15 екі қабатты төсек қосылды).



Мықты жақтары

- әріптестермен, оқушылармен, ата-аналар қауымдастығымен өзара әрекеттесу;
- тәжірибе алмасу алаңын кеңейту;
- шығармашылық жетістіктер.

Өсу аймағы

- тілдік құзыреттілік деңгейін арттыру (ағылшын, қазтест);
- аттестациядан өту;
- оқушылармен проекттер жасау;

Әлсіз жақтары

- ата-аналармен үздіксіз жұмысты одан ары нығайту;
- пәтерде тұратын оқушылармен іс-шаралар жүргізу;
- білім сапасын арттыру.